

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті

УТПИНОВ НАУРЫЗБАЙ ТАГАНОВИЧ

**Ислам дағуатының негіздері мен әдістері және оның қоғамдық санаға
ықпалы
(Қазақстандық модель негізінде)**

8D02201 – Исламтану

Философия докторы (PhD)

дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми кеңесші:
филол.ғ.д., профессор Керім Ш.Т.

Шетелдік ғылыми кеңесші:
профессор Исмайыл Чалышқан
(Анкара университеті/Түркия)

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2020

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	1
1 ИСЛАМДАҒЫ ДАҒУАТ: АНЫҚТАМАСЫ, ДІНИ ТАНЫМДЫҚ НЕГІЗДЕРІ, ҚЫЗМЕТІ МЕН ТАРИХИ ТРАНСФОРМАЦИЯСЫ	9
1.1 Құрандағы дағуат құбылысы: анықтамасы, теориясы, ұстанымы, идеясы мен қызметі.....	9
1.2 Сүннеттегі дағуат үлгісі. Дағуаттың діни талаптары мен практикалық мәні.....	25
1.3 Пайғамбарлық дағуат өлшемдері мен әдістері.....	42
2 ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ДІН ҚҰБЫЛЫСЫ: ДАҒУАТ ҮДЕРІСІНІҢ САЯСИ, ИДЕОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ДІНИ ТАНЫМДЫҚ ҚАБАТТАРЫ	65
2.1 Исламның таралуы және қазақ даласындағы дағуат: үдерістік және құбылыстық ерекшеліктер.....	65
2.2 Бүгінгі Қазақстандағы дағуаттың саяси, идеологиялық және болмыстық сипаттары.....	78
2.3 Дін және мемлекет қатынасы тұрғысынан дағуат құбылысының қоғамдық санаға ықпалы.....	100
ҚОРЫТЫНДЫ	116
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	125

КІРІСПЕ

Зерттеу жұмысының жалпы сипаттамасы. Диссертациялық зерттеу исламдағы дағуат құбылысының мәні мен тарихи үдеріс көріністерін, шығу тегі, қалыптасу орталықтары мен тәжірибесін, ұстанымдары мен идеясын, діни-типтік ерекшеліктерін зерделеуге және қазақ халқының исламды қабылдауындағы сондай-ақ, Қазақстан қоғамындағы қоғамдық санаға әсер ету тетіктері мен ерекшеліктерін анықтауға, талдауға және тануға бағытталған.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі және оның мемлекет бағдарламаларымен байланысы: Қазақстан Республикасы зайырлы, демократиялық, құқықтық және әлеуметтік мемлекет. Мемлекет құрушы мәдениет, яғни қазақ ұлты үшін ислам дәстүрлі дін. Тарихи тәжірибедегі, сонау, Қараханидтер дәуірінен бастап, мемлекеттік ресми дін ретінде мойындалған, қазақ мәдениетінің болмысына айналған, ислам діні қазақ ұлттық құндылықтарының рухани мәні. Тәуелсіздіктен кейінгі жылдары қоғамда ислам дағуатының өзектілігі мен рөлі арта түсті. Бұған жаһандану үдерісі мен еліміздегі діни ахуал да бірінші кезекте өз ықпалын тигізіп отыр.

Ислам дағуат өлшемдері мен қалыптары, ұстанымдары мен идеясында, әмбебаптық және локальдық ерекшеліктер мен тұжырымдар пайда болды. Осыған байланысты исламдағы дағуаттың да мәні мен мазмұнында, формалары мен әдіс-тәсілдерінде өзгерістер орын алды. Дағуаттың, еліміздегі субъектілері мен орталықтарының діни танымы мен санасында да күрделі трансформациялар орын алып отыр. Бұл құбылыс та ғылыми талдауды талап ететін мәселе.

Қазіргі уақытта Республикамыздағы дағуат құбылысының артында ғылыми әдебиеттерде де орын алған, «саяси дін», «діни саясат» және «дін саясаты» тіркестері арқылы анықталған орталықтар мен жүйелер жатыр. Басқаша айтқанда, исламды қазақ халқының тарихи танымымен ұштастыратын дәстүрлі ислами дағуат, жаһандық ислам үмбетімен бірегейлігін негіздеуге талпынатын неофундаменталистік дағуат және ислам құндылықтарын саяси-әлеуметтік өзгерістерді жүзеге асыру құралы ретінде қарастыратын саяси ислам дағуат.

Қазіргі уақытта бұқаралық коммуникация саласындағы жаңа технологиялардың пайда болуы, ғаламдық ақпарат желілерінің қарқынды дамуы, постсекулярлы қоғамда орын алып отырған әлеуметтік үдерістер дағуат мазмұны мен тәсілдерінде жетілдіруді талап етеді.

Соңғы жылдарда елімізде дінге үгіттейтіндер белсенді жұмыс жасап, бұл мақсатта барлық мүмкіндіктерді тиімді пайдалануда. Діни ағымдардың қазақстандықтарды өз қатарына белсенді тартуы салдарынан көптеген азаматтар теріс жолға түсіп, құқықбұзушылық және ұлттық қауіпсіздікке қатер төндіріп жатқан жағдайлар жиі кездесіп отыр. Қазақстан қоғамының діни кеңістігінде қызмет етіп жатқан исламдық ағымдардың дінге шақыру әрекеттері алуан түрлі. Мысалы, Таблиғи жамағат азаматтардың діни білімдерінің төмендігін пайдаланып, өз қатарларына қазақстандықтарды белсенді түрде тартып, тазалық, білім, отбасы мәселесіне жеткілікті көңіл бөлмеуі, отбасыларын тастап, қырық

күнге дейін ел аралап, уағыз жүргізіп, киім үлгілері мен оғаш әрекеттерімен қоғам ішінде наразылығын тудырды.

Хизбут Тахрир ұйымы зайырлы билікті өзгертіп, халифат орнатуға шақыруымен ерекшеленді. Құраншылар сүннетті мойындамай дінге сенушілер арасында іріткі тудырғаны анық. Ал салафизм өз алдына жеке жаһандық саясаттың құралына айналғандығын бүкіл әлем көріп отыр. Елімізде салафизмге жат ағым ретінде тыйым салу мәселесі әлі де өзектілігін жоғалтқан жоқ. Олар қоғамда кейбір азаматтарды деструктивті ағымдарға тартып, қоғам тұрақтылығына қауіп тудырып отыр. Жалпы, Қазақстанда дағуат мәселесі және олардың ерекшеліктері, қоғамға тигізіп отырған салдары жөнінде әлі де шешімін таппаған мәселелер көп. Дін уағыздаушылары хикматут-ташриф (шариғат хикметі), сиясатул-шариға (шариғат саясаты), қағидату-шариға (шариғат қағидаттары), хилаа-шариға (даналық, тапқырлық), мақасиду-шариға (шариғат мақсаттары), бәлаға (шешендік өнер) және т.б. шарттармен жеткілікті санасып жүр деп айту қиын.

Бүгінгі күні дін насихатшысына өз саласындағы белгілі бір стандарттар мен ережелерді ұстануға бағыт көрсететін нұсқаулық жоқ. Дағуат жұмыстарының әдістері мен тәсілдері үнемі заман талабына сай дамытуды қажет етеді. Дағуатпен тікелей шұғылданатын дін қызметкерлері мен имамдардың білім-білігін, шеберлігін ұштауға бағытталған машықтану, курстар, семинарлар мен тренингтерді ұйымдастыру қажет. Ал мұндай шаралар арнайы танымдық әрі ғылыми еңбектерге сүйенген кітаптар, көмекші құралдар мен әдістемелік нұсқауларға деген сұраныс туындатады. Қазақстан қоғамы әр түрлі ұлттар мен ұлыстардан тұратындықтан, онда діни және мәдени плюрализм қалыптасқан. Осындай ортада өзгелердің сеніміне нұқсан келтірместен дін насихатын алып жүрудің өзіндік ерекшелігін айқындай білген дұрыс. Дінге шақырудың өзіндік тарихы мен ерекшеліктерін терең қарастырып, Қазақстан жағдайында бүгінгі күнге дейін діни дағуат әрекеттерінің салдарын зерттеу алдағы уақытта бұл салада олқылықтар жібермеуге ықпал ететіні сөзсіз. Міне осындай мәселелер біздің зерттеу тақырыбымыздың өзектілігін аша түседі. Сонымен қатар, бұл тақырып тың тақырып. Елімізде ислам тарихы, Мұхаммед пайғамбардың ғұмырнамасы (сияр), халифалар дәуіріндегі исламның таралуы секілді тақырыптарда еңбектер мен аудармалар, зерттеу, монографиялар жарық көргенімен, ислам дағуаты, тарихи кезеңдері, қазіргі таңдағы қоғамдық санаға ықпал ету тетіктері мен ұстанымдарының теориялық және методологиялық аспектілері ғылыми тұрғыдан кешенді зерттеу нысанына айналған жоқ. Бұл да тақырыптың өзектілігін көрсететін фактор.

Тақырыптың зерттелу деңгейі. Діни мәтіндер мен пайғамбар салтына негізделген ислам дағуатының теория-методологиясына қатысты еңбектер кейінгі ғасырларда ғана жарық көрді. Осы тұрғыда келесі еңбектер мен авторларын ерекше атап кетуге тұрарлық: М. Ахмед Әбу Захра «әд-Дағуа уә иләл-Ислам», Мұхаммед Хұсейн әз-Захаби «Мушкилатуд-дағуа уәд-дуат», Кайр 1977; Мұхаммед Ғазали «әд-Дағуатул исламия», 1980; Мұхаммед Ғазали «Фи мауқиғ ад-дағуа» Мысыр, 1957; Абдуррахман Хасан Хабаннака Майдани «Фикһ

ад-дағуати илаллах», «Фикһун нусх уәл иршад уәл әмри билмағруф уән нахи анил мункар» Дамаск, 1996; Абдулғани Мұхаммед Саид «Услужуддағуати кұрания балағатан уә мәнхажан», 1983; Абдуррахман Халил Ибрахим «Даурушиғр фи мағракатид дағуати әл-исламия: әйямур расул» Алжир, 1971; Абдулкарим Зейдан «Усулуддағуа», Бағдат, 1975; Абдуссамат Рахмани «Жамағати ислами ли дағуат», Деобанд, 1933; Ахмед Фаиз «Тариқуд дағуа фи зилалил кұран»; Ахмед Фуад Сейид «Тарихуд дағуатил исламия фи ахдин наби уәл хулафа и рашидин» Каир, 1994; Ахмед Алуш «Әд-Дағуатил исламия усулуха уә уәсәилуха» Бейрут, 1987; Али Абдулхаким Махмуд «Аламиятуд дағуатил исламия», Мансура, 1992; Али Абдулхалим Махмуд «Фикһуд дағуа илаллах», Мансура, 1991; Әбубәкір Зикри «әд-Дағуату илал ислам», Каир, 1962; Әбу Ала әл-Маудуди «Тәзкиратуд-дағуатил ислам», Бейрут, 1966; Әбулхасан әд-Надуи «Рижалул фикр уәд-дағуати фил ислам», Дамаск, 1965; Әмин Абдулазиз «әд-Дағуа: қауaid уә усул», Александрия, 1989; Хаммуд ибн Жабир Хариси «Дағуатун Нәби лил араб: әл-Маузу әл-уасила әл-услуж», Рияд, 1998; Ханафи Абдуллах «әд-Дағуатул-амма», Каир, 2000; Хасан Иса Абдуззахир «әд-Дағуатул исламия фи ғарби Ифрикия уә қияму даулатил фаулани», Рияд, 1981; Хасан Маярижи «әл-Хайятул аламия лил кұранил карим: зарура лид дағуа уәт таблиғ», Доха, 1991; Хүсейн әз-Захаби «Мушкилатуд дағуа уәд дуат», Каир, 1977; Микдад Ялчин «Минхажуд дағуа иләл ислам фи асрил хадис» 1969; Мұхаммед Ахмед әл-Адауи «Дағуатур расул илаллах» Бейрут, 1965; Мұхаммед Фуад Сәйид «Тарихуд дағуатил исламия, фи ахдин нәбии уә хулафа и рашидин» Каир, 1994; Зияд Мұхаммед әл-Ани «Әсалибуд дағуати уәт тарбия фис суннатин набауия», Омман, 1999.

Л.Постон «Islamic Dawah in the West: Muslim Missionary Activity and the Dynamics of Conversion ti Islam» New York. 1992., А.Әззати «An Introduction to the History of the Spread of Islam». 2002., Р.Егдунас «The multiple nature of the Islamic Dawa» Helsinki. 2004.

Мұхаммед пайғамбардың дінге шақыру ісі, дінге шақырудың өзіне тән ерекшеліктері тақырыбында Түркиялық танымал зерттеуші ғалымдар: Ahmet Önkal «Rasulullah'ın İslam'a Davet Metodu». 2019. 368 s.; Abdülkerim Zeydan «İslamda Davet ve Tebliğ» Hisar Yayınevi. 2019. 560 s.; Mustafa Meşhur «Sapmalara karşı İslam'a davet yolu». 2016. 167 s.; Şefaettin Severcan «Hz. Muhammed ve İslam Daveti Mekke» 2018. 406 s.; Ibrahim Beşir El Guveyli «İslama Davet ve Günümüz Dünyası» 1986.; Fethi Yeken «İslama Davette Fikri Hastalıklar», Ravza Yayınları; Celaleddin Vatandaş «Hz.Muhammed'in (S.A.V) hayati ve Islâm daveti» 2 Cilt. Pınar Yayınları. 800 s.; Siddık Karaduman «İslami Davete Dair». 118 s.; Abdülkerim Zeydan «İslamda Davet ve Tebliğ» Hisar Yayınevi. 2019. 560 s.; Hemmam A. Rahman Said «İslam'a Davet Esasları». Nida Yayınları. 260 s.; Hüseyin Hasimoglu «Islam'da Davet ve Davetci» Beka Yayınlar. 328 s.; Mehmet Fatısoğlu «Hz. Muhammed'in Devlet Başkanlarını İslama Daveti», Son Kitap Yay. 122 s. және т.б.

Батыстық исламтануда соңғы жиырма-отыз жылда әлемде исламдық қозғалыстардың белсенді көзге түсуімен жихад концепциясы жиі қарастырыла бастады. Осы тұрғыда неміс ғалымы Э.Кольберг жихадтың шииттік

доктринасын зерттесе, Халифат кезеңіндегі жихад, исламдағы соғыстардың заманауи концепциясы Р. Петере, В. Шварц еңбектерінде көтерілген. Исламды кеңейтуге бағытталған ерте кездегі жұмыстар, исламның Араб түбегінен сыртқа жайылуы әр деңгейде қарастырылған зерттеулер қатарында Француз шығыстанушысы А.П. Коссен де Персевальдың «Очерк по истории арабов» еңбегін атап өтуге болады. Онда исламның ерте дәуіріне қатысты материалдар молынан жинақталған. Ол мұсылман ғалымдардан әл-Уақиди, әт-Табари, Ибн әл-Асир мен әл-Балазури еңбектеріне жиі сүйенген. М.Уотт пайғамбар Мұхаммедтің Мекке мен Мәдина кезеңдеріндегі діни үгіт жұмыстары мен жихадтың эволюциясына және орта ғасырларда христиандық Европаның мұсылмандық әскери доктринаны қалай қабылдағанын талдаған.

Тәуелсіз Қазақстанда да еліміздегі болып жатқан діни ахуалдың себептері мен салдарына талдау жасап, ғылыми негізде тұжырымдар ұсынып келе жатқан зерттеуші ғалымдар қатары артып келеді. Мысалы Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университетінде философия докторы (Ph.D.) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалып, қорғалған бірқатар диссертациялар бар. Олар: Исахан Мұхан Баймұратұлының «622 жылы қабылданған «Мәдина конституциясының» ислам мемлекеттілігінің пайда болу және қалыптасу кезеңіндегі орны мен рөлі»; Анарбаев Нұрлан Сайлауұлының Орта ғасырлық ханафи ғалым Әбу-л Қасым әл-Фараби//әл-Фарйабидің (?-1210) «Халисату-л хақа'йк» трактатындағы моральдық этикалық нормалар: мәні мен маңызы; Әкімханов Аскар Болатбекұлы «Әбу Мансур әл-Матуридидің иман мәселелеріне қатысты ұстанымы («Китәб әт-тә'уиләт» атты еңбегі негізінде)»; Мамбетбаев Қайраттың «Ханафи мәзһабында хадистерді қабылдау өлшемдері және оның фикһи тармақ мәселелерге әсері»; Шағырбаев Алмасбек Дүйсенбекұлы «Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының діни көзқарасы»; Құрманбаев Қайраттың «Хусамуддин әс-Сығнақи еңбектеріндегі «Усул әл-фикһ» ілімінің лингвистикалық негіздері».

Байқағанымыздай, отандық зерттеушілер тақырыпқа әр қырынан келгендіктен, бұл ғылыми жұмыс нақты ислам дініндегі дағуаттың ерекшеліктері әрі оның Қазақстандағы қоғамдық санаға ықпалын ашуға арналуымен ерекшеленетінін айта аламыз. Себебі Қазақстанда осыған дейін дағуат феномені өз алдына жеке докторлық диссертация тақырыбы ретінде арнайы зерттеліп, жазылған емес. Дағуат құбылысының діндегі орны, әдісі мен тәсілдері, тарихы т.б. қырларына қатысты қазақ тілінде ауқымды ғылыми еңбек жарық көрмеді.

Зерттеудің мақсаты мен міндеттері. Исламдағы дағуаттың мәні мен мазмұнын, тарихи даму барысындағы формалық эволюциясын, типтік ерекшеліктерін талдау және қазіргі Қазақстан қоғамындағы дағуаттың өзіндік сипаты мен әдіс-тәсілдерінің теориялық-практикалық аспектілерін тұжырымдау. Осы аталған мақсатты жүзеге асыру үшін қосымша келесідей міндеттер қойылды:

- Дағуат ұғымының мәнін, қызметін, анықтамасын айқындау;
- Жалпы дағуат құбылысына қатысты Құран тұжырымын анықтау;
- Тарихи тұрғыдан Ислам дағуатының саяси, аксиологиялық, идеологиялық

және болмыстық қырларына талдау жасау;

- Дінге шақырушы тұлғаға қойылатын талаптар, шарттар, ұстанымдар, қағидалар, тұлғалық өлшемдер, ережелердің мәнін ашу;

- Дағуат құбылысының ислами шеңбер аясында қолданбалы әдіс-тәсілдері мен қазақ діни тәжірибесіндегі орнына талдау;

- Қазақстанда пайда болған жат ағымдардың «дағуат» әрекеттеріне тарихи-салыстырмалы, компаративистік талдау жасау;

- Жат ағымдардың ислами дағуат нормалық талаптарына қаншалықты сай келетіндігіне ғылыми сараптамалық баға беру;

- Қазақстанда дін дағуаттың қоғамдық санаға әсері мен кері әсерін талдау және ғылыми ұсыныстар мен шешім жодарын ұсыну.

- **Зерттеу жұмысының нысаны:** Исламдағы дағуаттың қалыптасуы мен дамуы, қазіргі заманғы исламдық дағуаттың мазмұны мен формалары.

Зерттеу жұмысының пәні: Қазіргі Қазақстан қоғамындағы дағуаттың теориялық және практикалық аспектілері.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы. Ғылыми жұмыстың жаңалықтарын төмендегідей көрсетуге болады:

1. Ислам дағуаты құбылысының тегі, қызметі, анықтамасы, ұстанымы мен идеясын негіздейтін аяттар мен хадистерге кешенді ғылыми теориялық талдау жасалынып, Құрандағы «дағуат» ұғымына жақын басқа да терминдер тұжырымдалды.

2. Тарихи үдерістегі «Ислами «дағуат» түсінігі мен дамуын, тарихи деректер негізінде талдап, олар Құран мен сүннеттегі дағуаттың маңызы мен рөлі тұрғысынан компаративистикалық талдау жасалды;

3. Барлық ислами дағуат ұстанымдары пайғамбарлық үлгі негізінде, пайғамбар тұлғасымен тікелей байланысты тұжырымдалып, Құранмен бекітіліп, ғылыми танымдық деңгейде түсіндіріліп, нақты талаптар мен ережелер анықталып, белгіленді.

4. Қазақстандағы, жат ағымдардың бүгінгі дағуат ұстанымдары мен тетіктеріндегі, теориялық негіздемелеріндегі саяси, идеологиялық және методологиялық қайшылықтар мен бұрмалаушылықтар, салыстырыла отырып, дәлелденді;

5. Қазақстандағы неофундаменталистік және исламшыл топтардың дағуатына қарсы қоғамдық және мемлекеттік институттардың бірлесе шешім шығару платформасының, бүгінгі жаһандану үдерісінде ең тиімді жол екендігі дәлелденді;

6. Деструктивті діни топтардың дағуаттарының алдын алуда, діни-теологиялық және мәдени-әлеуметтік қағидастарды дәстүрлі діни сана мен діни таным шеңберінде, тарихилық ұстанымын қолданудың өзектілігі дәлелденді.

Қорғауға ұсынылатын негізгі ғылыми тұжырымдар:

Құранда дағуат сөзі 205 жерде кездеседі. Дағуат ұғымы Құранда исламға, иманға, Алла жолына, Алланың кітабына, хаққа, жақсылыққа, есендікке шақыру

секілді мәнді иеленген. Құран мен хадистерде дағуатқа ұқсас басқа да сөздер жиі аталады. Айталық, тәблиғ *تبليغ*, иршад *الإرشاد*, уағыз *الموعظه*, насихат *نصيحة*, зікір *الذكر*, тағылым *تعليم*, тәрбие *تربيه*, таусия *توصية*, хидаят *هداية*, жихад *الجهاد*, әмр бил мағруф нахи анил мункар *الأمر بالمعروف والنهي عن المنكر* секілді сөздер мағына жағынан өзгешелеу болғанмен, көздеген мақсаты мен практикадағы көрінісі тұрғысынан ұқсас мәнге ие. Мысалы Нахыл сүресі, 125 аят, Исра, 17/53, Қариа, 101/1-4. кездесетін дағуат ұғымы нақтыланып, адамдарды дағуатқа шақырудың негізгі бағыттары, яғни сақтандыру, ескерту, қорқыту, сүйіншілеу (*تبشير*) жолдары анықталды. Құран кәрімде дағуаттың «хауф және рәжа» (үміт пен үрей) *الْخَوْفُ وَالرَّجَاءُ* арасында болуы мұрат етілген. Осылайша, Құран мен сүннетке тән дағуат *دعوة* жүргізудің өзіндік ерекшелігі қамтылған аяттар арқылы, дағуаттың орны мен маңызын ашып көрсеттік.

1. Ислами дағуат орталығы - Мұхаммед пайғамбар тұлғасы. Сондықтан оның дағуат жүргізудегі тәжірибесі - дағуат ісін жүргізушілер үшін бұлжымайтын үлгі болып табылады. Осы орайда Ислам дініндегі дінге шақырушыға қойылатын талаптар мен дағуат кезіндегі психологиялық әрі тәжірибелік әдіс-тәсілдерді анықтадық. Атап айтқанда, Ислам дінінде дінге шақырушыға қойылатын талаптар ретінде төмендегі негізгі адамгершілік, тұлғалық қасиеттер: шынайылық, берік сенім; біліктілік; Аллаға тәуекел, шешендік, көркем мінез; жеке бас пайдасын күйттемеу; таблиғшының келбеті тартымды болуы тиіс; ықыласты; қарапайым, кішіпейіл, жылы шырайлы, шыдамды, табанды; Алладан үміт үзбеу; тыңдаушыны тану; өз ғасырындағы ғылымдардан хабардар болуы; тыңдаушының көңілін аулап, жүрегіне жол таба білу; тыңдаушының деңгейімен санасу; таластан бойын аулақ ұстау; қисынды әрі реалист болу; білмесе, білмейтіндігін мойындауы; сөзі мен ісінің тұтастығы және т.с.с. қасиеттер толығымен пайғамбарлық үлгіден алынған қағидалар.

2. Ислам тарихында пайғамбарлық дағуат өлшемдері туралы қажеттілік алғашқы ғасырларда ақ өзін сездірген болатын. Себебі дағуаттың мәні діни екендігі белгілі. Дегенмен, кейбір тұстарда дағуатты саяси, идеологиялық, мүдде, мақсат орын алған оқиғалар болды. Солардың ислами дағуат өлшемдеріне сыни көзқараспен қарауда да пайғамбарлық үлгі эталон ретінде алынғандығын тарихи деректер айғақтайды. Пайғамбарлық үлгі: даналықпен шақыру; тыңдаушыны тану, кеңістік шарттарын меңгеру (мысалы, исламға шақыру мәселесінде қазіргі дамыған технология мүмкіндіктерін де тиімді пайдалану); дінде мәжбүрлеу, күштеу жоқтығын естен шығармау; дінді бір ғана түсінікпен шектемеу, көптүрлілікті ескеру; көзделген мақсат та, таңдалған тәсіл де дұрыс болуы тиіс.

3. Қазақстан Республикасы территориясындағы исламдық жамағаттарының дінге шақыру әрекеттерін талдап, саралау барысында, олардың негізгі мақсаттары мен әдіс-тәсілдерін жан-жақты ашып көрсеттік. Атап, айтар болсақ, қоғам ішінде белсенді уағыз жүргізетін жамағаттар ретінде Салафиттер, Дағуатшылар, Таблиғи жамағат, зікіршілер, Хизбут Тахрир ағымдарының ұстанымдары мен мақсаттарын, саяси идеологиялық мұраттарын нақтыладық. Аталған ағымдар мен діни ұйымдардың қоғамдық санаға жасаған зардаптары

мен қауптеріне әлеуметтік қызметтеріне баға бердік. Құран және сүннеттегі ұстанымдар мен ережелерді өз мүдделеріне бұрмалап, тыңдаушыларын аздырғандарын, оларды да өз мақсаттарына сай қолданғандығын көрсеттік.

4. Қазақстандағы түрлі исламдық жамағаттар мен діни ұйымдардың дінге шақыру әрекеттері қоғамдық санада іріткі туғызып, түрлі түсінбеушілік пен жағымсыз салдарға алып келді. Атап, айтар Хизбут Тахриршілер көбіне жекелеген адамдарды мемлекеттік билікке қарсы қою, саяси көзқарастар, халифат жайлы үндеу, парақшалар таратумен ерекшеленсе, Салафи жамағаты қоғамдағы танымал адамдарды қатарына тартумен айналысты. Осы мақсатта спорттағы, өнердегі, айтыстағы, басқа да қоғам қайраткерлерін өз қатарларын тартумен, қажет болса жекелеген адамдардың материалдық мәселелерін шешіп берумен, туристік компаниялар ашып қажылыққа апарумен, телеарна, баспа ісімен шұғылданды. Салафи жамағатына тән әдіс ретінде олар жергілікті халықтың ұлттық сенімін қате деп деп тауып, оларды күшпен дұрыстауға әрекеттенуімен көзге түсті. Зікіршілер болса, әдіс-тәсіл ретінде Абай, Шәкәрім, Яссауи секілді ұлт зиялыларын бетперде етті. «Әбжат» клубы, телеарнаға жұмысқа алу, арнайы телебағдарламалар ашу секілді әрекеттермен айналысты. Араб жамағаттары мешіт салдыруға көңіл бөлсе, түрік жамағаттар пансионат, оқу орындары, құран курсымен айналысты. Теріс ағымдардың қоғамдық санаға тигізген кері әсерлері әсіресе олардың ұлттық болмысқа, дәстүрге, неке және отбасы құндылықтарына, бейбітшілік пен тұрақтылыққа, мемлекеттік құрылымға қатер төндіріп, азаматтардың діни түсінігін бұрмалап, дінді үстірт түсінуге жол ашып отырғанынан анық көрініс тапты. Олардың өздерін ғана дұрыс жолда санауы, өзгелерді адасушы деп білуі, ұлттық менталитетпен санаспауы, билікке қарсы келуі т.б. ел ішінде дінге деген түрлі көзқарас қалыптастырды. Кей жағдайларда ол теріс ағымдардың заңмен тыйым салынуына да алып келді. Міне осы тұрғыдан қоғам мен мемлекеттік институттар арасындағы ортақ атқарылған жұмыстар мен шешімдердің тиімділігі мен қоғамдық пайдасын сараладық.

5. Қазақ болмысында ислам діні бар. Мәдени құндылықтары осы діни санамен өрілген. Діни тәжірибесі де сонау тарих қойнауына ұласқан, мұсылмандық болмысымен анықталады. Бұл да қазақ мұсылмандығының тарихи, уақыттық өлшемі. Ал енді осы кеңістікте де ислам дағуатының жәдігерлері мен өкілдері, ғұламалары мен әдебиеттері сақталған. Сондықтан деструктивті діни топтардың дағуаттарының алдын алуда «Мәдени мұра», «Рухани жаңғыру», «Ұлы даланың жеті қыры», «Дін мен дәстүр», «Киелі жерлерге саяхат», «Әл-Фараби мен Абай жылы», Юнеско тарапынан «Иасауи жылы» сияқты бағдарламалар қабылданғаны белгілі. Осындай тарихи тәжірибемізді іске қосып, ғылыми айналымға енгізіп, діни-теологиялық және мәдени-әлеуметтік қағидаттарды дәстүрлі діни сана мен діни таным шеңберінде, тарихилық ұстанымын қолдансақ жахандық үдеріс қысымынан ұлт, болмыс, мәдениет ретінде сақталу тетіктері қызметін атқарары сөзсіз.

Жұмыстың әдістемелік және теориялық негіздері. Диссертацияда мұсылман елдеріндегі дағуат саласында жасалған зерттеулер мен кітаптардағы

ой-пайымдаулар басшылыққа алынды. Жұмыс барысында деректерді сұрыптауда тарихи анализ, компаративистикалық анализ саралау, діни мәтіндерді талдауда герменевтикалық талдау, индукция, дедукция және жинақтау әдістері қолданылды. Бұған қоса, теріс ағымдардан зардап шеккендердің алған психологиялық зақымын анықтауда контенттік талдау, жіктеу әдістеріне де жүгіндік.

Диссертацияның теориялық және тәжірибелік маңызы. Ғылыми ізденістің тұжырымдары исламтану саласын кешенді зерттеудегі бос кеңістікті толықтырады, сонымен қатар, қоғамда дін насихатын жүргізудің дұрыс үлгісін анықтауға, Қазақстан Республикасы үшін дәстүрлі болып табылатын исламды дамытуға үлесін қоспақ. Сондай-ақ, диссертация жұмысының тұжырымдары мен ғылыми нәтижелерін исламтану мамандықтары бойынша білім алатын орта-кәсіби колледждерде және жоғары білім беретін оқу орындарында, діни радикализм мен экстремизмнің алдын алу бағытында жұмыс жасайтын ғылыми институттар мен орталықтарда материал немесе қосымша оқу құралы ретінде пайдалануға болады.

Зерттеу жұмысының сыннан өтуі және мақұлдануы. Диссертациялық жұмыс Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университетінің Исламтану кафедрасында орындалды. Диссертацияның мазмұны мен негізгі нәтижелері халықаралық ғылыми конференциялар мен дөңгелек үстелдерде баяндалып, арнайы жинақтарда басылды. Шетелдік Scopus мәліметтер базасында 1 жарияланым және Қазақстан Республикасының уәкілетті орган ұсынған отандық ғылыми журналдарда 3 жарияланым, халықаралық конференцияларда шетелдік 1, отандық 2 жарияланым жарық көрді.

Диссертациялық жұмыстың құрылымы мен көлемі. Диссертациялық жұмыстың құрылымы зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттеріне сай кіріспеден, екі тараудан, алты бөлімнен және қорытынды мен пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Диссертацияның жалпы көлемі - 130 бет.

1 ИСЛАМДА ДАҒУАТ: АНЫҚТАМАСЫ, ДІНИ ТАНЫМДЫҚ НЕГІЗДЕРІ, ҚЫЗМЕТІ МЕН ТАРИХИ ТРАНСФОРМАЦИЯСЫ

1.1 Құрандағы дағуат құбылысы: анықтамасы, теориясы, ұстанымы, идеясы мен қызметі

Исламның алғаш қалыптасуындағы - жалпы адамзат санасының тарихи трансформациялануын, яки жаңа кезеңге аяқ басуын айқындайтын - ең басты маңызды құбылыс дағуат екендігі белгілі. Дағуат құбылысы өзінің теологиялық-эпистемиологиялық негізін «уахи» арқылы анықтайды. Уахи, Жаратушы мен жаратылған арасындағы логос, сөз, калам ретінде құбылысқа айналған, киелі мәтін, яғни Құранның өзегі. Құран исламның басты құжаты. Сол құжатта, «дағуат» دعوة сөзі «шақыру, дауыстау, атау, дұға не қарғау, қонаққа шақыру, үгіттеу» деген секілді мағыналарды білдіреді [1, 257-258 б.]. Құранда «дағуат» сөзі алты аятта кездеседі. Көптеген тұстарда (205 жерде) содан түрленген сөздер қолданылған. [2, 21-24 б.]. Дағуат сөзі термин ретінде әсіресе «исламға және ислам негіздерін орындауға шақыру» деген мағынаны білдіреді. Құранда исламға, иманға, Алла жолына, Алланың кітабына, хаққа, жақсылыққа, есендікке шақыру секілді мәнді иеленген. Бұл ұғымдар дағуаттың ислами сенім мен құндылықтарды мойындату әрі соның жүзеге асуын мақсат тұтқан іс екенін, сондықтан әрі өзге дін өкілдері, әрі мұсылмандарға қатыстылығын көрсетуде. Мұхаммед Әр-Рауий «Дағуа әл-Исламия дағуа аламия» атты еңбегінде былай деген: «Ол адам баласының жүріс-тұрысының, қоғамда өзін танытуының толықтай ережесі мен нормалары» [3, 12 б.]. Құран кәрім мен хадистерде дағуатқа ұқсас басқа да сөздер жиі аталады. Айталық, тәблиғ, иршад, уағыз, насихат, инзар, табшир, әмр бил мағруф нахи анил мункар секілді сөздер мағына жағынан өзгешелеу болғанмен, көздеген мақсаты мен практикадағы көрінісі тұрғысынан ұқсас мәнге ие екенін айтуға болады. Осы себепті дағуат сөзі тәблиғтан бастап өзге сөздермен жиі-жиі бір-бірінің орнында қолданылған.

Құранның «Ахзаб» сүресінің (45-46) аяттарында Жаратушы ие Мұхаммед пайғамбарды «Алланың дағуатшысы (даияллах) ретінде сипаттаған. Елшісіне бұл ардақты іс «дағуат қыл», «тәблиғ жаса», «олардың есіне түсір», «ескертіп айт», «сүйіншіле» деген әр түрлі сөзбен жеткізілген. Тәблиғқа қатысты аяттардың барлығы дағуатпен мағыналас болып келуде. Бұл мысалдар бұл ұғымдардың қай қайсысы да ислам сенімін тарқату, жаюды білдіруде. Дінге үгіттеу, дінге шақыру мазмұнын беретін ұғымдарды талдағанда, жихад ұғымына да тоқталмай кету орынсыз. Жихад ұғымы да осы саладағы арнаулы еңбектерде «діни парыздарды білу, бұлжытпай орындау, өзгелерге де үйрету, дәріптеу, әмр бил мағруф, нахи анил мункар жасау, исламды шартарапқа жаю, өз бойында нәпсімен және сыртқы жаумен күрес» дегендей мағыналарда қолданылады.

«Раббыңның жолына хикметпен әрі көркем насихатпен шақыр: олармен ең жақсы түрде сөз таластыр» деген аят та исламға үгіттеу мен шақыру ісі нәтижелі болуы үшін жұмсақ мәмілеге, сыпайылыққа сүйеніп, бейбіт түрде жүргізу қажеттігін аңғартуда [5, 16-125 б.]

Құранда дінге шақыруға қатысты бірқатар ұғымдар қатар аталатынын сөз

еттік. Енді кезегімен солардың әрбіріне кеңірек тоқталсақ. Таблиғ تَبْلِيغُ сөзі – бір істі аяғына жеткізу, таныту, түсіндіру, (алдыға) келтіру, хабарлау, білім беру мағыналарына келеді. Осыған қарап, таблиғты ақпарат сөзімен сәйкестендіре аламыз. Сөзде мағына мен мазмұнның сақталуы, сұлу сөз, тұщымды ойды жеткізу. Таблиғ сөзі сонымен бірге, «басқаға білгенді (дүниені) жеткізу, онымен мәміле құру» деген мағынада да сипатталады [15, 174 с.]. Пайғамбарлардың уахи жолымен Алладан келген иләһи үкімдерді, ешбірін жасырмай, ашық түрде адамдарға жеткізуі – пайғамбарларға уәжіп дүние [16, 639 б.]

Рисалат және таблиғ сөздері Құран аяттарында жиі кездеседі. Бұл аяттардағы мағынасы – уахидің мәні мен маңызын тарқатып, адамзатты сауаттандыру дегенге саяды [17, 22 с.]. Терминдік мағынасына тоқталар болсақ, иләһи уахиді, яғни, «Алланың әмір еткендерін адамзатқа жария ету». Тағы бір деректерде пайғамбарлардың Жебірейіл періште арқылы Жаратушыдан алған хабарламаларын адамзатқа жеткізуі «таблиғ» деп аталады. Мұндағы таблиғ сөзі асыл мұраттарға бастар жол және ескерту мағынасын береді.

«Аллаға бойұсыныңдар әрі елшісіне де бағыныңдар. Егер бет бұрсаңдар, елшімізге насихат ету ғана міндет» [5, 5-92 б.]. «Сондай пайғамбарлар, Алланың нұсқауларын жалғастырып, Одан қорқады да, Алладан басқа ешкімнен қорықпайды» [5, 33-39 б.]. «(Мұхаммед): “Аллаға, пайғамбарына бағын” де. Егер бағынудан бас тартсаңдар, шын мәнінде пайғамбар өзіне жүктелгенге, сендер өздеріңе жүктелгенге міндеттісіңдер. Ал егер пайғамбарға бой ұсынсаңдар, тура жол табасыңдар. Сондай-ақ пайғамбарға ашық түрде жалғастыру ғана міндет» [5, 24-54 б.]. «(Мұхаммед) ал енді насихат ет; негізінен сен бір насихатшысың. Сен оларды қинаушы емессің» [5, 88-21-22 б.]. Бұл тек Мұхаммед пайғамбарға ғана емес, барлық пайғамбарларға түскен уахиларына тән ортақ ерекшелік. Құран мұны бұрынғы пайғамбарларға қатысты бір оқиғаны мысалға ала (нақыл ете) отырып, «(Мұхаммед) сол уақытта, пайғамбарлардан уәде алған едік. Сенен, Нұх, Ыбырайым, Мұса және Мәриямұлы Исалардан, солардан берік уәде алған едік» деген аятпен дәлелдейді [5, 36-17 б.]. Жоғарыдағы аяттардан таблиғтың адамзат үшін қажеттілігінің сыры аңғарылады. Ол жекелей әрі тікелей адам психологиясына әсер етіп, адамзаттың интеллектуалдық деңгейі мен ерік-жігерін бір мақсатқа үгіттеген ықпалды қызмет.

Таблиғ – тыңдаушы санасындағы пікір қайшылығын оятып, ақыл-ойдың жаңа көкжиектерін ашу мақсатымен жасалатын ақылды әрекет. Сонымен қатар, Құран тек баяндаушылық қызмет атқармайды, бағыттаушылық қызметті қоса атқарады. Құран таблиғының негізгі мағынасы, адамзатты «хабардар ету» емес, адамның хәлін (хәл-күй, жағдайын) өзгерту болып табылады. Бұл ретте үлгілердің адам психологиясына әсері мен моральдық бағытқа икемделуі таблиғ мәселесінде ерекше рөл атқарады.

Шақыру – دعوة «шақыр» етістігінен шыққан. Тіркесе келе шақыру, тарту, бірге болу мағыналарының барлығын да қамтиды [18, 189 с.]. Жәрдем күту немесе көмекке шақыру мағынасында да қолданылады. Ал Құранда адамзатты Хақ жолына шақыру міндетінде жиі келеді. Исламның шындығына адам баласын шақыру – тура жолды көрсету, аңғарту, ұйыту сөздерімен синонимдес. Шақыру

сөзі Құранда Аллаға жалбарыну, дұға ету, ғибадат және құлшылық ету мағыналарына да жүреді. Құрандағы «шақыру» сөзі нақтылы алты аятта қолданылып, аталған ұғымның мағыналас, тамырлас нұсқалары 205 рет кездеседі.

Таблиғ пен шақыру сөздері бір мағынада қолданылады десек те, олардың дәрежелік және кейбір әдіснамалық басымдықтарға орай, айырмашылығы да жоқ емес. Айталық, «таблиғ» толық немесе жекелеген ақпараттармен таныстыру, ілімді (қандай да бір жаңалықты) не хабарламаны жеткізу және адамның көкірек көзін оятуға ықпал етсе, шақыру - «таблиғтан» кейінгі кезең, ол хабарлама негізінде әрекет етуді, қабылдауды, сана-сезімді сол аталған мәселеге бағыттауды көздейді. «Таблиғ» (хабардар ету) пен шақыру бір-бірін толықтыратын, кезекті әрекеттер. Дегенмен, хабарландыру – бұрын-соңды ешбір жайтты білмеген тыңдаушыны құлақтандыруға арналса, шақыру – тыңдап алған, хабарланған ортаға ой тастау, қабылдату және сіңіруге жасалатын әрекет. Дұға да – шақыру құралы. Оның алғашқы белгілері хабарламалар арқылы келеді. Таблиғшының мақсаты – адамды осы ізденістерге, ойлануға, серпіліс жасауға және ой-сана психологиясына жетелеу. Ауыспалы мағынада шақыру – қол көмек, қол ұзартқан дүние. Сондықтан таблиғ – діннен немесе Алланың уахиінен, жалпы, осы тақырыптан еш хабары жоқ жандарға арналған мағлұматтар ағыны, шақыру мен түсіндіруге мұқтаж топтарды қанағаттандыратын қызмет. Айта кету керек, бұл екі ұғымды қандай да бір тұжырымдармен ажырату қиын.

Иршад الإرشاد – жол көрсету, жәрдем беру, араға түсу деген мағыналарға келеді [21, 1411 s.]. Әсіресе, бақытсыздық пен ауырлықты (жүктемені) азайту үшін жасалған іс-әрекет мағынасында да қолданылады. Бұл сөз Құранда «рашид», «мүршид», «рүшд», «рәшад», «рәшад» ұғымдарымен де келеді. Рүшд – адамдарға хақ жолды көрсетеді және мүдделерін ұғындырады [16, 321 s.]. Тура іс пен тура жолға да «рүшд» аты беріледі. Рүшдтің антонимі бақытсыздық (теріс жол) пен ауырлық (кері кету). Жекелеген адамдар мен топтар үшін пайдалы және қайырлы жолға «рүшд», бұл жолды көрсеткендерге «рашид», «рашид» және «муршид» дейді. «Рахбар» (нұсқау) мен дәлел сөздері де осыған ұқсас мағынада қолданылады. Рүшд: жол көрсету, адамзатты Алла Тағаланың әмірі мен бұйрықтарына және пайғамбардың сүннетіне ұюға, әрдайым Алланы еске алуға, Оны ұмытпауға, жүректе одан басқаны сүюге орын қалдырмауға шақыру, Алланың разылығына жетелейтін жолды көрсету» [22, 337 s.]. Пайғамбарлар, дін ғалымдары және Алланың сүйген құлдары діннің әмірлерін орындауға шақырады. Олардың әр уақытта Алланы зікір еткендерін қалайды. Осылайша зікір жүрекке жетіп, жүректе Алладан басқаға орын қалдырмайды. Бәрі де ұмытылары хақ. Адам қанша ұмтылса да Алла Тағаладан басқаны есінде сақтай алмайды. Осы ретте иршад ету – осы екі шақырудың шарттарын орындау. Р-ш-д түбірі Құранда әртүрлі формада кездеседі. Етістік түрінде: рәшәдә; атау септігінде: рәшәд, рүшд, рашид, рәшад. Иршад мағынасындағы кей аяттар «иршад» пен «дұрыс бағыт» арасындағы семантикалық байланыстарды айғақтайды» [23, 258 s.]. Иршад Алланы таныту және адам атын ардақтап, арын

тазартып, өз соңынан ерту деген мағынаға келеді. Аталған қызмет – пайғамбарлар үшін үлкен тірек және Алладан берілген ең лайықты міндет. Адам атадан жалғасқан осы міндет өкілдері сол заманнан бері, сол бір қызметке тұрақты күш-жігерін жұмсап келеді. Иршад жасауды қалаған әркімнің де ақиқат және игі ниет иесі болуы, адамдарды Алла жолына ерекше хикметпен (даналықпен) және көркем үгітпен шақыруы – аталған мақсатты жүзеге асыру тиімділігін арттыра түседі. Негізі иршадта – жасай отырып көрсету өте маңызды. Тыңдаушы (қарсы тарап) санасына әсер етіп, жадында қалу үшін, сөз бен істің үйлесім құрауы шарт.

Хидаят *هدایت* – тура жол, Хақ жолы, Алланың жолы, исламдағы тура жол, Хақ жолын іздеу, жол көрсету, тура жолға салу сияқты мағыналарды береді [24, 698 s.]. Пайғамбарлар мен иләһи кітаптар – хидаят құралдары болып табылады. Исламға шақырушылар да хидаятты темірқазық еткені үшін хәди (хидаятшы) деп аталады [21, 386 s.]. Басқа, жеңіл әрі негізгі мағынасында жол көрсету дегенді білдіреді. Тағы бір деректерде хидаят «адамдардың ұстанған ізгі амалдарының арқасында қол жеткізген жолы». Алланың көркем есімдерінің бірі «әл-Хади» сөзінен тамыр алатын «хәда» сөзі құлдарына тура жолды нұсқаған және түсіндірген деген мағыналарға саяды. Хидаят сөзі туынды тіркестерімен бірге 316 аятта көрініс тапқан. Хидаятқа мынадай да анықтама беріледі: «Алла Тағала адам жүрегіндегі ауырлық пен қасандықты шығарып, орнына рахат пен жайлылық береді, өзінің әмірі мен бұйрықтарын сіңірген жүрекке тыныштық орнайды. Құранда Алла Тағала бойларына ғылым мен хидаят дарыған пенделерінің жауапкершілігі тұрғысынан былай дейді: «Бойларына ілім мен хидаят берілген жандар бойларындағы барын адамзатқа бермесе, Алланың және лағынет еткендердің лағынеті бұларға жаусын» [5, 4-106 б.]. Алланың пенделеріне хидаят бергендігі төрт белгіде көрініс береді:

1. Ақыл, зерде, парасат ілімдерін игере алатын әр пенденің жауапкершілікке адал болуы хидаят. Бұдан әркім өз ерекшеліктерінен, күш-жігерінен, жетістіктерінен пайда көретінін білдіреді. Алла былай бұйырады: «(Мұса): Раббымыз әр нәрсеге бейне беріп, сонан соң оны тура жолға салған еді» деді [5, 20-50 б.].

2. Пайғамбарлардың тілі, Құран мен сол сияқты басқа да кітаптарды жеткізу мақсатымен адамзат баласына сіңірген еңбектері – хидаят саналады. Бұл Тұрғыда құдіретті Алла Тағала мынандай аят жібереді: «Оларды әміріміз бойынша, тура жол көрсететін басшы қылып, оларға жақсылық жасауды, намазды орындауды, зекет беруді уахи қылдық. Олар бізге құлшылық қылушы еді» [5, 21-73 б.]. Аят пайғамбарлардың өз ілімі, қарым-қабілеті, ақыл-парасатымен емес, Алладан берілген уахи арқылы хидаятқа себеп болғандарын сипаттап тұр.

3. Тек хидаятқа ергендердің қолында ерекше мүмкіндік болады (табысқа жету мүмкіндігі). Алланың мына сөзінде бұл туралы былай айтылады: «Ал сондай тура жол тапқандар, Алла, олардың туралықтарын арттыра түсіп, оларға тақуалық береді» (9, 47-17 s.). Алланың рұқсаты болмайынша, ешкім бақытқа жетпейді. Кім Аллаға сенсе, Алла оның жүрегін тура жолға бастар. Алла

барлығын білуші. «Расында сондай ешқандай шүбәсіз иман келтіріп, ізгі іс істегендердің имандары себепті Раббылары оларды астынан өзендер ағатын Нағым жаннатының жолына салады» [5, 10-9 б.]. Құранға сүйене отырып, хидаят пен далалат (адасу) жасауда таңдау адамның өз құзырына беріледі дейміз. Себебі адам баласы қаласа хидаятты да, далалатты (адасуға да барады) да жасайды. Бұл «сыйлық беру» тіркесімен де үндеседі. «Хидаят Алланың адамзатқа жіберген сыйы» деген аят арқылы жоғарыдағы сөзімізге дәлел келтіреміз [25, 106-107 с.]. Себебі Алла хидаятты, яғни, тура жолды көрсетпесе, хидаятты кім табар еді? Осы тұрғыдан келгенде хидаят жаратушыдан, оның тізгіні Аллада. Алла бұл хидаятты пайғамбарлар арқылы шындыққа айналдырады.

4. Ақыретте жаннат жолын көрсету. Бұл да Алланың сөзінен дәлел тапқан хидаят. «Алла оларды тура жолға бастап, жағдайын түзейді. Егер Алланың өзі бізді тура жолға әкелмесе, біз тура жолға келмес едік. Шүбәсіз Раббымыздың пайғамбарлары бізге шындықты алып келді» дейді [5, 7-43 б.]. Адамзат жаратылысынан-ақ тура жол тапқандар (хидаят) мен адасушылар (далалат) болып екі тарапқа бөлінген. Олар хидаятты жоғарыдан білдіріп, осы жолда қызмет етуіне ықпалды бір жол көрсетушінің көмегіне тәуелді.

Таусия *توصية* - жол көрсету, туралыққа және шындыққа үндеу мағыналарына келеді. «Аср» сүресінде өзара кеңесу («таусия») себептерінің белгілерін келтіреді: Шынайы кеңесте болу, иман, амал мен сөзде мін болмау, рия, мұнафық әрекеттер болмау, ешкімге зиян келтірмеу, қиянат жасамау, адамдармен қарым-қатынасты үзбеу.

Тағылым *تعليم* – үйрету мағынасын береді. Құранда пайғамбарлардың міндетіне (қызметіне) – тағылым, өздеріне – мұғалім делінеді. Кей мағынасында оқылған (үйренілген) ілімнің бірнеше рет қайталана пысықталған түріне келеді. Сондай-ақ, тағылым ұғымына – мағыналық ұғымдарды тұжырымдау үшін сананы ояту мағынасы да беріледі. Тағылым сөзінің Құран Кәрімде мына аяттарда көрініс тапқанын байқаймыз: «Аса қамқор Алла. Құранды үйретті. (Адамға) қаламмен (жазғанды) үйреткен» [5, 96-4 б.]. «Сүлеймен Дәуітке мұрагер болды да: «Әй, адамдар! Бізге құс тілі үйретілді. Сондай-ақ бізге әр нәрсе берілді. Рас, бұл, әлбетте ашық бір артықшылық» [5, 27-16 б.]. Сондықтан да, бұл ұғым білім беру және үйрету салаларында жиі қолданылады. Тағылым – адам өмірінің бойына жиган-терген жақсы дүниелерінің тізбегіне де баланады.

Тәрбие *تربيه* – сөздік мағынасына келсек, тәрбие беру, сабақ беру, тәртіпке келтіру мағыналарына келеді [1, 399-400 б.]. Раббы сөзінің мағынасы да осыған саяды. Мүршид те тәрбиеші болуды аңғартады. Адамды бірте-бірте рухани байытып, бойды да соған бағындыру - тәрбие негізі. Алла - құдай, раббы, ал адам оның құлы. Алла сөзінің синонимі раббы ұғымы жахилия дәуіріндегі арабтарға беймәлім ұғым болатын. Исламға дейінгі араб наным-сенімінде бір Алла түсінігі болған емес. Ислам алғаш рет бүкіл әлемнің жалғыз Жаратушысын таныды.

Насихат *نصيحة* етістігінің мағынасы: алдамау, толғандыру дегенге келеді [1, 615-616 б.]. Насихат «шынайылық» сөзімен де ұғымдас. Бұл жерден шығатын қорытынды, насихатта шындықтың болуы шарт. Насихатпен адам жақсылыққа ұйып, жамандықтан жериді. Көбіне бұл ұғым татымды сөз, үгіт сөз мағынасына

да келеді. Бір хадисте «Дін насихаттан» делінеді [14, 42 б.]. Негізінен, тура жолға, ізгілікке, сұлулыққа сүйіндіру үшін айтылған әңгіме, үлгі және жол көрсету насихаты болып табылады. Насихат пен таблиғ кейбір мақсаттары мен кей амал-әдістері тұрғысынан ортақ ерекшеліктерге ие. Сондықтан да Құранда таблиғ пен насихат (үгіт, үлгі) ұғымдары аяттарда бірге қолданылады. «Сонда Салих олардан жүз бұрып: «Әй, елім! Расында мен сендерге Раббымның бұйрығын жалғастырдым. Бірақ сендер үгіттеушілерді жақсы көрмедіңдер» деді [5, 7-79 б.]. Насихат дін мен ақыл сүйенетін мәселелерді алдыға шығарып, үлгі етеді. Дін – насихат. Насихат беру дініміздің ең бастапқы мақсаты. Насихат айту оңай, оны қабылдап, жүрекке сіңіру қиын. Нәпсіге жеңіліп, дүнияуи мәселелерді бастапқы орынға қойғандарға, насихат – ащы, харам дүниелер – тәтті болады. Насихаттың мақсаты, тыңдаушыға білмегенін үйрету емес.

Құран Кәрім мен хадистерде таблиғқа байланысты қолданылған ұғымдардың бірі – уағыз *الموعظه*. Ол өнеге, сабақ, үгіт мағынасына келеді [24, 682 s.]. Қандай да бір нәрсені еске алу, ізгілікке шақыру, бір-біріне насихат айтып, жүректерді жұмсарту, Алланың жазаларынан аяқ тартқызатын дүниелерді естен шығармау, өнеге беру, мысал беру, жүректі жұмсарту мақсатында жақсылықты естен шығармау – өнеге болып табылады. Сондай-ақ, қандай да бір істі жасау не жасамау керектігін білдіру де осы мағынаға саяды. Бұл туралы Құранда Алла Тағала: «(Алла): “Әй, Нұх! Ол қауымыңнан емес. Өйткені, оның ісі дұрыс емес. Сондықтан білмеген бір нәрсені Менен тіле. Саған надандардан болмауды насихаттаймын” деді [9,11-46 s.]. Тағы бір аятта: «(Мұхаммед) олардың не дегендерін жақсы білеміз. Сен оларды мәжбүрлеуші емессің. Кім азаптан қорықса, Құранмен үгіт бер». [5, 50-45 б.]. Уағыз-насихат – көне замандардан келе жатқан тәрбиелік мәнге ие іс.

Зікір *الذكر* – бір нәрсені ұдайы естен шығармау, қандай да бір дүниені тілінде және жадында сақтау, ұмытып кетуге антоним ретінде қолданылатын ұғым [1, 3008 б.]. Құранда зікір – көктен келген ұғымдармен қатар, 300-дей жерде келтіріледі. Бұл ұғымның Құрандағы түсінігін былайша тізбектеп беруге болады: Таухид, Уахи, Құран, Тәурат, Інжіл және басқа да киелі кітаптар, Дұға жасау, Үгіт-насихат, Ар-намыс, Иман және бой ұсыну, сауап пен бата, кешірім мен мейірім (рақым), Мәлімдеме (баян). Айрықша зікір сөзі Құранда мына аяттарда да қолданылады: Бес уақыт намаз, екінті намазы, жұма намазы, айыптау және татуластыру, Алланы мадақтау, ойлау, жадыдан өшірмеу, санада сақтау, Алладан қорқу, берген нығметтерін көрі, білу, сол үшін шүкір ету [26, 16-20 s.]. Зікір – тек қана таухид сөзін қайталап, жиі-жиі «Құдай» дей беру емес. Зікір – тіл, жүрек, амалмен орындалады. Қандай жағдай болмасын, адамға ғапылдықтан арылу да зікір болып саналады [21, 1286 s.]. Осыған орай, діннің шарттарын орындау, қателіктерден сақтану да зікір болып табылады. Дінде әмір етілген жағдайда қарым-қатынас құру да – зікір. Діннің негізіндегі әр іс – зікір. Себебі бұларды жасай отырып, бұйырылған мен тыйым салынған дүниелерді ойлай отырып, адам әрдайым Алланы есінде ұстайды. Бірақ Алланың көркем есімдері мен сипаттары арқылы жасалатын зікір шындықтан сыр жалғап, Алланың сүйіспеншілігіне бөленуді көздейді. Мұхаммед пайғамбар: «Бір нәрсені көп еске

алған, оны ерекше жақсы көреді» дейді [27, 165 с.].

Ұсыныс *توصية* (кеңес беру) – сөздікте түсіндіру-түсіну, үйрету-үйрену, беру-алу сияқты мағыналарға келеді. Мұндағы әрекет оқу мен түсінудің тез жүзеге асырылуымен сипатталады. Бұл біреудің басқаларға әсер етуі немесе басқалардың еркі мен мінез-құлқының ықпалы. Бір деректерде таблиғ сөзі – бағасы жоғары тұжырым ретінде қолданылса, тар мағынада сенім мен көзқарасты, қандай да бір пікір мен сезімді (эмоцияны) басқаға не өзіңе қабылдату дегенге саяды. Осы мағынадағы мойындату сөзі – нәтижелі әрі мықты әсер ету құралы. Сенім иелерінің құндылықтары мен мәдениетін ауыстыруда мойындатудың мәні зор. Қазіргі уақытта жиі жүргізілетін жарнама не насихаттау шараларының артында да осы ұсыныс (мойындату, сіңіру) сөзі тұр. Жоғарыда жеке-жеке жіктеп кеткен ұғымдар өздерінің мақсат-мүдделері тұрғысынан ортақ ерекшеліктерге ие. Бірақ олар өзіндік ерекшеліктері мен дәрежелеріне орай, бірқатар айырмашылықтарға да ие.

Әмір маруф пен нахи мункар жасау *الأمر بالمعروف والنهي عن المنكر*: Құран Кәрімде «а-р-ф» және «н-к-р» әртүрлі жағдайда 108 рет кездеседі. Құранда 37 аятта кездесетін «н-к-р» түбіріндегі сөздердің төртеуі ғана етістік түрінде кездеседі және олардың үшеуінде «бас тарту» мағынасында келеді. Сондай-ақ, мункар сөзімен бірге қолданылады. Біраз аяттарда ма'руф пен мункер сөздері әртүрлі атаумен аталады. «Ма'руф» сөзі «а-р-ф» етістігінің сын есімі. Қайыр, ихсан, ризық, тамаша сияқты сөздерге сай келеді. Құран Кәрімде: «Әй, адам баласы! Шүбәсіз сендерді бір ер, бір әйелден (Адам, Хауадан) жараттық. Сондай-ақ бір-біріңді тануларың үшін сендерді үлкен-үлкен ұлттар, кіші-кіші руларға ажыраттық. Шынында Алланың қасында ең ардақтыларың тақуаларың. Шүбәсіз Алла толық білуші, әр нәрседен хабар алушы» [5, 49-13 б.] деп бұйырылды. Байдауи тәпсірінде маруф сөзі «Алланың заңы бекітіліп, танытылған» деп сипатталады. Бірақ бұл анықтама туралы Изутсу былай деген: «Бұл анықтама тек классикалық ислам шарифатының көрісін білдіруде. Бұл жерде сөздің шынайы мағынасын анықтаудан бұрын, жасыру болып табылады. Маруф сөзінің антонимі болған мункәр сөзі Құранда жақсы және жаман деген мағыналарда келеді. Құранда тайпаларға тиесілі мораль терминалогиясының жаңа мораль жүйесінің таптырмайтын бір бөлігі болғанын көрсетеді. Маруф мағыналық тұрғыдан «белгілі» яғни қабылданған. Мункәр сөзі оған антоним ретінде, қабылданбаған және толық құптау көрмеген деген мағынада» [23, 281 с.].

Әмір маруф екі формада көрініс береді. Біріншісі – сөз, жазу және барлық хабар тарату құралдары арқылы. Бұны жасау кезінде ақпарат аз болса және адамға, әдет-ғұрыптарға, заңдылықтарға басымдық берілмесе, фитнәға себеп болады. Екінші жол – хәл мен исламның моральдық ерекшеліктерін негізге ала отырып, үлгі болу. Адамдармен қарым-қатынаста тілі жұмсақ, жүзі жылы болып, ешкімге зиян шектірмей, ең пайдалы, ең пәрменді әмір маруфты жасау. Әмір маруф және нахи мункар жасаған кісінің ниеті дұрыс болып, өз жұмысын еркін игеріп, Алла Тағаланың осы реттегі бұйрықтарын жақсы білуі керек. Сабырды серік етіп, дау-дамайларда шыдамдылық танытып, көркем тіл не жазумен беріп отыру.

Қысқаша қорытар болсақ, «шақыру, дауыстау, атау, дұға не қарғау, қонаққа шақыру, үгіттеу» деген секілді мағыналарды білдіреді «дағуат» دعوة сөзі Құранда алты аятта кездесіп, көптеген тұстарда (205 жерде) содан түрленген сөздер қолданылған. Дағуат دعوة сөзі термин ретінде әсіресе «исламға және ислам негіздерін орындауға шақыру» деген мағынаны білдіреді. Құранда исламға, иманға, Алла жолына, Алланың кітабына, хаққа, жақсылыққа, есендікке шақыру секілді мәнді иеленген. Бұл ұғымдар дағуаттың ислами сенім мен құндылықтарды мойындату әрі соның жүзеге асуын мақсат тұтқан іс екенін, сондықтан әрі өзге дін өкілдері, әрі мұсылмандарға қатыстылығын көрсетуде. Құран кәрім мен хадистерде дағуатқа ұқсас басқа да сөздер жиі аталады. Айталық, тәблиғ تبلیغ, иршад الإرشاد, уағыз المواعظه, насихат نصيحة, зікір الذكر, тағылым تعليم, тәрбие تربيه, таусия توصية, хидаят هدايت, жихад الجهاد, әмр бил мағруф нахи анил мункар المنكر عن النهي والمعروف секілді сөздер мағына жағынан өзгешелеу болғанмен, көздеген мақсаты мен практикадағы көрінісі тұрғысынан ұқсас мәнге ие. Осы себепті дағуат сөзі тәблиғтан бастап өзге сөздермен жиі-жиі бір-бірінің орнында қолданылған.

Адамдарға тура жолды көрсету үшін түскен соңғы хақ діннің кітабы құран кәрімде адамдарды дінге шақырудың өзіндік әдіс тәсілдері келтірілген. Құран кәрімде Алла хазірет пайғамбардан (с.а.с.) адамдарға исламды жеткізгенде «жақсы насихатпен» шақыруды қалаған. Фахрадин Рази «Олармен ең жақсы түрде күрес» деген аятты сол күннің жағдайлары, әлеуметтік ортаның ерекшеліктері, тыңдаушының іс-әрекеттеріне мұқият қарай отырып жүйелі, жоғары деңгейде әрі саналы түрде жасау керектігін білдірген [29, 374 б.].

Жұмсақ сөзді болуды, дөрекі болмауды Құранда Алла былай білдірген: «Сол кезде Алладан бір рақым ретінде оларға жұмсақ қарадың. Егер сен дөрекі, катал жүректі болғаныңда, бәрі маңайыңнан тарқап кетер еді. Ендеше, оларды кешір, жарылқау тіле! (Көпшілікке қатысты) істерде олармен ақылдас. Ал шешім қабылдаған болсаң, Аллаға арқа сүйеп сенім арт. Өйткені Алла өзіне тәуекел етушілерді жақсы көреді» [5, 3-159 б.]. Адамдардың ақылы мен жүрегіне үн қату үшін жұмсақ сөзді болу қажеттігін Алла Құран кәрімде білдіруде.

Құран кәрімде адамдарға тура жол туралы айтылғанда қиссалар келтірілген. Ой орнықты болып, айтылған жайттарды жақсы түсіну үшін бұрынғы өткен адамдардың да ұқсас оқиғаларға тап болғаны, солардан ғибрат алу әрі соған қарай жол анықтау үшін қиссалар жиі қолданылған әдістерге жатады.

Құран кәрімде қолданылған әдістердің тағы бірі сұрақ қойып тыңдаушының көңілін аудару әрі қызығушылық тудыруда. Адамдар өзі қызыққан тақырыптарды тең меңгереді. Қызығушылық үйренуді жеңілдетеді. Алла пенделеріндегі осы қызығушылықты дінді үйретуде қолдануда.

Құран кәрім бір мезетте бірден түспей, жиырма үш жыл бойы сатылай түскен. Түскен аяттарды түсініп, қорытып, жүзеге асыруға мүмкіндік берген. Егер талаптар сатылап келмегенде, мәліметтер орнықты сінбес еді.

Алла Құран кәрімде аяттарды адамдар түсінетіндей деңгейде түсіндірген. Жұмақтың қандай екендігін шөлде өскендер түсіне алатындай тілмен түсіндірген.

Құран кәрімнің тәрбие әдістерінің тағы бірі адамның дінді мейірім арқылы жеткізуі. Осы себепті бәрінен бұрын адамда мейірімділік сезімі болуы тиіс. Мейірбандығы жоқ адам өзгенің жақсылығын тілемейді. Алла Құранда мейірімді көптеген жерде атап кеткен. Алла Құранда «мейірімділердің ең мейірімдісі» ретінде өзін танытқан.

Құран кәрім адамдарды сақтандырып, оларға ескертіп, қорқыту арқылы дінге шақырған. «Өзінен бұрын әрі кейін ескертулер келген Ад қауымының бауыры (Худты) есіңе ал. Ахқаф қауымын «Алладан басқаға құлшылық жасамаңдар. Мен сендер ұлы күннің азабына ұшырай ма деп қорқамын» деп ескерткен болатын» [5, 46-21 б.]. Хазірет пайғамбарға (с.а.с.) түскен алғашқы аяттардан кейін исламды жеткізу аяттарының ескерту және қорқыту туралы мәнді қамтуы назар аударарлық.

Ислам дағуатында қорқыту мен ескерту әдісіне осыншалықты салмақ беруін ғалымдар екі негізбен түсіндірген. Олардың бірі қорқудың адамды қимылға итермелеуіндегі рөлінің анағұрлым көбірек екендігі. Фахраддин Разидың айтуынша, бір істі жасатуда не одан бас тартқызуда сүйіншілеуден гөрі ескерту мен қорқытудың ықпалы анағұрлым басым. Өйткені адам пайданы көздегеннен гөрі зиянның алдын алуға әрекеттенеді [29, 42 б.]. Исламға дейін араб қоғамының басым көпшілігі сенім, сана және іс әрекет тұрғысынан кенжелеп қалған болатын. Осы себепті алғашқы жылдарынан бастап исламға табанды түрде қарсылық танытты. Жүректері тас болып қатқан адамдардың санасына сілкініс әкелу үшін оларға ескерту ең тиімді әдіс болып табылған [30, 358-359 с.]. Ескерту, қорқытумен (инзар) қатар сүйіншілеу (табшир) Құран кәрімде қолданылған әдістерге жатады.

Құран кәрімде дағуаттың «хауф және рәжа» (үміт пен үрей) арасында болуы мұрат етілген. Себебі екеуінің әсіресі адам үшін зиянды әрі күткен нәтижеге қол жеткізбейді. Бәрінен қатты қорқатын адам жасаған ісін ұнатпайды, істеген ісінен ләззат алмайды. Тек қорқынышқа берілген мұсылманның құлшылықтары ауырлық әкеледі. Сүйіспеншілік дініне сүйіспеншілік таныта алмайды. Ал тек үмітке қатты сенім артқан мұсылманда барлық ісінде босаңсу байқалады. Жұмаққа міндетті түрде кірем деп ойлағандықтан, құлшылығына ынта танытпайды. Екі жағдай да мұсылман үшін қауіпті. Адамдар бұндай қателікке бой алдырмауы үшін Алла пайғамбарларды сүйіншілеуші әрі ескертуші ретінде жіберген. Байқалғандай, Құран кәрім жүзеге асырған әрі хазірет пайғамбарға ұсынған әдістер арқылы түсе бастаған кезеңде адамдарды қараңғылықтан жарыққа шығарған. Пенделерін жақсы білгендіктен Жаратушы ие олардың қалай тез ұғатындығын, жағдаяттарға қандай реакция танытатындығын, Құран мазмұнын жеткізгенде адамдарға лайықты тәсілдер таңдаған. Хазірет пайғамбарға өзіне тоң-торыс адамдарға қалай жақындау керектігін білдірген. Осы себепті дін насихатшылары Жаратушы иенің пайғамбарға құран арқылы үйреткен әдіс тәсілдерін өз жұмыстарында басшылыққа алуы тиіс. Дінді тек тілмен емес, үлгілі іс-әрекет арқылы да қуаттап жақсы жеткізу білу керек.

Осы тұста дін және құлшылық еркіндігі мәселесіне тоқтала кеткен орынды. Алла адамдарды Алланың дініне шақырудың мұсылманға міндет етумен қатар,

оларды сенуге мәжбүрлеуге тыйым салған. Әрбір адамға наным сенім еркіндігі берілген. Ислам дініне шақыру болса да күштеуге не мәжбүрлеуге тыйым салынған [40, 133 б.]. Ислам діні адамдардың саналы түрде діни сенімін таңдауы үшін олардың наным сенім еркіндігіне кепілдік беріп, сенім негізін күштеуге емес ойлауға, ізденіске негіздеген. Осы себепті ислам адам жүрегін баурау үшін күштеуге бармастан, адамның ақыл ойы мен көңіліне тіл қатады [41, 97 б.]. Бұл тақырыпта Алла Тағала былай деген: «Дінде күштеу жоқ. Ендігі жерде туралық пен бұрыстық бір бірінен ажыратылған» [5, 2-256 б.]. Бұл аяттың тәпсірі жайында Қаффал (қ.ж. 365\975) былай дейді: «Алла тағала тәухидтың дәлелдерін ашық, айқын, бұлдартпас дәлелдермен жеткізгеннен кейін күпірлігін жалғастыру үшін кәпірге ешқандай сылтау қалдырмаған. Неге десеніз, адамдарды қинап дінге кіргізуге сынақ мекені саналатын бұл дүниеде орын жоқ. Өйткені дінге күштеу сынақ пен сынаудың мәнін жояды» [18, 14 с.]. «Егер раббым қаласа, жер бетіндегі адамдардың барлығы жалпы күйде иман ететін еді. Жағдай осылай болғандықтан барлығы мүмин болсын қинамақсың ба?» [5, 10-99 б.]. Бұл аят мынаны көрсетуде: Алла баршаның иман етуін қаламаған, сондықтан қинау әрекеті бекершілік. Егер Алла қаласа, барлық адамды біркелкі жаратар еді. Алайда Алла адамдарға ақыл мен жауапкершілік беріп, оларға өз жолын таңдауға ерік берген. Тек оған жақсы мен жаманды, дұрыс пен бұрысты ажырата алатындай білім мен мүмкіндік берген жөн. Осы себепті ислам тарихында дін бастапқы кезден бастап білім мен тәрбиені негізге алған [42, 11 с.]. «Былай де: Ол (Құран) Раббыларыңнан жеткен ақиқат. Ендігі жерде қалаған иман етсін, қалаған мойындамасын» деген «Кәһф» сүресінің 29 аяты адамдарға сеніп сенбеу мәселесінде таңдау еркін берген. Алайда сенуші мен сенбеуші ешқашан бір емес, біреуі жұмақтық, екіншісі тозақтық. Тек дін еркіндігі тұрғысынан сенуші мен сенбеуші дүние тіршілігінде бірдей құқықтарға ие». «(Ей, Мұхаммед) Біз сені оларға өкіл ретінде жібермедік» деген «Исра» сүресінің 54 аятын Байдауи (қ.ж. 685\1288) «Біз кәпірлерді иманға күштеу ісін саған тапсырмадық» деп тәпсірлеп, Мұхаммед пайғамбардың да иманға күштеуге құзыретті еместігін білдірген [43, 574 с.]. Ислам адамдарға тек қалаған дініне сену еркіндігін ғана беріп қоймай, олардың құлшылық жасауға деген қасиетті құқы барын да білдірген. Олардың бұл құқына қол сұғу әрі жеке адамның табиғи құқы болып саналған құлшылық еркіндігін тежеу наным сенім мен ар-ождан еркіндігін шектеу ретінде бағаланған. Жүректегі иман секілді ғибадатханадағы құлшылық, дұға мен мінәжат та заң мен қарар мәселесі емес, олай болуы мүмкін де емес. Заңдар мен үкімдер ғибадатхана ішіне жүрмейді. Неге десеніз, заңның мақсаты мен үкім болуының мәнісі еркіндіктерді шектеу емес, жамандық пен моралға сыймайтын істерге жол бермеу [44, 118-119 с.].

Адам құқықтарының бірі дәстүрлі діннің сенім мен парыздарын басқаларға үйрету, оқыту, жаю, уағыздау және осының арқасында олардың надандықтан құтқару. Барлық діндерде, әсіресе, исламда дінді жаю Алла есебінде ең қабыл болатын ізгі істердің қатарында саналады [44, 121 с.]. «Дінде күштеу жоқ» аяты түрлі дін иелерінің әрбірінің өзгелерді бірбеткейлікпен сенімге күштемей, қабылдауға мәжбүрлемей, алайда даналықпен әрі уағыз насихатпен дінге

шақыруға кедергі келтірмейді [45, 79 s.]. Өйткені дін білім, үйрету мен тарату арқылы сақталады.

Европада XVII ғасырда философиялық жүйе ретінде пайда болған «зайырлылық» ұстанымы әрі соның нәтижесінде қалыптасқан «наным сенім еркіндігі мен ар ұждан бостандығы мұсылман елдерінде одан бұрын да тәжірибеде қолданылып келген [47, 111 s.]. Осы себепті наным сенім еркіндігі мен ар ұждан бостандығы европа елдерінде пайда болғанға дейін ислам мәдениетінде кең қолданыста болғанын нық айта аламыз. Исламның адамзатқа дәріптеген наным сенім еркіндігі мен ар-ұждан бостандығы, өкінішке қарай, өзге діндерде көп кездеспеген. Испаниядағы инквизиция соттары, шығыста крест жорықтары кезінде пайда болған қылмыстар тарих кітаптарына қара таңба болып басылған жағдайда. Батыстықтардың дін еркіндігі дегені формализмнен ары аспаған. Коммунист мемлекеттерде де жағдай Батыстықтан өзгеше кейіпте болмаған. Сеніміне бола мұсылмандар жалпылама қуғындалған. Америка мен Оңтүстік Африкада қара нәсілділердің тек нәсіліне бола геноцидке ұшырағаны, атом мен су тегі бомбаларымен жойылғаны, Боснияда, Шешенстанда және әлемнің басқа да көптеген жерлерінде адамдардың тек сеніміне бола зұлымдыққа ұшырауы исламдағы наным сенім еркіндігі мен ар ұждан бостандығына адамзаттың қаншалықты мұқтаждығын байқатуда. Ислам билігіне қарасты зыммилердің (өзге діндегі азшылықтардың) сенім мен құлшылық еркіндігі олардың ислам дініне құрметсіздік жасамау шартымен байланысты. Өзге дін өкілдері өздерімен арадағы келісімді сақтауы, өз діндері бойынша құқықбұзушылық болғанда берілетін үкімге бойсұну, ислам дініне тиісті құрмет көрсетуге міндетті болумен қатар исламға, мұсылмандарға қарсы, мұсылман қоғамның бірлігін бұзатын әрекеттерге бармауға міндеттелген [48, 287 s.].

Дін мен құлшылық еркіндігі мәселесінде мұсылман фақиһтар Құран настарынан Мұхаммед пайғамбардың сөз бен іс әрекеттерден және сахабаның тәжірибесін негізге ала отырып, мына қағиданы анықтаған: «Оларды (өзге дін өкілдері) дін деп ұстанғандарымен әрі жеке бас жағдайларымен оңаша қалдыру бізге міндеттелді» [45, 53 s.]. Тарих бойы ислам жорықшылары мен басшылар «Дінде күштеу жоқ» аятына сүйене отырып, ешкімді исламды қабылдауға мәжбүрлемеген. Қандай ұлт кездесе де, осы аяттың үкімін сақтауға тырысқан. Дегенмен исламдағы осы сенім еркіндігі мен ар-ұждан бостандығы жеңілдік әрі қарапайымдылы ретінде әр ұлттың назарын аударған. Осы тартымдылығы үшін араб түбегінен басталған ислам аз уақытта әлемнің көптеген аймағына тараған. Исламдағы мемлекет түсінігі адамдарды күшпен қандай да бір идеологияны қабылдату секілді империялистік мақсаттарға сүйенбейді. Оның мақсаты екі дүние бақыты үшін жіберілген Алланың жүйесімен бүкіл адамзаттың танысуын қамтамасыз ету. Ислам жеткен соң оның қабылдау я қабылдамау әр адамның өз еркіне тиесілі болады. Қаласа мұсылмандыққа өтеді, қаламаса, өзінің бұрынғы сенімінде қала береді.

Сонымен, Құран мен сүннетке тән дағуат دعوة жүргізудің өзіндік ерекшелігі мына аятта қамтылғанын айтуға болады. «(Әй, Мұхаммед) Сен раббыңның жолына хикмет және жақсы насихатпен шақыр және олармен ең жақсы түрде

пікірталас» (Нахыл сүресі, 125 аят). «Жұмсақ сөз», дөрекі болмау (Исра, 17/53.); Қисса; Сұрақ арқылы тыңдаушының көңілін аудару; (Қариа, 101/1-4.); Құран кәрім бір мезетте бірден түспей, жиырма үш жыл бойы сатылай түскен; Алла Құран кәрімде аяттарды адамдар түсінетіндей деңгейде түсіндірген; «мейірім»; адамдарды сақтандыру, ескерту, қорқыту; «хауф және рәжа» (үміт пен үрей) *الْخَوْفُ وَالرَّجَاءُ* арасында болу;

Мұхаммед пайғамбар дінге шақыруды өзінің жақын туыстарынан бастаған. Әрдайым сүйіншілеуші әрі жеңілдетуші болған. Адамдарға үміт пен қуанышты хабар жеткізген. Жақсы істер көрсе, мақтап, ынталандырып отырған. Тақырыпқа көңіл аударту, қызығушылық тудыру үшін сұрақтар қойған. Оңайлатуды негізге алып, айтқандарын маңайындағы адамдардың дұрыс әрі жеңіл түсінуі үшін мысалдармен айтқан. Тыңдаушысын әуелі жеткілікті танып, олармен сөйлескенде жағдайға қарай сөйлейтін. Айталық, өзіне бір сұрақ қойылса да әркімге әртүрлі жауаптар берген. Бұл тұста сұрақ қоюшының жеке жағдайларын есепке алған. Тыңдаушысының деңгейімен санасқан. Адамның өзін емес іс әрекетін сынға алған. Өзіне деген сенім ұялата білген. Пайғамбарлыққа дейін де «Мухаммадул әмин» (сенімді Мұхаммед) деп аталған. Адамдардың құқын құрметтеген. Әділеттілікке көңіл аударып, ешкімнің құқын таптауға рұқсат етпеген. Үйреткендерін жаздырған. Сызба сызып, теңеу айтып, іс қимылымен көрсеткен. Көрсетіп түсіндіру. Насихаттағандарын әуелі өзі істегені.

Құранда Сүлейменнің күші мен сымбаты, қасиетіне әсер еткен жайт турасында былай баяндалады: Оған: «Сарайға кір!» делінді. Оны көргенде, су деп ойлап, балтырын ашты». (Сүлеймен): «Расында ол әйнектен жарқыратылып жасалған сарай» деді. (Балқыс): «Раббым, шынында өзіме кесір еткен екенмін. Сүлейменмен бірге барша әлемнің раббы Аллаға бойсұндым» деді [5, 27-44 б.]. Сарай еденінің су секілді мөлдір етіп салынуы – Құдіреттің күшін танытуға, оның салтанатына деген сенімді күшейтуге, рухани өзгерістерді еңсеруге дайындау үшін қажет еді. «Сүлеймен секілді берген нығметтерін Алланың дінін танытуға себепкер ету де – ғибадат. Сүлеймен жасаған өнер туындыларын осы мақсатқа қолданды. Басқа мұсылмандар да бойға біткен күш-жігерін дінді таныту жолына қолданғаны абзал» [53, 29 s.]. Алайда ұдайы есте ұстайтын дүние бар. Мұсылмандар бойларына біткен артық қасиетті тек қана Алланың шектеп берген шеңберінде ғана шебер қолдануы керек. Бұл мәселеде абай болмаса, айтылған артықшылықтары таблиғшының өзін мұқтаж халге жеткізуі мүмкін. Бірақ құрал мақсатқа айналмауы керек. Жасалған жұмыстың нәтиже беруі таблиғ иесінің табандылығы мен өз-өзіне деген сеніміне де байланысты. «Таблиғ иесінің табандылығы – мақсат тұтқан мәселесінде өз-өзіне деген сенімін нығайтуына, ұстанымдарынан айнымауына, тыңдаушының жағдайына байыппен қарап, жаңаша түсініктер қалыптастыруына және таблиғтан әсер алуына жол ашады» [17, 100-101 s.]. Бұл тармақ – пайғамбарлардан үлгі алу керектігіне ишара жасай отырып, Құранның дегенінен шықпауға нұсқайды.

Құранда таблиғта тыңдаушыны терең тануға айрықша назар аударылғаны және танудың қажеттілігіне ишарат етілгені көрінеді. «(Мұхаммед) расында қарсы болғандарды, үгіттесең де үгіттемесең де бәрі бірдей. Олар иман

келтірмейді, Алла олардың жүректерін, құлақтарын бітеген, әрі көздерінде перде бар. Сондай-ақ олар үшін зор қинау бар» [5, 2-6-7 б.], «(Мұхаммед): «Әй, Кітап иелері! Біздің арамыз бен сендердің араларыңа бірдей бір сөзге келіндер; жалғыз Аллаға құлшылық қылайық, Оған еш нәрсені ортақ қоспайық. Сондай-ақ Алладан өзге бір-бірімізді тәңір тұтпайық» деп айт. Егер олар жүз бұрса: «Куә болыңдар, шәксіз біз мұсылман болдық» дедер. Әй, Кітап иелері! Ыбырайым жайында неге таласасыңдар? Негізінен Інжіл де, Тәурат та одан кейін түсірілген. Ойламайсыңдар ма?» «(Мұхаммед) сондай Кітаптан үлес берілгендерге қарамадың ба? Олар пұтқа, шайтанға сенеді де, кәпірлерді: «Бұлар мүміндерден гөрі тағы тура жолда» дейді». Осы секілді Маида (5/77, 5/82-83), Анкәбут (29/46), Тәубә (9/14), Нас (22/71), Бақара (2/2-3), Әли-Имран (3/199), Нәжм (53/24) сүрелерінде таблиғшының тыңдаушыны тануының пайдаларын көрсететін аяттар көптеп келтіріледі. Осылайша пайғамбарға тыңдаушыларына қарсы қандай әрекетке бару керектігі, таблиғта қандай әдіс қолдану қажеттігі турасындағы сілтемелер осында айқындалған.

Шақыруда тыңдаушыны тану, әскердегі барлаушының қызметі секілді маңызды. Расында да Алла: «Раббыңның жолына хикметпен және көркем үгітпен шақыр; Және олармен ең көркем, ең нанымды жолдармен талқыла. Риясыз, өз жолынан кімнің табыларын ең жақсы білетін сенің Раббың ғана!» аятында Аллаға шақыру тұрғысынан адамдарды үш топқа бөлінетінін Мұхаммед пайғамбарға жеткізеді: 1. Ақыл-ой иелері және ғылымның ақиқатын үйренген зерттеуші ғалымдар. Шақырудағы хикмет халықтың осы тобы үшін. 2. Халықтың көпшілігін құрайтын орта тап. Көркем үгіт осы кісілер үшін. 3. Қарулы, қатал, дұшпан ниеттілер. Соғыс тактикаларының ең тиімді жолымен шақырылғандар осылар. Айта кету керек, Алла Мұсаның Перғауынды жұмсақ сөзбен тура жолға шақыруын бұйырған.

Құранда бастапқыда мүшріктердің сенімін сынға алмастан, бұл сенімнің осал, іске алғысыз жақтарын түсіндіріп, адамды және ғаламды жоқтан бар еткен, барлық нәрсеге құдіреті жететін, ғалам атаулының раббы Алланың бар әрі бір екендігіне тоқталған. Қарсы тараптың ашуын тудыратын жайтқа бастапқыда орын бермей, оларды ислам мен сенімдері арасында ойлануға шақырған. Алғашқы түскен аят пен сүрелерді зерделегенде, бұл мәселе анық байқалады. Алғаш түскен сүрелерден Алақ, Қалам, Музаммил, Муддассир, Лахаб, Такуир, Ағла, Ләйл, Дұха және содан кейін келетін сүрелерде мүшріктердің сенім жүйесінің дұрыс еместігін және пұттарының осалдығын сөз етпестен, Алла тағала сипаттарымен танытылған. «(Расулым) былай де: Сендерге көктен және жерден ризық беретін кім? Немесе құлақтар мен көздерге кім ие? Өліден тіріні, тіріден өліні шығаратын кім? (Барлық) істі кім басқарып тұр? Алла дейді. Былай де: Ендеше, (Оған қарсы келуден) сақтанбайсыңдар ма?» [5, 10-31 б.], «Міне, ол сендердің шынайы иелерің Алла. Енді ақиқаттан (айрылғаннан) кейін адасудан басқа не қалады? Онда қалай (адасуға) қайтарыласыңдар?» [5, 10-32 б.]. Осы және осыған ұқсас аяттар мынаны көрсетуде: Құран кәрім мүшріктерді ойлануға және ақылмен зерделеуге итермелеп, олардың сенімдерінің қаншалықты шындықтан алыс екендігін көрсетуде.

Құранда «Таха» сүресінің 42 аятында «Перғауынға барындар, ол әлінен асты, бірақ жұмсақ сөйлендер, мүмкін ол тәубеге келер» делінген. Тағы «Нахл» сүресінің 125 аятында болса, «Раббыңның жолына даналықпен және көркем үгітпен шақыр, олармен өте көркем мәмілемен пікір таластыр» делінген. Пайғамбарлар тыңдаушыларының сезімін дүниесінің талқанын шығаратын, діни сезімдерін қорлайтын сөздер айтпады. Ол туралы Құранның «Әнғам» сүресінің 108-аятында “Алладан өзгеге табынғандарын тілдемеңдер, әйтпесе олар да білместікпен жауласып Алланы тілдейтін болады» делінген.

Ислам үшін де, исламға иек артатын басқа түсінік үшін болса да адамдардың ең негізгі құқықтары шектелінбейді, және олардан бұл тұрғыда жанқиярлық күтуге болмайды. Бұған мысал ретінде Шұғайып пайғамбардың айтқанын келтіруге болады. «Сендерге тыйым салғандарымды өзім істемекші емеспін. Мен тек күшімнің жеткенінше дұрыстағым келеді. Алайда жетістікке жетуім тек Алланың жәрдемімен болады. Тек қана Аллаға сүйенемін және тек қана Аллаға қайтатын боламын» [5, 11-88 б.]. Аятта Шұғайып пайғамбардың сөз арқылы дағуатшы, тыңдаушы және дін иесі үштігі қатынасының шеңбері берілген. Бұл бойынша дағуатшы мен дағуат еткені арасында дағуаттың өзіне қатысты жауапкершілікте еш айырмашылық жоқ. Жауапкершілік дағуатшының пайдасына деп түсінуге келмейді. Дағуаттағы түпкі мақсат қоғамды дұрыстау. Дағуатшы осы бір түзеу ісін Алла көрсеткендей түрде жүргізеді. Дағуатшының дінге үгіттеу жұмыстарындағы іс әрекеттерін бақылаушы әрі оның сүйенер бір ғана Алла. Басқа ешкімге емес, күндердің күні тек қана Алланың алдына барып жауап беретінін ол көңілінде бек туюі тиіс. Жақсылыққа шақыру, жамандықтан тыю міндетін орындаудың талаптарының бірі қоғамда бүлік, арсыздық белең алуының алдын алу [89, 142 с.].

Құран адамның болашаққа құрған жоспарларына үміт береді. «Алланың мейірімінен үміт үзбеңіздер» [5, 39-53 б.]. Өйткені, мұсылмандардың игілігі үшін жіберілген таблиғшылар қоғамды үмітсіздіктен құтқарады. Құран аяттары да үмітсіздікті тыяды. Ол таблиғшының қабыл болуына үміт артады. Мақсаты өз сөздерін күштеп таңу емес, оның міндеті жария ету, жеткізу, сіңіру. Адамдардың таблиғқа ұюы, таблиғшының қалауына емес, Алланың құзырындағы дүние. «Бақара» сүресінің 272 аятында «(Мұхаммед) оларды тура жолға салу саған міндет емес. Бірақ Алла кімді қаласа, тура жолға салады. Ненде қайыр берсеңдер де сонда өздерің үшін; Алланың разылығын тілеп қана берсеңдер, Алла жолында беретін қайыр өздеріңе толық төленеді әрі сендерге әділсіздік етілмейді» деп нақтыланған. Алланың қалауы болмаса, таблиғ жасаушы қандай әрекетке барса да нәтиже шығара алмайды. «Егер оларға періштелерді түсірсек те және оларға өліктер сөйлесе де сондай-ақ олардың алдына әр нәрсені жинасақ та олар нанушы емес. Әрине Алла қаласа басқа. Бірақ олардың көбі білмейді» [5, 6-111 б.]. Шақырушы әр уақытта, әр жағдайда өзі үмітін жоғалпай, басқалардың жүрегіне де үміт отын жаға білмегі жөн. Оларға әдепті бір өмірден өнеге айтып, бұл ғұмырдың іс-әрекетіндегі және рухани дүниесіндегі артықшылықтарды сөз етеді. Шындығында жаннатта берілетін рухани және материалдық нығметтерді түсіндіретін аяттар – адамды өз ішінен, өз ой-санасынан шығатын сипатта

бейнелейді. Меккелік мүшіріктер жаннаттың бұл кереметтерін тыңдап, құпияны білді. Сөйтіп оны мүшіріктердің басшылары өз пайдаларына жаратты. Дау жоқ, иман келтіріп ізгі іс істегендер, Раббыларына бой ұсынғандар, олар жаннаттық. Олар онда мәңгі қалады. «Сондай жақсы іс істегендерге жақсылық әрі артығы да бар. Олардың беттерінде бір дақ не қорлық әсері көрінбейді, солар жаннаттық. Олар онда мәңгі қалады» [5, 11-23 б.]. Шақырушы ешқашан үмітін жоғалтпастан, хидаяттың Алладан берілетінін біліп, әрекет жасайды. Үмітсіздікке бой алдыру деген сөз – басқа түскен істі қабылдамау деген сөз. Бір жеңіл атлетті алып қарасақ, жарысқа дейін, жарыс басталған соң да жеңуге үміт етеді. Бірақ дайындығы кемел, бабы шапқан біреу жеңіске жетеді. Бірақ сол спортшы бірден үміт үзіп кетіп қалмайды. Сол сияқты шақырушы да қанша құласа да, қайта тұрып міндетін жалғастыруға мүдделі. Алдынан кездесер кедергілер оның үмітін үзіп жібермеуі керек. Пайғамбарымыз өзіне берілген нығметті айналасына таратқан уақытында да кей кісілер тарапынан мынадай сөздер айтылады: «Ей, пайғамбар. Сенің бізден үміт үзетін уақытың келді емес пе!?» [57, 107 с.]. Бірақ жоқ! Ол үмітін үзбестен, тура жолға шақыруын тоқтатпады. Әсіресе шақыру кезінде ол ерекше назар аударған жайт: «Ғибадаттардың ең кереметі – Алладан үміт үзбеу» [32, 15 б.]. Тыңдаушыларының түрлі қарсылықтарына табандылық пен үмітті қару ретінде ұсына білді. Қашанда еңсесін тіктеп, үмітсіздікке алдырмай, бар күш-жігерін сала өзіне артылған міндеттерді еңсеруге тырысты. Үміті таусылған адамның табысты болуы екіталай. Қандай қиындық көрсе де үмітін жоғалтпаған жандар табысты болады, мақсатына жетеді. Құран ұсынған хабарды жеткізу, түсіндіру және адамдарға жаннат пен берілген нығметтер жайлы еске салу соңында Алланың ұлылығын көрсететін және сөйтіп олардың көңілін алатын жақсы амал жасау керек екендігін көрсетеді. Сүйдіру мен үміт сыйлаудың маңызы зор және осы жайлы көптеген аяттар белгілі. Кітап иелерінің жақсы амалдарын, тарихтағы өмір сүрген пайғамбарлар мен олармен болған адамдардың жақсылықтарын көрсететін, тәубе етіп мойынсұнған, таблиғ жасаған адамдарға марапаттар мен сүйінші аяттар, құранда айтылғанды орындаған, өмірі арқылы үлгі көрсеткен адамдар жайлы аяттар да айтылады. Және сол арқылы адам жанына жақындайды. Осы секілді аяттармен Құран адамды сүйіспеншілік, қабылдауға құлшыныс, үміт беру арқылы сүйіншілейді. Құран адамдарды серік қосудан, мойынсұнбаушылықтан және осыларға апаратын жолдан сақтай отырып, Алланы жоққа шығаратындарды ойландыру, түсіндіру, ғибрат беру мақсатымен жаза, қорқыныш, жаһаннам секілді мағыналарды қолданған. Қорқыту адамды бір нәрсеге сендіру немесе бір нәрседен тыюдың табиғи жолдарының бірі. Алланы мойындамағандар кейде жаһаннам және азаппен ескерту, кейде өткен қауымның өмірінен алынған жағдайлар айтылса, кейде жер жүзіне қарап ғибрат алуларын айтса, кейде қорқыту арқылы мойындамаудан, сенбеуден алыс тұру керектігін ескертеді. Басқаша айтқанда, Алла Тағала діни тұрғыдан жақсы жаман іс-әрекетіне қарап екі түрлі жолмен түсіндіреді. Таблиғ жасап жүрген адам кімге айтатынын тану керек. Жүсіптің зындандағылармен әңгімесі ең жақсы үлгі: онымен бірге екі жас зынданда отырады. Бірі түсімде шарап ұстап жүргенімді көрдім дейді. Екіншісі

менде басыма нан қойып жүргенімді, сосын оны құстың жегенін көрдім деп баяндап береді. Бұның не екенін бізге айт. Сен өзің жақсы адамға ұқсайсың деп жорып беруін сұрайды. Жүсіп: «Сізге рызығыңыз келер болса, мен оны келмес бұрын хабар берейін. Бұл Раббымның маған үйреткендері. Дұрысы мен Аллаға иман етпеген, ақыретті білмейтін топтың дінін тәрк еттім. Аталарым Ибрахимнің, Ысқақтың, Жақыптың дінін қабылдадым. Аллаға серік қосу біздің ісіміз емес. Бұл бізге Алланың берген сыйы, бірақ көп адам бұған шүкір етпейді. Ей, зындандағы достарым, бір-бірінен бөлек көп құдайларың ба әлде Қаһһар болған жалғыз Раббыларың ба? Шешім тек Алланыкі. Ол өзінен басқасына құлшылық жасауды бұйырмады. Ең дұрыс дін осы, бірақ адамның көбі білмейді. Ей, зындандағы достарым, сендердің бірің қожайынына шарап береді, бірің болса асылады және басынан құс жейді» [5, 12-36 б.]. Хазірет Жүсіп түс жоруын сұраған кезде оларға әуелі таблиғ жасап, сұрақтарына жауабын соңынан берді. Егер бірінші сұраққа жауап беріп, содан кейін барып таблиғ жасаған болса, ол адамдарға айтылған сөздердің барлығы жетпей қалар еді. Осы секілді Мұса да Перғауынға күш беретін үміт сыйлайтын жолды қолданды. Хазірет Жүсіптің әңгімесінде көрінген сияқты адамға ой салатын жол қолданылуы керек. Мүмін әңгімені басқара білуші болу керек, өйткені қарсы тараптағы адамның қалағанын емес өзі керек деп тапқан өтімді болар деген әңгімені айта білуі керек. Бүкіл бұл әдістердің дәлдікпен жасалуы адамның көңілін жаулау әрекетінің алдында жүруі тиіс. Мұхаммед пайғамбар Хайбар соғысынан бұрын Алиге бір адамның хидаятқа келуі бүкіл қызыл түйелерге ие болудан да және күннің көзі түскен барлық заттан қайырлы екенін айтқан [2, 377 s.]. Хакам ибн Кайсан тұтқын ретінде әкелінді. Мұхаммед пайғамбар оған дінді түсіндіреді, бірақ ол кісі қабылдамайды, оны көрген хазірет Омар: «Бұған әуре болудың қажеті жоқ, уаллаһи, бұл мұсылман болмайды. Рұқсат етіңіз, бұның жанын жаһаннамға жіберейін» дейді. Бірақ пайғамбар оған құлақ аспай, оны исламға шақырудан бас тартпайды. Кейін ол мұсылман болғанда сахабаларына қарап: «Біраз бұрын сендердің айтқандарыңды жасағанымда, бұл кісінің жаны жаһаннамда болар еді», – дейді. Хазірет Омардың айтуынша, осыдан соң Хакем ең ықыласты мұсылман болып, Алла жолында соғыстарға қатысқан [2, 377 s.]. Ұмытпау керек: адам баласының бүгінгі мұқтаждығы ол жақсы сөз бен насихат. Және де ең бағалы сыйлық бүгінде ол адамдарға жақсылықты түсіндіріп, жамандықтан тыю. Таблиғ адамы Жүсіп сияқты ең қиын уақыттың өзінде адамдардың һидаятына мұқияттылықпен қарай білуі керек. Адамдардың наным-сенімдері мен ұстаным-көзқарастарын өзгертуде таблиғтың нәтижелі болуы – көбіне-көп олардың наным-сенімдік және ойлау жүйелерінің, олардың санасына байланған дереккөздердің, адами ерекшеліктерін, ақылы мен ойлау қабілеттерін, әлеуметтік, психологиялық және экономикалық жағдайларын таблиғшының жақсы білуімен өлшенеді. Себебі бағыты айқындалған қандай да бір кісіні танымастан, өзінің ұстанымын тықпалау арқылы нәтижеге жету мүмкін емес. «Тыңдаушыны тану – ауруды емдемес бұрын, диагностикадан өткізілуінің мысалы іспеттес. Тура жолға шақыру барысында мақсатты тұлға тыңдаушысының барлық артықшылығы мен кем тұстарын дөп басып, артық

білетінің ылғи да алда ұстауға тиіс. Тыңдаушы өмір сүретін әлеуметтік және мәдени орта, адам табиғатын ашатын географиялық және тарихи шарттар, сонымен бірге, тыңдаушының тура жолға шақырылғаннан кейінгі ішкі өзгерістерін сезіп отыру да шақырушыға ерен міндеттер жүктейді» [58, 93 с.]. Құранда таблиғта тыңдаушыны терең тануға айрықша назар аударылғаны және танудың қажеттілігіне ишарат етілгені көрінеді. «(Мұхаммед) расында қарсы болғандарды, үгіттесең де үгіттемесең де бәрі бірдей. Олар иман келтірмейді, Алла олардың жүректерін, құлақтарын бітеген, әрі көздерінде перде бар. Сондай-ақ олар үшін зор қинау бар» [5, 2-6-7 б.], «(Мұхаммед): «Әй, Кітап иелері! Біздің арамыз бен сендердің араларыңа бірдей бір сөзге келіңдер; жалғыз Аллаға құлшылық қылайық, Оған еш нәрсені ортақ қоспайық. Сондай-ақ Алладан өзге бір-бірімізді тәңір тұтпайық» деп айт. Егер олар жүз бұрса: «Қуә болыңдар, шәксіз біз мұсылман болдық» деңдер. Әй, Кітап иелері! Ыбырайым жайында неге таласасыңдар? Негізінен Інжіл де, Тәурат та одан кейін түсірілген. Ойламайсыңдар ма?» «(Мұхаммед) сондай Кітаптан үлес берілгендерге қарамадың ба? Олар пұтқа, шайтанға сенеді де, кәпірлерді: «Бұлар мүміндерден гөрі тағы тура жолда» дейді». Осы секілді Маида (5/77, 5/82-83), Анкәбут (29/46), Тәубә (9/14), Нас (22/71), Бақара (2/2-3), Әли-Имран (3/199), Нәжм (53/24) сүрелерінде таблиғшының тыңдаушыны тануының пайдаларын көрсететін аяттар көптеп келтіріледі. Осылайша пайғамбарға тыңдаушыларына қарсы қандай әрекетке бару керектігі, таблиғта қандай әдіс қолдану қажеттігі турасындағы сілтемелер осында айқындалған.

Қорыта айтқанда, бұл бөлімнен, Құранның ислам дағуатының мәнін, анықтамасын, қызмет аясын, қолдану тәртібін, мақсаты мен ұстанымын, маңызы мен тұғырын анықтап негіздейтін құжат екендігін көруге болады.

1.2 Сүннеттегі дағуат үлгісі. Дағуаттың діни талаптары мен практикалық мәні

Жалпы ислам дінінің мәнінде ар жатыр. Мұхаммед пайғамбар да адамзат үшін ар мен кемелдік, ахлақи үлгі, көркем мінез тұлғасын сомдаған, соңғы елші, ұстаз. Бұл туралы, әл-Фараби бабамыз, өзінің «әл Мадина ал фадыла» трактатында, «ал-раис ал әууал» ретінде анықтайды. Шындығына келсек, пайғамбарлардың асыл мұраты – адамзат жүрегіндегі шиеленіскен мәселелерді ашық (нақты) әрі қанағаттанарлық деңгейде шешіп, ішкі ар-ожданның оянуына әсер ету. Құран кемел бір насихатпен, Алланың пайғамбарлардан ерекше бір уәде алғандығын айтады: «Біз пайғамбарлардан берік уәде алғанбыз. Сенен, Нұхтан, Ибрахим мен Мәриямұлы Исадан да берік уәде алдық» [5, 33-7 б.]. Себебі Құран Кәрім Нұх, Салих және Шуғайып сияқты алғашқы пайғамбарлардың насихаттары арқылы да адамзатпен қауышқан болатын. Осылайша барша пайғамбарлар Алланың өзіне берген артықшылықтарын пайдаланып, тапсырылған міндеттерді халықтың санасына жеткізу жолында қызмет етті.

Мұхаммед пайғамбардың жеке басының дінге қалай шақырғанын келсек, мына жағдайларды айтуға болады. Бірінші кезекте ол дінге шақыруды өзінің

жақын туыстарынан бастаған. Алғашқы мұсылмандар болып табылатын жұбайы Хадиша мен үнемі жанында өскен көкесінің ұлы хазірет Алиге насихат айтқан. Хазірет Әбу Бәкір секілді жақын досы әрі жолдастарымен өз қауымынан болған туыстарына, кейіннен айналадағы қауым мен қала орталықтарына ашылған. Егер оны атау керек болса, орталықтан бастап жайылу деуге болады.

Алла елшісі (с.а.с.) әрдайым сүйіншілеуші әрі жеңілдетуші болған. Бір хадисте былай делінген: «Жеңілдетіндер, қиындатпаңдар. Сүйіншілеңдер, жек көрінішті етпендер!» [14, 11 б.]. Ислам иман мен үміт діні. Алла елшісі әрдайым адамдарға үміт пен қуанышты хабар жеткізген. Жақсы іс істегендерге жұмақ, тозақтан құтқарылу, ізгі істердің Алланың рақымына бөлейтіндігін жеткізген. Мұсылмандарға өмірінің ең қиын сәтінде де үміт беруден тартынбаған [31, 303 б.].

Жақсы істер көрсе, мақтап, ынталандырып отырған. Жақсы істерде мақтау әрбірі адам үшін маңызды. Өйткені ол сол жақсы іс әрекеттің орнықты болуына жол ашады. Хазірет пайғамбар тәрбиеші ретінде осы әдіске жиі жүгінген. Хазірет пайғамбар (с.а.с.) оң іс әрекеттер жасағандарды жақсы сөзбен болса да, марапаттап тұру керектігін ескерткен. «Кім сендерге жақсылық жасаса, марапаттаңдар. Марапат ретінде беретін ештеңе таппасаңдар, оларға ізгі дұға етіндер» [31, 72 б.].

Сұрақ қою арқылы қызығушылық тудырған. Хазірет пайғамбардың өмірін қарастырғанымызда, мәселе туындағанда, оған жағдайға қарай әр түрлі әдіс қарастырғанын байқаймыз. Мәселен, сұрақ жауап әдісін тақырыпты түсіндіруде қолданып, тиімді пайдаланған. Сұрақ жауапты пайғамбар дінді түсіндіруде қолданған, дегенмен ол кейіннен мұсылмандар тарапынан жалғасып, мешіттер мен медреселерде ұзақ жылдар қолданылған. Бүгін де білімнің барлық саласында және дінге баулуда осы тәсіл қолданылуда. Хазірет пайғамбар тақырыпқа көңіл аударту, қызығушылық тудыру үшін сұрақтар қойған. Хазірет Әбу Хұрайра (р.а.) әңгімелеуде: «Расулалла (с.а.с.) былай деп бұйырды: «Ғайбаттың не екенін білесің бе?». «Алла мен елшісі ең дұрысын біледі» дедім. Сонда «Біреудің бауырын оған ұнамсыз жамандықпен еске алуы» деп түсіндірді. Сол жердегі бір кісі «Егер менің айтқаным ол кісінің бойында расында бар болса қалай?» деп сұрағанда, «Егер айтқаның ол кісінің бойында бар болса, ғайбат айтқаның. Ал егер оның бойында жоқ болса, жала жапқан боласың» деп түсіндірді [31, 191-192 б.]. Байқалғандай, хазірет пайғамбар сұрақ қойып, әуелі қызығушылық оятып, содан кейін барып көкейіндегісін жеткізген. Осындай әдіспен түсіндіргенде, айтқаны тыңдаушы көкейіне нық орныққан. Өйткені айтылған жайт дөп тигенде ғана ол сол адамдағы өзгерістерге түрткі болған.

Дін жеткізу ісін кең уақытқа созып, сатылай атқарған. Ғаламда көп нәрсе сатылай түсіндіріледі. Барлық нәрсе уақытпен кемелденеді. Тұқым уақыт өте келе ағашқа айналып, жеміс береді. Сыртқы әлемдегі осындай дамулар адамның ішкі әлеміне де әсер беріп, кемелденуіне жол ашады. Сана мен рух тәрбиесінде де уақытқа деген тәуелділік бары белгілі. Айталық, исламның алғашқы жылдарында намаз таңертең және кешке деп екі мезгілде ғана парыз етілді [5, 11-114 б.]. Жаратушы ие мұсылмандарды осыған әдеттендіргеннен кейін әрі

оларды рухани тұрғыда дайындағаннан кейін барып бес уақыт намаз оқуды парыз еткен [5, 2-238 б.]. Араққа тыйым салынарда да сатылай әдіс қолданылған. Арақ туралы түскен аяттарда әуелі арақтың пайдасынан гөрі зияны басым екені, мас күйде намаз оқуға болмайтындығы ескертілген. Сөйтіп намаз уақыттарында арақ ішуге тыйым салынып, кейіннен барып араққа тұтастай тыйым салынған. Адамдардың әдет еткен дағдысынан бірден сап тыйылуы оңай емес. Сол себепті исламдағы бұйрықтар кезең кезеңімен жүзеге асып отырған [5, 16-67 б.].

Мысал бере отырып түсіндірген. Алла елшісі (с.а.с.) тәблиғ міндетін орындағанда оңайлатуды негізге алып, айтқандарын маңайындағы адамдардың дұрыс әрі жеңіл түсінуі үшін түрлі әдістерге жүгінген. Сондай әдістерінің бірі мысалдармен айту. Мысал беру ең ықпалды әдістердің бірі. Мысалдармен айтылған оқиғалардың еске сақталуы ұзақ мерзімді. Хазірет пайғамбар қолданған мысал беру әдісін намаздың маңызын түсіндіруінен көреміз. «Сендерден біреудің есігінің алдында өзен ақса, сол өзенге күн сайын бес рет жуынса, үстінде кір қала ма? Не дейсіңдер?». Тыңдаушылар «Онда бойында кір қалмайды» десті. Сонда расулалла «Міне, бес уақыт намаз да осы секілді. Алла солар арқылы бүкіл қателіктерді өшіреді» деп түсіндірді [14, 6 б.].

Хикаямен баяндау. Бір тақырыпты құрғақ сөздермен түсіндіргеннен гөрі қысқа хикаямен айту сол тақырыпты анағұрлым тез ұғуға жол ашады. Бұл хазірет пайғамбардың білім үйрету әдісінде маңызды орынға ие. Тақырыпқа қатысты Әбу Хұрайра (р.а.) мына хадисті жеткізуде: «Бір ит қатты шөл қысып, бір құдықты жағалап маңайында жүрді. Исрайылұлдарынан жаман жолда жүрген бір әйел дереу орамалына кебісін байлап, сонымен су тартып, әлгі итке береді. Осы себепті күнәлары кешірілген» [7, 155 б.]. Хадистен де байқалғандай, мәлімет хикая арқылы берілгенде ойда жақсы сақталады.

Халыққа сабырлы болуды үйреткенде өзі де сабырлы қалпынан танбаған. Алла елшісі дінді халыққа жеткізгенде жекелеген адамдардан көрген түрлі құқайларына барынша сабыр еткен. Сол сабыр уақыт өте келе жемісін беріп, алғашқыда қарсыласқандардың көпшілігі кейіннен бір-бірлеп ислам дінін қабылдаған. Құранда сексеннен астам аяттарда сабыр туралы айтылып, мүминдерді сабырға шақырған. «Әй, иман еткендер! Сабырлы қалыпта, намазды себепкер етіп Алладан көмек тілеңдер. Күмәнсіз, Алла сабыр етушілермен бірге» [5, 2-153 б.].

Адамдарға жылы жүз, жұмсақ тілмен, толеранттылық танытқан. «Сол уақытта Алладан рақым ретінде оларға жұмсақ қарадың. Егер дөрекі, қатал жүректі болғаныңда, олар маңайыңнан тарқап кетер еді. Ендеше, оларды кешір, жарылқау тілеп дұға ет. (Көпшілікке қатысты) істерде олармен ақылдас. Шешім қабылдаған болсаң, Аллаға сүйеніп сенім арт. Өйткені Алла өзіне тәуекел еткендерді жақсы көреді» [5, 3-159 б.]. Аяттан байқалғандай, жұмсақтық мейірімнен туындайды.

Ел түсінетіндей деңгейде сөйлеген. Алла адамдарды әртүрлі жаратқандықтан, олардың ұғымталдық деңгейі әртүрлі. Осы себепті Алла елшісі (с.а.с.) «Адамдарға түсінетіндей деңгейде сөйлеңдер» деген [14, 49 б.]. Өзінің де бұған мұқият қарағанын хазірет Алидың мына сөзінен байқаймыз

«Пайғамбарымыз тез сөйлемейтін. Естіген адамдардың әрбірі түсінетіндей етіп талдап сөйлейтін» [32, 36-42 б.].

Алла елшісі (с.а.с.) тыңдаушысын әуелі жеткілікті танып, олармен сөйлескенде жағдайға қарай сөйлейтін. Айталық, өзіне бір сұрақ қойылса да әркімге әртүрлі жауаптар берген. Бұл тұста сұрақ қоюшының жеке жағдайларын есепке алған.

Хазірет пайғамбардың маңыз берген ең айтарлық әдістерінің бірі тыңдаушыға қарай әрекет ету. Өзі адамдардың түсінік деңгейіне, қоғамдағы орнына әрі тыңдаушысының жеке бас жағдайларымен есептесіп, сахабаларынан да осыны талап еткен. «Адамдармен деңгейлеріне қарай қатынас жасандар» [39, 120 s.],

Адамның өзін емес іс әрекетін сынға алатын. Алла елшісі ешқашан адамға ауыр тиетін сөздер айтпайтын. Өзіне жамандық жасалғанда, жауластық пиғыл танытпай, жалпылай алып, түзететін. Өзіне бір шағым түссе, қателікті жасаған адамның бетіне баспайтын. «Адамдарға не болған? Неліктен мынандай әрекеттерге баруда?» деп жалпылама ескертіп, сол іс-әрекеттің нашар екенін сездіріп, адамды жамандамай, адамға ауыр тиетін сөз айтпайтын.

Өтірік уәде бермеген. Пайғамбарлыққа дейін де «Мухаммадул әмин» (сенімді Мұхаммед) деп аталған. Пайғамбарлық келгеннен кейін де уәде беріп, сөзінен тайқыған кезі болмаған. Пайғамбарлықтан кейін адамдардың тәрбиесінде осы тұсқа ерекше мән берген.

Адамдардың құқын құрметтеген. Хазірет пайғамбар (с.а.с.) адамдар арасындағы әділеттілікке көңіл аударып, ешкімнің құқын таптауға рұқсат етпеген.

Үйреткендерін жаздырған. Жазу арқылы үйрену ең жақсы үйренуге жатады. Абдуллаһ ибн Амр әл-Ас былай деуде: Расулалладан естіген барлық нәрсені жаттау үшін жазатынмын. Құрайыш маған жазуға тыйым салды. Расулалла да әркез әр түрлі көңіл күйді бастан кешеді, сен болсаң айтқандарының барлығын жаза бересің деп жазғырды. Осы себепті мен де жазуды доғардым. Кейіннен жағдайды Расулаллаға білдірдім. Сонда аузын көрсетіп былай деді: «Жаз, шыбын жанымды күдіретті уысында ұстаған Аллаға ант етейін, бұл жерден ақиқаттан өзге нәрсе шықпайды» [31, 3646 б.].

Сызба сызып, теңеу айтып, іс қимылымен көрсеткен. Бұл тәсіл мәліметтің есте жақсы сақталуына көмектеседі. Хазірет пайғамбар хазірет Жабирмен бірге отырғанда, жерге сызды да «Міне, бұл ұлы Алланың жолы» деді. Артынан осы сызықтың оңына екі сызық, сол жағына екі сызық сызып, «Бұлар шайтанның жолдары» деді. Артынша қолын ортадағы сызықтың үстіне қойып Әнғам сүресінің 153-аятын оқыды: «Түп тура жолыма түсіңдер. Сендерді Алла жолынан бөлектейтін жолдарға түспендер. Алла сендерге бұлардан сақтаныңдар деп кеңес беруде».

Көрсетіп түсіндіру. бір жолы сапарда қалай дәрет алу керектігін сұраған бәдәуиге үш реттен дене мүшелерін жуып көрсету арқылы қалай дұрыс дәрет алу керектігін үйреткен. «Міне, дәрет осылай алынады. Кім бұдан артық істесе, қателікке жол бергені, шектен шыққаны» деп нықтаған [31, 105 б.].

Насихаттағандарын әуелі өзі істей алуы. Дін насихатшысы үшін өзі насихаттаған құндылықтарды өзінің істегені өте маңызды. Сонда ғана ол тыңдаушыға тиянақты әсер етіп, оның өмірін жақсылыққа өзгертпек. Хазірет пайғамбар әрдайым айтқанын өзі істеп, үлгі көрсеткен. Алла елшісінің сөзі мен ісінің әрдайым бір жерден шығуы сахабаларын ың оған шынайы берілуіне ықпал еткен.

Мұхаммед пайғамбар дәуірінде Мәдинада иудейлерге тән «Бәйт әл Мидрас» деп аталатын білім ошағы бар еді. Пайғамбар олардың осы білім ошағында білім алуына кедергі жасамаған. Нәжрандық христиандармен жасалған келісім шартта Мұхаммед пайғамбар ел тұрғындарына бас амандығы мен малының амандығына кепілдік беріп қоймай, дін басыларын тағайындау ісін де христиан жамағаттың өз еркінде қалдырған [46, 235 с.].

Айтылған келісімде мына жағдайлар айтылған: «Олар келісім шарттарына бағынса, ешбір шіркеуі қиратылмайды, дін адамдары қуғын көрмейді, ешкімге дінінен қайту үшін қысым жасалмайды» [33, 184 б.].

Ансардан бір сахаба екі баласын исламды қабылдауға күштегенде, Мұхаммед пайғамбар оның бұл ісіне тыйым салған. Мұсылман емес кәрі бір кемпір хазірет Омардан көмек сұрап келеді. Ол кісі исламды қабылдамағанда, хазірет Омар оның сұрап келген көмегі үшін исламды қабылдауға қинадым деп ойлап қалып былай деп дұға етті: «Уа, Аллам, ол кісіні ешқашан мәжбүрлеген емеспін» [45, 50 с.]. Өйткені ислам діні өзге дін өкілдеріне толеранттылықпен қарайтын, өзге дін өкілдерінің құқықтарына құрметпен қарауға әрі әділетті болуға шақыратын дін.

Мұсылмандар өмірінде Құранмен бірге сүннеттің де алар орны жоғары. Сүннет құранның ең маңызды тәпсірі. Пайғамбар сөздері, өмір сүру салты, қысқаша айтқанда, қай жағынан да мұсылман үмбетіне ерекше бағыт беретін жолбасшы. Осы себепті мұсылмандар Құран аяттарын расулының түсіндіруімен ұғынуға барынша маңыз берген. Әр мәселеде Расулалланың сөзі мен іс-әрекеттерін бірге қарастырып отырған. Осы себепті дінді жеткізуге шақырған пайғамбар хадистеріне кезек берсек.

Әбу Саид әл-Хұдри (р.а.) былай деуде: «Расулалланың (с.а.с.) былай дегенін естідім. «Араларыңда кім жамандық жасалғанын көрсе, оны қолымен тыйсын. Оған күші жетпесе, тілімен тыйсын. Бұған да күші жетпесе, жүрегімен оны жақамасын. Бұл иманның ең әлсізі» [31, 17 б.].

Әбу Хұрайра (р.а.) Расулалладан естігенін жеткізген: «Кімге ілім туралы сұралса, ол бұны айтпай жасырса, (қиямет күні) оттан аузына ауыздық салынады» [32, 3 б.].

Сахл ибн Саид (р.а.) әңгімелеуде: «Расулалла (с.а.с.) былай деп бұйырған: «Уаллахи, сенің себепкерлігіңмен бір кісінің тура жолға түсуі сен үшін қымбат түйелер табынынан да артық» [33, 10 б.].

Әбу Харұн әл Абди әңгімелеуде: «Біз Әбу Саид әл-Хұдриге бардық. Ол кісі бізге «Расулалланың бізге өсиетіне қош келдіңдер!» деді де мынаны қосты: Расулалла (с.а.с.) былай деді: «Адамдар дінде бізге ереді. Сендерге әлемнің

түкпір түкпірінен адамдар келіп, ислам дінін үйренетін болады. Олар келгенде үнемі жақсылыққа шақырындар» [32, 7 б.].

Ибн Масғуд (р.а.) әңгімелеуде: Расулалла (с.а.с.) былай бұйырды: «Менен бір нәрсе естіп, оны (ештеңе алып қоспастан) өзгелерге жеткізген адамның (қиямет күні) Алла жүзін ақ етсін. Неге десеңіз, естігенін айтушыдан анағұрлым жақсы ұғынатындар көп» [32, 7 б.].

Әбу Зәһр жеткізуде: «Расулалла (с.а.с.) бізге үш нәрседе басым тұруымызды бұйырды: жақсылықты бұйыруда, жамандықтан тыюда және адамдарға сүннетті үйретуде» [34, 136 б.].

Абдуллаһ ибн Амр ибн Ас әңгімелеуде: Расулалла (с.а.с.) былай деді: «Бір аят болса да менен басқаларға жеткізіндер. Бәни Исраил (риуаяттарынан) да жеткізіндер, онда тұрған дәнеңе жоқ. Алайда кімде кім біле тұра менің сөзіме өтірік қосса, тозақтағы орнын дайындасын» [14, 506 б.].

Пайғамбар (с.а.с.) былай деп бұйырды: «Жаратушы иенің менен бұрын үмбеттер арасына жіберген әр пайғамбарының сахабалары мен хауарилері бар. Бұлар ол пайғамбардың сүннетіне ереді, бұйрықтарына бағынады. Алайда оларда кейін небір ұрпақтар келеді. Олар істемегенін айтады, айтылғанды істемейді. Кім олармен қолымен күрессе мүмин. Кім тілімен күрессе, мүмин. Кім жүрегімен күрессе, мүмин. Бұның арғысында зәредей иман болмағаны» [7, 80 б.].

«Дұға тілеп, дұғаларың қабыл болмайтын уақыт келмей тұрып жақсылыққа шақырып, жамандықтан тыйындар» [35, 20 б.]. «Үмбетімнен қияметке дейін дінді жеткізу ісімен айналысатын бір жамағат болады» [7, 1524 б.].

Расулалла (с.ғ.с) Алла Тағаладан өзіне келген әмірлерді барша адам баласына жеткізуге, түсіндіріп, айшықтауға бұйырылды. Дінге шақыру жұмыстарын үш жыл жасырын жүргізді. Үш жылдан кейін арнайы иләһи белгі берілгеннен соң, Алла Тағаланың әмірлерін ашық жариялап, қауымын исламға шақыруға ашық кірісті.

Алла елшісі адамдар жайлы өзіне берілген пайғамбарлық міндетті сөз арқылы жүзеге асырды. Дағуатшының дағуат кезінде уәдесін орындауы, жақсы сөздердің жүрекке әсер ететінін ескермеуі әбестік. Ендеше, адамдарға ақиқат пен шындықты жеткізудегі негізгі жол сөз болып табылады. Сөзбен жасалатын дағуатқа уағыз, хұтба, сұқбат секілді, бұған қоса, дәріс ретінде, талас-тартыс, пікірталас жатады. Хазірет пайғамбар дағуатты сөзбен жүргізу барысында сөздің ықпалын арттыруда өлең, қисса, аңыз секілді түрлерге, ташбих, тасуир және салыстыру секілді әдеби жанрларға да көңіл бөлген.

Дегенмен сөзбен жасалатын дағуатта мына тұстарға мән берген дұрыс. Мәселен, айтушы сөзінің тыңдаушыларға түсінікті әрі ұғынықты болуы, ә дегенде ұғымға салмақ түсіретіндей ұғынықсыз болмауы керек. Өйткені сөйлеуден мақсат тыңдаушыға ойды жеткізе білуде. Осы себепті сөз барынша анық болуы тиіс. Дағуатшының Құран, сүннет және мұсылман ғалымдардың тіліндегі діни терминдерді жақсы білуі әрі соларды орнымен қолдануға жіті көңіл бөлгені мақұл. Дағуатшы айтар сөзін іштей салмақтап, ойланып барып айтуы тиіс, асығыстыққа салынбай, әрбір сөзін нық айтуы тиіс, тыңдаушының көкейіне құйып беруді мақсат етуі тиіс. Дағуаттың іс-қимылмен жасалуы. Іс-

қимылдан мақсат іс жүзінде нашар қылықты болдырмау. Осы тұрғыдан жихад та іс-қимыл дағуатына жатады. Ислам дінінің жихадқа үлкен мән беруі жихадтың исламды жаюға себеп болуында. Ендеше, жихадтың мақсаты болып табылатын тәблиғ те маңызды. Бұған қоса, Алланың дінін нықтау мақсатында немесе бұған жәрдем беру мәніндегі мешіт салдыру, ислами ілімдер үйретілетін мектеп салдыру секілді т.б. әрекеттер де іс-қимыл дағуатына жатады. Бұл іс-әрекеттер исламға үнсіз шақыру тәрізді және Аллаға дағуаттың жайылуының өте қалыпты тәсілдеріне жатады. Үлгі көрсету.

Хазірет Мұхаммед пайғамбар (с.а.с.) дағуат ісін үлгілі сөздері мен іс-әрекеттері арқылы жүргізген. Сахабаларының да бұған мән беруін қадағалаған. Адамдарға Алланы танытуда дағуат жасаушы адамның үлгілі өмірі, іс-әрекеттерінің көркемдігі, жақсы мінез-құлқы, жеке бас тазалығы айтарлықтай маңызға ие. Бұл жағдай дағуатшыны өзгелер үшін үлгілі тұлға болуға жетелейді. Әлемге исламның жайылуында осы фактор айтарлықтай рөл ойнаған.

Мұхаммед пайғамбар (с.а.с.) жазбаша түрдегі дағуат құралдарына да жүгінген. Оның маңайындағы елдерге дағуат хаттарын жібергені тарихтан мәлім. Расулалланың өте мұқияттылық танытуымен, Құран кәрім мен хадистердің кейіннен келген әйгілі тұлғалардың қолға алынуымен қағазға түсіріліп сақталуы да дағуатта жазудың маңыздылығын анық көрсетуде. Ислам дінінде дінге шақырушыға бірқатар талаптар белгіленген. Адамдарды жақсылыққа шақыру, ізгілікті бұйыру (әмірі бил-мағруф) және жамандықтан тыюға ат салысу (нахи анил-мункар) білім мен ықыласты қажет ететін ізгі амал екендігі хақ. Ислам ғалымдары құран мен сүннетте жақсы деп есептелген және ақыл иелерінің назарында ұнамды саналған (мүстәхсан) барлық істің мағруф (жақсылық) екеніне бірауыздан келіскен. Ал мункәр (жамандық) – шарифат та, ақыл да құптамайтын барлық жамандыққа берілген ортақ атау. Алла Тағала Құранда жамандықтан тыйылып, жақсылыққа бет бұруға, бір-біріне көмектескен мұсылмандарға кешірім бар екенін сүйіншілеген. «Еркек-әйел барлық мұсылмандар бір-біріне көмекші. Жамандықтан тыйылып, жақсылықты насихаттағандар, бес уақыт намаздарын орнымен өтейді, зекеттерін береді. Аллаға және пайғамбарына мойынұсынады. Әлбетте, бұларға Алла рақымымен кешірім етеді» [5, 9-71 б.].

Исламда дағуат жасайтын адамдарда төмендегі бес қасиет болуы керектігі шарт қылған. 1) Ілім: Адамдарды жақсылыққа шақырып, ізгілікті өсиеттеп, жамандықтан тыюға тырысу үшін ең алдымен білім керек. Өйткені білімсіздердің әмірі бил мағруф міндетін орындауына болмайды. 2) Сабырлы, парасатты болу. Сабырсыз, жүрегі қатты кісілердің әмірі бил мағруф жасаулары кектесуге себеп болуы мүмкін. 3) Әмірі бил мағруфты тек Алла разылығы үшін және иғла-и кәллиматуллаһ (Алланың ақиқатын асқақтату) ниетімен жасау. Мұндай кемелдікке жетпеген кісі алдымен өзін тәрбиелегені жөн. 4) Мүкәлләфтің жақсылыққа шақырып, жамандықтан тыюға тырысқан адамына мейірімді әрі жылы сөзді болуы керек. 5) Айтқан жақсылықты алдымен өзі орындағаны жөн. Осы айтылған бес қасиет Ибн Абидиннің кітабында кең көлемде түсіндірілген.

Құран Кәрімде «әмрі бил мағруф нәһи анил-мункәр» жайындағы аяттардың саны аз болғанымен мағынасы терең әрі кең. Тіпті бұл мағына кішкентай баладан бастап, қоғамдағы әрбір адамды, жеке тұлғадан бастап мемлекетті де ішіне камтиды. Адамдарды жақсылыққа шақыру, ізгілікті өсиеттеу және жамандықты тастауға үгіттеу жеке тұлғалық әрі қоғамдық міндет. Алла Тағала бұл ізгі амал үшін күш жұмсаған жамағаттың (үмбеттің) болуын бұйырған және бұл жамағатты сүйіншілеген. Өзі де «Һисбә» ұйымын құрып, жақсылыққа шақырып, жамандықтан тыю қызметін жүйелеген. Жалпы Аллаға сенген адамдардың түйіскен жерлерінің бірі – «жақсылыққа шақырып, жамандықтан тыю».

Енді дінге шақырушының жеке бас қасиеттеріне келсек, әуелгісі шынайы тұрақты сенім. Сенім – адамның өмір сүруі қағидаттарын жалғастырып, әрекетке тартатын фактор. Сенім болмаса, адамзаттың психологиялық болмысын ойлаудың өзі мүмкін емес. Адамның жеке басына қатысты мәселеде кісінің психологиялық сабақтастықты сақтап, құрылымды болуына маңызды рөл беріледі. Құран келген ортада (топқа) таухид қағидасын түсіндіру және тек Аллаға ғана құлшылық ету керектігі бірінші орынға шығарылды. Иманның көркем мінез-құлыққа жол ашуы керектігі басты назарға алынды. Осылайша сенім мінез-құлық тұрақтылығы мен иман тұтастығына қол жеткізіп, зұлымдықтардан, жамандықтардан аулақ жүруге жол ашты. Берік иманға лайықты мінез-құлық қалыптаспай тұрып, иманның өзі де тұрақ таба алмайды. Сондықтан Құранның келу уақытында Меккедегі мүшіріктер мен пұтқа табынушыларды теріс жолдан қайтарып, бір Аллаға ғана сенуге шақырды. Меккеде түскен алғашқы сүрелерде де бұл айқын көрініс береді. Таблиғ жасаушы кемел иман иесі болмаса, оның тура жолға шақыру әрекеттері нәтиже бермеген болар еді.

Тағы бірі Алладан пана тілеуі. Пайғамбарлар діні тек бір Аллаға ғана табындырып, ғибадат-құлшылықтарды тек бір Алла үшін жасау мақсатындағы таблиғқа кезікті. Бұл әр уақытта (ғасырда), әр түрлі мекенде өмірге келіп, ғұмыр кешірген барлық пайғамбарлардың қызметіне ортақ мүдде еді. Олар жақсы күндерде де, жаман күндерде де тек Бір Алла Тағалаға сыйынып, өздеріне жәрдем тіледі. Аллаға сыйытуда дұғаның ықпалы зор. Себебі дұға менмендіктен арылтып, діни сенім мен нанымды күшейтеді. Өмірдің әр сәтінде Алланың өзімен бірге екенін сезіну төзімділік, батылдық пен сенімділік береді. Үмітсіздік пен рухани күйзелістен арылтып, адам Дұға мұсылманның қаруы болғандығы сияқты, таблиғшының да алғашқы және соңғы панасы – дұға. Ол алдымен дұғаға жанын ұйытар, сосын айтатынын айтар. Бұлай жасауы – ешқашан да оның ақыл мен парасаттан айнығанын білдірмейді. Керісінше, әрқайсысының да бағасын білгендігінен сыр тартар. «Тура жолға шақыру барысында да, өмірде де шүбәсіз хидаят пен жетістік берген, жәрдем мен мағрифат иесі тек бір Алла ғана. Ол дұғалардың барлығын да қабыл етеді және нәтижесін береді» [2, 396 s.]. Мұхаммед пайғамбар еткен еңбектің нәтижесі мәлім: ол өз жамағатына үлгілі қағидаларға негізделген шариғатты алып келді; материалдық тұрғыда, өзінің соңынан ергендерден бір топ жасап, оларға бір мемлекет құрды.

Біліктілікке келсек, тура жолға шақырушы исламға шақыру үшін әр істен тамыр алған мағлұматтарды, исламның бұйрықтары мен ұстанымдарын, Құран мен сүннетті жіті білуі керек. Одан кейін тыңдаушының әлеуметтік, физикалық және мәдени ерекшеліктеріне сай, қажетті жағдайға ыңғайлап өз мақсаттарын ұсынғаны ләзім. Оның бұл қызметінде білімнің рөлі зор, сондықтан білім негізгі құрал болып саналады. «Таблиғшы ақыл-санасына жиған ілім-білімі, қарым-қатынасы мен мінез-құлқындағы шынайылығына қарай, тыңдаушы тараптан да сый-құрмет көреді. Білім - таблиғтың мазмұндық құралы ретінде қаншалықты құнды болса, таблиғта ыңғайлы көмек құралы ретінде де соншалықты қымбат» [2, 167 с.]. Бүгінгі күннің таблиғшысына исламның ішкі мазмұнына, түпкі ережелеріне терең бойлаған ілім иелерін жатқызуға болады. Сондай-ақ таблиғшы кемел діни біліммен қатар, халықтың мәдениетін, өткені мен кеткенін, бүгіні мен болашағын бағамдап отыруы шарт. Сонда ғана зерттеп, жазғандарының құны артпақ. Ерекше сөз зергері болуы тұрғысынан таблиғ пен уағыз жұмыстарының тілі – тыңдаушының тілімен ұқсас болуы талап етіледі. Олай болмаған жағдайда, арадағы қарым-қатынастың қиындығынан (өзара түсінісу факторларының бұзылуынан) көптеген мәселелер туындауы мүмкін. Анығында барлық пайғамбарлар өз қоғамының тілінде сөйледі. Солай екен деп, әсер ету факторларын толықтай қолданбауға болмайды. Бұл ретте сөздің ұнамдылығы, сұлулығы, ойдың анық әрі әсерлі болуы да маңызды. Сөзді әдемі сөйлей білу де – өнер. Бұл орайда, яғни, мұндай қасиетке ие болу үшін білім, еп, тәжірибе, шынайылық, қайрат пен жағымды дауыс керек. «Жылы, жылы сөйлесен, жылан іннен шығады» деген мақал бекер айтылмаса керек.

Тыңдаушыға әсер ететін ең маңызды әдіс – жылы сөзбен баурау. Жылы сөз – тіпті қиын адамның өзін тезге салады, тым болмаса жан-жағына зиян жасамауға шақырады. «Тыңдаушының деңгейінде сөйлей білу дегеніңіз – бұл иләһи қағида. Мұхаммед пайғамбар (с.а.с.) Алланың ахлақынан үлгі алуға шақырған. Құран бастан аяқ адам санасына лайық түскен. Айрықша маңызды көріну үшін, тыңдаушыға философиялық мәні терең, ауыр әңгімелер айту – қателік. Себебі адамды аталған мақсатқа шақыруда мән берілетін дүние – ол жердегі ақпаратты қарсы тараптың қабылдауы. Сондықтан ақпарат мүмкіндігінше айқын, анық және кедір-бұдырсыз ретті болғаны жөн. Сондықтан таблиғшылар ең алдымен, жақсы баяндаушылар қатарынан табылуы керек.

Ділмарлық – нақты, тұшымды, нанымды әрі әсерлі сөйлеу өнері. Алла Құранда өзі сүйген құлдарына осындай қасиет бергендігін байқатады. Мысалы, Дәуіт үшін «оның жерін нығайттық және даналық пен шешендікті қоса бердік» делінеді [5, 38-20 б.]. Дәуіт (а.с.) түсіндіру қабілеті жоғары және тыңдаған кісілеріне айтқан нәрсесін бірден сіңіретін сөз ділгірі еді. Таблиғшы да нәтижелі табысқа жеткісі келсе, осы тұрғыдан ізденіп, арнайы білім алу арқылы өз-өзін дамытпағы абзал.

Гибратты ғұмыр иесі және көркем мінез иесі болуы тұрғысынан исламға шақырушы шариғат бұйрықтары мен шартты қағидаларына үлкен жауапкершілікпен келеді. Шүбәлі дүниелерден барынша қашық жүреді. Парыздар мен нәпіл ғибадаттар арқылы өнеге көрсетеді. Ол әртүрлі жақсы

қасиеттерге ие, әртүрлі ұнамсыз мінез-құлықтардан ада, сабырлы, табанды жан. Аллаға мойынсұнған, одан үміт еткен жан. Шапағат және мейірімге ие. Мінезінің жайлылығымен баурайды. Ісімен, сөзімен Алланың құзырына шақырады және жан-жағына ықпалы ерекше болады. Қайсыбір жағдайда да әділдік пен ақыл-ойын жоғары ұстайды. Қай жағдайға да бір шындықты қорған етеді.

Мұхаммед пайғамбардың, Құранның және тарихи деректерде аты аталған пайғамбарлар өміріне зер салсақ, көптеген пайғамбарларға ортақ дүние – көркем мінез. Пайғамбарлар жеке ерекшеліктерімен қатар, ортақ ерекшеліктерге де ие. Мысалы, Дәуіт пен Сүлейменнің ортақ ұқсастығы нығметтерге шүкір етуінде. Аюб қиындықтарға айрықша сабырлық танытты. Юсуф шүкірлік пен сабырды қатар ұстанды. Мұса ғайыптың тілін білсе, Закария, Яхия, Иса мен Ілияс кемел ғибадат иелері. Исмайыл туралығы мен мойынсұнушылығы ерекше болуымен танылған. Байқалғанындайдай, әр пайғамбар белгілі бір немесе бірнеше қасиеттерімен ерекше. Бірақ Алла Тағала барлық игі қасиетті Мұхаммед пайғамбардың бойына жинады. Себебі оған «Сен де олардың жолына ұйы (түс)» деп бұйырды [5, 6-90 б.]. Осы тұрғыдан келгенде Мұхаммед пайғамбар (с.а.с.) өзіне дейінгі барлық пайғамбарлардың ізгіліктері мен игі қасиеттеріне толығымен кемелденген тұлға.

Таблиғшы туралыққа жол нұсқаушы сияқты. Оның өмірі мен тіршілік қарекеттерін көрген әр кісі оның таршылықпен сүрген өмірін, туралықтың өзін көргендей әсерде қалады. Мұндағы ғибрат туралықты көріп, оны табу. Нәтижесінде сүйіспеншілікпен келген иман адамды басқа теріс жолдарға тартып кетпейтіндей міндеттерге байлап, тиісінше бұл міндеттер тұрақтылық пен жағымды әрекеттерге ұласады. Себебі таблиғшының ғибратты өмірі мен көркем ақыл-ойының жемісі арқылы өзін қабылдатуы – тыңдарманды оған еліктеуге, сенуге және ұқсауға шақырады. Осылайша оның қасиеттеріне, көңіл-күйіне, сыртқы формасындағы ерекшеліктеріне, мінез-құлқына еліктеген адам оларды өз бойына сіңіре бастайды, сәйкесінше пікір-көзқарасы да таблиғшыға икемделуі мүмкін.

Ислам мағына мен мазмұнға қаншалықты мән берсе, сыртқы форма мен келбетке де соншалықты мән береді. Алекси Каррель бұл туралы былай дейді: «Кескін (форма) – адамның физиологиялық және сана-сезімдік ерік-жігері мен күш-қуатының айнасы. Бет-әлпет, ауыз, жақ, қос қабақ және тұлғаның, тағы басқа да беттегі сызықтардың, бұлшық еттердің формасы біздің ой-санамызға негізделген. Демек адамның денесі – адам жан-дүниесінің бейнесі» [52, 68-70 с.]. Адамзат өмірінде кей жетістіктерге жетуде ықпалы бар және Құранда да аталып кететін және бір фактор бар. Ол – киім және оның тазалығы. «Киімді таза ұста» [5, 74-4 б.] аяты осыған меңзейді. Таза болумен қатар, киім-кешектің жинақы әрі тартымды болуы - сізді тыңдаушыға ықпалды ете түседі. Оның да ықпал етуде рөлі зор.

Алайда ұдайы есте ұстайтын дүние бар. Мұсылмандар бойларына біткен артық қасиетті тек қана Алланың шектеп берген шеңберінде ғана шебер қолдануы керек. Бұл мәселеде абай болмаса, айтылған артықшылықтары таблиғшының өзін мұқтаж халге жеткізуі мүмкін. Бірақ құрал мақсатқа

айналмауы керек. Жасалған жұмыстың нәтиже беруі таблиғ иесінің табандылығы мен өз-өзіне деген сеніміне де байланысты. «Таблиғ иесінің табандылығы – мақсат тұтқан мәселесінде өз-өзіне деген сенімін нығайтуына, ұстанымдарынан айнымауына, тыңдаушының жағдайына байыппен қарап, жаңаша түсініктер қалыптастыруына және таблиғтан әсер алуына жол ашады» [17, 100-101 с.].

Егер Мұхаммед пайғамбар (с.а.с.) өз жамағатына осы сезімді сіңіре білмегенде, яғни, оларды ақиқатты түсінетіндей халге жеткізбесе, онда үмметтерінің алдында бұл ауыр міндетті тиісінше атқара алмас еді. Сол себепті де табысты істердің басында сүйіспеншілік, махаббат, көңіл деген ұғымдар қатар жүреді. Адамдар сүйіспеншілікпен істеген ісінен ләззат алады және нәтижеге шығады. Таблиғшы да осы сияқты қандай да бір пайдалы дүниеге қол жеткізгісі келсе, Алланың разылығын, пайғамбардың шапағатын, адамдарғы қайырлы дұғалар мен жаннаттың сұлулығын паш ете отырып, іске кіріссе, сонда ғана дұрыс болады. Таблиғтың мақсатын нәтижелі еңсеруге де себеп болмақ. Адам табиғатында өзін көрсетуге құмарту, өзін жақсы көрушілік бар. Кеудемсоқтық, мақтаншақ адам айналасына пайда бермейді. Ал сөйлегенде жан-жағын баурай сөйлейтін, өзінің артықшылықтарын алға шығармай, қарапайым әңгімеге бой ұратын жандардың дәрежесі әрине биік. «Теңіздің беті тыныш болғанымен, түбінде белгілі бір заңдылықпен өзіндік процестер жүріп отырады. Өзендер құяды, арнасы кеңиді. Сол сияқты таблиғ ілімінің өкілдері де өз мүмкіндіктері мен қасиеттерін іштей дамытар болса, жан тыныштығы мен бақыты өзі-ақ келеді» [2, 380 с.].

Мұхаммед пайғамбарды таблиғқа тарта отырып, бұл ретте адамдарды тура жолға қалай тарту керектігіне де тоқталып: «Адамдарды Раббыңның жолына даналық және көркем үгіт арқылы шақыр. Әрі олармен көркем түрде күрес. Күдіксіз, Раббың тура жол тапқандарды да жақсы біледі» [5, 16-125 б.] дейді. Хикметпен, тартымды насихатпен тура жолға бағыттау шақырушыдан ерекше шыдамдылық пен тақуалықты талап етеді. Ол өзінің кемел амалдары арқылы жүктелген міндетті дұрыс атқарады. Сондықтан да тура жолға бастаушылар қарсы тараптың қайсыбір кері әрекеттеріне де ыңғай білдірмегендері абзал. Себебі Алла таблиғшыға қамқор. Сондықтан да өзіне жүктелген аманатты жан-тәнімен орындауы тиіс. Тура жолға бастау мүмкіндігіне ие болған мұсылманның ақылгөйсуіне, мақтануына тыйым салынады. Алла Тағала былай бұйырады: «Жер жүзінде дандайсып жүрме. Өйткені, сен жерді әсте жара алмайсың да бой жағынан да тауларға жете алмайсың» [5, 17-37 б.]. Салқынқанды адам - азғырулар мен тілектерді жеңе алатын, ашу-ызаға қарамай тыныштық сақтауға және өзін ұстауға бейім келеді. Айта кету керек, «Хилм» сөзі (салқынқандылық) Құранда Алланың сипаттарының бірі ретінде аталады. Таблиғшыны сенімді еткен факторлар қатарында оның тыңдаушы назарындағы беделі мен ерекше бітімін жоққа шығару қиын. Осы тұрғыдан келгенде Мұхаммед пайғамбарға әркім-ақ сенетін. Берген сөзінде тұратын. Айнымайтын. Туралықтан тайқығанын, әзілмен болса да жалған сөйлегенін ешқашан көрсеткен емес. Сондықтан, пайғамбар болмай тұрып-ақ «Мұхаммед әл-Әмин» деген ат берілген.

Шындығында өзінің пайғамбарлық ғұмырында иман етпегендер оны «Жалғаншы, жалған айтып тұр» деп айыптай алмаған. Қысқасы, хазірет Мұхаммед өмірінің бойы ісі мен сөзі, іші мен сырты, айтқаны мен жасағаны бірдей болған. Бұны көргендердің қай-қайсысы да қайран қалысатын. Себебі таблиғшы ретінде жіберілген Мұхаммед пайғамбардың және басқа да пайғамбарлардың бұл ізгі қасиеттері барлық таблиғ иелері мен мұсылмандар арқылы жалғасуы тиіс. Бұл ретте Хасани Басри: «Сен ғалымдардың ілімін, философтардың хикметті сөздерін жинай отырып, мінез-құлқын түзей алмағандардың қатарынан болма» дейді [28, 49 s.]. Имам Ғазалидің: «Жанды әрекет тілмен айтқаннан гөрі әсерлірек. Адам табиғаты сөзден гөрі, іспен өнеге көрсеткендерден ғибрат алуға бейім. (Естігеннен көрген артық дегендей)» [17, 88 s.]. Демек, айтқанымызды жасай отырып, жасағанымызды айтамыз. Әр нәрседен бұрын Алла Тағаланың бұйрықтарын ескеріп отыру керек.

Құран өміріміздің темірқазығы. Барлық іс-әрекет пен сөз сол кітаптан негіз алып отыруы керек. Таблиғшының мақсаты Алланың разылығына жету. Сондықтан да пайғамбардың ғибратты ғұмыры үлгі болып біздің заманымызға жетті. «Бұның қайтарымына Сізден ешқандай ақы тілемеймін. Менің ақымды Әлемнің Раббысы Алла Тағала өзі береді» [5, 26-109 б.]. Алла қалаған болса әлемдегі барша адамзатты тура жолға салар еді» [5, 13-31 б.]. Яғни хидаятты берген Алла! «Сөзсіз, сен өзің ұнатқан адамды тура жолға ілестіре алмауың мүмкін. Ал Алла Тағала қаласа міндетті түрде тура жолға түсіреді. Ол кімдердің осыған лайық екенін жақсы біледі» [5, 28-56 б.]. «Мұхаммед - Алланың елшісі. Онымен бірге болғандар, кәпірлерге қатаңырақ, өзара тым мейірімді. Оларды рүкүғда, сәждеде көресің. Олар Алладан мейірім әрі ризалық тілейді. Олардың жүздерінде сәждеделердің ізінің дерегі бар. Олардың Тәуратта да сипаттары, Інжілде де сипаттары бар; бұл бас жарып, сосын қуаттанып, жуандап, өз сабағында тік тұрған егін сияқты. Бұл (мысал) егіншілерді таңырқатып, онымен кәпірлерді ызаландыру үшін. Алла олардан иман келтіріп, ізгі іс істегендерге жарылқау, зор сыйлық уәде етті» (9, 48/29) Еш пенде қалаған және сүйген адамын хидаятқа әкеле алмайды. Құранда бір ғана пайғамбардың айрықша таблиғ иесі болғаны айтылады. Осы тұрғыдан әрекет ете отырып, таблиғта күн, жыл санап, бірден нәтижеге шығамын деп күту қателік. Ең бастысы таблиғшы бір Жаратушының разылығы үшін ниеті мен шынайы сезімдерін осы жолға сарп етсе болғаны.

Тағылым атқарылуы аса қиын шаруа болғандықтан, шыдамдылық пен табандылық көрсетуді талап етеді. Бұл жол кедергілерге толы. Адамзат – өсуі, дамуы, келуі, кетуі, білім алып толысып, дамуы бар жаратылыс. Басқа жаратылыс иелеріне қарасаңыз, олардың көпшілігі өмірге келгеннен кейін бірнеше күнде нақты тәуелділіктен арылып өз беттерімен күн көре бастайды. Ал адамзаттың өз қолы аузына жеткенге дейінгі аралық бірнеше жылды қамтуы мүмкін. Адамның физикалық құрылымының қалыптасқаны сияқты, рухани болмысының да қалыптасуына кейде тым ұзақ уақыт жұмсалады. Сондықтан да мұршид барынша сабырлы, шыдамды, барлық күш-жігерімен осы іске байланып, Алладан көмек сұрауы керек. «Құран таблиғында тыңдаушы тарапты ес

білгендер, есейгендер құрайды. Олардың түсіну, наным-сенімдік қабілеттерімен қатар, белгілі бір көзқарастары да қалыптасқан болуы шарт. Көбіне-көп, адамдар өмірінің алғашқы қадамдарын жасау кезінде ортаның (әлеуметтену) ықпалымен адамдар жоғары қарым-қатынас арқылы көзқарастары мен наным-сенімдерін толық қалыптастырып қояды. Бұндай жағдайда қалыптасып қалған осы қасиеттерді түбегейлі өзгерту қиынға соғады. Шындығына келсек, пайғамбарлар мен таблиғшылардың алдынан кездесер кедергілер қатарында біз жоғарыда тілге тиек еткен мәселенің салмағы ауыр» [17, 96 с.]. Хазірет Адамнан бері қарайғы таблиғ тарихына қарасаңыз, осы жолға келген барлық пайғамбарлар алдарынан көлденең тартылған қиындықтар мен кедергілерден сабыры мен табандылығы арқылы өткен. «Расында сенен бұрынғы пайғамбарлар да жасынға шығарылған еді. Сонда олар жалғаншы саналғандықтарына және көрген жапаларына жәрдемiмiз келгенге дейiн сабыр еткен болатын» [5, 6-34 б.]. «(Мұхаммед) пайғамбарлардан майталмандар сабыр еткендей сабыр ет» [5, 46-35 б.] деген аяттардан пайғамбарлардың сынағы оңай болмағаны аңғарылады. таблиғ тақырыбында Құранда сабырды алға тартатын 100-ден аса аят бар және 70-тен аса аятта сабыр сөзі кездеседі. Шындығында сабырға тек қиындыққа кез болғанда ғана жүгiнiлмейдi. Оны өмiрдiң әр тарапында, әртүрлi жағдайда дұрыс пайдалана бiлу керек. Айталық, «Отбасыңа намазды әмiр ет; Өзiң де оған сабырмен шақыр...» [5, 20-132 б.], «Сен олардың айтқандарына сабыр ет» [5, 20-130 б.]. «Ей, пайғамбар! Мұсылмандарды соғысқа тарт. Егер сенде сабырлы 20 кiсi шықса, қарсы тараптың (кәпiрлердiң) 200 адамына төтеп бередi» [5, 8-65 б.] деген аяттардан сабырдың қаншалықты парықты қасиет екенi аңғарылады. Яғни, өмiрiнде кездескен қиындықтарға шаршап, шалдыққаннан гөрi сабыр мен табандылыққа бой берсе, алынбас қамал жоқ. Әсiресе шақырушы тыңдаушы тараптың сұрақтарына ыждағатпен, салиқалы жауап беруi керек. Кемшiлiктер мен қателiктердi де көтере бiлуi керек. Хазiрет Ибраһимның ең көрнекi қасиеттерiнiң бiрi – сабыр едi. Шыдамдылық, ауырлық, қиындық-сынақтар, ымырасыздық пен қайырымсыздықтардың жиi орын алуы – адамдардың Аллаға толығымен берiлуiн талап ететiн сынақтар. Қапас, отқа тасталуы, елiнен аласталуы, отбасының шөлге айдалуы, ұлын құрбан ету және басқа да сынақтар. Ол осының бәрiне шыдамдылық танытты. Оның сабыры Аллаға деген шынайы ниетi мен айнымас иманының көрiнiсi едi. Ибраһим, Исмаил, Айюб, Юнус, Якуб (а.с.) және басқа да пайғамбарлардың бойынан табылған бұл сабырлылық мысалдарын әр таблиғшы өз өмiрiне қолданар болса, нәтижелi табысқа қол жеткiзер едi. Сабыр етiп, ақылды серiк етiп әрекет еткен таблиғшының тыңдаушының жанын баурауы сөзсiз.

Шақыруда тыңдаушыны тану, әскердегi барлаушының қызметi секiлдi маңызды. Расында да Алла: «Раббыңның жолына хикметпен және көркем үгiтпен шақыр; Және олармен ең көркем, ең нанымды жолдармен талқыла. Риясыз, өз жолынан кiмнiң табыларын ең жақсы бiлетiн сенiң Раббың ғана!» аятында Аллаға шақыру тұрғысынан адамдарды үш топқа бөлiнетiнiн Мұхаммед пайғамбарға жеткiзедi: 1. Ақыл-ой иелерi және ғылымның ақиқатын үйренген зерттеушi ғалымдар. Шақырудағы хикмет халықтың осы тобы үшін. 2.

Халықтың көпшілігін құрайтын орта тап. Көркем үгіт осы кісілер үшін. 3. Қарулы, қатал, дұшпан ниеттілер. Соғыс тактикаларының ең тиімді жолымен шақырылғандар осылар. Айта кету керек, Алла Мұсаның Перғауынды жұмсақ сөзбен тура жолға шақыруын бұйырған. Мұхаммед пайғамбар тыңдаушыларын тануға үлкен мән береді. Қызмет жолында кешірім, келісім, жұмсақтық, шапағат пен мейірімді ту етіп, кек, өкпе мен ренішке жол бермеуге тырысты. Құран Кәрімде де Мұхаммед пайғамбардың Алланың мейірімі арқылы адамдармен жұмсақ қарым-қатынаста болатындығы айтылады. Себебі Расулалла (с.а.с.) пайғамбарымыздың тыңдаушыны тани отырып, таблиғ жасауы, нағыз шындық еді. Абдуллах ибн Мәсуд риуаят еткен: «Расулалла (с.а.с.) бізді жалықтырып алмау үшін алаңдаушылық білдіретін» деген хадисі оның дәрежесін айқындайды. Оның әр адамға дәрежесіне қарай әрекет жасауының астарында тыңдаушысын жақсы тани білетіндігі көрінеді. Бұл мысалдан әрекетті білім және тәрбиешілер игі мінезді және асау мінезді адамдармен қарапайым және дәрежелі, жандарға жасалатын қадам мен ұсынылар әдістің бірдей болмайтындығы түсінікті еді. Расулаллаға және бүкіл мұсылмандарға жөн көрсеткен Құран Кәрім тыңдаушыны тануға осындай дәрежеде мән береді. «Амалдың ең зоры қандай?» деген сұрағына Мұхаммед пайғамбардың берген жауаптары мынадай болатын: «Аз да болса ұстамды болғандар»; «Алла үшін сүйіп, Алла үшін құрметтеу»; «Оразаңды жалғастыр, себебі ораза ғибадаттың ішіндегі ең кереметі», «Ас бер, танысаң да, танымасаң да сәлем бер».

«Тыңдаушыны тану – табысты бір таблиғшы болудың да бір көрсеткіші. Тыңдаушыны бар қырынан тану – оқиғаны шынайы әрі болжамды түрде бағалау және алдын-ала байқау тұрғысынан таблиғшының бойынан табылуға тиісті ерекшелік». Бұл ретте тыңдаушының деңгейін, дәрежесін, кәсібін, өмір сүру ортасы мен басқа да деректерді назарға алуы керек. Дінді жаңа таныған адамдар ең алдымен Аллаға және Ақырет күніне иман етуі керек. Себебі діннің қажеттіліктерін атқаруы үшін бұлардың мағынасы мен мәніне бойлап, бұл ғибадаттарды өте ыждағатпен, толық орындауы шарт. Бұл тұрғыда әрекет етпеген жағдайда ол өзінің не істеп, не қойғанын білмей, не жасап жүргенінің парқына жетпей, мәніне бойламағандықтан ғибадаттан бас тартуы да мүмкін. Сондықтан да адамның ғибадаттарын кемел орындауына, діннің мәнін толық түсінуіне иманға ұюы тікелей әсер етеді. Бұл орайда дін тарату мақсатындағы азамат оның осы тарапқа қарай икемделуіне ықпал етуі керек. Сонда ғана Аллаға жүрегімен иман етіп, ақырет күніне сенген адам Құранда көрсетілген иманның шарттарын да мүлтіксіз орындайды. Сондықтан таблиғшы өзі ісіне кіріспес бұрын тыңдаушысының наным-сенімдік деңгейі мен сол сеніміне қаншалықты адал екендігіне көз еткізіп, соған қарай әрекет етуге тиіс. Кісінің топ немесе көпшілік ішіндегі беделі – оның басқалар тарпынан қаншалықты әсерлене алатынын немесе маңайындағыларға қаншалықты ықпал ете алатындығын көрсететін факторлардың бірі.

Хабар жеткізушілердің рухани және біліми деңгейіндегі айырмашылықтарға келсек, психология мен социологияда қолданылған ғылыми әдістер – мүмкіндіктер, үлгілер мен қарым-қабілет тұрғысынан адамдар

арасында тиімді бір айырмашылықтар бар екендігін білдіреді және бір қалыпты (стандарт) бағдарламалардың адамзат үшін тартымсыз болғандығын нақтылайды. Талант, жаратылыс, ақыл, интеллект, білім және мінез-құлық аспектілері, жеке айырмашылықтар сияқты адамның психологиялық ерекшеліктерін Құран таблиғ пен тағылымдық тәрбие кезінде басшылыққа алады. «Алла Тағала адам баласына көтере алмайтын қиындық бермейді. Әркімнің басына түскен қиындық өз ниетіне, көрген жақсылығы да өз пейілінен. Раббым, ұмытып, не жаңылыссақ бізді жауапқа ала көрме! Раббымыз, бізден бұрынғыларға жүктегенің сияқты ауыр азапты жүктеме! Раббымыз, бізге күшіміз жетпейтін қиындық бере көрме!» [5, 2-286 б.]. Адам Алланың өзіне жүктеген жауапкершілігінен шықпауы тиіс. Өзіне жүктелген жауапкершіліктің тек өзі көтере алатындай Алладан берілгендігіне толықтай сенгені дұрыс. Айрықша таблиғ пен тәлім-тәрбиеде назарға алынар бір нәрсе – ол адамдардың хәл-қадеріне қатысты айтылған аяттарды ескеру ғана: «Ей, иман келтіргендер! Пайғамбарлармен жасырын әңгімелесер болсаңыз, сол сұхбаттан бұрын қайыр жасап, садақа бер! Бұл сіз үшін аса қайырлы, әрі тазалық үшін қажет болар. Егер ештеңе таба алмасаңыз, Алла мейірімді, Алла есіркеуші. Жасырын бір сөз айтудан бұрын садақа беруден бас тарттыңыз ба? Бұны жасағандығыңызға қарай, Алланың кешірімінен үміт етіп, намазға тұр, зекет бер, Алла мен оның елшісіне бағын! Алла сенің әр ісіңнен хабардар. Бір жағынан «Сен Алланың жолына хикмет және көркем үгітпен шақыр. Және олармен ең көркем қарым-қатынаста бол!» деген аяттан да адамдар арасындағы осы айырмашылықтарды ескере отырып, таблиғ әдістерінде назарға алынуы тиіс қағидаларға басымдық беру мәселесі тұр. Екінші жағынан, бұл аят - тыңдаушыға қарсы ұсталатын көзқарастарды анықтайды. Ибн Рушд осы аятқа қатысты, адамдарды табиғатынан бір-бірінен ерекшелейтін үш қасиетті бөліп көрсетеді. Адамдар ақыл-ой деңгейі мен түсінігі, білімі мен моральдық жетілу деңгейіне қарай бір-бірінен айрықшалануы мүмкін. «Хикмет» дәлелдердің ең жоғарғы сатысында тұрғандықтан, даналық арқылы дінге шақырылғандар өздеріне берілген жоғары қасиеттеріне қарай үгіт-насихатты да бойларына тез сіңіріп, одан сабақ алады. Тура жолға шақыру және таблиғ жасауда қарым-қатынастың көркемдігіне және таблиғшының осы жолдан тартынбайтын күрескер болуына аса мән беріледі. Ибн Жәрир былай дейді: «Хикметпен (ақылмен, даналықпен) шақырудағы артықшылық – «Алланың Мұхаммед пайғамбарға түсірген Құраны және Алла елшісінен қалған сүннет» [6, 4592 с.]. Хазірет Әли «Білетіндеріңді әңгімелеңіз, түсіне білгеніңізді айтыңыз. Олардың (түсінбейтіндерін, өзіңіз түсінбеген мәселелердің себебінен) Алла мен оның Расулының жалғаншы болып көрінуін қалар ме едіңіз?» дейді [14, 49 б.]. Әйгілі Мұхаммед Хамди Йазыр «Халықтың таным-түсінігіне жетпеген және кіру мүмкіндігі де жоқ мәселелердің бұйырылмағаны дұрыс» деп нақтылайды [59, 2358 с.]. «Әркімге дәрежесіне қарай әрекет ету қажеттігін» скерткен Мұхаммед пайғамбар да: «Адамдар түсіне білетін тақырыптарда сөз қозғау қажеттігін» [60, 195 с.] жеткізген. Таблиғтың шындыққа ұласуы - түсіндірілген нәрсеге тыңдаушы бей-жай қарамай, жүрегіне сіңірген жағдайда орын алады. Құран түскен жерінің тілінде, араб тілінде

ұсынылды. Бұл жағдай барлық пайғамбарларға және қауымдарына белгілі жайт. Яғни бұл бүкіл адамзат тарихында болған пайғамбарлардың дәлелдерінде бар нығмет болатын. Алланың бұйрықтарының ашық түсіндірілуі және түсіндірмелердің қоғамға сіңуі үшін осылар міндетті. Таблиғшы да бұл нәрсені барынша дұрыс қолдануы керек. «Біз әр елшіні өз қауымының тілімен жібердік, оларға түсіндірсін» [5, 14-4 б.]. Тыңдаушының ақылы мен білім дәрежесі де кісіден кісіге көшеді және таблиғ пен тәлім-тәрбиеде назарға алынуы тиіс ең керекті ерекшеліктің бірі. Ақыл мен білім дәрежесі, адамның мәселені қабылдауы және шешімді жолдармен бағалануы тұрғысынан айқындауыш құралына жатады. Ақылы мен білім дәрежесі жоғары кісілер таблиғтан әсері ерекше болар, ал осы қасиеттері бәсеңдеу жандардың әсер алуы қиынырақ болады. Себебі білімі мен ақыл таяздығынан кей кісілер мән-жайды толық түсінбеуі мүмкін. Бұған қоса, аталған себеппен ақылы мен білімі төмендеу болған тыңдаушылардың қисынды, ретті, мағыналы таблиғтан көбірек әсер алады. «Сондықтан да таблиғта адамның білімі мен ақыл-парасатына ерекше мән беріледі» [17, 108 с.]. Таблиғта тыңдаушы жағдайының қаншалықты назарға алынғанын білу үшін Расулалланың (с.а.с.) тағылым жолында қаншалықты басымдыққа ие болғандығын білу үшін, Құранның жеті әрпі негізінде жазылған хадисіне назар аударған ләзім: Убай ибну Кағбтан келген риуаятта «Құранның жеті әріп негізіндегі хадисінде: дінде тыңдаушы мәселесінің қаншалықты терең бір мәселе болғандығын, Алла елшісінің (с.а.с.) ол мәселені барынша назарына алғандығын айғақтайды. Мұхаммед пайғамбар (с.а.с.) бір зияратында Жәбірейіл әлехиссаламға «Мен бір үмбетке жіберілдім, олардың арасында жасы келген әйелдер, ықтияр еркектер, жас қыздар, қызуқанды жасөспірім ұлдар, кітап бетін көрмеген жандар да бар. (Не істейін дегендей сұраулы жүз танытады). Сонда Жәбірейіл: «Құран жеті әріп негізінде құрылған» дей келе, онда барлық адамның түсінуіне мүмкіндік берілген деп Расулалланың көңілін жайландырды [61, 15 с.].

Арабтардың өз араларында да айырмашылықтар болды. Күнделікті сөз қолданысында, диалект сөздердің көптігі сонша олар тіпті бір-бірімен қиын түсінісетін. Алланың елшісі (с.а.с.) өз тыңдаушыларына қай кез болмасын олар түсінетіндей тіл қатуға тырысты. Әли оның уағыз-насихаттарын тыңдай отырып, түсіне алмаған кездері: «Ей, Алланың расулы, сен де, мен де бір бабаның ұрпағымыз. Бірақ сізбен бірге осы жолға шыққан біздердің көп нәрсені түсіне алмайтынымыз неліктен?» Айта кету керек осыған ұқсас сауалдарды Әбу Бәкір мен Омарлар да қойған. Бұл сұрақтарға Алланың расулы былай жауап береді: «Мені Алла ғибрат етті. Ғибратымды кемел етті. Бала кезімде (арабшаны ең терең білетін) Бәни Сағдта болдым» деп жауап береді. Әсіресе Хабашстанда туған тұлға Умму Халидқа шапан жауып, «Сәһаһ! Сәһаһ!» деп разылық айтқан деседі. Оның аударғандағы мағынасы «өте керемет» деген сөзге келеді. Пайғамбар өмірі, сүннеті мен хадистері иләһи тәрбиенің көріністерін көптеген дәлелдер алуға болады. Мұны «Үмбет иләһи жол көрсетуде сүннеттен тамыр алған тармақшаларға мән бермегі ләзім» деген сөз деп ұғынған дұрыс.

Жалпы алғанда, дағуатшы дінге қатысты мәселелерді өте жақсы білуі тиіс. Дін насихатшысы басқаларға уағыздамай тұрып, әуелі өзі дінді әрі дінге қатысты

мәселелерді жақсы білуі керек. Ең әуелі Алланың сөз қасиеті Құранды жақсы білуі тиіс. Құранның сөзімен қоса, мәні мен мағынасын да жақсы да жақсы ұғуға тырысуы, бұл тұрғыда мағынасы мен тәпсірлері туралы еңбектерді қарауы керек. Бұдан бөлек, сүйікті Мұхаммед пайғамбарымыздың (с.а.у) өмірі, хадис-шәріптері, әрі жалпылама Ислам тарихынан хабардар болуы керек.

Өз ғасырындағы ғылымдардан хабарсыз болмауы керек. Қазіргі заманда әлемге, қоршаған ортадағы құбылыстарды бағалауға деген көзқарас қатты өзгерген. Қазіргі уақытта адамдар кез келген айтылған жайтты ақыл-ой, қисынның құптауына көп көңіл бөлінеді. Сөз тізгіні пән ғылымдарында. Сондықтан дін насихатшылары танымдық деңгейде болса да қазіргі заманғы ғылым мен техниканы қадағалап отыруы керек. Әйтпесе, олардың насихаты жалпыға тән бола алмайды, жекелеген адамдардан аспайды. Сол үшін мұсылман өзі өмір сүріп отырған ғасырдың ғылымы мен мәдениет деңгейіне сай, солармен қатар жүретіндей мәселелерді айтуы керек.

Тыңдаушының көңілін аулап, жүрегіне жол таба білу. Тыңдаушының көңілін аулай білуі маңызды. Бұл адамдық жағынан жақындау дегенді білдіреді. Сыйлық берісу, соның бір түйткілді мәселесін шешуге көмектесу секілді, негізінде діннің өзегінде бар мәселелерді өмірде жүзеге асыруы керек. Тыңдаушының жүрегін жаулау үшін барлық заңды жолдарды сынап көру артық етпейді. Насихат тыңдайтын кісі үшін әуелі арадағы жеке адамдық достықты қабылдау маңызды. Бұл соған жеткізетін ойларды қабылдауда маңызды фактор әрі бұны елемей қоюға болмайды.

Мәселелерді түсіндірерде тыңдаушының деңгейімен санасу. Тыңдаушының деңгейімен санаса отырып, мәселелерді түсіндіру иләхи аһлаққа жатады. Пайғамбарымыз хадистерінде Алланың мінезінен мінез жұқтыруға шақырған. Құранның да адам ақылының деңгейімен санасқанын көруге болады. Қазіргі тыңдаушылар діни термин мен ұғымдарды көп түсіне бермеуі мүмкін. Сондықтан олар түсінетіндей тілде сөйлеу маңызды.

Таластан бойын аулақ ұстау. Екеуара сөйлескенде мәселенің таласқа айналып кетпеуіне аса мән беру керек. Мәселеге психологиялық жағынан қарасақ та, таза ақиқатты мойындауда талас-тартыстың құптарлық еместігі білінеді. Өйткені, таласта қарсыласты қалай тұқыртуды көздеп, соған іштей дайындалсаңыз, қарсылас та соншалықты дайындықпен келетінін ескеру керек.

Тыңдаушының сеніміне ие болу. Дін насихатында тыңдаушыға сенімділік ұялата білудің мәні айтарлықтай. Нәтижеде тыңдаушының сізді жанына жақын көргені сондай, басқалармен салыстырғанда сіз ол үшін артық болуыңыз керек. Тіпті тыңдаушы үшін дінді ұстанудағы тап болуы мүмкін қиындықтар бұрынғы жеңіл-желпі жүрістерінен артық болып табылуы керек. Бұл тыңлаушының сізді жақсы тануына, сізге барынша сенім артуына тікелей қатысты.

Қисынды әрі реалист болу. Дін насихатшысы реалист болып, қисынсыз дүниелерді сөз етпеуі тиіс. Нені айтса да қисынға салып түсіндіріп, сол негізгі тыңдаушылардың көзін жеткізгені мақұл. Өйткені неғұрлым қисынды етіп түсіндірсе, қоғам да оны соғұрлым жатырқамай, жеңіл қабылдайды.

Білмейтін мәселеде білмейді екенмін дей алу. Бұл мәселеде де Пайғамбарымыз (с.а.с.) бізге үлгі көрсетуде. Бір жолы иудейлер келіп рух туралы сұрайды. Теріс пиғылмен келген дұшпандарға Пайғамбарымыз әлі уахи келмегендіктен ештеңе деп жауап қайтпады. Тағы бір жолы Жәбірейіл періште келіп, қияметтің қашан болатындығын сұрағанда, «Бұл мәселеде сұрақты естуші сұрақ қоюшыдан артық ештеңе білмейді» деген. Барлық сұраққа жауап беру мәжбүрлігі жоқтығын түсіндіру үшін бұдан артық қандай мысал керек. Сондықтан діни насихатшысы білмеймін деп айта алуы керек. Бірақ сұрақты жауапсыз да қалдырмауға көңіл бөлген жөн. Сұрақтың жауабын тауып, кейіннен болса да тыңдаушыны қанағаттандыру керек.

Насихатталатын жайттарды әуелі өзі істеу. «Өзі істей алғанын айту, айтқанын өзі де істеу» дін насихатшысының өмірлік қағидаларының бірі болуы керек. Өйткені дін насихатшысы шынайы мұмін болу жолындағы жан. Бұдан бөлек дін насихатшысы өмірде іске аспаған сөздердің, насихаттардың, қандай да бір оң әсер бермейтінін білуі керек. Иә, жасанды сөз бен іс-әрекеттерге Алла ешқандай берекет те, әсер де дарытпайды. Ислам әдебін ұстанбаған, сүннеттерге атүсті қарайтын, парыздарды жалқауланып, әрі есінеп отырып орындайтын, исламды насихаттауы, яғни тек тілмен ғана айтуы пайдадан гөрі зиян келтіруі мүмкін. Исламдағы қарапайым өмір сүру дәстүрін ысырапшылдар түсіндірсе, онда тыңдаушылар «осы айтылғандарды әуелі өзінің орында, содан кейін біз саған ереміз» деп қабылдмасы белгілі. Иә, тыңдаушының көңілін баурау, басқаларға әсер етуінің әрі жүректердің төрінен орын алудың бір ғана шарты - Алла елшісінің жасағанындай, айтылған барлық нәрсені әуелі айтушының өзінің істеуі.

Қысқаша қорытындылар болсақ, Ислам дінінде пайғамбар орталықты үлгінің, дінге шақырушыға қойылатын талаптар ретінде эталонға айналғандығын көруге болады: «берік сенім», «біліктілік», «тәуекел», «шешендік», «көркем мінез иесі болу», «пайда ойламау», «келбетті болу», Ықыласты, Қарапайым, кішіпейіл, жылы шырайлы, шыдамды, табанды, Алладан үміт үзбеу, тыңдаушыны тану, Өз ғасырындағы ғылымдардан хабардар болу, Таластан бойын аулақ ұстау, Қисынды әрі шыншыл, сөзі мен ісі тұтас және т.с.с. сияқты моральдық құндылықтар, діни дағуаттың ажырамас компоненті ретінде танылады. Пайғамбарлық институтты, құдайлық ақиқатты, ар мен рухани кемелдікпен ғана тұтастандыру арқылы, мына дүниеге, қайырымдылық пен мейірімнің, хикмет пен ізгіліктің үлгісін паш ету деп қабылдауға болады.

1.3 Пайғамбарлық дағуат өлшемдері мен әдістері

Пайғамбарлық дағуат құбылысы негізінен методтармен анықталады. «Метод» сөзі әдіс, жол, тәсіл, пішін, жүйе секілді мағыналарға келуде. Оқу тәрбие ұғымы ретінде «метод» бір мақсатқа немесе белгілі бір нәтижеге жету, бір процесті, бір істі, бір шараны соңына жеткізу, бір түйткілді мәселені шешу, бір жұмысты атқару, бір істі аяқтау үшін саналы түрде ақылға сай жүгінілетін жол, әдіс, бір нәрсені белгілі бір ретпен, жүйемен айту, тәсіл деген сөз [62, 240 s.].

Дінді жеткізу ісіндегі әдістің маңызына келер болсақ, кез келген дін не доктрина, жүйе қаншалықты терең не ұлы ақиқаттарды қамтыса да, оны тиісінше таныта алмаса, ешқандай ықпал жасай алмайды. Ағылшын ойшылы Бэкон «Жолынан адасқан желаяққа қарағанда дұрыс жолмен кетіп бара жатқан ақсақ межеге бұрынырақ жетеді» деу арқылы мақсатқа жеңіл әрі төте жолмен жетуде маңызды рөл ойнайтын әдістің маңызына ишара жасауда [63, 162 s.]. Әдіс жұмыстарды жүйелеп, реттестірумен қатар оның байыптылығын арттырып, мақсатқа жетуде жеңілдік тудырады. Көзделген мақсат тұрғысынан адам мен қоғамға оң ықпал жасау үшін үйрету мен тәблиғ ісін жоспарлы әрі белгілі бір әдіс тәсілдерге сүйене отырып жүргізген абзал. Тәблиғ ісінде тыңдаушыға сiңiрiлуi тиiс тақырыпқа сай тәблиғ пен оқу әдістері, ұстанымдар мен тәсілдер үйлесім тапса, қажетінше әрі жеткілікті түрде қолданылса, сол кезде оң нәтиже күтуге болады. Қолданылған әдіс тыңдаушының қызығушылығын оята алса, олардың санасын сергек етіп, денесін де ширақ ұстаса, онда ол тәсілдің жақсы болғаны.

Үйрету және тәблиғ ісіне тән негізгі ерекшеліктер ретінде мыналарды атауға болады: үйрену ұстанымдарына сай болуы, үйрету ұстанымдарына сай болуы, ойлану ұстанымдарына сай болуы, тыңдаушыны жалықтырмауы, жеке тұлғаға тән өзгешеліктерді қаперге алып, психологиялық ұстанымдарды кәдеге жаратады, сананың белсенділігін, дененің ширақтығын қамтамасыз етеді, тыңдаушыны барлық жағынан белсенділікке шақырады, әлеуметтік қатынастарды қамтамасыз етеді, тақырыптың ерекшелігіне сай жүреді, тақырыпты үйрету мақсатына сай келеді, тыңдаушының қызығушылығы мен қажеттіліктерін негізге алады, әрі қызығушылығын оятады, қисынға сай келеді [64, 120-121 s.]. Берілген ой тыңдаушы санасына берік орнауы әрі тыңдаушының іс-әрекеттеріне оң ықпал етуі үшін әдіс тыңдаушыны ойлануға әрі белсенді болуға шақыруы тиіс. Жүйелі әдіспен жұмыс жүрмейінше немесе сол іске сай әдіс-тәсілдерге жүгінілмейінше, оқыту не тәблиғ ісін көздеген мақсатына сай нәтижелі жүргізу қиын.

Алла дінді насихаттаушыларға әдіске сүйене отырып жұмыс істеуді бұйыруда әрі оларға бұл істің қалай жүруі керектігін көрсетуде: «(Расулым) Сен (адамдарды) Раббыңның жолына даналық әрі жақсы сөзбен шақыр әрі олармен ең көркем түрде сөз таластыр» [5, 16-125 б.], «Кітап иелерімен пікірталасты ең көркем түрде жүргіз» [5, 29-46 б.] және «Былай де: міне, менің жолым осы. Мен (жұртты) Аллаға (көрсөқырлықпен) емес, парасатпен шақырамын. Мен де, маған ерушілер де осындаймыз» [5, 12-108 б.]. Құранда дінге шақыру үлгісі Мұхаммед пайғамбар тұлғасы арқылы әрі оған дейінгі елшілердің сол жолда көрген қиыншылықтарын қисса етіп баяндау арқылы да назарға ұсынылған. Ол шындық мына аятта анық бейнеленген: «Пайғамбарлардың хабарынан, сол арқылы жүрегінді сынайтын барлық жайтты саған қисса ретінде түсіндірудеміз. Бұл жерде саған шындық мәліметі, мүминдерге насихат әрі ескерту берілген» [5, 11-120 б.]. Осы аят арқылы «өткен пайғамбарлардың үмбеттеріне қатысты хабарлар және араларында орын алған әртүрлі талас-тартыстар, күрес пен жауластықтар, олар тап болған ауыртпалықтар мен жалаларға тұспал жасалған. Осы негізде

сенетін қауымды Алланың қалай жетістікке жеткізгені әрі олармен жауласқан кәпірлерді қалай көмектен жұрдай еткені хабар берілген. Құранда айтылған тарихи қиссалардың барлығы хазірет пайғамбар мен үмбетінің жүрегін қуаттап әрі бұрынғы пайғамбарлардан үлгі алу үшін әңгімеленген» [67, 158 s.].

Құрандағы аяттардан тәлім алған Мұхаммед пайғамбар исламға жұртты шақыру кезінде өмір сүру салты, іс-әрекеттері және сөздерімен өзіне сай келетін әдістер мен құралдарға жүгінген, дінге шақыру үшін сахабаларын жан-жаққа жолдаған уақытта да оларға өзі үлгі болып, кеңестерін берген. «Жеңілдетіндер, ауырлатпандар! Сүйіншілеңдер, жек көрінішті етпендер!», «Адамдармен (сөйлескендер) ақыл-ой деңгейлеріне қараңдар» деп бұйыру арқылы қазіргі адамдар өте қатты қажетсінетін дінді насихаттаудағы әдепті көрсеткен.

Дағуат жасайтын мұсылман бәрінен бұрын Құран кәрімді жақсы зерделеуі тиіс, ондағы дағуат жасаудағы әдіс-тәсілдерді меңгеруі тиіс. Өйткені Құран адам жаратылысына ең сай келетін жол ұстанып, аз уақытта ірі діни әрі ой төңкерісін жүзеге асырған. Пікір қаншалықты керемет болса да, тыңдаушыға ешқандай жоспарсыз, қарабайыр ұсынылғанда, ол пікірдің қабылдануын күту қиын. Қабылдануы үшін ол адам жаратылысына сай болып, адамның рухани күйін назарға ала отырып, ақыл әрі ғылыми өлшемдер шеңберінде түсіндірілуі керек. Міне, сол кезде оң нәтижеге жетуге болады. Осы секілді дағуатшы өз өмір сүру салтымен дінге шақыра білген Мұхаммед пайғамбардың сүннетін, сол тұлғаның тәрбиесінен өткен сахабалардың өмір сүру тәсілін, мұсылман заңгерлердің ижтихадтары мен өткен мұсылмандардың тәжірибелерін назарға алуы тиіс. Бұған қоса, тәблиғ жасалғанда жүгінетін әдіс, орын мен уақытқа сай тыңдаушының физиологиялық әрі психологиялық жағдайына сай түрде ойластырылуы керек. Ислам белгілеген толеранттылық шегінен аспау талабымен тыңдаушының жағдайына сай түрде дағуат әдісінде өзгерістер жасап, жаңалай білуі дағуатшының оң нәтижеге жетуін жеңілдетеді.

Дағуатшы дінді айтпай тұрып әуелі рухани тұрғыдан, тән және ғылыми жақтан өзін дағуатқа дайындауы тиіс. Өйткені дағуат атқарылуы тиіс өте ауыр әрі машақатты міндет [2, 29 s.]. Бұл міндет үлкен жанқиярлыққа баруды талап етеді. Бұған қоса, тыңдаушы исламды дұрыс түсініп, талаптарын дұрыс орындауы тиіс. Өзінде жоқты адам басқаға бере алмасы белгілі. Өзі сенбеген ақиқатқа шақыру да мүмкін емес. Исламның үкімдері мен тәлімін тиісінше меңгермеген жан немесе оған атүсті қарайтын мұсылманның дағуаттан жақсы нәтиже күте алмасы анық [68, 15 s.]. Дағуатшы исламға шақыру әдебіне қатысты үкімдерді жақсы білу тиіс. Эмоцияға беріліп дағуатты жүргізбек болған жан артық қыламын деп тыртық қылуы бек мүмкін. Адамдарды исламға жақындатамын деп жүріп керісінше алыстатып алуы ғажап емес. Бұндай келеңсіздікке себеп болмас үшін дағуат жүргізетін мұсылманның исламдық негізгі еңбектерден сусындап, өзін жетілдіруі тиіс.

Дағуат Алла разылығы әрі мұсылманның міндеті болғандығы үшін атқарылуы керек. Ақы алу не мансап, байлыққа жету үшін жасалмайды. Пайғамбарлар бұл міндетті тек Алла разылығы үшін атқарғандықтан қауымдарына былай деген: «Осы үшін сендерден ешқандай ақы сұрамаймын,

менің марапатымды әлемдердің раббысы Алла береді» [5, 26-109 б.]. Мекке мүшріктері Мұхаммед пайғамбар дағуатты дүние, мүлік, мансап, атақ үшін жасап жүр дегенді алға тартқан. Алла олардың бұл айтқандарының негізсіз екенін Құранда былай деп білдірген: «Уа, Мұхаммед, былай де: бұл үшін сендерден ақы сұрамаймын. Өзі үшін әлденені алға тартатын адамдардан емеспін» [5, 38-87 б.]. «Менің ақым Аллаға тән. Ол барлық нәрсеге куә» [5, 54-47 б.].

Дағуатшы бәрінен бұрын адамдарды тәухидке, Алланың барлығы мен бірлігін мойындауға шақыру арқылы дағуатқа негізден бастауы керек. Құран дағуатқа ең алдымен түп негізден бастай отырып, мәселені түп негізінен шешуге тырысқан. Бастапқыда нашар әдет дағдыларға тыйым салмай, ораза, зекет, жихад секілді т.б. құлшылықтарды да бір дегенде парыз етпеген. Өйткені Құран үн қатқан қоғамның сенімі дұрыс емес еді. Нашар әдеттерді түп негізіне бойламастан, тек жадағай шешуге тырысу бекерге уақыт өлтіруді білдірмек еді. Мықты сенім жүйесін орнықтырмастан, намаз, ораза, зекет секілді парыз құлшылықтарды бұйырудың мәні болмас еді. Осы себепті бүкіл пайғамбарлар дағуатында адамдардың ұжданына тәухид сенімін орнықтыруға және тағуттарға сенуден бас тартуға шақыруды алға шығарған. Құран кәрім бұл шындықты мына аяттарда тілге тиек еткен: «Ант етейік, біз барлық үмбетке Аллаға құлшылық жасасын әрі пұттарға табынбасын деп пайғамбар жібердік» [5, 16-36 б.], «Сенен бұрынғы пайғамбарларға да «Менен басқа құдай жоқ, ендеше, маған құлшылық жасандар» деп уахи еттік» [5, 21-25 б.]. Құранда сенімге байланысты аяттардың негізінен Меккеде, үкімге қатысты аяттардың болса Мәдина кезеңінде түсуі, қоғамның сенімдік жағдайын, жетілу деңгейімен санасқандықтан. Құран Меккелік мүшріктердің ширк пен пұтшылдығын сынға алатын ашық дәлелдерді алға тартып, оларды Алланы бір деп білуге, пайғамбарларға сенуге және өлгеннен кейін тірілудің ақиқат екеніне иман етуге шақырған. Мәдинада түскен аяттар болса, жалпы алғанда шарифи үкімдердің анықталуы және орындалуы, құлшылық мен қоғамдық қарым қатынасқа қатысты мәселелерді қозғаған [69, 62 s.].

Кейде дағуатшылардың және дағуатқа құлақ асатын адамдардың өмірі қауіп-қатермен бетпе-бет келсе, дағуатқа кедергі келетін жағдайлар болады. Бұндай жағдайларда дағуаттың ашық емес, жасырын жүруі анағұрлым дұрыс болады. Мұхаммед пайғамбар исламның алғашқы үш жыл бойы дағуатын жасырын жүргізген. Кейіннен «Саған бұйырылғанды ашық айт әрі мүшріктерден бас тарт» [5, 15-94 б.] деген аят түскенде, исламға ашық түрде шақыра бастаған. Дағуатқа кедергі келтіретін қауіп қатер сейілгенде, дағуатты ашық жүргізу қажет болады. Өйткені дағуаттың тындаушысы барлық адамдар болып табылады. Алайда адамдар исламға шақырылғанда, кездейсоқ емес, белгілі бір реттілікке жүгінген жөн. Мұхаммед пайғамбардың пайғамбарлығының үшінші жылы түскен «(Әуелі) ең жақындарыңа ескерт» [5, 26-214 б.] деген аят дағуатты туыс пен жақындардан бастау қажеттігі турасында жақсы әдісті белгілеуде.

Дағуат «хикмет» және «жақсы насихатпен» жасалуы тиіс. Алла «Адамдарды Раббыңның жолына хикмет және жақсы насихатпен шақыр, олармен ең жақсы

әдіспен пікірталас» деп бұйырған [5, 16-125 б.]. Ендеше, исламды насихаттап жеткізгісі келген адам мына екі жағдайды назарда ұстауы қажет: хикмет және жақсы насихат. Отандық зерттеуші Қ. Бағашаров хикмет пен хәкім сөздеріне былай деп түсіндірме берген: Хикмет – кең ұғымды білдіретін сөздердің бірі. Ғалымдардың айтуын-ша, хикмет сөзі Құранда 4 мағынада кездеседі: 1. «Алла Дәуітке билік пен хикмет берді», – деген аятта – пайғамбарлық мағынасында [5, 2/251]; 2. «Кітап пен хикметті оларға үйретеді», – деген аятта кітап деп – Құран, ал хикмет деп – сүннет айтылған [5, 3-164 б.]; 3. «Алланың өздеріндегі нығметі мен сендерді тура жолға шақыру үшін түсірген кітабы (Құран) мен хикметті ойлаңдар», – деген аятта насихат, кеңес мағынасын береді [5, 2-231 б.]; 4. «Біз Лұқпанға шүкір етсін деп хикмет бердік», – деген аятта даналық пен ілім берілгені меңзелген [5, 31-12 б.]. «Хикмет» сөзі бұдан басқа да ілім, терең түсінік, әділеттілік, түпкі себеп, ойшылдық, ғалам құбылыстарының мәнін түсіндіретін ілім, сөзге көп мағына сыйғызатын даналық сөз секілді түрлі мағыналарға келетіндіктен, мұсылман ғалымдар бұл тұрғыда көп пікірлер білдірген. Сол пікірлерді тұжырымдай келгенде мынаны айтуға болады: «Хикмет – Құран мен сүннетті меңгеру»; «Пайдалы ілім мен ізгі істер жасау»; «Жаратылыстың түпкі сырлары мен астарлы ақиқатын ұғыну»; «Астамдыққа я нұқсандыққа бармай, орта жолды ұстана білу»; «Алланың көркем есімдерінің мәнін түсіну»; «Ғаламды дұрыс зерделей білу»; «Ілім мен амалды қатар алып жүру»; «Жақсылықты насихаттау, теріс жолға қадам баспау», «Адам, ғалам және Құран арасындағы байланысты түсіне білу», т.б. Бұл түсініктерден хәкім адамның тек сөз жүзінде ғана біліп қоймай, білгенін істеуге жанын салатынын, тек пайдалы іліммен шұғылданып, ізгі істер жасайтынын, Жаратушыны тануға, ғаламдағы жаратылыс сырларын білуге ынтығып, Құранды дұрыс ұғып, сүннетті толық ұстанатынын, әр құбылыстың астарындағы құдірет сырды көре білетін ерекше сұңғыла жан екендігін байқаймыз. Демек, көп оқыған адам ғалым болғанмен, жүрегіне Алла хикмет қондырмаса, хәкім болу бұйыра бермейтіндігі өздігінен аңғарылғандай. Құранда: «Алла кімге қаласа, хикметті соған береді. Ал кімге хикмет берілсе, оған көп игіліктің қоса берілгені» [5, 2-269 б.], – деп ескертілген.

Малда да бар жан мен тән,

Ақыл, сезім болмаса,

Тіршіліктің несі сән,

Тереңге ден қоймаса?! – деп Абай атамыз айтпақшы, хәкім адам әрдайым терең ойда жүреді, еш нәрсеге үстірт карамайды, өмірден тиянақ іздейді, шын ақиқатты тани біледі. Осы себепті ғалымдар: «Хикметтің басын ғалам жайлы терең ойларға бару, ортасын дінге толық мойынсұну, соңын мәңгілік бақыт табу құрайды», – деген. Құранда Лұқпанға шүкір етсін деп хикмет берілгендігі айтылады. Демек, Алла тағаланың нәсіп еткен әр жақсылығына шүкір ете білу де хикметті іске жатпақ. [5, 16-125 б.]. Ибн Жәридің айтуынша, бұл жердегі хикмет сөзі Құран мен Сүннетті меңзеп тұр. Бұған қоса, дін насихатшысының қаттылыққа, дөрекілікке бармауы, қайта жұмсақ тілмен, ерекше сыпайылықпен тыңдаушысының жүрегіне жол таба білуі ескертілген [70]. Хикмет дағуатшы соқырлықпен емес, тыңдаушының жағдайы мен шарттарын назарда ұстай

отырып тәблиғ жасауы. Хикмет тыңдаушының сана сезімі мен қабілетін назарда ұстай отырып, айтпақ ойды өз мөлшерінде дәл уақытында жақсы әдіспен жеткізу білуді қажет етеді. Осы себепті дағуат еткен адам асығыстық, эмоцияға берілу не сезімсіздігі арқылы істі қиындатып, хикметтің шеңберінен шығып кетпеуі тиіс. Насихат болса: тыңдаушыны тек қисынды жолдармен емес, оған қоса, сезімдерін де есепке ала отырып, тілдеп, ұрыспастан тәтті тілмен, жұмсақ түрде сендіруге тырысуы. Дағуатшы жақсы ниет не білімсіздіктен туған қателіктерге тоқталмастан, адам жаратылысында бар жамандыққа қас сезімдерді насихат арқылы тыңдаушыға сіңіре білуі тиіс. Неге десеңіз, насихат айтудағы жұмсақтық көбіне қатты жүректердің өзін тура жолға әкеліп, бір-біріне жұлдызы қарсыларды татуластырады. Кей адамдар хикмет пен жақсы насихатты түсінбейді, қандай бұлтартпас дәлел айтылса да, қабылдайтын ниет танытпайды. Өйткені адамдарда іштей тәкаппарлық пен қырсықтық болады, одан оңай бас тарта алмайды. Бұндай адамдармен пікірталасқан дұрыс. Алайда ол пікірталас қатал түрде не жазғырумен емес, жұмсақ әрі сыпайы мінез секілді ең жақсы жолдармен жүргізілуі тиіс. Тыңдаушы дағуатшының мақсаты таласта басым түсу емес, шындықты дәлелдеу екеніне көз жеткізуі тиіс. Талас-тартыс пен пікірталаста мән беретін мәселе, пайғамбарлардан үлгі алу. Олар тыңдаушыларымен пікірталаста шектен шығудың барлық түрінен әрі пайдасы жоқ қысыр сөздерден барынша аулақ болған. Неге десеңіз, белгілі бір әдіс-тәсілге сүйенбеген, аятта ескертілген хикмет пен жақсы насихат арқылы жүргізілмеген, моралдық өлшемдерге сыймайтын әдіс-тәсілдермен жүргізілген дағуат пайда емес, зиян тигізеді. Алланың Мұхаммед пайғамбарға қарата айтқан мына аяты сол шындықты дөп басуда: «(Уа, Мұхаммед) Егер сен дөрекі, қатал жүректі болғаныңда, күмәнсіз, бәрі маңайыңнан тарқап кетер еді» [5, 3-159 б.].

Адамның жаратылысында мейірімділікке, жылы жүзділікке, толеранттылыққа, кісінің кемшілігіне қарамайтын адамды жақсы көру, соған тартылу бар. Бұған қоса, өздеріне қайтарымсыз беретін, қайғы мұңдарына көңіл бөлетін, мейірімді, жанашыр, жүрегінде махаббаты бар, кең пейілді жанды адамдар әрдайым қажетсінеді. Міне, расулалланың жүрегі осындай болған, жұрттың арасында осылай өмір сүрген. Бір рет болса да өзі үшін ашуланбады, баршаға жақсылық, мейірім және сүйіспеншілік көрсете білді. Осы себепті ислам әлем тарихында тез тараған дінге айналды.

Дағуатшы кейде өзінен басқаны көзі ілмейтін, жақсылықты ұқпайтын, дүниеқор адамдармен де жолығуы мүмкін. Ондайлар насихатты түсінбейді, дәлелдерге де құлақ аспайды. Сол күйі қойып қойса, жамандығы асқынып, жүрген жерін былғайды. Міне, сондайларға өздері түсінетіндей тілмен үн қату, шектен шықпайтындай қаталдау мінез қажет болуы мүмкін.

Дағуат адамдарға жекелей жасалатынындай патшаларға, мемлекет басшыларына да елші не хаттар жолдау арқылы жұртымен бірге исламды қабылдауға шақыру арқылы да жасалады. Хазірет Мұхаммед дағуаттың алғашқы жылдары жақындары мен туыстарын жекелей исламға шақырған. Ал Мекке кезеңінде тек меккеліктерді дінге шақырумен шектелмей, Меккеге келген адамдарды да жалған сенімдерді тәрк етіп, ислам дініне шақырған. Ол

уақыттарда Мекке діни орталық тәрізді еді. Араб түбегінің түкпір түкпірінен арабтар қажылық міндетін орындау үшін сонда баратын. Меккеден тыс арабтардың Меккеге келуі тек қажылық уақыттарымен шектелмейтін, харам айлардың бірі Зилқағда, Зилхижжа, Мұхаррам және Ражап айларындағы бейбіт кезеңді пайдаланып, Мекке маңайында ашылған жәрменкелерге де сауда мақсатында келетіндер болатын [71, 110 s.]. Мұхаммед пайғамбар келген осы тайпаларға өзінің Алланың елшісі екенін айтып, оларды исламға шақыратын. Хижреттен кейін Мәдинада ислам мемлекет құрылған уақытта жеке адамдарды исламға шақыру жалғасумен қатар Мұхаммед пайғамбар көрші мемлекеттердің патшалары мен билеушілеріне де хат жазып, елшілер жіберіп, жұртымен бірге исламды қабылдауға шақырды. Осы мақсатпен Дыхия ибн Халифа әл Кәлбиді Рим патшасы Қайсарға, Абдуллаһ ибн Хұзафаны Иран патшасы Ксираға, Амр ибн Үмайяны Эфиопия патшасы Нәжашиге, Хатыб ибн Әби Балтаны Александрия патшасы Мұқауқысқа, Амр ибн Асты Оман патшалары Жайфар мен Иязға исламды жеткізу үшін елші ретінде жіберді [72, 106-125 s.]. Демек, жағдай ыңғайлы болса, мемлекет басшыларына хат жазып елшілер жіберу арқылы исламға шақыруға болады. Оның үстіне бұл кісілер ел ішінде абырой беделі бар жандар еді. Бұлардың маңайында бюрократия деп аталатын жоғарғы деңгейдегі ықпалды адамдар тұрғаны және анық жайт. Олар да халыққа ықпалды жандар. Осы себепті билеушілер мен басшылардың исламды қабыл етуі халықтың басым көбінің мұсылман болуына жол ашатыны белгілі.

Дағуатшы тыңдаушының сенімі туралы білуі керек. Оның сенімін назарда ұстай отырып дінді жеткізуі тиіс. Өйткені әркімнің ауруы әр түрлі болғандықтан, емі де бірдей болмасы белгілі. Алла кітап иелерін тәухид сеніміне шақырғанда, көбіне жұмсақ әдіске салып, олардың ренішін тудыратындай сөздерге орын бермеген. Олардың ақидасын қаперде ұстай отырып, қанағаттанатындай дәлелдермен ақылдары мен қисындарына үн қатқан. Аллаға ұл телу арқылы тура жолдан тайқып кеткен бұл қауымға көңілдеріне тимейтіндей етіп айту керектігін былай деп нұсқаған: «(Расулым) Былай де: Әй, кітап иелері! Сендер мен біздің арамызда ортақ болған сөзге келіңдер: Алладан басқаға табынбайық! Оған ешкімді тең көрмейік, Алланы былай қойып, ешкім ешкімді құдайға айналдырмасын. Егер олар сонда да бас тартса, онда: Куә болыңдар, біз мұсылмандарданбыз деңдер» [73, 64 s.]. Кітап иелері мен мұсылмандар арасындағы ортақ нәрсе кітаптарының түпкі қайнарының бір екендігі. Яғни, Тәурат, Інжіл және Құранның иләхи кітап екендігінде әрі жеткізген шарифаттарында талас болмауы [73, 193 s.]. Осы себепті мұсылмандар кітап иелерін шақырғанда, барынша ортақ мәселелерге назар аударуы қажет. Егер тыңдаушылар қолдан жасап пұтқа табынатындай дәрежеде бұрыс сенімге ие болса, дағуатшы оларға кітап иелеріне қарағандай қарай алмасы анық. Бұл тұрғыда Құран жүгінген тәсіл дағуатшы тұрғысынан маңызды. Құранда бастапқыда мүшріктердің сенімін сынға алмастан, бұл сенімнің осал, іске алғысыз жақтарын түсіндіріп, адамды және ғаламды жоқтан бар еткен, барлық нәрсеге құдіреті жететін, ғалам атаулының раббы Алланың бар әрі бір екендігіне тоқталған. Қарсы тараптың ашуын тудыратын жайтқа бастапқыда орын бермей,

оларды ислам мен сенімдері арасында ойлануға шақырған. Алғашқы түскен аят пен сүрелерді зерделегенде, бұл мәселе анық байқалады. Алғаш түскен сүрелерден Алақ, Қалам, Музаммил, Муддассир, Лахаб, Такуир, Ағла, Ләйл, Дұха және содан кейін келетін сүрелерде мүшріктердің сенім жүйесінің дұрыс еместігін және пұттарының осалдығын сөз етпестен, Алла тағала сипаттарымен танытылған. «(Расулым) былай де: Сендерге көктен және жерден ризық беретін кім? Немесе құлақтар мен көздерге кім ие? Өліден тіріні, тіріден өліні шығаратын кім? (Барлық) істі кім басқарып тұр? Алла дейді. Былай де: Ендеше, (Оған қарсы келуден) сақтанбайсындар ма?» [5, 10-31 б.], «Міне, ол сендердің шынайы иелерің Алла. Енді ақиқаттан (айрылғаннан) кейін адасудан басқа не қалады? Онда қалай (адасуға) қайтарыласындар?» [5, 10-32 б.]. Осы және осыған ұқсас аяттар мынаны көрсетуде: Құран кәрім мүшріктерді ойлануға және ақылмен зерделеуге итермелеп, олардың сенімдерінің қаншалықты шындықтан алыс екендігін көрсетуде. Дағуатшы кездесетін сенім топтарының бірі екіжүзділер. Мұнафиқтар не мүшріктер секілді ашық түрде пұттарға табынбайды, кітап иелері секілді ашық түрде Аллаға ұл телімейді. Олар сырттай мұсылман көрініп, иман мен күпір арасында сенделіп жүргендер. Пайда үшін кейде кәпірлерді, кейде мүминдерді жағалап, Алланы да, мұсылмандарды да алдауға тырысады. Бұндай адамдарды дінге шақыру үшін арнайы қабілеттер қажет. «Мұхаммед пайғамбар өмір бойы мұнафиқтарға арнайы стратегия жүргізіп, олармен жақсы тұруға тырысқан. Мына оқиға осы жағдайды дәл бейнелейтін мысалдардың бірі: Хазірет пайғамбар Бәни Мұсталық соғысынан қайтқан уақытта мұнафиқтардан Абдуллаһ ибн Үбәй ибн Салул хазірет пайғамбар мен мұсылмандар туралы былай деген болатын: «Егер Мәдинаға қайтсақ, ант етейік, күштілер әлсіздерді ол жерден қуып шығады» [5, 63-8 б.]. Осыны айту арқылы өздерінің күшті екенін мұсылмандардың әлсіздігін білдірген болатын. Айтылған сөз хазірет пайғамбар мен мұсылмандарға жеткенде, хазірет Омар Абдуллаһ ибн Үбәй ибн Салулды дереу өлтіруге үкім берді. Сонда хазірет пайғамбар «Ол қалай болмақ, уа, Омар? Жұрт Мұхаммед жолдастарын өлтіртуде деп сөз қылмай ма?» деп ол ұсынысты дұрыс деп таппаған. Өйткені сол күндері Абдуллаһ ибн Үбәй қаумы арасында құрметке ие адам еді. Алайда осы оқиғадан кейін Абдуллаһ ибн Үбәй қашан келеңсіздік тудырғысы келсе, қауымы оған ашуланып, дүрсе қоя беретін. Хазірет пайғамбар мұнафиқтармен бірге бір қалада тұрып жатты. Сахабалары арасында Хұзайфадан басқа ешкімге мұнафиқтардың кімдер екенін айтпаған. Бұндағы көп хикметтердің бірі мынау: Егер мұнафиқтарды сахабаларына білдірсе, мұсылмандар мен мұнафиқтар арасында бірқатар келеңсіздіктер орын алып, нәтижеде ол ішкі соғысқа ұласуы мүмкін еді. Өйткені мұсылмандардың барлығы мұнафиқтарға дәл пайғамбардай толеранттылықпен қарай алмас еді. Ендеше, мұнафиқтарды исламға шақыру бөлекше қасиетті қажет еткен. Пайғамбар олардың сырттайғы мұсылманшылықтарын қабылдап, ішкі жағдайларын Аллаға қалдырып, олармен ілім және дәлелмен күресу бұйрығын алған [74, 287 s.]. Алла пайғамбарына мұнафиқтардан бас тартуды [5, 6-63 б.], оларға қаталдау қарап [5,

9-73 б.], рухтарына әсер ететіндей әдеби сөзбен дінді жеткізуді бұйырған [5, 4-63 б.].

Дағуатшы исламды жеткізу үшін тән саулығымен қатар өзіне жеткілікті материалды мүмкіндікке де ие болуы керек. Ол ешкімнің жәрдеміне мұқтаж, ешкімге масыл болмастан, өзін және отбасын қамтамасыз ете алатындай айлық табысқа не мамандыққа ие болуы керек. Егер бұған дағуатшының жеке өзінің шамасы жетпесе, оған мұсылмандар көмек беруі керек. Дағуат міндеті арнайы қабілет пен қажетті шарттарды талап ететіндіктен, әр мұсылманның жағдайы оған сай болмауы мүмкін. Сондықтан дәулетті мұсылмандар дәулетінің бір бөлігін дағуат үшін бөлуі керек. Өйткені дағуат мұсылмандардың барлығына ортақ міндет.

Исламға шақыру расында қиын әрі машақатты іс болғандықтан, мықты сабыр мен жігерлі болуды қажет етеді. Сабыр, қиындықтарға төзу, қиындықтардан арылуда Алланың жәрдемін тартатын себептердің әуелгісі. Сабыр етпеушілер үнемі қиындықтан көз ашпайды. Алла Тағала «Лұқман» сүресінде дағуат жасайтындарға мынандай кеңес берген: «Жақсылыққа шақырып, жамандықтан тыюға тырыс, басыңа не келсе де сабыр ет. Анығында осылар жігер танытуға тұрарлық істер» [5, 31-17 б.]. Құранда сексеннен астам аяттарда сабыр туралы айтылған. Бұл аяттардың көбі сабыр етудің қиын іс екенін білдіріп, сабыр етушілерге берілетін марапатты уәде етуде. Пайғамбар мен сахабалары ислам жолында көптеген қиындықтарға душар болса да, дағуаларынан бас тартпады, осы жолдағы қиындықтарға шыдап, исламның әлемге таралуына үлкен үлес қосты. Дағуатшының сабырға деген мұқтаждығы өзге адамдардың сабырға деген мұқтаждығынан әлдеқайда көп. Өйткені дағуатшы өзгелерге ақиқатты түсіндіретіндіктен, бәрінен бұрын өз нәпсісімен күресіп, жақсылықтарды істеп, жамандықтардан сақтануға тиіс. Бұны орындау үлкен сабырды қажет етеді. Әсіресе, қазіргідей қоғам бұзылған уақыттарда жақсылыққа шақырып, жамандықтан тыю ісі үлкен еңбек пен жанқиярлықты керек етеді.

Жұртты исламға шақыру мәселесінде қазіргі дамыған технология мүмкіндіктерін де тиімді пайдалана білген жөн. Бүгінгі күні спутник жүйесі, телекоммуникация, теледидар, телефон, әлеуметтік желі, факс пен хат секілді жүйелер арқылы бір хабар ең аз уақытта әлемнің түкпір түкпіріне тарауда. Кітап, журнал, мерзімді БАҚ басылымдары да дінді насихаттауда айтарлықтай мәнге ие. Қазіргі дағуатшылар осы дамыған технология мүмкіндіктерін тиімді пайдалана білуі тиіс. Барлық талаптарын сақтай отырып жасалған дағуат әрине нәтижелі болады. Алайда дағуатшы талаптарды орындаса да кейде тыңдаушыны мойындата алмауы мүмкін. Ондайда дағуатқа суып қалу орынсыз. Өйткені дағуатшының міндеті тек жеткізу. Тура жолға салушы ол Алла. Жаратушы ие пайғамбарын жұбатып былай деген: «Сен сабыр ет, Алланың уәдесі рас. Көнбегендерге қарап жасыма» [5, 30-60 б.]. Дағуат кезінде қолданбалы әдіс-тәсілдерді анықтауда пайғамбарлардың өміріне көз жүгірткен дұрыс. Мәселен, пайғамбарлар өз халықтарының тілінде сөйлеп, солар түсінетін кейіпте түсіндірген. Бұл туралы Құранның «Ибраһим» сүресінің 4 аятында «Біз

елшілерімізді оларға түсіндіруі үшін тек сол халықтың тілінде жібереміз» делінген. Пайғамбарлардың сөзі анық болып, ұғымға ауырлық түсірмеген. Пайғамбарлар заманауи стильде сөздерін өте анық, ұғынықты жеткізе білгендіктен, әр деңгейдегі тыңдаушылары да айтылғанды нық ұғынған. Олардың сөзінде жалпылау, екіұштылық, қажетсіз шұбалаңқы сөздер, орынсыз қайталаулар, мылжындық болмаған. Қайта олар өз сөздерін өте қарапайым, естір құлаққа жағымды ете отырып, шебер ұсына білген. Сөздері айтпақ ойын нық білдірген. Пайғамбарлар бір ғана ақиқатқа шақыра отырып, сол ақиқатқа бастайтын мыңдаған жол барын жақсы ұғындырған. Пайғамбарлар әрдайым аудиторияның психологиясын есепке алған. Бір сөзде «Адамның ұғымталдығын уағызының қысқалығы мен дұғасының ұзақтығы құрайды» делінген. Мұхаммед пайғамбар түнгі намаздан кейінгі әңгімені аса ұнатпаған. Себебі ол демалыс әрі ұйықтайтын уақыт. Пайғамбарлар қажет болса, бір сөзді бірнеше рет қайталаған. Мұхаммед пайғамбар да тыңдаушылар әбден түсініп алғанға дейін бір сөзін үш ретке дейін қайталаған. Пайғамбарлар тыңдаушыларының наразылығын, келіспеушілігін, қырсықтығы мен қарсылығын тудыратын сөздерден алыс болып, сөздерін әбден саралап барып айтқан. Өйткені тыңдаушылар қарсы болса, оның мақсатқа жетуіне кедергі келтірер еді. Олар халықпен сөйлескен уақыттарында өздерінің артықшылықтарын алға тартпады, елге жоғарыдан мұрын шүйірмеді, қорлап кемсітетіндей кейіпте сынап мінемеді, қайта даналықпен үгіт жүргізді. Құранда «Таха» сүресінің 42 аятында «Перғауынға барындар, ол әлінен асты, бірақ жұмсақ сөйлендер, мүмкін ол тәубеге келер» делінген. Тағы «Нахл» сүресінің 125 аятында болса, «Рабыңның жолына даналықпен және көркем үгітпен шақыр, олармен өте көркем мәмілемен пікір таластыр» делінген. Пайғамбарлар тыңдаушыларының сезімін дүниесінің талқанын шығаратын, діни сезімдерін қорлайтын сөздер айтпады. Ол туралы Құранның «Әнғам» сүресінің 108-аятында «Алладан өзгеге табынғандарын тілдемеңдер, әйтпесе олар да білместікпен жауласып Алланы тілдейтін болады» делінген. Тыңдаушыларының дәрежеліктеріне пайғамбарлар тек жұмсақ қана жауап қатты. Қатыгездіктерін де тек мейіріммен жеңуге тырысты. Өйткені тек осындай әдіспен ғана олардың жүректерін жаулау мүмкін еді. Ислам тарихының негізін құрайтын деректер арасында Мұхаммед пайғамбардың тәблиғ ісінің маңызды орны бар. Пайғамбарға тән тәблиғ ісі жаңа заманғы оқу тәрбие үдерісіндегі мүмкіндіктермен салыстыруға мүлдем келмейтіндей дәрежедегі тым қарабайыр жағдайда жүргізілген. Ол кездегі мешіт жағдайы кілемсіз, жерде қара топырақ, ұсақ тастар бар. Төбе құрма бұтақтары, жапырақтары мен бұтақтардан сыдырылған қабықтармен өрілген [14, 217 б.]. Мешіт ішіне жарық тартылуы хижри тоғызыншы жылы ғана жүзеге асқан [75, 184 с.]. Жаңған жаңбырдың Мұхаммед пайғамбардың басына құйылып, сақалынан тамшылағаны туралы деректер бар. Сәждеге бас қойғанда ұсақ тастардан қорғану үшін жамылған киімінің ұшын жерге төсеуге мәжбүр болған. Бастан кешкен күндерінің жайлы болғанын айту қиын. Он үш жылғы Мекке кезеңі толықтай ауыртпалықтарға тола [76, 320 с.]. Аллаға сенгеніне бола мұсылмандардың көрмеген құқайы қалмағаны, тіпті оларды қинап өлтіруге дейін

барған оқиғалар ислам тарихында көптеп кездеседі. Ата мекендерінен қуылып, Эфиопияға, Мәдинаға қоныс аударған адамдар Меккеде барлық құқықтардан айрылып, тұрақтай алмайтындықтарына анық көз жеткізген. Мәдинада иудейлер мен мұнақфиқтар да қарап қалмай, түрлі айла-шарғылар жасап бақты. Осы аралықта Мұхаммед пайғамбардың өзі де қатысқан бірнеше шайқастар жүрді, бұған қоса, мұсылмандардың әрбірі отбасын асырауға да мәжбүр екенін ескерген жөн. Көбінің кедей болғаны және анық. Мұхаммед пайғамбардың айтқандарын толық тыңдаған жағдайда оларға қандай да бір матриалды мүмкіндік те уәде етілген жоқ. Жамағат арасында жас шамасы да әркелкі болатын. Араларында Әнас ибн Малик (93\711), Әбу Саид Худри (74\693) секілді әлі бала дейтіндей жаста болғандары да болды. Али ибн Әби Талиб (40\660) секілді жастар, Осман ибн Аффан (35\655), Абдуррахман ибн Ауф (32\652), Омар ибн Хаттаб (23\644) секілді орта жастағылар, Әбу Бәкір ибн Әби Кухафа секілді егде жастағылар да болды. Бұған қоса, жамағаттың түрі рулардан құралғанын да ескерген дұрыс. Түсінік, пайым, білім, білік, мәдени деңгейлері де әркелкі болатын. Мұхаммед пайғамбардың айтқандары таспаға түскен жоқ. Айтқандары сол мезет жазылып, кейін асықпай қарауға да мүмкіндік болмады. Өйткені Мұхаммед пайғамбар айтқандарының жазылуына тыйым салып, ауызша жеткізуге рұқсат еткен. Мұхаммед пайғамбардың бұл бұйрығы қалтқысыз жүзеге асқан. Тіпті Омаяд династиясының әділ халифі Омар ибн Абдулазиз (101\709) хадистерді жинақтауға бұйрық бергенге дейін хадистер турасында кешенді жұмыс жасала қоймаған [77, 57 s.]. Бұл аралықта Мәдина иудейлерімен жасалған келісімдердің, Хұдайбия келісімінің, Әбу Шах атты бір кісінің өтінішімен Меккені азат ету кезіндегі әңгімелердің жаздырылуы, маңайдағы патшалар мен билеушілерге жіберілген хаттарды еске алуға болады. Бұлар хадистерді хатқа түсіруге жатпайтыны белгілі. Бұдан бөлек, Мұхаммед пайғамбардан алған рұқсатымен хадис жазу ісін қарабайыр түрде жүргізген Абдуллаһ ибн Амрдан (65\684) өзге адамның болғаны белгісіз. Жалпы алғанда осындай мүмкіндіктермен жүргізілген тәблиғ жұмысын жүргізуге тыйым салынып, тек жеткізуге рұқсат етілген, кейіннен бұл рұқсат бұйрық секілді қабылданған. Арафаттағы тарихи сөз сөйлеу кезінде «Осы жерде болғандар менен естігендерін болмағандарға жеткізсін» деген мағынадағы хадис нақты бұйрық жағдайында. Бұдан бөлек, өзінен естігендей етіп хадисті дәл жеткізгендерге Мұхаммед пайғамбар «Алла оны нұрға бөлесін» деп дұға еткен. Тағы бір маңызды тұс хадис жеткізудегі қиындық. Өйткені «хазірет пайғамбар былай деді» деп оның аузынан шыққан сөзді жеткізу оңай жүзеге аспаған. «Менің атымнан айтылған өтірік басқа адамның айтқан өтірігіндей емес. Әдейілеп менің атымнан өтірік құрастырған адам тозақтағы орнына дайындалсын» деген катал бұйрық ең сахих сәнадпен жеткен хадистер арасында кездеседі. Өйткені жеткізілетін сөздер қияметке дейін жалғасатын діннің Құраннан кейінгі екінші дәрежедегі негізін құрайды. Ендеше, жазылмай, әрі Мұхаммед пайғамбардың аузынан шыққандай етіп дәлме дәл жеткізілуі тиіс хадистер уақыт оны ұмыттыра алмайтындай етіп сахабалардың санасына берік орнауы тиіс еді. Осы тұрғыдан келгенде Мұхаммед пайғамбарға тән тәблиғ ісінің мына қырларын анықтай аламыз: Мұхаммед пайғамбар тыңдаушыларын өте

жақыннан таныған әрі сол тыңдаушының жағдайына сай етіп оған айтпағын жеткізе білген. Тыңдаушыны тану дәрігердің науқасты тануы секілді өте маңызды іс. Тәблиғте көздеген мақсатқа жету әрі тыңдаушыға пайда тигізгісі келген жан өзінің нені дәріптемек болмақ отырғанын жақсы білгеніндей тыңдаушысын да тани білуі тиіс. Кері жағдайда сөз етілген жағдай қаншалықты маңызды болса да науқасқа диагноз қойылмай тұрып ем жазылған деген сөз. Бастауыш сынып оқушысына жоғарғы математиканы өтудің, тісі ауырған адамға жол жүру ережесін айтудың қажеті жоқ. Осы себепті дін насихатшысы (мубаллиғ) тыңдаушысын психологиялық тексерістен өткізіп, оған не керектігін әрі қалай айту қажеттігін анықтап алуы тиіс. Жамағаттың не сұрап отырғанын сезу насихатшы үшін негізгі қасиеттердің бірі. Адамдар білім, ақыл, әдеби деңгейі, мәдениет деңгейімен бір деңгейде емес. Мәдениетті адамен қарабайыр адамша сөйлесу, Құдайға сенетін адаммен оны кәпір секілді көріп сөйлесу жақсы нәтижеге апармасы белгілі. Оның үстіне адам өз деңгейіне сай емес сөзді аса бір ынтығып тыңдай алмасы анық. Міне, осы себепті Мұхаммед пайғамбар өз насихаттарын осындай өлшемдер арқылы жасаған.

Жамағатын өте жақсы таныған, бұйрықтары мен кеңестерін осы өлшемдер арқылы жасаған. Айталық, батылдықымен қатысы жоқ Хассан ибн Сабитке (54\674) «Сен де қару алып соғысқа қатыс» деген. Тіпті Хандақ шайқасында оны әйел кісілермен бірге қорғанның ішінде сақтаған. Алайда Құрайыш ақындары жасаған шабуыл кезінде оның көмегіне жүгінген, мешіттегі биіктеу күрсіге шығарып, өлеңдерін оқытқан, «Жәбірейіл сенімен бірге, саған қолдау білдіруде» деп оған ерекше қараған. Хазірет Айша «Расулалла ашық, анық сөйлейтін, тыңдағандардың бәрі түсінетін» дейді. Яғни тыңдаушыға түсініксіз нәрсе болмаған. Пайғамбар тыңдаушының жағдайына қарай ұзақ, қысқа, қарапайым, әдеби секілді түрлі кейіпте сөйлеп, көздеген мақсатын тыңдаушы ұғатындай етіп айтатын. Осы себепті хазірет пайғамбарды тыңдағандар оның сөздерін ұғыну үшін қиналысты бастан кешпеген. Жанынан кеткенде, «айтпағын еш ұқпадым» дегендер кездеспеген. Хазірет пайғамбар сахабаларын жақсы танығандықтан, «Ең жақсы амал қандай?» деген сұраққа, сұраушының жағдайларына қарай әртүрліше жауап берген. «Қандай садақа жоғары тұрады?» деп сұраған әрі кедей Әбу Хұрайраға (59\678) «Кедей кісінің күш- қуатымен көмек беруі» деген. Ал дәл сол сұрақты сұраған қауым басшысы Сағид ибн Үбадаға (14\635) «Су шығарып беру» деп жауап беруі осы мәселені айшықтай түсетін оқиғаларға жатады. Хазірет пайғамбар өзінен ахлақтық тұрғыда кеңес сұрағандарға да әр түрлі кеңес берген. Көкесі Аббас (32\652) бірнеше рет және бөлек уақыттарда жүгініп, «Алладан не сұрайын?» десе де, сұраған сайын «Бас амандығын, денсаулық» (афия) деп жауап берген. Бәле жаладан аулақ, бақытты, тыныш өмір сүру деген мағынаға келетін афия сұрауға кеңес бергенде, көкесінің дүниеге тым жақындығын назарда ұстағаны күмәнсіз. Жабир ибн Сулайм насихат сұраған кезде оған ұзақ насихат айтқан, насихат сұрамаса да Әбу Зәррға (32\652) «Уа, Әбу Зәрр, мен сенің әлсіздігіңді білем. Өзіме не тілесем, саған да соны тілеймін. Ешқашан екі адамға болса да басшы болуға тырыспа. Жетімнің малына қарауды да жауапкершілігіңе алма» деген [31, 154 б.]. Рим билеушісіне

жіберген хат баршаға түсінікті тілмен жазылған. Дәуматул жандал басшысы Үкайдирға жазылған хат болса күрделі. Арабша білетіндердің баршасы түсіне бермейді. «Қажылық деген не?» деп сұраған адамға «тәлбие кезінде дауысыңды көтеріп, құрбан шалу» деген мағынаға келетін «әл- ажжу уәс- сәжж» деумен шектелген, ол кісі сол жауапқа қанағаттанған. Шынтуайтында, хазірет пайғамбар басқа топқа зекеті берілмеген алтын мен күмістің иесіне қиямет күні болатын іс туралы айтқанда, тыңдаушылардың бірі зекеті берілмеген түйе туралы сұрайды. Хазірет пайғамбар бұл сұраққа кең көлемді жауап берген. Бұдан кейін зекеті берілмеген сиыр туралы сұралғанда, «ол да түйенің жағдайы секілді» дей салмай, одан кейін сұралған жануарларға қатысты да асықпай кең мәлімет берген. Дәрет алудың артықшылығын әңгімелегенде, «жуылған әр мүшемен жасалған күнәлар төгіледі» деген. Әр мүше үшін бөлек бөлек, бірақ бірдей ұғымдарды қолданып түсініктеме жүргізген. Хазірет пайғамбардың бұндай әдісті ұстануы тыңдаушының мәдениет, ақыл және ұғымымен тікелей қатысты.

Хазірет пайғамбар тыңдаушының сұрақтарына әрдайым ашық болған. Тыңдаушыға пайда тигізуді, оған жарық сыйлауды қалаған әр адам осындай ұстанымда жүруі тиіс. Мәселесі шешілмеген және ойындағы күмәндарға, күдіктерге қанағаттанарлық жауап ала алмаған тыңдаушыға жеткілікті насихат жасалғанын айту қиын. Құран кәрім «Нахыл» сүресінің 43 аятында «Егер білмесеңдер, ілім иелерінен сұраңдар» деу арқылы адамдарға сұрақ сұрауға кең жол ашады. Хазірет пайғамбар болса, дінге қатысты әр мәселенің жалғыз қайнар сөзі іспетті. Ілім иесі дегенде ең әуелі ойға оралатын ол адам. Негізгі міндеті тәблиғ пен түсіндіру болған хазірет пайғамбардың дінін үйрену үшін келген адамды кері қайтаруы және сұрақтарына жауап бермеуі мүмкін емес. Осы себепті сұрақ қойып, сұрағына пайғамбардан жауап ала алмаған жағдайлар орын алмаған. Пайғамбардың міндеті үйрету. Сұрақ сұраушы болса, үйренуге дайын тұрған жағдайда [78, 353 с.]. Хазірет пайғамбар оның бұл дайындығын есепке алып, темірді қызған кезінде соққан. Мешітте, үйінде, мінберде сөйлеп тұрғанда, сапарда, соғыс кезінде, түнгі уақытта, сырқат кезінде, жалғыз не тығыз көпшіліктің ішінде қойылған сұрақтардың ешбірін «мезгілсіз қойып отырсың» деп кері қайтармаған. Хазірет Пайғамбардың елшілік өмірінің жиырма үш жылында айтқан сөздері, іс-әрекеттері мұқият зерттеліп, қағазға түскен. Әсіресе, хадис кітаптарында айтқан сөздерімен қатар бірқатар іс-қимылдары да сақталған.

Әдеп тұрғысынан Алла елшісі адамдардың ең сыпайысы болған. Оның мейірімі жүзінен аңғарылып тұратын. Ішкі сезімі көбіне көз жасы болып ағып, кейде маңдайындағы тамырының білеуленіп кеткенінен білінетін. Жасанды әрекетке бармайтын, көзбояшылықтан алыс, әрі шынайы адамның іс-әрекеттері қандай болса, Пайғамбардың ішкі сезімдері де жүзінен тез аңғарылатын.

Сөз сөйлеген уақытта бір нүктеге ғана көздерін қадамай, өзін тыңдап отырғандарды бақылайтындай деңгейде барлық жаққа көз салып отыратын. Расулалланың жеке бас жүріс-тұрысында да ерекше мән жатты. Оның ахлақы Құран болғандықтан, ол құрандағы мүмин бейнесін жақсы көрсете білген. Адамның киім киісі де аса маңызды екені белгілі. Хазірет пайғамбар әр түрлі түс

пен өрнектері бар киімдер киген. Дегенмен көбіне ақ түсті киімдер таңдағаны мәлім. Ол сол қоғамдағы өзгелер киген киімдерді таңдаған. Бірақ киімінің таза әрі жыртығы болмауына ерекше көңіл бөлген. Бұдан бөлек, өзіне сыйға тартылған киімдерді де киген. Жүн, сәтен әрі мақталы киімдер де кигенмен жібектен тоқылған киімдер кимеген. Үнемі жақсы иіс себінген, шашы мен сақалын мұқият күткен. Сақалын қараусыз етпей, өзгелердің де олай жүруін құп көрмеген. Иғтикафта болған уақыттарда да басын мешіттен бөлмесіне сұғып, әйелдеріне басын жуғызған. Екінші бір жағынан жиіркенішті болатындықтан, бір аяққа ғана аяқкиім киілгенін қаламаған. Әйелдеріне, балаларына және немелеріне өзін жақын ұстап, жақындықтарына қарай олармен қарым қатынасын белгілеген. Қызы хазірет Фатиманы маңдайынан сүйіп, оның төсегіне отыруы және немересі хазірет Хасан мен Хүсейінді құшақтап сүйі, оның физикалық жағынан жақындығын көрсетумен қатар, бұған қоса, жақындары мен махрамдары үшін белгіленген шекке қалай қарағанына да жақсы үлгі болуда.

Біреумен сөйлескен кезде оның жүзіне қарайтын, қол берсе әлгі кісі қолын алмайынша алмайтын, сөйлесіп тұрған адам жүзін басқа жаққа бұрмайынша ол басын бұрмайтын. Тіпті бір кісі әлдене айту мақсатында Расулалланың құлағына сыбырлап, әлдене десе, ол басын бұрып әкетпейінше Расулалла басын бұрмайтын.

Адамдардың бір-біріне жылы жүзбен қарауын насихат еткен хазірет Пайғамбар үнемі жылы жымыып жүретін. Әбу Абдиссалам былай әңгімелеуде: Үмму Дардадан күйеуі Әбу Дарданың сөйлегенде үнемі күлімсірейтінін естіген болатынмын. Әбу Дардаға былай дедім: «Жақсы ғой, дегенмен адамдар сені ақымақ көріп жүрмесін». Сонда ол былай деп жауап қатты: «Расулалла үнемі сөйлерде күлімсірейтін» [36, 191 б.]. Дұрыс іс-әрекет тұрғысынан адамның тыңдай білуі де маңызды. Айтушыны жақсы тыңдай алған адамның өз сөзі де қадірлі болары белгілі. Расулалла өзіне жамандық жасаған дұшпандарының айтқан сөздерін де мұқият тыңдай білген.

Хазірет пайғамбар жүргенде мығым адымдармен жүретін. Артынан келе жатқан адам оңайлықпен жете алмайтын. Сәл алдыға иіле адымдайтын, артынан дауыстаған адамға мойнын ғана бұрмай, бүкіл денесімен бұрылатын. Қажет кезде ғана сөйлейтін Алла елшісінің кейде ұзақ уақыт үндемей қалатыны да болатын. Бұлай үндемеу қалуы жұмсақ мінезділігінен туындап, адамдарға қате істерін ескерту, оларды құптау не терең ойға баруынан туындайтын. Хазірет пайғамбар қалың көпшілікке үн қатарда жақсы көріну үшін биіктеу жерге шығатын. Ол үшін кейде ағаш діңгегін, кейде күрсі, кейде жартас не түйенің үстінде тұрып сөз сөйлейтін. Мешітте жамағатқа қарата сөз сөйлегенде әуелі бір құрма діңгегіне шыққан ол жамағат кейін көбейгенде, үш баспалдақты бір мінберге шығып сөзін арнаған.

Сұрақ сұраушыны сол сұрақты сұрағаны үшін мақтағаны да кездескен. Бұл жағдайдың оқу үйрету үрдісінде өзінше маңызы бар. Сұрақ қоюшының өзіне деген сенімін нықтап, тағы да сұрақ қоюына жол ашады [80, 2 s.]. Абдуллаһ ибн Масғуд (32\53) қатарынан бірнеше сұрақ қойып барып тоқтаған және былай деген: «Егер мен сұрақтарды әлі де қоя бергенімде, ол кісі байыппен жауап бере

беретін еді» [14, 200 б.]. Хазірет пайғамбардың Уәда қажылығы кезінде Минада белгілі бір орын белгілеп, тек сұрақ қою үшін күткенін әрі сұралған сұрақтарға жауап бергенін білеміз.

Хазірет пайғамбар тәблиғиның жалаң болмауына ерекше көңіл бөлген. Өйткені бұл тәсіл оқу үйрету үрдісінде айтарлықтай маңызға ие. Мәселен, пайғамбар кейде айтпағын белгілі бір уақыттарды күтіп, сол уақытта айтқан. Өйткені оқыту үйрету кезінде тек есту емес көру де маңызды. Хазірет пайғамбар мінберде саусағындағы алтын жүзігін шешіп жамағатқа көрсеткеннен кейін «Мен бұл жүзікті тағып, көзін алақаныма келтіруші едім» деген соң «Уаллахи, енді ешқашан оны тақпаспын» деген [14, 222 б.]. Бұл жерде назар аударуға тұратын нәрсе енді бұл жүзікті тақпаймын деп ұйғарғаннан кейін оны лақтырып жібергенге дейін жамағаттың алдында күтуі. Жүзікті мінберге шықпай тұрып, лақтыра салуына болар еді, жамағатқа енді жүзік тақпайтынын хабарлап айта салуына болар еді. Мұсылмандар арасында «шынымен лақтырған ба?» деген күдікке еш жол бермеген. Егер ол оңашада лақтыра салған болса, оның көпшілікке әсері болмас еді. Фатх жылы Рамазан айында әскер Меккені бетке алып жылжып бара жатқанда, хазірет пайғамбардың бір тостаған су сұрап, оны жоғары көтеріп, баршаға көрсетіп барып ішуі де осындай жағдай. Қураған ағаштың жапырақтарын қолындағы аса таяғымен түртіп төгіп, күнәлардың да осылай төгілетінін соған мысал еткен. «Жұмақтың есігін алғаш қаққан мен боламын» дегенде қолымен есікті тұтқасынан ұстап, қаққандай әрекет жасауы, айтылғандардың ұзақ жылдар бойы ойда сақталып қалуына себеп болған.

Хазірет пайғамбар өзі сөз еткен тақырыптарды үнемі тыңдаушысының жақын ортасынан алып, қызығушылық танытқан тақырыптарды қозғаған. Оларды мүлдем бейтаныс әлеммен, ұғымдарына ауыр соғатын тақырыппен қауыштырмауға барынша мән берген. Айталық, пайғамбарлық өмірінде қаншама мәрте келген уахидың болмысы туралы хадис кітаптарында ешқандай мәлімет кездеспеуде. Уахи туралы сұралған сұраққа да баршаға түсінікті тілмен, ойда сақталатындай етіп жауап берген. «Кейде маған қоңырау даусы секілді естіледі. Менің қатты қиналатыным да сол кез. Уахи күйі менен кеткенде, мен ол айтылған сөздерді жаттап алғанымды байқаймын» деген [14, 3 б.]. Шөлде азығы тиелген түйесін жоғалтып, не істесе де таба алмай, әбден үміт үзіп отырғанда, сол түйесін азығы тиелген күйде тауып алып, сөзінен жаңылып «Аллам, сен менің құлымсың, мен сенің раббыңмын» дегенін әңгімелегеннен кейін «Міне, Алла Тағала құлы тәубеге келгенде түйесін жоғалтып тапқан адамнан артық қуанады» деп, сипаттауға келмейтін Жаратушының қуануын осындай қарапайым мысалдармен анық жеткізген.

Хазірет пайғамбар жеке адамға қатысты тәблиғқа ерекше мән берген. Жеке үйретудің әлдеқайда пайдалы, анағұрлым әсерлі екені тәжірибелермен дәлелденген [81, 89 s.]. Мәселен, пайғамбардың жеке адамдарға берген кеңестері сол адамдар үшін өмір бойы ұмытылмас азық болған. Хаким ибн Хизам (54\674) хазірет пайғамбардың «Беруші қол алушы қолдан абзал» деген мағынаға келетін кеңесін ұстанып, өмір бойы өзіне берілген айлықты да алмаған. Ал Жабир ибн

Сұлайм болса, «Ешкімді сөкпе» деген сөз үшін өмір бойы ешқандай жанды нәрсені сөкпеген.

Хазірет пайғамбар өмір бойы уақыт пен жағдаяттарға байланысты психологиялық үйрету тәсіліне жүгінген. Бүгін сіздерге намаздың парыздары мен сүннеттерін, әдептерін үйретем деген. Сахабалар төрт рәкағат намазды ұмытып екі рәкағат етіп оқып, еске түскенде толықтырып саху сәждесін жасаған уақытқа дейін (арада көп жыл өтсе де) саху сәждесінің атын да естімеген. Намаздардың соңдарында оқылған тәсбихтар да байлардың қаржы төгіп жасап жүрген құлшылықтарына біз қайтіп жетеміз деген кедейлерге ұсынылған. Бұрын бұндай түрдегі құлшылық пен жақындық туралы сөз етілмеген. Бұған қоса, хазірет пайғамбар жүзеге асырған жалпы мағынада апталық жұма намазы, кейінгі жылда бір рет болған зекет пен ораза және соңында өмір бойы бір рет жасалатын қажылық құлшылығы бұйырылған. Басқаша айтқанда, әуелі иман тақырыптары берілген, содан кейін құлшылық пен үкімдер тақырыптарына тоқталып, ахлақ болса барлық пайғамбарлық өмірді тұтас қамтыған. Фарғи тармақтық мәселелерге келсек, бұлар ылғи соған қатысты мәселенің туындауына немесе тақырыпқа қатысты сұрақ сұралуына байланысты түсіндірілген. Бұл жағдайда былай деуге болады: хазірет пайғамбар асли мәселелерде логикалық, фарғи тармақтық мәселелерде психологиялық оқу үйрету әдісіне жүгінген.

Хазірет пайғамбар тәблиғ ісіне түсіндірілетін тақырып ретінде қарамаған, өмір бойы бұйырған нәрселерін тіке өзі істеген, басқаларға да істеткен. Сөйтіп бұл тәблиғ ішінде жамағатты дүниесі не ақырет тұрғысынан қызықтырмаған тақырып жоқ. Мына жайт та шындыққа жатады: ешкімді де мәжбүрлемесе өзіне қатысы жоқ мәселемен айналысқысы келмесі анық.

Хазірет пайғамбар мен сахабалары арасында бар өзара сүйіспеншілік насихат ісінің орнықты жүруіне әсер еткен. Құран «Тәуба» сүресінің 128 аятында хазірет пайғамбардың сахабаларына өте мейірімді әрі мейірбан болғандығын сөз етіп, «сендердің қиналуларың оған ауыр тиеді» деуде. Бір ғана адамның иманға келуін әлемнің бүкіл нығметтеріне балаған, «бүкіл адамдар бір жолға түссе, Ансар [82, 572 s.] басқа жолға түссе, әрине, Ансармен бірге кетер едім», «Уаллахи, сендер маған адамдардың ең қайырлысысыңдар» деген пайғамбарға мүминдер де өлшеуге келмейтіндей махаббат танытқан. Бұл турасында хадис кітаптарында мысалдар көп. Дәрет суының тамшысына таласып, бірақ өзіне су жетпегенде жолдасының сулы қолына жармасқан, маңдайынан аққан терді миск деп жинаған, жаназаға жасаған дұғаға қызыққандығы үшін «соның орнына мен өлсемші» деген адамдар ретінде пайғамбарға жақсы тыңдаушы болып, кейде басына құс қонақтаған адамның тыныштық сақтаған үнсіз жағдайымен, кейде көз жастарымен алайда ылғи зор құрметпен, ерекше ілтипатпен құлақ қойған. Осы тұста хазірет пайғамбардың бір мубаллиғ (дін насихатшысы) үшін негізгі қасиет болып табылатын ізбасарларының көңілінен шығатын үлгілі тұлға болғанын, тыңдаушысының назарын өзіне жинақтай алу үшін түрлі тәсілдерге жүгінгенін де есте ұстаған жөн. Деректерге қарасақ, Мұхаммед пайғамбар жылы жүзді, табиғаты нәзік, сезімталдығымен ерекшеленді. Қатал, дөрекі мінезді емес еді. Алла оның жоғарғы адами қасиеттерін атағанда, «мейірбан», «мейірімді»,

«жұмсақжүректілігі» секілді қасиеттерін бекер атамаған. Бұл оның өз міндетін орындауда аса қажетті адами қасиеттер болғаны шындық. «Ант етейік, араларыңыздан сіздерге қиналғандарың оған ауыр тиетін, сендерге қамкөңіл, мүминдерге жанашыр әрі мейірімді пайғамбар келді» [5, 9-28 б.]. «Алланың рақымымен сен оларға жұмсақ қарадың. Егер қатал мінезді болғаныңда, бәрі айналаңнан тарап кетер еді» [5, 3-159 б.]. «Өзіңе ерген мүминдерге мейірім құшағыңды жай» [5, 21-107 б.]. Алла елшісінің Тәураттағы сипаттары сұралғанда сахаба оның «ақиқатқа куә, мүминдерге сүйіншілеуші, имансыздарды қорқытушы, әлсіздерге көмекші» ретінде аталғанын білдірген. Кішіпейілдігімен қатар ол өзі ренжісе де ешкімді ренжітпейтін, көмекке мұқтаж жандардың көмегіне жүгіретін. Оның лидерлік қасиеттері ерекше байқалған Мәдина кезеңінде руластары ғана қорғайтын жерде жүре алуы оның осындай баршаға құшағы ашық, баршаға көмектесіп жүгіруімен байланысты. Өзіне тым дөрекілік танытқан иудейлерге де жақсы қарағаны, олардың тірліктеріне көмек бергені білінген. Оның міндеті тұрғысынан да, жеке кісілігі тұрғысынан да әр адамның түйткілді мәселерін шешуге талпынуы сол кездің жағдайымен қарағанда өте маңызды. Билеушілер тізе батыратын қоғамда басшы ретінде қайта көркем мінез танытып, баршаның көмегіне жүгіруі, оларды ақыретте құтқарылуға шақыру секілді қасиетті міндет арқалауы әрі оны лайықты түрде орындауы оны жетістікке жеткізген негізгі себептердің қатарында назарға алынуы тиіс. Оны жетістікке жеткізген кісілік қасиеттерінің бірі Құранда да [5, 2-185 б.] діни ұстаным ретінде аталғанындай, әр ісінде жеңілдікті таңдауында. Мына сөзі осы шындықты ұқтыруда: «Жеңілдетіндер, ауырлатпандар, сүйіншілендер, қорқытпандар». Мұхаммед пайғамбарды жетістікке жеткізген себептердің бірі оның әділеттілігі. Адам ретінде баршамен теңдей қатынас жасауы, лидер ретінде өте әділ болуы оған жетістіктің жолын ашқан. Ұрлық жасаған ақсүйек әйелді жазадан арашалауға ара түскендерге айтқан мына сөзі соған дәлел: «Сендерден бұрынғылар беделді адам ұрлық жасаса, көз жұма қарап, қарапайым біреу сол қылмысты жасаса, бас салып жазалағандықтары үшін жер бетінен жойылған. Аллаға ант етейін, өз қызым Фатима осы қылмысты жасаса, оны да дәл солай жазалаған болар едім» [14, 16 б.]. Пайғамбардың бұл сөзі қазіргі күн үшін де өзекті. Атақ, абырой, тегі, байлығымен адамдар өздерін басқалардан артық қойып, сол үшін талас тартысқа баратын ортада адамдарды тең көретін әділеттілікті жақтауы әрі оны қалтқысыз жүзеге асыруы исламды қабылдауды жеңілдеткен факторлардың бірі. Бір істе жетістікке жету сол істі соңына дейін жеткізудегі ерік жігерге байланысты. Адамдарға ықпалды болу әсіресе пайғамбарлық секілді қасиетті міндетте жетістікке жетуде жігер өте маңызды. Осы себепті табандылық пен жігер пайғамбар бойындағы ізгі қасиеттердің бірі. Осындай қасиеттерінің арқасында өзіне белгіленген жолмен тек алға жүре білген. Мынаны айтуға болады: исламның сол күнгі араб қоғамында орнығуына бірнеше факторлар әсер еткенін айта аламыз. Әуелгісі, қоғам тоқырауға ұшырағандықтан, жаңа жүйеге, жаңа идеяға деген қажеттілік сезілді. Екіншіден, қоғамды түзеу үшін пайғамбарға қажетті жағдайлар қалыптасты. Үшіншіден, пайғамбардың жеке басының үлгілі қасиеттері, жеке талпынысы жетістікке

жетуіне жол ашты. Төртіншіден, Меккедегі экономикалық қатынастар және осы қатынастарға байланысты рулар арасындағы билікке талас тартыстар жаңа қозғалысқа деген қарсыластарды әлсіретуде еді. Айталық, хазірет Мұхаммедті қауымынан бөле алмаған Меккеліктер өзге руларды жинап, Абдулмутталип пен Хашимиттерге бойкот жариялаған болатын. Бойкот талаптарына қарасақ, ешкімге олармен ортақ жұмыс істеп, тіпті үйленуге тыйым салынды. Деректер бойынша, бұл бойкоттың бұзылуына себеп Мекке саудасына ықпалды рулардың жағдайларының жақсара түсіп, әлсіздерінің жағдайы тіптен қиындап кетуі болған [83, 130 с.].

Пайғамбарлық дағуаттың жол картасын анықтайтын ұстанымдар ретінде төмендегі діни ахлақтық өлшемдерге тоқталған жөн. А) Әуелгісі, дінде мәжбүрлеу, күштеу жоқтығы. Бұған діннен бұрын адам болмысына тән ұстаным ретінде қарауға болады. Адам мәжбүрлі кейіпте қандай да бір пайымды қабылдай алмайды, қабылдаған күннің өзінде жанын салып ол идеяны қорғамайды. Адамның қысым не күштеуді қабылдай алмайтын қасиеті оның абыройлы, үлкен құрметке ие жаратылыс екенінің онтологияның негізін құрайды. Адам сенім мен ойларын жеке қалау, дербес ықтиярымен таңдағанда ғана оның болмысында қайшылық кездеспейді. Алла тағала адамның осы жаратылыс бітіміне сай болғандықтан дін ретінде исламды таңдаған. Құранның баршаға мәлім ұстанымы әмбебап құндылықтың адамға да, исламға да қатыстылығын айшықтауда: «Дінде күштеу жоқ. Ендігі жерде туралық пен қисықтық бір бірінен ажыратылған. Ендеше, кім тағутты қабылдамай Аллаға сенсе, мықты дінгекке жабысқаны. Алла естиді әрі біледі» [5, 2-256 б.]. Аяттағы адамға қатысты мән: ол исламды қоса алғанда барлық жақсы жаман сенім мен құндылықтардың барлығы да адамның мәжбүрлеуді қабылдамайтын табиғатының алдында құнсыз болып қалатындығы. Ал исламға қатысты алсақ, уахидың адам өміріне қажетті бар құндылығын адам алдына ашық жайып салып, адамның оны өзіне жеткілікті санауы. Дәріптеліп отырған құндылықтардың не екенін барынша анық көрініп тұрған жерде, жауапкершілік дағуат ісін алушыға өтеді. Бұл бойынша «Дінде күштеу жоқ» ұғымы адамның жаратылыс ерекшелігін назарға алған әмбебап ұстанымды; «Ендігі жерде дұрыстық бұрыстықтан ажыратылған» ұғымы иләхи дағуатық анықтығымен қоса дағуатшының миссиясын, «Ендеше кім тағуттан бас тартып Аллаға сенсе, мықты дінгекке жабысқаны» ұғымы дағуатты жауапкершілігіне алған адамның жеке таңдауына берік болуын, «Алла естиді әрі көреді» ұғымы осы үрдістің барлық кезеңдері мен жақтаушыларына Алланың куә екенін білдіреді. Дағуатшы дінді дәріптеу кезінде тыңдаушыға физикалық не психологиялық қысым жасау, санасына бақылау жүргізу, дербес ықтияры мен қалауын тежеу секілді құқықтарға ие емес. Дінге деген құштарлығы, тыңдаушы қабылдаса деген ерекше ынтасы бұған жол аша алмайды. Жаратушы ие сенетіндерге сан жағынан басым болу, қайткенде де адамдарды сендіруге алып келу секілді міндет жүктемеген [5, 28/56], осы арқылы бір жағы дағуатшының міндетін жеңілдеткен. Қайта адамдардың көбінің құдайды мойындамауы [5, 13-1 б.], әуестіктеріне салынып, ширктен кейін барып иманға келген жағдайлары алға тартылған [5, 12-

106 б.]. Бұдан асып, тыңдаушыны қайткенде де сендіруге тырысу қысым көрсетуге, мәжбүрлеуге, күш қолдануға жол ашады. Ондай жағдайда дағуатшы ислам мүддесінен ауытқып, жеке жағдайын күйттейді. Дін иесі болған Алланың қалауын ескерместен жасаған істеріне дағуатшының тек өзі жауапты.

Дінді бір ғана түсінікпен шектемеу. Бұл исламның адам жаратылысымен санасқандығын көрсететін ұстаным. Барлық адамдардың бір-бірінен физикалық, сезімдік, зейіндік жағынан, өздері өмір сүрген әлеуметтік, мәдени, жағрапиялық жағдайлармен, басқа да этникалық, тектік жағынан ерекшеленетіні сөзсіз. Ислам осы көптүрлілікке дұрыс қарайды. Бұл өзгешеліктердің әрбірі де Алланың бар екендігіне бірер дәлел болып саналады. Ол өзгешеліктердің әрбірі өзінің ерекшелігін сақтай отырып, ғаламдық үйлесімдікті құрау арқылы астарындағы иләхи сырды аңдатады. Ислам үкімдері сол гармонияны құрап тұрған адам баласына да түрлі өзгешелікке тән екендігін шындық ретінде қабылдаған. Құран бойынша адамдардың талпыныстары мен іс әрекеттері әр түрлі [5, 92-4 б.], ішкі ниеттері мен таңдаулары да бір-бірінен өзгеше. Тыңдаушы адал ниетін сақтай отырып, исламның негізгі үкімдерімен қайшы келмейтін басқа да өзгеше тұжырымдар мен түсініктерді қабылдай алады. Дағуатшы да тыңдаушысын бір ғана діни түсінікке итермелемей, оған түрліше жолдар бар екенін көрсете білуі тиіс, сонда ғана дінге тар түсінік емес, кең түсінік тән екені анықтала түседі. Дағуатшы дінді өз жорамалымен ғана түсіндіруден аулақ болғаны дұрыс. Шынтуайтында, ол ұсынып отырған жорамал көп жорамалдың тек біреуіне жататынын жақсы ұғындыра білуі тиіс. Сонда тыңдаушы егер оның айтқанын қабылдамаса, дінді емес, тек бір адамға тән түсіндіруді қабылдамаған болып есептеледі.

Көзделген мақсат та, таңдалған тәсіл де дұрыс болуы тиіс. Дінге шақырудағы тәсіл де діннің өзіндей таза әрі заңды болуы тиіс. Күш қолдану, мәжбүрлеу, қысым жасау, бопсалау секілді әрекеттер аз уақыт жетістікке жеткізгенімен ол діннің мұратымен сәйкес келмейді. Өйткені дін әдістерді де қамтиды. Басқаша айтқанда, дін өз жолына тән тәсілдерді де айқындап береді. Дін үшін құрал мақсат емес, ал көзделген мақсаттың ішінде қажетті құралдар жасырулы. Мәселен, намаз жамандықтан және арсыздықтан бойды тазартатын құлшылық ретінде құрал үкіміне ие [5, 29-45 б.]. Алайда ол құлшылықты ең жақсы көрсететін құралдың бірі.

Бақытты, қауіпсіз орта қалыптастыру. Құран негізгі мақсат ретінде қоғам жүйесін дұрыстауды алға қояды. Зұлымдық, бүлік, әділетсіздік, әділетсіз соғыс секілді адам өмірін қиындататын барлық факторларды бұзақылықпен тең қарастырады. Жер бетін дұрыстау, ұрпақтың қамын ойлау секілді барша адам баласы құптайтын оң істер бір жағы шариғаттың мақсаты (мақасиду шариа) болып есептеледі [88, 9 с.]. Мал-мүлік, дін, жан, ұрпақ амандығын қамтамасыз ету әуелі мемлекеттің ізгі амал саласына кіретін негізгі бес ұстанымы. Бұл ұстанымдар бір жағы исламның өмірді дұрыстау бағытындағы барлық жеке адамдық әрі мекеме ретіндегі істеріне де қатысты. Ислам үшін де, исламға иек артатын басқа түсінік үшін болса да адамдардың ең негізгі құқықтары шектелінбейді, және олардан бұл тұрғыда жанқиярлық күтуге болмайды.

Дағуаттағы түпкі мақсат қоғамды дұрыстау. Дағуатшы осы бір түзеу ісін Алла көрсеткендей түрде жүргізеді. Дағуатшының дінге үгіттеу жұмыстарындағы іс әрекеттерін бақылаушы әрі оның сүйенер бір ғана Алла. Басқа ешкімге емес, күндердің күні тек қана Алланың алдына барып жауап беретінін ол көңілінде бек туюі тиіс. Жақсылыққа шақыру, жамандықтан тыю міндетін орындаудың талаптарының бірі қоғамда бүлік, арсыздық белең алуының алдын алу [89, 142 s.]. Қоғамдық тәртіпті қадағалауды алға шығаратын бұл талап исламның қоғамның тәртібіне қатысты мақсатына сай келеді. Бұл бойынша исламға дағуат істері қоғамға тыныштық пен тұрақтылық сыйлауы арқылы шынайы мақсатына жетеді. Тыңдаушылар әрдайым мынаны ескеруі қажет: бұл айтылып жатқан уағыз насихат исламның қоғамды сауықтыру мақсатына қаншалықты үлес қосатындығы.

Мақсат тыңдаушының дінге байлау, өзіне емес. Адамның жаратылысынан ақиқатқа құштар болуы көбіне өмірін қате істерге зая кетіруіне кедергі бола алмайды. Иләхи үндеу өзге үндеулердің көлеңкесінде қалып тұншылығып, адамдар жәбір жапа мен жамандықтан көз ашпаған уақыттарда пайғамбарлар келген. Қате жолдардан халықты дұрыс жолға бағыттау үшін пайғамбарлар оларды тәухид сеніміне шақырған. Пайғамбарлар әр түрлі, әрбірінің қауымы басқа болса да олар халықты бір кейіпте тек қана Аллаға құлшылық жасауға шақырған [5, 11-1 б.]. Дағуат ісіндегі негізгі мақсат Алла мен құл арасындағы әлсіреп кеткен не алшақтап кеткен қатынасты жаңадан қайта дұрыстау. Дағуатшы сол уақытқа дейін басын тауға да, тасқа да соғып уақытын зая етіп келген адамның жүзіндегі тебіреністі оның ақиқат дінмен қауышудағы қуанышы деп білуі тиіс. Бұл жердегі ең үлкен қателік, тыңдаушының өмірінде болған оң өзгерістің бәрін дағуатшының тек өзімен байланыстыра қарауы. Дағуатқа өзінің арадағы себеп екенін ұмытып, бар назарды өзіне аударуға тырысса, онда өзі де аңғармастан тыңдаушының қызығушылығын тудырған құндылықтардың тасада қалып кетуіне себепші болады. Білу қажет ең негізі жайт мынау: дағуатшының жеке басына көрсетілген құрмет сол діндегі құндылықтарды оның қаншалықты өзіне сіңіруімен ғана байланысты. Сондықтан дағуатшы оған малданбай, тыңдаушыны өзіне емес, негізгі мақсатқа бағыттауда жаңылыспауы қажет. «Былай де: Алланың қазыналары менде демеймін. Ғайыпты да білмеймін. Періштемін де демеймін. Мен тек өзіме уахи етілгенге ғана мойынсұнамын. Былай де: Көр мен көруші бір бола ала ма? Еш ойланбайсыңдар ма?» [5, 6-50 б.]. Дағуатшы ислам құндылықтары тұрғанда тыңдаушының назарын тек өзіндегі шектеулі дүниелерге аудармауы тиіс. Бүгінгі күні исламның атын жамылып тыңдаушыларды кейбір тұлғалар мен кейбір еңбектерге байлау байқалуда. Кей тұлғаларды әсіре дәріптеу арқылы дағуаттарының әсерін арттыруды көздеуде. Ғайыптың хабарын жеткізу, рухани дәрежесі биік, әр ісінде хикмет бар, қасына барсаң не ойлағаныңды біледі деген секілді сөздермен аңызға бергісіз адам жасап тыңдаушыларын соған ұйытуда. Егер тыңдаушыны жеке адамға бағыттап, бірақ Құран мен сүннеттен алыстататын болса, ол дағуатшы «адамдарды тәухидке шақыр, және өзіне бұйырылғандай турашыл бол» (5, 42/15) деген аятқа қарсы әрекет жасағаны. Бұл тек тыңдаушыға емес, дағуатшының өзіне де қауіп

төндіретін жағдай. Ислам дағуатында тыңдаушыны дағуатшының жеке басына табындыру емес, Аллаға табындыру көзделеді. Ал исламда иманға ерте келу, дағуатпен айналысу сенетіндер арасындағы иерархиялық баспалдақты білдірмейді, ол тек толайым шүкірді қажат ететін нығмет.

Дағуатта бас пайда көзделмейді. Дін адам өміріне жасаған ықпалымен жойқын күш екенін тарихтың барлық кезеңдерінде байқатқан. Бұл күш адамның болмысына сүйенетін тамырымен өзінің өзектілігін сақтауда. Дін арқылы күш жинауды мақсат еткен әумесерлердің сол күшпен халыққа қандай озбырлық жасағаны діндер тарихынан белгілі. Дін уәде еткен бақытты өмірге жету үшін діндегі күшті Алланың қалауына сай қолданатындай көркем ахлаққа ие адамдар қажет. Пайғамбарлар халыққа көрсеткен теңдессіз мінез-құлықтарымен осы аманатты алып жүре алатындықтарын байқатқан. Ешқандай бас пайда көздеместен дінді халыққа жеткізген олар осы жолда көптеген қиындықтарға душар болған. Бұл жағынан қарағанда, дағуат пайғамбарлар жеке мүдде көздейтін биік тұғыр емес, керісінше сол үшін бүкіл бас пайдасынан бас тартатын жауапкершілік. Құран бұл тұрғыда былай деуде: (Расулым) былай де: Бұл үшін сендерден ақы сұрамаймын. Әрі мен өзімді басқаша етіп көрсететіндерден де емеспін» [5, 38-86 б.]. Аятта әуелі хазірет пайғамбардың дағуатты қандай да бір ақы үшін атқармағанын, ал ақы үшін атқару ол ахлақтық қасиетке қайшы екенін білдірген. Бұл жерден дағуатшыда болуы тиіс діни жауапкершілік пен ахлақтық орнықты мінез айтылуда. Пайғамбарлардың дағуаттағы мақсаты жоғарғы ахлақтық қасиеттерге негізделген. «Былай де: Осы үшін сендерден Раббыларынан тура жолға түсуді қалаған адамдар (болудан) өзге ешқандай ақы сұрамаймын» [5, 25-57 б.]. Ақысын тек Алладан дәметкен пайғамбарлардың күткені адамдардың Алланы тануы, дұрыс жолды табуы. Дағуатшының түпкі ниеті мен қалауын барынша қарапайым әрі ашық тілмен түсіндірген осы сөздер дағуаттан не күтуге болатынын да анық көрсетуде. Дағуатшы мен тыңдаушы арасындағы негізгі мәселе тек «тура жолға түсуден» басқа болмауы тиіс. Пайғамбарлардың жоғарғы адами қасиеттері мен үлкен жауапкершілікпен жүргізген дағуаты бүгінгі күнгі дін насихатшылары үшін де үлгі болуы тиіс. Дағуатшы іс басталарда өзінің ешқандай дүниелік пайда көздемейтінін ашық білдіріп, тыңдаушы да онымен сол негізде қатынас құруы қажет.

Мүминдердің баршасы бір-бірімен бауыр. Иман Алламен байланыспен қатар адамдардың да бір бірімен жақсы қарым қатынаста болуын талап етеді. Өзгеше тіл, ұлт, жыныс, жағрапиялық аймақ не мінезге ие адамдарды иман тұрғысынан бауыр көру ешқандай баға жетпес иләхи нығмет. Құран бұл турасында былай деуде: «Мүминдер тек бауыр ғана. Ендеше, бауырларыңның арасын жарастырыңдар және Алладан қорқыңдар, сонда жарылқауға ие боласыңдар» [5, 49-10 б.]. Өзге мұсылмандарға көңіліңнің төрін ұсыну, олармен жақсы сыйласу ақидалық тұрғыдан да қажеттілік. Дағуатшы мұсылман үмбетінен әр кісімен танысуға құштарлық танытуы тиіс. Әр мұсылман үмбет деген алып теңіздің бір-бір тамшысы іспеттес. Ал тамшыны теңізге қосу, Алланың сансыз нығметтеріне қауыштыру дағуатшының бауырластық пен

адамдарды алаламау түсінігімен тығыз байланысты. Бүгінгі күні дағуат міндетін арқалаушы мұсылмандардан өзге мәзһаб, мектеп, жамағатқа қырын қарап, жақындамаушылығы, өзгеше ойлайтын немесе өмір сүру салты басқаша мұсылмандарға ашумен қарауы байқалады. Тек өзімен пікірлес, шектеулі сандағы мұсылмандармен ғана араласушылық, өзге мұсылмандармен кездесіп, жүздесуге беттемеу, өзге мұсылмандардың мәселелеріне құлақ аспау, оларды адастыға санау, өзінен басқаны көрмеу қазір бетпе кет келіп жүрген өзекті мәселелер қатарында. Өзге мұсылмандармен қатынасын тек мақтау мен даттауға, тура жолда және адасуда, сүннет бидғат, дос дұшпан деген секілді түсініктермен бағалаушылық өзгелердің көзін ақиқатқа бүркемелеумен шектелмей, діни қоғамдық бірлікке де сызат түсіретіні белгілі. Тарихта бүгінгі күнге дейін исламға тырнақтай болса да еңбегі сіңген өзін мұсылман санағандардың баршасы қадірлі әрі құрметке лайық.

Дағуатшы табанды болуы тиіс. Табандылық адамға еріксіз әсер ететін қасиет. Тарихта адамдардың небір қате сенімдердің соңына ілесуіндегі себептердің бірі сол жолды дәріптеген тұлғалардың көрсеткен табандылығы болғанын айтуға болады. Мейлі түп негізі қандай болса да табандылықпен дәріптелген сенімдердің ықпалды болуында адамның теориядан практикаға, пікірден көп амалға көңіл бөлетін жаратылыстағы қасиеті себеп болуда. Ислам ішкі тұрақтылығы Алла тарапынан кепілдікке алынған, туралығы еш күмән тудырмайтын, қайшылықтардан таза дін. Ендігі жерде осы табандылықтың бекер теория еместігін аңдататын адами тәжірибе ғана қалуда. Алайда бұл жерде де дағуатшы діннің практикалық жағын бір өзі толық көрсетуге мәжбүр жағдайда емес. Ол тұрғыдан Құранда қиссалары айтылатын пайғамбарларға, Мұхаммед пайғамбардың өміріне, үлгі-өнегесіне көз салу жеткілікті. Дегенмен таза сенімге күмән тудырмауы үшін дағуатшы өзінің жүріс-тұрысы мен ахлақтық деңгейіне де мән беруі тиіс. Құранда бұл турасында былай делінген: «(Адамдарды) Аллаға шақырға, ізгі іс жасаған әрі «мен мұсылмандармын» деген адамнан артық жақсы сөзді кім бар?» [5, 41-33 б.]. Аятта ислами дағуаттың шеңбері айқын көрсетілген. Аллаға шақыратындар соған сай өз іс әрекеттерін бақыламаса, мақтауға ие бола алмайды. Аятта табандылықтың екі қыры айтылуда: бірі осындай үндеу жасаушының моралдық жағынан биік тұруы, екіншісі сол шақырған сенімнің мөлдір тазалығы, теориялық қайшылықтарға ұрынбауы. Ондай талаптың үдесінен әрине исламның шыға алатыны сөзсіз. Ислами дағуатта табансыздыққа бір жақты дағуатшы ғана кінәлі болып табылады. Сөзі мен ісі бір жерден шықпайтын, айтқандарына өзі қайшы әрекет жасайтын, моралдық жағынан өзгелерден биік тұра алмаған, мінезі тұрақсыз, айтқаны сенімсіз дағуатшылар артық қылам деп жүріп тыртық қылғандарын байқамауда. Шын мәнінде дағуат жасаушының табандылығы өзі үндеген діннің де шынайылығын көрсетумен тығыз байланысты. Өйткені тыңдаушылар уағыз айтушының жеке бас іс әрекеттеріне қарап, оның сөзіне құлақ асады. Дағуатшылардың моралға сыймайтын, ұнамсыз әрекеттерге баруының кесірінен исламға кір келуде. Ондай кесірлі әрекеттің олардың ақыреттік өміріне қаншалықты керек әсер ететіні

кәлам ілімінде қарастырылуы өз алдына, алайда исламға күйе жағатыны талассыз шындық.

Қысқаша қорытындылар болсақ, дағуат кезіндегі қолданбалы әдіс-тәсілдер және ислами дағуаттың шеңберін анықтайтын ұстанымдар мына жағдайлармен анықталады. Даналықпен шақыру. Дағуат Алла разылығы әрі мұсылманның міндеті болғандығы үшін атқарылуы керек. Ақы алу не мансап, байлыққа жету үшін жасалмайды. Дағуатшы бәрінен бұрын адамдарды тәухидке, Алланың барлығы мен бірлігін мойындауға шақыру тиіс. Дағуат адамдарға жекелей жасалатынындай патшаларға, мемлекет басшыларына да елші не хаттар жолдау арқылы жұртымен бірге исламды қабылдауға шақыру арқылы да жасалады. Дағуатшы исламды жеткізу үшін тән саулығымен қатар өзіне жеткілікті материалды мүмкіндікке де ие болуы керек. Ол ешкімнің жәрдеміне мұқтаж, ешкімге масыл болмастан, өзін және отбасын қамтамасыз ете алатындай айлық табысқа не мамандыққа ие болуы керек. Егер бұған дағуатшының жеке өзінің шамасы жетпесе, оған мұсылмандар көмек беруі керек. Дағуат міндеті арнайы қабілет пен қажетті шарттарды талап ететіндіктен, әр мұсылманның жағдайы оған сай болмауы мүмкін. Сондықтан дәулетті мұсылмандар дәулетінің бір бөлігін дағуат үшін бөлуі керек. Өйткені дағуат мұсылмандардың барлығына ортақ міндет. Исламға шақыру расында қиын әрі машақатты іс болғандықтан, мықты сабыр мен жігерлі болуды қажет етеді. Жұртты исламға шақыру мәселесінде қазіргі дамыған технология мүмкіндіктерін де тиімді пайдала білген жөн. Бүгінгі күні спутник жүйесі, телекоммуникация, теледидар, телефон, әлеуметтік желі, факс пен хат секілді жүйелер арқылы бір хабар ең аз уақытта әлемнің түкпір-түкпіріне тарауда. Ислами дағуаттың жол картасын анықтайтын ұстанымдар ретінде төмендегі діни ахлақтық өлшемдерді анықтап көрсеттік. Әуелгісі, дінде мәжбүрлеу, күштеу жоқтығы. Дінді бір ғана түсінікпен шектемеу, көптүрлілікті ескеру. Көзделген мақсат та, таңдалған тәсіл де дұрыс болуы тиіс. Бақытты, қауіпсіз орта қалыптастыру. Мақсат тыңдаушыны дінге байлау, өзіне емес. Ислам дағуатында тыңдаушыны дағуатшының жеке басына табындыру емес, Аллаға табындыру көзделеді. Дағуатта бас пайда көзделмейді. Дағуат пайғамбарлар үшін жеке мүдде көздейтін биік тұғыр емес, керісінше сол үшін бүкіл бас пайдасынан бас тартатын жауапкершілік. Мүминдердің баршасы бір-бірімен бауыр. Дағуатшы мұсылман үмбетінен әр кісімен танысуға құштарлық танытуы тиіс. Дағуатшы табанды болуы тиіс.

2 ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ДІН ҚҰБЫЛЫСЫ: ДАҒУАТ ҮДЕРІСІНІҢ САЯСИ, ИДЕОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ДІНИ ТАНЫМДЫҚ ҚАБАТТАРЫ

2.1 Исламның таралуы және қазақ даласындағы дағуат: үдерістік және құбылыстық ерекшеліктер

Ислам тарихының алғашқы жылдарында байқалған дінге шақырудағы жанкешті әрекеттердің барлығының астарында ақиқатқа шақыру ниеті жатқандығын аңғаруға болады. Ислам екі құтыпты, яғни ақиқат пен жалғанды тұтастандыру ұстанымына көңіл бөледі. Ол үшін де таухид пен ширкті салыстыра ұсынып, адамзаттың бақытқа жетуінің кепілі ретінде, исламды ұсынады. «Тура жол» және «адасу» себептері мен салдарын, мақсаты мен мұратын қоса салыстырып көрсетуді методологиялық тұғыр ретінде танытады. Нәтиже «сауап» пен «күнә» адамзаттың осы дүниедегі істерінің салдары ретінде ақыреттегі еншісіне айналады. Бұл да «осы дүние» мен «ана дүние» арасын таухиди тұжырыммен түсіндірудің, тұтастандырудың кешенді илахи жүйесі болатын. «Өзгелерді тура жолға шақырған адамға осы үндеуге ілескендердің сауабындай сауап беріледі. Бұған қоса, олардың сауабынан еш нәрсе кемітілмейді. Адасуға шақырған адамға да оған ілескендердің күнәсіндей күнә беріледі. Бірақ оған ілескендердің күнәсінен еш нәрсе кемітілмейді» [7, 16 б.].

Адамзат тарихында бірінші ұстаз ретінде танылған, Хазірет Мұхаммед (с.а.с.) ислам ақиқатын танытудың методологиялық тұғырнамасын өз тұлғасы арқылы жариялап кеткен, соңғы ескертуші ретінде танылады. Ол ең алдымен ең жақын туыстарын исламға шақырды. Алғашында жары Хуайлидқызы Хадишаны, сосын әлі жас бала Али ибн Әби Тәліпті, кейіннен басқа да жақын туыстарын, жолдастарын үгіттеді. Бірте-бірте дағуат ісі Меккеден сырт аймақтарға да тарады. Мұны пайғамбарлық метод ретінде, теологияда, орталықтан шетке, яғни, имманенттіліктен трансцендеттілікке бағытталған, құдайтану эпистемиологиясы деп қабылдайды. Исламда бұл «Кім өзін өзі таныса, жаратушысын таниды» деген қағидамен анықталған.

Мәдиналықтардың исламды қабылдауы исламның саяси тұрғыдан орныға түсуіне тың серпін берді. Мәдинадағы беделді рубасылар, Әсад ибн Зүрара, Үсайд ибн Хұдайыр, Сағыд ибн Муаз секілді белгілі тұлғалар жаңа сенімге, исламға өтті.

Хижреттің сегізінші жылы Мұхаммед пайғамбар дағуаттың ауқымын кеңейту әрі ақиқатты жеткізу мақсатында ірі мемлекет билеушілер де елшілер жіберіп, хаттар жолдап исламға шақырды. Атап айтқанда, сахаба хазірет Дыхиятул Калбидің елшілігімен Византияға императоры Гераклийге, сахаба хазірет Абдуллах ибн Хузафаның елшілігімен Иран Кисрасына, сахаба хазірет Амр ибн Умайя елшілігімен Эфиопия билеушісі Нажашиге, сахаба хазірет Хатыб ибн Балтаға елшілігімен Мысырдағы Мұқауқысқа, сахаба хазірет Шужа ибн Уахб елшілігімен Сирия Фассин арабтарының билеушісі Хариске, сахаба хазірет Салит ибн Умайр елшілігімен Ямама патшасы Хаузаға, сахаба хазірет Ияш елшілігімен Йемен билеушісі Хымиярға исламға шақыру хаттары жіберілді. Бұл құбылыс ислам тарихында, исламды дін, саяси жүйе, өркениет, халықаралық құқық, әрине

жахандық жаңа низам ретінде танытқан алғашқы ұстаным болды. Бұл ұстаным, ақиқатқа шақыру, дағуат болатын.

Әділетті халифалар кезеңінде де исламға шақыру ісі толастамады. Олар ішкі қайшылықтарға қарамастан, ислам территориясын кеңейту ісіне асқан жауапкершілікпен қарап, жалғастыра берді. Әрине, харизмалық тұлғасы бар хазірет пайғамбардың орны ойсырап тұрды. Дегенмен олар олқылықтың орнын толтыруға әрекеттенді. Ислам жағрапиясының кеңейе түсуі өзімен бірге жаңа мәселелер де туындатты. Мұсылмандардың экономикалық, сауда, әлеуметтік, ғылыми және дүниетанымдық тұрғыдан дүниені тануға деген қызығушылық орын ала бастады.

М. Айтепе, ислам тарихы идеологиялық жолдармен түрлі аймақтарға тараған мектептердің көптігіне назар аудартады. Ол мақаласында ислам тарихында дағуаттың саяси-идеологиялық мақсатта қолданылғанын атап өтеді[84]. Соның бір мысалы Харижиттер. Себебі Харижиттерден тыс көп адам немесе ағымдар осы бағытта еңбектенген. Харижиттер төрелік оқиғасымен әйгіленіп, әлеуметтік және мәдени қырлары бар діни қозғалыс ретінде мәлім. Яғни Харижиттікті маңайдағы тұрғындардың орталыққа, бәдәуилердің мәдениетті адамдарға, кедейлердің аристократтарға деген тарихтағы ашуының діни формада көрініс тапқан оқиғасы деп айтуға болады. Олар хазірет Али, хазірет Осман, Жәмал оқиғасына қатысқан сахабалар, екі төреші және олардың екеуін не біреуін растаған немесе аралық қазылыққа (тахким) разы болғандарды күпірлікпен айыптаған. Өздері дұрыс көрген ұстанымдар бойынша біріккен адамдар кейіннен саяси ахуалдың да өздері қалағандай болуына иек артқан. Харижиттік имамдардың бірі Калхати жақсылыққа шақырып, жамандықтан тыю ісіне «парыз айн» ретінде қарап, оны атқармауды дінді тәрік ету ретінде пайымдаған [85, 399 s.]. Харижиттік жетекшілердің Уахб әр-Расибиді оқыған хұтбасында өздеріне қосылмаған мұсылмандармен соғысуды жақсылыққа шақырып, жамандықтан тыю, шындықты айту мен дін жолында соғысу секілді ұстанымдарға сүйенген. Құранның осы негізгі үкімін мәзһабқа тән мотивтермен ұстаным жағдайына келтірген Харижиттер осы арқылы биліктегі басшыларға қарсы көтеріліс жасап, өздері тұрып жатқан аймақта тұрақсыздықтың белең алуына себеп болған. Жақсылыққа шақырып, жамандықтан тыю миссиясын бұлтартпас ұстаным ретінде қабылдаған Харижиттер осы ұстанымды алға тартып, тарихтағы атышулы оқиғаларға түрткі болған.

Тарихи деректерде, Мұғтазилиттердің құрушыларының бірі Уасыл ибн Ата мен жолдастары бір топ Харижитпен кездескенде, кім екендіктерін сұраған Харижиттерге «Біз Алланың дінің үйренгісі келетін мүшріктерміз» деп жауап айтуға мәжбүр болған. Уасыл сонда да өздерін жібермегендерін байқағанда, басына сауға сұраған мүшріктерге сауға беру керектігін айтқан Құран аятын естеріне салған, сонда ғана Харижиттер оларды босатқан [86, 235 s.].

Исламға шақыруды өз мәзһабының негізгі ұстанымы еткен тағы бір ағым ол Мұғтазилиттер. Мұғтазилиттердің жақсылыққа шақырып, жамандықтан тыю ұстанымын өз мәзһабтарының негізгі тұғыры болып табылатын «Усулу хамса» аясында қарастырғаны баршаға мәлім. Бұл ұстанымды қандай мотивтермен

қабылдағандары, Уасыл ибн Атаның алыс аймақтарға не үшін дағуатшы (даи) жібергені турасында әлі де зерттеушілер арасында пікір қайшылықтары бар. Бұған қоса, Бағдат муғтазилиттерінің мехнат (михна) уақыттарында істеген әрекеттері, саяси-идеологиялық діни тұжырымның анық мысалы бола алады.

Халифа Мамун кезеңінде «Құран жаратылған» деген идеямен басталған әрі Әхлі хадис ретінде өзгеше ой-пікірге ие қарсыластарды тұқыртуды көздеген мехнат (михна) уақыттарында Мұғтазилиттік пайым саяси идеологиялық мақсатқа жұмыс істеп, зорлық пен қинаудың бір әдісі ретінде қолданылған. Сол кездегі аяусыз, мехнатты (михна) уақыттардағы ұстанымы Мұғтазилиттер тұрғысынан әсіресе әділеттілік пен жақсылыққа шақырып, жамандықтан тыю секілді негізгі ұстанымдармен қайшылыққа түскенін көрсету тұрғысынан назар аударарлық.

Исмаилия мен Карматилер де мәзһаб жұмыстарын «дағуат» деген атпен жүргізіп, имам тарапынан билік берілген дағуатшы дағилар түрлі аймаққа жіберілген [87, 26 s.]. Мәзһабтар тарихы мен кәлам ілімінде идеологиялық діни ағымдардың дағуат арқылы қалай пайда болғаны әрі аймақтағы діни түсініктерге қандай ықпал жасағандықтары жайлы кең мәліметтер қамтылған. Ислам тарихында сансыз ағым, мәзһаб, доктриналардың дағуат тұрғысында жинақтаған тәжірибелері дін атынан түрлі заң бұзушылықтар мен тоқырауларға алып келген. Ислам тарихын топтардың белсенділік тарихы ретінде қаншалықты қабылдайтын болсақ, дін мен жеке адамның тікелей қауышуының да соншалықты қиындатылғанын байқаймыз.

Қарсы топтардың дағуат деген атпен қасарысып сіңірген діни түсініктері қазіргі күні де түрлі келеңсіздіктерге себеп болуда. Дін жеке адамды әлеуметтік ортаға тартса, ал топтар дағуат арқылы оны өз айтқандарынан шығармай, әлеуметтік және саяси күшке жетуді мақсат етуімен оның шынайы мәнін қашыруда. Дін идеологиялық құрал ретінде ықпалын күшейткен сайын ақиқат ауылынан алыстайды, осыдан келіп идеология тақырыбына кіретін салаларда да адамдар тоқырауды бастан кешеді.

Діни топтарды шындық ретінде қабылдау қазіргі социологияда бар негізгі құбылыстардың бірі. Бұл бойынша тарихта мысалдарын айтып өткен әрі исламның үндеуін түрлі аймақтарға жеткізуде дағуатшы статусындағы адам немесе мекемелер арқылы жүзеге асқан тәсілдер күні бүгін де жүзеге асуы мүмкін. Дегенмен жеке адам мен дін арасындағы қатынастың дұрыс орнығуы үшін сол дінді жеткізетін дағуатшылар түрткі болатын қателіктерді де азайту керек. Дағуат жүргізуші негізгі бағытынан тайып кетпеуі үшін тыңдаушының да білім алуға деген құқын ескеріп, исламның негізгі құндылықтарына жүгінген жөн. Өйткені бұл құндылықтар діннің адамдарға өз шынайы мәнінде, таза қалыбында жетуіне жол ашады.

Мұхаммед Әл-Хидр Хусейн өзінің «Дағуа иләл-ыслах» атты еңбегінде мынадай анықтама келтіреді: «Ол - адамдардың ізгі-жақсылық пен туралыққа бет алуына түрткі болу, оларды ертелі-кеш болатын қуанышқа жетелейтін жақсылыққа бұйырып, жамандықтан қайтару» [7, 17 б.]. Алыс-жақын маңайдағы мемлекет билеушілерге Мұхаммед пайғамбардың исламға шақырып жолдаған

хаттары да осыған нақты мысал кейпінде. Себебі Исламда әуелгі кезекте исламға шақыру міндеті тұр [8, 16 б.]. Құранда соңғы елші Мұхаммедтің тек белгілі бір қауымға ғана емес, барша әлемге пайғамбар ретінде келгені білдірілген [5, 7-158 б.]. Ислам дінінде дінге шақыру тек елшілерге ғана қатысты емес, ол мұсылмандардың баршасына міндетті ортақ істердің қатарында. Себебі «Араларыңнан жақсылыққа шақырып, жамандыққа жол бермейтін бір топ болсын деген аят дінге шақыру ісін үзбеу керектігін білдіретін әлеуметтік міндеттілікті сездіруде. Исламға шақыру мұсылман үмбетіне ортақ міндет болғанмен, үгітті қабылдамаушылардың әрекеті үшін олар жауапты емес. Себебі тура жолға салушы Жаратушы иенің өзі болып табылады. Құран сенімі бойынша, Алла тура жолдан тайдырған адамды ешкім жөнге сала алмайды [5, 4-88 б.]. Жаратушы ие дінге шақыру ісіне немқұрайды қараған көне қауымдардың соңы қандай болғанын да хабарлаған: «Кәне, араларынан бір қауым «Алла түбіне жететін, немесе қатты азаптайтын қауымға несіне үгіт айтасың?» деді. (Үгіт айтушылар) былай деді: «Раббыларыңа сылтау айтуға әрі абайлайтын шығар деген үмітпен (үгіт айтудамыз)». Олар өздеріне жасалған ескертулерді ұмытқанда, біз де жамандықтан тыюшыларды құтқардық, зұлымдық жасаушыларды да жасаған жамандықтары себепті ауыр азаппен құрттық» [5, 7-164-165 б.]. «Алла осы аятпен үш топқа бөлінген елдің тұрғындарының жағдайын білдіруде.

Топтардан бірі сенбі күнгі тыйымға қарамастан, балық аулап күнә іс жасаған. Екінші топ болса күнә істеушілерге уағыз айтып, оларды күнәдан сақтандырған. Үшінші топ болса, үндемегенді жөн көріп, еш нәрсеге араласпастан, олардың жамандықтарына тосқауыл болмаған. Бұнымен қоймай, «Алла өзі құртып, қатты азап беретін қауымға несіне үгіт айтасындар? Ескерткен сөздеріңнің бәрі бекер» деген. Ал ескертушілер: «Раббымызға айтар сылтауымыз болсын» деп оларға тиісті жауап берген. Яғни жақсылықты бұйырып, жамандықтан сақтандыру мәселесінде Раббымызға сылтауға жарасын деп олардың жамандық жасауына жол бермеудеміз. Біз дағуатымызды жасасақ, мүмкін бұл бұзық топ райынан қайтып, тәубе етер, Алла тәубелерін қабыл алып, оларды айтқандарымызға құлақ салдырып мейірім танытар» [6, 239 с.]. Байқалғандай, осы дүниеде дұрыс сенімге шақыру арқылы ол адамдардың ақыретін құтқару мәселесіне мұсылмандар бей жай қарай алмауда.

Тарихи дереккөздерден аңғарғанымыздай, мұсылмандар үшін өзгелердің жақсылығын тілеп, оларды тура жолға, хиядаятқа шақырудың мәні зор. Бұл ұлық міндетті орындағанда мол сауапқа кенеледі, елемегендерге ауыр азап ескертілген. Адам Жаратушысын танып, өзінің пенделік міндеттерін дұрыс орындағанда ғана барып, жер бетінде тыныштық орнайды. Сол тыныштықты орнату үшін Жаратушы ие адам баласын ардақты болмыс етіп жер бетіне халифа еткен [5, 17-70 б.].

Әйтсе де адам баласы өз ақылымен әрдайым жақсы мен жаманды, дұрыс пен бұрысты нақты ажырата бермейді. Осы себепті Жаратушы ие рақымдылық танытып, оларға үздіксіз елшілерін жіберіп, кітаптарын түсіріп, дұрыс өмір сүру салтын көрсетіп отырған. Соңғы елші хазірет Мұхаммедті (с.а.с.) де бұл әлемді

қараңғылықтан жарық сәулеге бөлеу үшін жіберген. Осылай адамзаттың игілігі үшін пайғамбарлардың жіберілуі, иләхи дінге шақырудың қажеттігі тұрсындағы ең үлкен дәлел [2, 17 с.]. Бұл концепция дін феноменологиясында діни дағуаттың теологиялық негізі ретінде танылады.

Тарихи үдерісте исламның басқа елдерге ашылуы, кеңейе түсуі мұсылмандардың өзге мәдениеттермен танысуына, ықпалдасуға да жол ашты. Осы себепті Омар ибн Хаттаб осыған қатысты бірқатар шешімдер қабылдаған. Айталық, Құран кәрімде мұсылман ер кісілердің зымми әйелдермен үйленуіне рұқсат етілуіне қарамастан, Омар ибн Хаттаб Мәдаин әкімі Хұзайфа ибн Яманнан түбі иудей әйелімен ажырасуын қалаған. Сірә, аралас некенің алдын осылай алғысы келсе керек [8, 50 б.]. Осы секілді ұсақ оқиғаларға қарасақ, пайғамбар уақытына қарағанда аздап болса да негізінен тайқыған жағдайлар орын алғанын аңғаруға болады.

Омаядтар династиясы билік құрған кезде, дағуат түсінігі өз мәнін күрт өзгертіп, көңіл көтеру сияқты жағдайлар мақсат болып кетті. Омаяд билеушілері (Омар ибн Абдулазизді қоспағанда) исламдық дағуатта айтарлықтай үлгі көрсете алмады. Басқаша айтқанда, олардың өмір сүру салтына қараған өзге сенім өкілдері исламды басқаша түсінер еді. Олар билеушілер ретінде патшалық сән салтанатты тұрмысқа бой алдырған болатын.

Атақты Жабиридің айтуынша, төрт халифа кезеңінде дін саясатты құрады әрі басқарды. Саясат дінге қызмет етті. Омаядтармен бірге дін, саясаттың анықтаушысы әрі динамикасы ретінде, ендігі жерде олжа әрі арабтардың үстемдігіне ұласты. Омаяд билеушілерінің көбі ойы-сауыққа, ән-жырға, ат жарысы, аң аулауға, күндермен рахат кешуді әдет ете бастады. Бұдан олардың дүниеқұмарлыққа салына бастағанын көреміз. Дегенмен осыған қарамастан Омаядтар кезеңінде де дағуат істері үзілмеді. Омаядтар кезеңінде де исламның кеңеюі тоқтамады. «Омаяд билеушілері «жаңа жер жаулау» мен «исламның жайылуын» бір деп түсінді. Діндарлықпен не саяси не маслахат қажеттілігімен бір жаққа жасақ жіберсе, исламды бүкіл әлемге жаю мақсатын көздеді. Тіпті көбіне әулетінен таңдаған қолбасшыларға берген бұйрықтарында, әскерге арнаған сөздерінде, оларды соғысқа ынталандыру, батылдандыру үшін жазған хаттары осы шындықты байқатуда. Олардың осы талпыныстары арқылы ислам кең тарап, әлемдік дін жағдайына жетті. Фатх жорықтары көп ұйымдастырылған кезеңдегі халифтер діндарлықтарымен көзге түскен. Дінді дұрыс ұстанбаған халифалардың жағдайы болса, көбіне ішкі арпалыстармен өтіп, исламның сыртқа жайылуына ықпал ете алмаған.

Енді бір жағынан Омаяд билеушілері дінді ұстанудағы босандықтарынан гөрі кеңеске сүйенетін әрі лайық тұлғаларды негізге алатын халифалық жүйесін өзгерту, оның орнына күш қолдануға сүйенетін әрі мұрагерлікпен жүретін патшалыққа ойысқандықтары себепті сынға алынған. Міне, Омаядтар кезінде дағуаттың саяси мақсатпен жасалғанын байқауға болады. Айталық, Омаядтар кезеңіндегі қарсылас топтардың басында Харижиттерден бастап, Алиды жақтаушылар, Абдуллаһ ибн Зубайр секілді топтар адамдарды өз тараптарына шақырған болатын. Саяси дағуат діни дағуатпен біріккен. Әрбір саяси топ әрі

осы дүниеде, әрі ақыретте мұратқа жетудің өздеріне тән екендігін алға тартып, өздерінің қатарына шақырған.

Саяси мақсаттағы дағуат (исламның мақсатынан ауытқу) Аббасидтер кезеңінде де жүргізілген. Саяси дағуаттың толық жүргізілуі Аббасидтер мемлекетін құруға алып барған Аббасидтер көтерілісінде жүзеге асты. Олар өздеріне пайғамбарлық негіз ретінде, Мұхаммед пайғамбардың «Ақабада жасаған жасырын кездесулерін» тұжырымдады. Ол Аббаси көтерілісінің шығуына негіз болды. Тура пайғамбардың жасағанындай қозғалысты ұйымдастырушы әрі идея жетекшісі Мұхаммед ибн Али ибн Абдуллаһ ибн Аббас он екі қолдаушысы, оларға қарасты жетпіс дағуатшысымен өте жасырын түрде дағуат істерін жүргізіп, нәтижеге жеткен. Осы құбылыс, дағуат істері нәтижесінде, түркілердің исламды қабылдауынан кейін де жалғасты. Мысалы, Қараханидтер әулетінің Саманидтер басшысын күтіп алуы, оның біраз уақыт тұрақтауы, осыдан барып ислам насихатшыларының сол аймаққа баруы Абдулкарим Сатық Боғра ханның ислам дінін қабылдауына себеп болған.

Абдулкарим Сатық Боғра хан Қараханидтар билеушілерінің арасында исламды алғаш қабылдаған билеуші ретінде білінеді. Абдулкарим Сатық Боғра ханның исламды қабылдауы турасында Ибнул Асир оны көрген түспен байланыстыруда. Яғни Сатық түсінде көктен бір кісінің түскенін, өзіне мұсылман болуды айтқанын білдірген. Сөйтіп түсінде мұсылман болған. Таңертең мұсылмандығын жария етті [9, 34-35 s.]. Бұдан оның мұсылман болуына көрген түсін әсер еткенін байқаймыз.

Басқа бір риуаятта мұсылман болу себебі Бұқарадан келген кісілердің жасаған құлшылықтары болғаны айтылады. «Сатық он екі жасқа толғанда, оған дейінгі билеушілердің балаларына ұқсамайтындай аса көркем, таза, зейінді, алғырлығын байқатты. Бұл кезде Бұқарадан бір керуен келді. Сатық олардың не әкелгенін көргісі келіп, заттарынан салық (хараж) алу үшін Артучқа барды. Сол жердің әкімі Наср әс-Самани оны жақсы сыйлап күтті. Түс уақытында мұсылмандар намаз оқу үшін түрегелді. Намаз оқып жатқандарға алыстан көз тастап тұрды. Намаздан кейін Насрдан олардың не істегендіктерін сұрады. Ол «Бізге күн сайын бес уақыт намаз оқу парыз етілген» деп жауап қатты. «Оны кім сіздерге парыз етті?» дегенде, Наср Алланы көркем есімдерімен жайлап түсіндіре бастады. Мұхаммед пайғамбар үйреткен исламның парыздары мен сүннеттерін, исламның артықшылығын, және тағы басқа әңгімелер айтты. Наср бәрін айтып болғанда Сатық «Міне, Алла осы. Ол құлшылыққа барынша лайық» деді. Сөйтті де іле исламды қабылдады. Жанындағыларға да исламды қабылдауға бұйрық берді» [10, 58 s.]. Демек исламның түркілер арасында жайылуында, хан, сұлтан, патшалардың саяси шешімі ең басты орында тұрды. Бұл мысал Өзбек ханның исламды мемлекеттік дін дәрежесіне көтеруіне ықпал еткендігі тарихтан белгілі.

Исламның кеңінен таралуында, футухат, саяси билікпен қоса, адам жаны мен санасына ықпал ететін, таным, білім, сезу, мойынсұну және иман сияқты интеллектуалдық акциялардың да шешуші орында болғандығы белгілі. Ислам дағуатының тарауында фатх жорықтары, сауда-саттық, сопылық құбылысының

үлесі зор. Иран, Қорасан, Мавранахр секілді аймақтармен Африканың шартарабына исламның жайылуы осындай дағуат әрекеттері арқылы жүрген. Шығыс Африка елдері мен Қиыршығыс Азия елдерінің Үндістан, Қытай, Индонезия, Малайзия мен Филиппиндер көбінде және Балкан елдерінде исламның жайылуы көбіне көпестердің және мұсылман дағуатшылардың (сопылардың) және жатжұрттарға қолға түскен тұтқындардың дін жеткізу іс әрекеттері арқасында жүзеге асқан.

Сопылардың қолдауымен ислами дағуаттың жайылғанына мысал ретінде Мауараннахар, Нигерияны айтуға болады. Нигерияда исламның жайылуында Қадирия мен Тижания тариқаттарының, әсіресе, XX ғасырдың екінші жартысында маңызды рөл атқарған. Себебі Орталық Африкада да Тижания мен Муридия тариқаттарының исламды таратуда ықпалы зор. Әрине, бұл тек Нигерия мен Орталық Африкаға тән емес. Африка тұтастай, Азия мен Балкан елдерінің көбі қалаларда исламның жайылуында сопылардың маңызды үлесі бар. Сондай ақ, саудагерлердің үлесі де сопылардың үлесіндей болмаса да елеусіз емес. Айталық, Орталық Африкада исламның жайылуында араб саудагерлерінің үлесін жоққа шығаруға келмейді. Бұл аймаққа араб саудагерлер, оңтүстік Чад пен батыс Суданнан келетін. Исламның Филиппиндегі бірқатар аралдарда жайылуында сопы арабтың талпынысы үлкен. Туан Шариф Әулия деп те аталатын Карим әл-Махдум атты бір сопы араб 1380 жылы Буансаға (қазіргі Гола) келіп, махалла басшыларының рұқсатымен өзге аралдарды аралап, исламға шақыру жұмыстарын жүргізген [11, 85 с.].

Дағуаттың саудагерлермен қатар соғыс арқылы жайылуында Финляндияда исламның жайылуына мысал ретінде көрсетуге болады. Финдердің исламмен танысуы Ресейдің билігіне қарасты жылдарға дәл келуде (1809-1917). XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап Татарстанның Қазан қаласының солтүстік батысындағы Нижний Новгород маңайында тұратын татар текті мұсылмандар сауда мақсатымен Финляндияға аяқ тіреді. Саяхатшы саудагер бұлардан басқа сол уақыттарда ресей армиясында міндет атқаратын мұсылман әскерлермен орталықтан жіберілген бірқатар мұсылман қызметкерлер Финляндияның түрлі аймақтарына таралды. Тараған жерлерде исламды таратуға талпыныс жасады [12, 113 с.].

Осы секілді ислам Батыс Африка елдерінен Габонға, XIX ғасырдың соңына қарай көтерілістерді басу үшін Сенегалдан әкелінген мұсылман әскерлер, Француздардың қолындағы Батыс Суданмен осы аймақ арасында қатынайтын саудагерлер және осы аймаққа жер аударылған шейх Ахмед Бамба мен Самори Тури арқылы кірген [13, 274 с.]. Бұндай мысалдарда көптеп келтіруге болады. Яғни, Мұхаммед пайғамбар өмірден озғаннан кейін де дағуат істері үзбей жалғасып бүгінгі күндерге дейін жеткен.

Ислам дағуатын қияметке дейін жүргізетін топтың міндетті түрде болатыны хадистерде келген [14, 29 б.]. Саны аз болса да, қоғамды тұтас қамти алмаса да, исламға шақыруы себепті Алланың «ізгі жандар» [5, 3-110 б.] деген сипатын жалғастыра алмаса да кейбір ынталы адамдар арқылы кейде соғыс не қақтығыстармен, кейде түсіндірумен, көзін жеткізумен, кейде басқа да түрлі

себептермен ислам күні бүгінге дейін әлемнің көптеген елдеріне жайылу мүмкіндігін иеленді, сөйтіп әлемдік діндер қатарынан табылды.

Ислами дағуаттың ең басты жанды орталығы ол ғылым, білім беру, мешіт, медреселер екендігі айқын. VIII ғасырда Орта Азияға келген араб дін таратушы өкілдері елге дін үйретіп, бірен-саранына хат танытып, құранды, діни кітаптарды оқи алатын еткен. Орта Азияның Бұхара, Хиуа сияқты ірі қалаларында мектеп пен медреселер ашып және Орта Азияның қалаларын жаулап алған араб әскери басшылары жергілікті халықты мұсылман дінінің ережелерін үйренуге күштеп ұйымдастырды. Құтейба Бұхараны төртінші рет алғанда ғана мұсылман дінін үлкен қиындықпен енгізген болатын. Осы кезде Құтейба арабтарды жергілікті халықтың діни нанымдарды орындауын бақылау үшін жауынгерлерді үйлеріне орналастырды. Олар әр жұма сайын намазға келгендерге екі дирем төлейтінін хабарлап шақыруды бұйыратын [6, 57 с.]. Халықтың мешітке баруы міндеттеліп, жаңадан дінге кіргендерге ерекше нұсқау беріп отыратын адамдар тағайындалды [7, 185 б.].

Мұсылман саудагерлерінің Қытай, Үндістан, Еділ бойына дейінгі аралықтарда сауда жүргізе отырып исламды таратуда ең ықпалды күш болғандығын, сонымен қатар, білім ордалары қызметін атқарған медреселердің де исламның түріктер арасында жайылуындағы маңызды ролін есте ұстаған дұрыс. Бүгін тарихи деректер бір қана X ғасырдағы Орта Азияда ашылған медреселердің өзінің исламды танытып, оқытудағы саны мен сапасының ең жоғары деңгейге жеткендігін көрсетеді. Сонымен қатар Түркістан аймағындағы есепсіз рибаттардың (теккелердің) исламды таратудағы орны мен маңызын да айта кету керек (“рибат” сөзі “кәпірлермен соғысқан әскерлердің ат байлайтын қазығы” мағынасына келеді). Исламның алғашқы таралу дәуірінде рибаттар шекаралық қалқан яғни, “кіші жихад (соғыс)” қызметін атқарса, кейіннен шекарадан ішкі аймаққа айналғанда “ұлы жихад” яғни, нәпсі тәрбиесімен айналысқан сопылардың теккесі ретінде діни сопылық тәлім-тәрбие ошақтарына айналған. XI ғасыр шамасында рибат бұрынғы мағынасын жоғалтып, медресе, мектеп, теккені білдіретін сопылық діни ұғым ретінде қолданыла бастады. Өйткені осы ғасырларда дінді “кіші жихад” арқылы емес, “ұлы жихад”, арқылы таратуды, яғни адамның көңілін, рухани әлемін жаулауды мақсат еткен сопылық дүниетанымдық ағымның тариқаттар кезеңі басталған болатын. Осы ғасырда Мауараннахрда он мыңнан астам рибаттар мен теккелердің болғандығын Ибн Халлиқанның рисаласы да растайды. Тарихта түріктер арасында сопылық дүниетанымның жайылуы мен тариқаттар дәуірінің басталу құбылысы Қожа Ахмет Ясауи атымен тығыз байланысты. Ясауи тариқаты оның ілімінің қалыптасу процесін айқындайтын негізгі көрсеткіш болып табылады.

Д.Т. Кенжетайдың пайымынша, «XI-XII ғасырлардағы Ясауидің білім алған, өскен ортасының сол кездегі тарихи-әлеуметтік жағдайына келер болсақ, бұл мәселеде де нақты деректерге қарағанда, жарым-жартылай айтылған жорамалдар мен болжамдарға тап боласыз. Әрине, сол кездегі түріктер орналасқан жерлерде, яғни Отырар, Исфиджаб, Баласағұн, Йасы, Сауран, Сығанақ, Шаш, Сүткент, Жент, Весиж, Кудур, Шилжи, Отлук, Өзкент сияқты

Мауараннаһр қалаларындағы араб жаулаушылары мен миссионерлерінің (даиндерінің) әрекеттері IX ғасырларда саяси сипат алған болса, X ғасырдан бастап түбегейлі исламдық ілімдердің дамуы бағытында тәлім-тәрбиелік ордалардың – медресе, теккелердің орнығуымен бірге қоғамдық, руханияттық, ахлақтық принциптерімен экономиканың, сауданың дамуына негізделген жаңа мемлекеттік сипаттағы жүйелер қалыптаса бастады. Әрбір қала-қорғандарда, елді мекендерде мешіттер, медреселер мен теккелер бой көтерді» [9, 47 s.].

Міне, түркі елдерінде X-XI-шы ғасырда фикх, калам, тафир сияқты ислам діни ғылымдары еркін ойлау қабілетінен айырылып, тығырыққа тірелген тұста сопылық ислам мәдениетінің кеңінен өрістеуіне бірден-бір ықпал еткен ағым болды. [19, 16 s.]. Ортағасыр араб ойшылдарының рухани ізденістері де адам мен Құдай арақатынасы тарихының қалыптасу кезеңінде анықталды, бүтіндей адамзат өмірінің шынайы тарихы ретінде көрінді. Философтар мен теологтар және сопылар және ақындар адамды ақиқат жолында мәңгі ізденістерге дұшар етті. Осы талпыныстардың барлығын бір бүтін еткен Ислам, ортағасыр адамы үшін болмыстың экзистенциалды мәні құрылған ақиқат болды. [20, 191 s.]. Орта ғасырдағы ізденістер адамның шексіздікке, мәңгілікке қатынасын негіздеп, оның уақыташылығын және шектеулігін көрсетіп берді. Мұндай -қарсылықтар адамның әлеммен қанытасын анықтау үшін терең ойға салыну секілді, рухани ізденістерге итермелеген болатын-ды. Қорытындысында руханилыққа негізделген мұсылман мәдениеті орта ғасырда гүлденуіне жол ашты. Нақтырақ айтатын болсақ, рухани сұраныстарын кемелдендіру және адамгершілік қағидалары мұсылман мәдениеті адам ойының жаңа сатыға көтерілуінде әлемдік мәдениетке үлкен рөл атқарды.

Бұл орайда, кемелдік жайлы сөз айтатын болсақ, сопылар жайлы сөз қозғаймыз. Мұсылман өркениетінің даму кеңістігінде ойлау, ой жүгірті қажеттілігі ерекше құбылыс ретінде көрініс таба отырып, жай ғана ойлау емес, қалб (жүрек) және жанды толғандыра отырып, ой жүгірту.

Тасаууф – ислам дінінің мәні, ар-ұятының оянуы, жан тазаруы, сананың өсуі, сонымен қатар рухани жетілудің белгісі, адал, арлы болу, Алла және адамды сүю болып табылады. Тасаууф философиясының негізі – Құран Кәрім және Мұхаммед Пайғамбарымыздың (с.а.с.) сүннеттері ретінде танылып, дінді тек сөзбен шектеліп ғана қоймай, мінез-құлық, өмір тәжірибесімен өлшейді. Олар адалдық, қатесін ұғыну, тәубеге келу, Алла алдында тізе бұгу. Сопылардың исламды шынайы жаңартып, оны өмір философиясына және дүниені өзгерту құралына айналдыру үшін: Құран және хадисді жоғарғы дәрежеде түсіндіруге (тәпсірлеу) көшті. Сопылықтың пайда болуы туралы көптеген ғалымда арасында пікірлер бар. Біреулер оны исламға яһуди, христиан, буддизм және индуизм, зороастризм секілді діндерден енген деп көрсетеді. Бірақ бізге белгілі, тасаууф ислам философиясындағы алғашқы диалектикалық пікір қозғалысының басталуы тұсында қалыптасты.

Сопылық мәдениетінің тарих сахнасына шығуының өз бастан кешірген кезеңдері бар. Бұл ислам философиясындағы ең алғашқы диалектикалық пікір қозғалысының бастамасымен қатар келді. Осыған орай бұл қоғалыстың басында

Пайғамбарымыз Мұхаммеддың (с.а.с.) сахабалары (Абу ад-Дарда, Абу зар ал-Ғифари) болды. Бұл кеңістік пен уақыт мөлшеріне байланысты сопылық көбіне философиялық, метафизикалық сарыннан гөрі, ахлақ мәселесіне, адам болуды мақсат еткен практикалық мәнде болды. Ал екінші кезеңге Хасан ал-Басриден Имам Ғазалиге аралықты жатқызады. Себебі мұнда, сопылық тақуалық мәнде болуымен қатар, қалам, құқық және философия секілді ислам ойлау жүйесінің көркендеуіне септігін тигізді.

Тасаууф мұндай дәрежеге көтерілуіне ислам философиясының ықпалы зор болды. Осыған орай тасаууф философиясы Хасан әл-Басридің пікірлері негізінде бірте-бірте дами бастады. Жалпы Тәңірдің ақыреттегі азаптан қорқуға, Құранға, имандылыққа шақыруда осы тасаууф жолын ұстанушылардан болды. Сопылық теориялық негіздеудегі ұмтылыс IX ғасырдан бастау алады. Харис Мухасибі өзінің "құдайлық махаббат" (илаһи ғашықтық) концепциясымен сопылық тарихында танылып, сопылық дүниетанымды доктриналық тұрғыдан негіздеуді бастады. Ол Тәңір азабынан қорқумен қатар, Аллаға деген махаббатты тең ұстау қажеттегін негіздеді. Қорытындысында сопылық дүниетанымда махаббат философиясы алғашқы сатыға көтерілді. Яки Алла қорқудың объектісіне емес, ұлы мұратқа айналды. Нәтижесінде тасаууф ілімінің мақсаты нақтылыққа ие болды.

Сопылықтағы Болмыстың Бірлігі (вахдат-ул вужуд) төңірегіндегі концепция традиционалист ғалымдар (улама) арасындағы ең негізгі тақырыпқа айналған "Тәңірдің бірлігі", яғни, таухид мәселесімен бір кезеңде пайда болып, атақты сопылар Зуннун Мысри (861 ж.қ.б.), Баязид (Абу Иазид) Бистами (875 ж.қ.б.), Жунайд Бағдади (910 ж.қ.б.) және Халлаж әл-Мансұр сияқты әулиелер арқылы хәл іліміне айналды. Осының негізінде Құранды түсінудің "хәл" және "қал" ("рухани шабыт" және "сөз") ілімдері тафсир мен тауил әдістемелері бойынша қалыптасты. Бұлардың ішінен "Мен-Анықпын, Ақиқатпын", "Менің орным Ұлы" ("Ана ал-Хақ, Ма а'зама ша'ни") деген Халлаж бен Баязидтің ресми дін өкілдері тарапынан қуғынға ұшырап, кейіннен дарға асылуы сопылық дүниетанымның философиялық негізде дамуына ықпал етті. Жунайд Бағдади "Тәңірде еру" (фана фи Аллах) теориясын дамытты. Ол сопылық дүниетанымның Болмыстың Бірлігі (таухид яғни, вахдат-ул вужуд) доктринасын Құрандағы "Рухтар мен Тәңір арасында болған "Аләсту" (әлімсақ) антына негіздеді. Аләсту анты - рухани шабыттың ең жоғарғы Мәңгілік (Бақа') мақамы, яғни, "алғашқы жаратылыс хәліне оралу" мақамы сияқты басты сопылық философиялық категориялық ұғымдар мен түсініктерге негіз болды. Әбу Наср Сарраж да сопылық философияның мәнін Құран аяттары негізіндегі ұғымдар арқылы ашып көрсетуге ұмтылды. Кейіннен Ғазали "құдайлық сырға қанығу" (мукашафа), "абсолюттік таным" (йақин), "таным" (мағрифат), "сопылық жол-мектеп" (тарикат) концепцияларын Құран аяттары мен діни негізде түсіндіру арқылы "сопылар мен ғұламалар" (хәл және қал ғылымдары өкілдерінің) арасын татуластырған болатын. [21, 19 s.]

Жалпы тасаууфқа Ғазали философия және қаламдық ойлау әдістерін кіргізді. Нәтижесінде сопылық философиясы дами отыра, үш түрлі бағытқа

бөлінді. Яки Уадат ул-Вужуд (болмыстың бірлігі), Уахдат уш-Шухуд (барлық нәрсе Алланың болмысын көру) және Уахдат ул-Қусуд (Алланың ерік пен мақсат бірлігі). Ал енді бұларға жеке тоқталатын болсақ, Уадат ул-Вужуд түсінігін толыққанды ағымдық деңгейге айналдырған Мухи-уд Дин Ибн ул-Араби ретінде танылады. Ибн Арабидың түсінігі бойынша, болмыс бір ғана ақиқаттан тұрады, ол абсолюттік ақиқат – Алла ғана. Яғни Алла болмысының себебі жоқ, ол әуелден бар, одан басқа «еш нәрсе» жоқ. [22, 20 s.] Біздің осы формамызда жарататының ол «әуелден» біледі. Осы әлемді жаратудағы мақсаты өзінің «есімдерін, сипаттарын, істерін» бізге таныту, көрсету болып табылады. Өз кезегінде жаратылғандар, яки біз осы есімі, сипаты, істері арқылы «мағрифатуллаһ» негізінде тану болып табылады.

Тағы бір ескерер жайт, тасаууф философиясында қайшылық жақтары да болды, әсіресе сопылар және фақиһтар арасында. Оның себебі: Сопылар жүрекке, сана-сезімге, яки мағрифат және батинге (ішкі-номенге) көңіл бөлсе, фақиһтар (құқықшылар) Құран және Сүннеттің захир (сыртқы феномені) мағынасына көңіл бөлген. Ислам фақиһшылары үшін Құран және Сүннеттің сыртқы көрінісінен (мағынасынан) басқа ішкі мағынасы болмады; Бізге белгілі, сопылар рух және нәпсіге көңіл бөлсе, құқықшылар сыртқы амалдық жағына назар аударған; сонымен, X–XI-шы ғасырда фикх, калам, тафсир сияқты ислам діни ғылымдары еркін ойлау қабілетінен айрылып, тығырыққа тірелген тұста сопылық ислам мәдениетінің кеңінен өрістеуіне бірден бір ықпал еткен ағым болды. Мауераннахр мен Түркістанда түркілік мәдениет жаңғырып, ренессанс дәуірін басынан өткерді.

Түрік мемлекеттерінің саяси, әрі мәдени-дүниетанымдық негізде қалыптасуы мен ондағы адам санасының құндылықтық-құбылыстық рухани жаңғыруының көш басында алғаш түркілік руханият мектебінің іргетасын қалаған ұстаз Қожа Ахмет Иасауи тұрды. Оның ілімі традиционалист ғұламалардың формализміне, сыртқы ғибадат феноменологиясына қарсы мән, мазмұнға маңыз берген, шынайы парасаттылық пен адамгершілік ұстанымдарын қалыптастырды. XII-ші ғасырдан кейін Ислам әлемі сопылық дүниетаным, ахилік сияқты кәсіпкерлік бірлестіктер, тариқат түрінде-текке (зауиййа, ленгерлер), рибаттар-рухты тәрбиелеудің қоғамдық ошағына айналды. [19, 17 s.]

Иасауи ілімі уақыт тұрғысынан XII-ші ғасырдың екінші жартысында Мауераннахр, Түркістан, Ферғана (бүгінгі Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан және Түркіменстан мен Тәжікстан) территорияларына таралды. Міне, осы жерлерде Иасауи ілімінің жаңа рухани құндылықтарын жалғастырушы шәкірттері адамзат тарихында өзіндік із қалдырып, түркілік мәдениет негізінде құрылған барлық тариқаттар осы иасауиййа тариқаты негізінде қалыптасты. Алтын Орда, Өзбек Хан (1313-1341) кезеңінде исламның ресми дін ретінде танылуы нәтижесінде суфилік Еділ бойына XIII-XIV ғ.ғ. енді. Суфиликті Бұлғарларға әкелген Иасауиййа тариқатының өкілдері болды. Солар арқылы ислам қалалықтардың, саудагерлердің діні сипатынан арылып, көшпелілердің арасына тереңдеп жайылды. [21, 20-21 s.]

Иасауи ілімінің өзегі - адам және оның рухани тәрбиесі мен кемелдігі болып табылады. Сопылық дүниетанымның ойлау категориялары мен жүйесін, ұстанымдары мен мұраттарын, Иасауи іліміндегі факр тұжырымдамасы мен зикр теориясын тұрғысан қолдана білді. Зикр теориясында бойынша, Алланы ешқашан естен шығармау, әр уақытта, әр дем сайын оны өз рухында сезу, сүю.

Иасауидің танымы бойынша рухты еркіндікке қауыштырудың жолы терең ой (тафаккур) арқылы, яки зикр, фикр жүзеге асады. Тасаууф дүниетанымдағы “хәлдер” мен “мақамат” категорияларының рет-ретімен жалғасуы арқылы ішкі еркіндікке жету жолы болып табылады. Иасауи ілімінде Алланы танудың негіздері Қалб (жүрек), діл (көңіл) және рухани субстанция (сыр) арқылы жүзеге асады.

Иасауи ілімі табиғаттың өзін адамның игілігі үшін Тәңір тарапынан жаратылғандығын, барлық әлемнің адамзат үшін жасалып тұрғандығын айтады. Барлық жаратылғандардың жаратылыс мақсаты-адам және оның игілігін қамтамасыз ету. Иасауи ілімінде табиғат өзінің жаратылыс мақсаты мен мәнін толық біледі, сезінеді. Табиғатқа бұл қызметті Тәңір бергендіктен, оның еркі Тәңірде. Ал адамның еркі өзінде, сол ерікті қалай қолданғанына байланысты Тәңір алдында жауапқа тартылады. Иасауи ілімі - сол ерікті қалай қолданса, солай адамдық мәнге жетеді, яки Тәңірге лайықты құл болады деген сұраққа жауап іздеу жолы, адамдық мәннің ақиқатын табу, өзін өзі тану жолы. Иасауи ілімі адамның ішкі тыныштыққа жетуі арқылы қоғамда бірлік пен тыныштық орнатуды. Сопылық Құранмен көктеп, дамыды, тамырын Құраннан алды. Әрбір мәдениет бір жағынан өзінің қасиетті кітабымен тікелей байланысты. Батыс мәдениетінің негізінде Інжіл болғаны сияқты ислам мәдениетінің негізінде Құран бар. Ислам философиясы, мәдениеті мен өркениетінің ең маңызды қыры болып табылатын сопылықтың негізгі іргетасы – Құран. Сопылықты тарихи процесс ішінде сараласақ, ішінара басқа мәдениет, дүниетанымдармен байланыста болған. Бірақ, сопылық жолындағылар үшін ең бастысы әрі маңыздысы Құран Кәрімнің бұйрығы, көрсеткен жолы мен ұсыныстары. Сондықтан Құран мұсылмандар үшін мәні мен маңызы, орны мен рөлі бірінші орында тұратын Алланың каламы, сөзі (логос). Сопылықтағы Құранның әсері де өзге ислам ғылымдары сияқты ең басты және ең маңызды фактор болып қала береді.

Ислам діні Қазақстанға VIII ғасырда келді деуге негіз бар және тарихи деректерге сүйеніп, Ислам қазақ жеріне күшпен енген жоқ деген болжамды қолдауға болады. Философ Ғарифолла Есім «Ислам қазақ жерінде қантөгіссіз таралуының басты себептерінің бірі Ислам дінімен бірге келген араб-парсы мәдениетінің қуаты еді» деп көрсетеді. Қазақтардың кең даласына Исламның бейбітшілік жолмен келуіне Орта Азияны мекендеген түркі тілдес халықтар да едәуір әсерін тигізді. Хорезм, Ташкент, Түркістан, Бұхара, Хиуа сияқты мұсылман орталықтарының жақын орналасуы, арада сауда-саттық қатынастарының болуы, сауда керуендерімен қазақ даласына ишан, молда, қажылардың келуі Ислам дінінің қазақтар арасында беделінің артуына, кең таралуына өз ықпалын тигізбей қойған жоқ. Түркі жерінде Исламның кең қанат

жаюына ықпалын тигізен Арыстан бабтың орны жоғары. Оның шын есімі Салман Фарси, Мұхаммед Пайғамбардың замандасы бола тұра, ол қазақ даласына Ислам дінін таратып, уағыздау үшін жіберілген өкілі болса керек. Қазақтың ұланғайыр кең даласының кәрі қойнауларында ғасырдан-ғасырға жетіп, ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып келе жатқан киелі орындар баршылық. Соның бірі әулие Арыстан баб кесенесі. Арыстан бабтың шәкірті Қожа Ахмет Ясауи ғұлама дәрежесіне көтеріліп, бүкіл дүниеге мәшһүр еңбегі «Диуани хикмет» арқылы белгілі болған. Халыққа Ислам дінін арабша түсіндірмей, түрік тілінде түсіндіре білді. Халықты дінге, әділеттілік пен адал еңбекке, жетім-жесірлер мен үлкен-кішіге құрмет көрсетуге, мұсылмандық шарифатты бұрмалаушыларға олардың пиғылдарына тосқауыл болды.

XIV-XV ғасырларда Оңтүстік Қазақстанда ислам діні басты дінге айналды. «Ясауия», «Нақышбандия» сопылық ағымдарының әсері күшейіп, көшпелі халық шаманизм мен ата-баба рухына табынатын күйінде қала берді. Қазақстанда исламды насихаттау мақсатында сопылық ағымдар Ясауия мен нақышбалия жұмыс істеді. Олар қыпшақ тілінде арнаулы діни трактаттар жазып ел арасына таратты. Қазақ діни сенімінде Мұхаммед пайғамбардан бастап, мұсылман әулиелері Арыстан баб, Ысқақ пен Ахмет Ясауи бабтар ерекше орын алды. XIII-XIV ғасырда қыпшақ тіліндегі әдебиеттің өркендеген кезі. Араб-мұсылман мәдениетінің, араб жазуының тарауы әсер етті. Насреддин Рабгузидің «Қисса уль Әнбия» атты еңбекте пайғамбарлар мен халифтер, космогониялық эпсаналар, өлеңдер мен әндер бар[52, 99-102 с.].

Қазақтың бас ақыны Абай Құнанбаев бабамыз да исламды қазақ халқына тұрақты жаңа өркениетті, жоғары имандылықты қалыптастыру құралы ретінде өзінің еңбектерінде уағыздады. Абай өз шығармаларындағы ортаға қойған басты мәселесінің бірі – мәдени сабақтастық. Көшпелі өмір салтының отырықшылыққа ауыса бастауына, Батыс мәдениетінің қазақ еліне таралуына дәстүрлік мәдениет пен өзгерістердің арақатынасын анықтау қажет еді. Ренессанстық парсы-араб өркениетін жоғары бағалаған Абай, ескі мұраны қайтадан жандандыруға шақырды. Абай нәр алған қайнарлардың бірі классикалық шығыс поэзиясы мен суфизм. Қазақтан шыққан тұңғыш ағартушы ғалым Ыбырай Алтынсаринның «Мұсылманшылықтың тұтқасы», «Орынбор ведомствосы қазақтарының өлген адамды жерлеу және оған ас беру дәстүрінің очеркі», «Орынбор ведомствосы қазақтарының құда түсу, қыз ұзату және той жасау дәстүрлерінің очеркі» атты еңбектері қазақ халқының әдет-ғұрпы мен діни ұғымдарын жан-жақты зерттеп, ол жөнінде құнды ғылыми пікірлер қалдырған. «Мұсылманшылықтың тұтқасы» еңбегі қазақ жастарының дін жөніндегі түсініктері теріс бағытқа түсіп кетпеуі үшін және қазақтың жазба тілінде татар тілінің орынсыз етек алуына жол бермеу үшін, сонымен қатар Мұхаммед пайғамбар әкелген шарифатты дұрыс түсіндіру үшін жазылған құнды еңбек. Ислам дінін өзінің шығармаларында терең уағыздаған қазақ зиялыларының бірі Шәкәрім Құдайбердіұлының еңбектері де бір төбе.

Жасыратыны жоқ, кешегі Кеңес үкіметі билік құрған жылдарда діни ғылымды таратушы зиялыларымыздың түрмеге қамалып, жазықсыз жапа шегіп,

қуғын-сүргінге ұшырағандары аз емес. Көптеген мешіт, медреселер бұзылып, қоймаға, қораға, әр түрлі мекеме үйлеріне айналдырылып, өз мән-мағынасынан айырылды. Сондықтан, қазақ діннен алыс, қазақ діннің шарттарын ұстамай-ақ өмір сүрген дейтін пікірлер шындыққа мүлдем жанаспайды. Кеңес уақыты қазақ үшін дәстүрі мен ата жолынан, рухынан айырылып қала жаздаған кезең еді. [53, 157-158 s.].

Діни таным кеңестік кезеңінде қолмен ұстап, көзбен көрінбейтін, ақылға сыймайтын, тәжірибеге айналмайтын, гипотезаға бағынбайтын нәрселердің барлығы адамды құлға айналдырып, өзіне-өзі жат ететін танымдар, көр соқырлық ретінде жоққа шығарылды. Саяси әрекеттерге байланысты құдайды жоқ деді. Кеңестік режим негізінде жаңа идеологиялық «ғылыми атеизм» ілімі дамыды. Далпы, ол кезде барлығы ғылыми тұрғыдан болуы керек еді деп, ғылымға баса назар аудартты. Ал оған дейін адамзат Алла, Адам, Әлем арасындағы қатынастар бойынша ой толғап, үшеуі біртұтас қаралатын. Бұлар болса, тек қана Адам мен Әлем арасындағы байланысты алып, Алламен қатынасты жойды. Атеизм бойынша бірінші тезис ретінде Адам мен Алла арасын ажыратуды қолға алды. Кеңестік атеизм кезеңінің басты мақсаты болмысты киесіз, әлеуметті құндылықсыз, психологияны да рухсыз, моральды да ождансыз қабылдауды басты принцип ретінде ұстанды. Мұндағы идеясы Алланы жоққа шығару, атеизмді ұлықтау болатын. Ғылыми атеизм уақыттың үш шағын, өткені мен бүгінгі және келешегін жоққа шығарып, ақыретті мойындамады. Соның салдарынан қазақ тарихынан, тілінен, мәдениетінен, дінінен, ділі мен дәстүрінен, жалпы ұлттық құндылығынан ажырап қала жаздады. Оның салдары бүгінгі ұлттық санадағы буырқаласқан пікірталастардың дені мен ұшқыны. Енді болмыстан айырылды дегенімізде тәуелсіз ел болып, өз алдына егемен ел болдық. Кешегі «жабық қоғамнан» ашық қоғамға өттік. [54, 6-8 s.]. Кеңестік жүйеден шошынғанымыз соншалық идеология атаулыға шошына қарадық. Сырттан дін үйретемін деп келгендерге есігімізді айқара аштық. Артынан салафиттік, уахабилік діни танымдар арқылы ел бірлігіне сына қағыла бастағанда есімізді жинай бастадық. Өйткені салафиттік тенденция да қазақтың өткен тарихын, діни тәжірибесін, болмысын салафиттік тұрғысынан байлап, қазақтың салт-дәстүріне балта шабу еді.

2.2 Бүгінгі Қазақстандағы дағуаттың саяси, идеологиялық және болмыстық сипаттары

Елімізде егемендік алған соң, «Діни сенім бостандығы мен діни бірлестіктер» туралы заң алғаш рет 1992 жылдың 15 қаңтарында қабылданды. Бұл заң жобасы Қазақстан мемлекеті келісіп қол қойған, Біріккен ұлттар ұйымының діни сенім бостандығы туралы конвенцияларға сай жасалғанмен, оның діни ахуал тұрақталмаған уақытта, діни жағдайға мемлекеттік бақылау орнату тетіктері әлі толық жетілмеген кездері қабылдану бірқатар олқылықтарға жол ашты. Салдарынан миссионер ретінде тіркелген конфессиялар саны 40-ан асты. 2011 ж. «Діни қызмет және діни бірлестіктер» заңы қабылданып, қайта тіркеуден өту міндеттелген соң ғана тіркелген конфессиялар саны 18-ге азайды.

Дінге бетбұрыс әсіресе жастар арасында қарқынды жүрді, дегенмен теріс діни ағым қатарына да көп тартылғандар қатарын жастар құрады. Қазақстан тұрғындары арасында жүргізген әлеуметтік сауалнама нәтижесінде психолог мамандар қазақстандықтардың ақпарат алу кезінде теледидар мен интернетке көбірек сеніммен қарайтындығын анықтаған. Интернеттегі үгітшілер жеке адамдармен жұмыс істеуде психологиялық шеберлікті мықты меңгерген. Тіпті интернеттегі үгітші арнайы психологиялық дайындықтан өтетіндей әсер қалдыруда. Олар жастарды лаңкестік ортаға, деструктивті діни сектаға тарту үшін арнайы психологиялық тәсілдер қолданады. Атап айтқанда: а) ортақ қызығушылықтар табады; ә) қажетті хабарлама беру үшін біреудің беделін пайдаланады; б) көпшіліктің пікіріне қосылу; в) тілдесушінің дауласуын, қарсылығын баса білу. Қазіргі қоғамда интернет арқылы психологиялық тәсілге тез жығылып, құрыққа тез ілігетін әлеуметтік топтар бар. Олар: а) жастық максимализмдегі, романтикаға жақын, қоғамда маңызды адамдар қатарында болғысы келетіндер; ә) қоғамдағы әлеуметтік статусы тұрақсыз маргиналдар; б) өзіне сенімсіз, өзгелермен қарым-қатынаста коммуникативті әрі психологиялық комплексі барлар; в) сыни ойлаудан мүлдем ада психологиялық ауру жандар; г) бұрын істі болғандар, түрліше (алькогол, есірткі, ойын) тәуелділігі барлар. Осы аталған топтардың әрбірінің интернетке тәуелділігі байқалған.

Қазақстанда дінді уағыздаушылар жамағат ретінде де, жеке тұлға ретінде де көрініс берді. Әр жамағаттың өз құрамына адепт тартуы мен дінді қоғамға насихаттау тәсілдері әркелкі. Айталық, Таблиғ жамағаты көбіне адамдарды қатарына «есіктен есікке» әдісі бойынша тартты. Бұл ағымға ерген жастар дінді насихаттау ісіне құлшына кірісіп, «қоғамды дұрыстау керек» деген түсінікпен ел-елді аралап арнайы сапарға шығуды әдетке айналдырды. Таблиғшылар Азия елдерінде 10-12 адамнан, басқа аймақтарда 3-5 адамнан құралып, әлемнің түкпір түкпіріне барып, мешіттерге тоқтап, уағыз жүргізеді. Топта қатаң тәртіп сақталады, жетекшіге қатаң бағынады. Таблиғи жамағат өз белсенділерінен бір жылда қырық күнді, айда үш күнді, аптасына екі күн түстен кейінгі уақытты және әр күні екі сағатты ұйымға арнауын талап етеді. Бұған қоса, олар күнделікті дұға тәртібін сақтауға ерекше мән береді [95, 103 с.]. Қазақстанда Таблиғи жамағатының қалыптасқан қоғам дәстүрімен үйлеспейтін бірқатар ерекшеліктері байқалды. Атап айтқанда, 1) ғылым мен білімге мән бермейді. Яғни, Құран жаттауға зейін аудармайды, фикһ, ақида және хадис ілімдері сынды ғылым салаларын терең меңгеруден бас тартады. Ілім ізденуде санаулы әдебиеттермен шектеледі. 2) Қасиетті Құран аяттары мен хадис-шәріптерді тиісті түрде түсіндірмейді. Мәселен: Құран Кәрімдегі «Әли Имран» сүресінің 110-аятындағы: «Сендер адамдар үшін (яғни, адамдардың арасынан қанша үмбет) шығарылған (болса, сол) үмбеттің ең жақсысы болдыңдар. (Өйткені) сендер Аллаға иман келтіріп, игілікке әмір етесіндер және жамандықтан тиясындар» деген үкімді алға тартып: біз дағуатқа шығып, адамдарды тура жолға шақыру үшін әмр мағруф жасаймыз және оларды мүнкәр (күнә) істерден бөгейміз, – деп, өз мүдделеріне бұрмалағысы келеді. Алайда, бұл аят таблиғшылардың бөлек жамағат құруына, 3 күн, 40 күн, өмірінде 4 ай дағуатқа шығуы жөнінде нұсқау

бермейді. Ал Құран аяттарының мән-мағынасын өзгерту үзілді-кесілді дұрыс емес. Оған қоса, дінге шақыру, оны елге өз деңгейінде түсіндіре білу кез-келген адамның қолынан келетін іс емес, оған қажетті деңгейде діни сауат لازم. 3) Уағыз-насихат «дағуатына» шақыруға белгілі бір күндер арнап, 3 күн, 7 күн, 40 күн және 4 айға сапар шегу сынды шектеулері шариғатқа қайшы. 5) Әлеуметтік жағдайлары тұрақталмаған таблиғшылардан ең әуелі – әйел, балалары зардап шегеді.

Аталмыш топ шетелден басқарылатындықтан, мемлекет қауіпсіздігін сақтау мақсатында, елімізде 2013-жылдың 26 ақпан күні Астана қаласы, Сарыарқа аудандық сот шешімімен таблиғи жамағат экстремисттік ағым ретінде танылып, Қазақстан Республикасы аумағында үгіт жүргізуіне тыйым салынды [96]. ҚР Дін істері агенттігінде қызмет ететін дінтанушылар таблиғшылардың негізгі кітабы болып табылатын «Фазаил амали» кітабына талдау жұмыстарын жүргізіп, қозғалыстың идеялық негіздері өз мүшелерінің ерік-жігерлерін басып тастауға әрі олардың кәсіби және интеллектуалдық іс-әрекеттерін шектеуге бағытталғанын анықтады. Бұл кітаптың мазмұнында «адамды Алламен байланыстыра алатын» діндар шейхты табу әрі «оған қызмет етіп, өз еркің мен қалауларыңды жоқ етіп оның айтқанымен жүру керектігі және оның әмірлерін бұлжытпай орындау қажеттігі» насихатталады [97]. «Таблиғи жамағат» діни қозғалысының Қазақстандағы қызметі мен олардың қоғамға тигізер зардабы туралы М. Муслимов мынандай пайым білдіруде: Қазақстанның аумағында аталмыш діни ұйым өткен ғасырдың соңғы он жылдығынан бастап тарала бастады. Бүгінде еліміздің әсіресе Алматы мен Жамбыл облыстарында белсенді қызмет жасауда. Олардың қызметі, әрине, бұл аймақтармен ғана шектелмейді. Орталық Азия елдерінде таблиғишылар Қырғызстанда, әсіресе оңтүстік аймақтарда кең таралған. ҚР ШҚО бойынша Дін істер басқармасы жеткізген мәліметтер бойынша «таблиғи жамағат» діни ұйымының мүшелері бүгінде Семей арқылы Ресейге қарай өтіп, қызметтерін РФ аумағында жалғастырмақ. Ал Семей аумағына келсек, мұнда діни ұйым мүшелері астыртын қызметке көшкендігі туралы ШҚО бойынша ДІБ қызметкерлері хабарлаған болатын.

Әртүрлі жат діни ағымдар мен секталардан қазақстандық жастарға келетін қауіпке ерекше назар аудара отырып, Дін істері Агенттігі «Таблиғи жамағат» ұйымының іс-әрекеттерін зерттеу бойынша жүргізген талдау жұмыстары 2012 жылы бұл ұйымның Қазақстанның барлық аймақтарында белсенділігін артқандығын, әрі «ұстаздардың» ықпалымен көптеген жастардың аталған ұйым қатарына қосылуының артқандығын анықтады [97]. «Таблиғшылардың» ұнамсыздығының астарындағы негізгі себептер: олардағы білім таяздығы, мешіттерде топ болып түнеулері және сыртқы кейіптері (пакистандық киім киіп, сақал жіберуі және т.б.). Енді бір сынға ілініп жатқан қырлары: белсенді, адамның мазасын кетіретіндей жабыса дінді түсіндірулері, өйткені бұл конфессияаралық қатынастарға да, мұсылман үмбетінің ішкі жағдайына кері әсер етуі мүмкін [99, 81 б.]. Е.Н. Егоровтың түсіндіруінше, Мұхаммед Илияс Кандахлауи өз қозғалысы үшін жұмыс істеудің өте табысты жолын таңдады. Ол халықтың мешіттегі имамдарға қарағанда білімі төмендеу, қарапайымдау

адамдарға көбірек сенетінін біліп, миссионерлер ретінде қарапайым адамдарға міндет артты. Бұл адамдардың білімі терең болмады, алайда белсенді әрі өз өмірлерінің бір бөлшегін исламды дәріптеуге арнай алатын. Кандахлауи қозғалыстың алғашқы жылдарында уағыздаушыларды қарапайым, түсінікті тілмен сөйлеуге баулыды. Осы арқылы күнделікті өмірде мұсылман үшін маңызды мәселені жеткізуге тырысты, мұсылман ғалымдардың іргелі еңбектеріне тереңдемеді [98, 152 с.]. Кандахлауи жаңа адамдарды тартуда дәстүрлі әдіске салып парақша таратып, газет шығармады, одан гөрі әр мұсылманмен жеке жолығып сөйлескенді табыстың негізі деп түсінді (есіктен есікке әдісі). Алайда таблиғшылар жеке адаммен жолығуға баса назар аударғанмен, ғаламторда ол ағымды танытатын ақпараттар белсенді жүргізіледі [98, 152 с.]. Айтылған жерге барған соң Таблиғи жамағат алдымен сол ауылдың беделді, ықпалды адамына жолығады, одан сол жерде жұмыс істеуге қарсы болып- болмағанын сұрайды. Рұқсат алған соң уағыздаушылар есіктен есікке барып (бұл іс-тәжірибенің аты «харуж» - жолда) не топтарды мешітке жинап исламды үйретеді. Таблиғшылар ешқашан тыңдаушыға ауыр соғатын мәселелерді көтермейді, ислам дәстүрін ұстану үшін қажетті күнделікті құлшылық секілді қарапайым жайттарды түсіндіреді. Тыңдаушы қарапайым мәселелерді тыңдап, тақырыпқа қызығушылық танытқан соң, оның да жұртқа дағуатқа шығуын қоярда қоймай өтінеді, көбі келіседі, оның үстіне бұл мәселеде мәжбүрлеу жоқ» [98, 156 с.]. О. Мамаюсуповтың пікірінше, «Таблиғи жамағат» ағымы туралы айтқанда, дағуаттың өзі емес, сол дағуат арқылы исламға шақырудағы әдіс-тәсілдері мен формалары алаңдаушылық тудыртады. Өздері туралы ҚМДБ пәтуасын олар елемейді. «Таблиғи жамағат» ұстанушыларының уағыздары бірінші кезекте жастарға бағытталған. Онда әр мұсылманның дағуатпен шұғылдануы керектігіне баса назар аудартылады. Жамағаттың дағуат ісінен бас тартуы ортадан оларды шеттетуге алып келеді [99, 80 с.]. Мынандай кең тараған пікір бар: дағуаттың басты мақсаты: ағарту жұмысы ғана емес, ол бірінші кезекте діни ағарту институты болып табылады. Дағуатқа қатысу арқылы адам ислам жайлы алғашқы мәліметтерді алады. Ағарту жұмысы барысында оның руханилық пен ислам ұстанымдарына адалдық тұрғысынан оның діни білімі көтеріледі. Дағуаттан кейін ешқашан намаз оқымаған адам күнделікті бес уақыт құлшылық жасай бастайды. Республикада мұсылман тұрғындар арасында дағуаттың танымал болуының бір себебі ол діни ағарту институты ретінде діни білімінің деңгейі, әлеуметтік және экономикалық жағдайы, жасына да қарамастан, практикалық тұрғыдан баршаға қол жетімді. Іс тәжірибе көрсеткендей, дағуаттың әсерлілігі сонда, ол өте бейімделгіш, қалаған әр адам қалаған уақытында, елдің қай жерінен де, қандай жағдай болса да оған қосыла алады» [99, 82 с.].

Тағы бір дәстүрлі емес, діни-саяси, идеологиялық жамағат, «Хизбут тахрир әл-ислами» (ислам қайта өрлеушілігінің партиясы») атты діни саяси партия Израилдік сионизмге қарсы күресу және Палестинаны шетелдік окупанттардан құтқару мақсатында 1953 жылы құрылды. Алайда уақыт өте келе бұл партия өз қызметінің аясын кеңейтті. Қазіргі уақытта бұл ұйымның басты мақсаты ең

алдымен мұсылман елдерінде, біртіндеп әлемдік масштабта «Дүниежүзілік ислам халифатын» қалпына келтіру арқылы исламдық емес үкіметтерді жойып, исламдық билікті орнату. Партияның бағдарламасына сәйкес осы мақсатқа жету үшін кезеңнен өту қажет. Бірінші және екінші кезеңдерде іс-әрекеттердің антимемлекеттік сипаты байқалмайды, ол тек үгіт-насихат арқылы жер жерлерде халықтың сана- сезіміне ықпал ететін ошақтарды құру арқылы және парақшалар мен кітапшалар тарату арқылы іс-әрекет ету. Үшінші кезеңнің міндеті билікті басып алуды көздейтін саяси күрес. Күрес әдісі бейбіт түрде, яғни ұйымға жаңа мүшелерді тартуды жеңілдету үшін ыңғайлы күш қолданусыз «хизбуттықтардың» билікке келу жолы. Партия құрамына негізінен өмір тәжірибесі аз 17-25 жас аралығындағы жастар кіреді. Алайда «Хизбут Тахрир» өз қатарына мемлекеттік шенеуніктерді де тартуды немесе мемлекеттік органдарға өз адамдарын кіргізуді көздейді. «Хизбуттықтардың» назарында сондай-ақ спортшылар мен криминалдық орта да бар. Ұйымның материалды базасы мен оның мүшелерінің күш салуы арқылы көптеген коммерциялық фирмалар мен кіші өндіріс орындары арқылы қалыптасады. Топтың әрбір мүшесі өз кірісінің 20 %-ын жалпы қазынаға аударады. Бұл ақша материалдық жағдайы төмен ұйым мүшелеріне көмек ретінде таратылып отырады. Кірісі төмен және жұмыссыздық деңгейі жоғары аудандардағы экономикалық қиындықтарды шешудің осындай дәстүрлі қоғамдық принципі «Хизбут Тахрирды» жақтаушылар қатарының көбеюіне қолайлы жағдай тудырды. Беделі жоғары мұсылмандық улемдердің мәлімдеуінше, «Хизбут Тахрирге» мұсылмандарды халифат құруға шақыруға не құқықтық, не шариғаттық құқық берілмеген және партияның барлық іс-әрекеттері мұсылман қоғамын ыдыратуға бағытталған [100, 321-326 б.]. Р.М. Токсаналиева «Радикальный ислам информационно-психологическая война за разум» атты өзінің зерттеу мақаласында «Таблиғ жамағат» пен «Хизбут Тахрир» ұйымдарын «желілік маркетинг» ұстанымы арқылы «экономикалық диверсия» жүргізетін әрі кәсіпкерлермен күресіп, жекелеген мұсылман елінде не жаппай әлемде халифат орнатуға шақыратын ұйым ретінде атаған. Желі орталықтанған соғыстарды зерттеуші А.Г. Дугиннің пікірінше, желі - түрлі нүктелердің (адамдардың) өзара ықпалдастығын ұйымдастыратын тез бейімделгіш форма, ол динамикалық реструктуризация мен ұдайы ақпарат алмасуға мүмкіндік береді». Жұмысты реттеудің желілік әдісі исламның радикалды ағымына адамдарды біріктірудің идеологиялық орталығы болуына, әрбірінің ұжымға тән екендігін сездіруге мүмкіндік береді. «Хизбут Тахрир» ұйымының ауызша уағыздарының кең желісі көптеген мешіттер мен медреселерде әңгімелесу түрінде жүрді, олар сенушілердің дін саласындағы қажеттілігін ескере отырып жұмыс жасады. Дін тақырыбында ауызша әңгіме коммуникациялық байланысты арттырып, адамдарды біріктіруге ықпал етеді. Әр тілдердегі басылымдық үгіт болса, семантикалық манипуляция әдістеріне сүйенеді [101, 185 б.]. Маманның пайымынша, басылымдары мен видеофильмдерінде Хизбут Тахрир «халифаттағы» керемет өмірді уағыздайды. Жекелей жолығу арқылы тікелей субъект пен объект арасында визуалды, вербальды және вербальды емес контакт жүріп, эмоционалды жалпылықты

(эмоциональная общность) бекіте түседі. В.Н. Куликов айтқандай, «Психологиялық ықпал етуде мақсат - жұмыс істеу не жүріс- тұрыстағы көзқарас, пікір, қатынас, ұстанымдарды өзгерту не нықтау» [101, 93 б.].

Біздің ұсынысымыз, мемлекет бұндай ұйымдарды қатаң бақылауына алмаса, ол мына жағдайларға әкеліп соқтыруы мүмкін: а) қоғамдық саяси тұрақсыздық, нәтижесінде сыртқы күштер мемлекеттің ішкі мәселелеріне қол сұғуы мүмкін; ә) радикалды исламның қылмыс әлемімен, террорлық ұйымдармен жымдасып кетуіне; б) көрші елдерден көші-қон ағымын арттыруға; в) Ауғанстан мен араб елдерінен діни экстремизм мен терроризм экспансиясының артуына; г) Ауғанстан лагерлері мен оқу орталықтарында дайындықтан өткен қарулы бандалық құрылымдардың басқыншылығына; д) есірткі және заңсыз қару тасымалының үдеуіне; е) билік тармақтарының жемқорлыққа бата түсуіне; ж) географиялық аумақтар арасындағы жікке; з) билікке радикалды ислам өкілдерінің келуіне себеп болуы ықтимал.

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының Шариғат және пәтуа бөлімі осы парақшалар мен олардың әдебиеттерінде дәстүрлі исламға қайшы көзқарастарды былайша жіктеп көрсеткен: Хизбутшылар ислам атынан таратқан әдебиеттерді де (кітапшалар, парақшалар) мұсылман әлемінің ғұламалары мен діндарлары мойындамайды, теріске шығарады. Шынында да олардың «Әл-Маусуату әл-муяссара фи-л-адиян...» кітабындағы: қабір азабын теріске шығаруы; Жалаңаш бейнелерді, суреттерді (порнография) көруге рұқсат етуі; Солтүстік полюстегі адамдардың намаз оқымауына, ораза ұстамауына рұқсат беруі; Мұсылман еместер (кәпір) мен әйелдерді аталмыш партияға мүшелікке қабылдайтыны; Мұсылман емес кісінің мұсылман елін басқара алады деуі және т.с.с. шариғатқа қайшы келеді. «Хизбут-Тахрир әл-Ислами» партиясы біздің мемлекетіміз мұсылмандарының арасына да жік салуда. Өкінішке қарай, кейбір жастарымыз мәселенің мән-жайына бармай теріс уағызға көзсіз көбелектей ілесіп, олардың қатарына қосылып қалғанын аңғармай жүр. Қазақстан халқының көпшілігі мұсылмандар (70 пайыз) екеніне қарамастан олар жұртымызды «кәпірлер елі» деп атайды. Жоғарыда аталған деректерге сүйеніп «Хизбут-Тахрирді» Исламды бет перде еткен, халифатты аңсаушы, саяси кертартпа партия деуге толық негіз бар [103].

М. Аманжолов өзінің «Хизбут – тахрир ислам атымен исламға қарсы» атты мақаласында «Хизбут – Тахрир» дегеніміз Ислам, ал ислам дегеніміз «Хизбут – Тахрир» деп бұл партияның мақсатын шама-шарқынша исламға сүйеніп түсіндіруге тырысатыны соншама, «Хизбут – Тахрир» партиясының негізін қалаған басшылары өздерінің кітаптарында ислам дінінің негізгі мәселелерін, әсіресе Құран аяттары мен Пайғамбарымыздың (с.а.с.) хадистеріне өз қалауынша, түсінік мағына беріп, Ислам дінінің адамгершілік пен мәдениеттіліктің, бірлік пен ынтымақтың, ағайыншылық пен достықтың діні екеніне қарамастан, керісінше келіспеушілік пен қарама-қарсылық, басқа ағымдарды жоққа шығаратын дін ретінде көрсеткісі келеді. «Хизбут – Тахрир» партиясының бұл әдеттері ислам үшін ең қауіпті болып есептеледі. Партия түсінігі бойынша ислам басқа діндегі адамдар мен өзгерістерді, түрлі мәдени іс-

әрекеттерді жоққа шығарады, мұсылман адам басқа адамдардың түсінігімен ешқандай байланысы болмау керек екендігін айтады. Партияның көсемдері осындай діндераралық және ұлтаралық түсініктерді жоққа шығарып, исламда ешқандай ондай түсініктер жоқ деп, теріске шығарады [104] деп тұжырымдайды.

«Хизб-ут-Тахрир» партиясының қатарында партия эмиссарлары мемлекеттік қызметкерлерді, іскер адамдарды, зиялы қауым өкілдері мен студенттерді партия қатарына тартуға көңіл аударып, өз адамдарын қоғамның барлық сфераларына, әсіресе билік құрылымына кіргізу әрекеттерін жасаған. Шымкент қаласында жасырын баспаханада басылған үн-парақтарда, кітаптарда еліміздің конституциялық құрылысын бұзуға шақырған. Бұл еліміздің егемендігін, демократиялық және зайырлылық негізіне қарсы іс-әрекет деген сөз [117, 7 б.]. Хизб-ут-Тахриршілдер парақшалары мен брошюраларында дүниеде болып жатқан саяси оқиғаларға, мысалы, АҚШ және оған одақтас елдердің әскери күштерінің Иракқа, Ауғанстанға жасаған әскери іс-қимылдары туралы өз көзқарастарын баяндайды [143, 51 б.]. - Мен «Хизб-ут-Тахрир» партиясына 2000 жылы, Алматының базарында жұмыс істеп жүргенде кірдім. Өзім Кентауданмын. Алдымен мені алты айдай оқытты, содан кейін әр түрлі тапсырмалар беретін болды. Әдетте партияның төрт-бес адамнан тұратын кішігірім ұйымдары (халк) болады. Олар бір-бірін танымайды, лақап аттары бойынша тек басшылары арқылы ғана байланысады. Партияластарым үшін менің лақап атым – Болат. Мүшелік жағынан әрқайсысы тапқан жалақысының мөлшеріне қарап төлейді. Олар жоғарыдан келген нұсқауларды орындауға міндетті. Партиялық нұсқаулар жоғарғы жақтан құпия түрде әрбір адамға, халыққа интернет арқылы келеді. Біздің басшылық Қырғызстанда, бірақ онда қанша адам отырғанын, аты-жөнін ешкім білмейді. Көбінесе партияның идеяларын уағыздап, қатарларымызға адамдарды тартумен айналыстық, жиындар ұйымдастырдық. Мен партияға жұмыс істеген алты жылдан астам уақыт ішінде Алматы қаласындағы партия мүшелерінің басқарушысы (қалалық ұйымның бірінші хатшысы) дәрежесіне дейін жеттім. Қазақстанда шамамен 300-400 «Хизб-ут-Тахрир» партиясының мүшесі бар. Олардың арасында басқа ұлттың, тіпті христиан дінінен келгендер де бар. Бұлар «Хизб-ут-Тахрир» партиясының түпкілікті идеологиясын жете түсінбегендіктен адасып жүр. Біздің Қазақстанда хизбтер уағыздап жүрген, әлемді билейтін халифаттың құрылуына ешқандай жол жоқ. Мен кесілген мерзімді өткеріп, аман-есен елге оралсам ешқандай саяси партияға кірмей, жұмыс істеп, тыныш өмір сүрер едім. Жұбайым кеше екінші баламды дүниеге әкелді, мен болсам істі болып мұнда отырмын, - дейді ҰҚК тергеу изоляторында отырған «Хизб-ут-Тахрир» экстремистік діни партиясы басшыларының бірі Қанат Жаңабаев [144]. Бүгінде осы партияның бірқатар белсенді мүшелері – Қазақстан жерінің тұтастығын және конституциялық құрылымды күштеп бұзу, қылмыстық топтарды құру және ұлт араздығын қоздыруға шақырып, үндеу таратқандары үшін қылмыстық жауапқа тартылған. Конституцияға қарсы ислам халифатын орнатуды мақсат еткен олар алғашқы кезеңде жастар арасында үгіт жүргізіп, мүше жинауға тырысқан. Одан бөлек ұйымның идеологиясын насихаттайтын бейнежазбалар, үндеулер мен

парақшалар таратқан. Тіпті сертке адалдық таныту үшін оларға құдайдың алдында ант та бергізген. «Лаңкестік әрекеттермен емес идеологиялық жұмыстар жүргізумен ерекшеленген бұл ағым өкілдері қиындыққа ұшыраған жандарды «бауырына басып» қамқорлық танытқан. Олар адамдарды өз құрығына түсірудің әдіс-тәсілдерін қоғамдағы ахуалға байланысты дер кезінде үнемі жаңартып отырады. Көбіне алдап-арбау, жалған уәде беру әдістері басым болады» [145].

Елімізде дінге үгіттеуде ерекше белсенділік танытқан тағы бір ағым ол Салафиттік ағым. РФА Африка институты, Өркениеттік және аймақтық зерттеулер орталығының зерттеушісі М.Л. Беллдің пікірінше, қазіргі исламдық дискурста салафизм, салафиттер терминдері кең мағынада (кейде жауапсыз түрде) қолданылуда: оларды еркін түрде уаххабист, экстремист, террорист не реформатор, радикалдарға және т.б. теңейді. Бастысы, терминге бір мәнді, бағалаушылық, таңбалы, контексті және эмоция толы сипат беруде, ол экстремист дегенге саяды. Сондықтан қазіргі заман феномені ретінде оны тарихи-діни, әлеуметтік-саяси аспектілері тұрғысынан дифференциялау қажет [105, 287 с.]. Бірнеше анықтамаларды келтірейік. «Классикалық» түсінігінде, «салафизм» не «салафиттер» ол мұсылман діни қайраткерлердің жалпы атауы. Олар исламның түрлі кезеңдерінде ерте кездегі «ізгі бұрынғылардың» (әс-салау әс-салихин) сенімі мен өмір сүру салтына шақырып, дәстүрлі исламға кейіннен Батыстан енген нәрсенің бәрін бидғат санады [106, 29 с.]. «Салафиттер - ізгі жандар. Бұл термин алғашқы үш буын мұсылмандарға қаратыла айтылады. Олардың өмір сүру салты мен сенімі пайғамбарға өте жақын болды. Бүгінгі күні термин өзінің діни әрі саяси көзқарастарымен ерекшеленетін әрі исламды алғашқы буын мұсылмандарына жақындатуды көздеп, тазартуды мақсат ететін ислам қозғалыстарына қарата айтылады [107, 667 р.].

«Уаххабизм» термині негізінен осы ағымның Сауд Арабиядағы өкілдеріне қаратыла айтылады, ал салафит деп королдіктің аумағынан тыс жатқан елдердегі ағым өкілдері аталады. Ал анығында екеуі де бір ағымда және бір көзқарастағылар. Салафит ағымының ішінде өз идеологияларын жүргізуде күш қолдануды ықпалды әдіс деп қарастыратын салафит такфириттер де бар. Біздің ойымызша, бұндай фундаментализмге бірнеше жағдайлар түрткі болуда: 1) әлеуметтік экономикалық дамудың төмендігі, жұмыссыздықтың артуы, тұрғындардың көп бөлігінің кедейшілікте өмір сүруі; 2) Қоғам өмірінде дәстүрлі (ортодоксалды) дін рөлінің төмендеуі; 3) Қасиетті мәтінді түпнұсқадан түсінетіндей араб тілін жеткілікті білмеушілік; 4) Әлеуметтік және саяси қысым салдарынан жергілікті халық наразылығының өршуі; 5) Батыс өркениетінің алдында төменшіктеу сезімі [108, 69-72 с.].

Уаххабизм идеологиясы жан-жақты ойластырылған, практикада ол стратегия ислам фундаментализмін жаю үшін қолданылуда. Атап айтқанда, олар діни оқу орындарын бітірген тұлғалармен белсенді жұмыс істейді, оларға шәкіртақы және т.б. төлемдер жасайды, өзге елдердің білім саласына кіруге әрекет жасайды, сөйтіп мектептер мен университеттерге тікелей бақылау орнатуға тырысады, БАҚ-та ваххабизм идеяларын таратады, мешітке келушілерді әңгімеге тарта отырып, оларды жаңа мүше ретінде өз қатарларына

тартуға тырысады. Бұдан бөлек, олар күш қолданудан, қорқытып, үркітуден бас тартпайды, секс құлдықты практикаға енгізуде және т.б. [108, 91 с.]. Тарық Рамаданның пікірінше, салафиттердің үстірт түсініктері әлемде кең тарап бара жатыр. Тіпті Батыста да жастар арасында. Өйткені олар исламды өте қарабайыр ақ-қара (халал, харам) етіп ұсынуда. Әлемге деген осындай бинарлы көзқарас жылдар өте келе изоляция, қорғаныш позициясы, біржақты бағамдау секілді сипаттарға ие ерекше діни көзқарасты қалыптастырды [105, 288 с.]. Зерттеушілердің пайымынша, салафиттік идеялар әркез дағдарыс кездерінде сұраныста болған: XVIII ғасырда Сауд Арабияда Уаххабизм, әдетте Осман империясының құлауымен «соңғы халифаттықты» байланыстырады. Соңында қазіргі жағдайлар: Түрік билігіне Мароккоға дейін исламшыл, салафиттік күштердің демократиялық сайлау не «араб көктемі» 2010-2013 жағдайлары.

Енді салафизмнің басты идеологиялық (дүниетанымдық) ұстанымдарына тоқталайық. «Бабалар соқпағына қайту», ол идеал балалық шақтан (мектепте дін, философия мен жағрапияға басымдық беріп оқытылған. Құран мен Мұхаммед пайғамбар өмірін жаттатқан) және мұсылманның өміріне енген. Әлеуметтік үйлесім идеясы. Онда барлық мұсылмандар бауыр, бейбітшілік образы «ізгілік пен әділеттілікке» ұюда, ысырапшылдықты ұнатпау, теңдік және өзара көмек жатыр. Олардың әлеуметтік экономикалық дағдарыс дендеп бара жатқан қазіргі әлемде әлеуметтік құқының шектелу жағдайы салафизмнің популистік потенциалына жарауда. Салафизмнің әлеуметтік идеалы әлеуметтік протест идеологиясына жақсы келеді, сондықтан да олардың танымал болмауы қиын. Бидғаттардан бас тарту. (Жекелей алғанда батыстық құндылықтар мен батыстық өмір салтын қабылдамау). Осы себепті салафизм идеологиясы араб халықтары үшін өздеріне жат батыстық идеологиядан, батыстық құндылықтардан, батыстық институттардан бас тартып өздерінің бірегейлігін сақтауға жарайды. Буквализм мен биполярлық дүниетаным бұны барынша ықпалды етеді. Ислам мемлекеті мен халифат құру. Халифатты қайта оралту - ұлттық бірліктен гөрі мұсылман бірлігін қамтамасыз етеді [105, 289 с.].

Міне салафизм алғаш рет Қазақстанда 1990-жылдардың басында, көбіне батыс облыстарда пайда болды. Сол уақыттан бері олар тек жағымсыз сипаттарымен көзге түсіп, ҚМДБ мен Қазақстанның ресми билігі тарапынан салафиттік идеяның алдын алуда түрлі қарсылықтарға тап болуда. Қазақстанда салафиттік ағымға ергендердің саны нақты қанша екені белгісіз, дегенмен ресми биліктегілер олардың саны 15 мың дегенді айтуда. Салафизм секілді кері ағымдардың еркінсуіне «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер» атты заңның осалдығы да ықпал еткені және жастардың діни білім алуға шетелдерге кеткені ықпал еткені рас.

Абду Уаххаб ілімі бұрынғы КСРО елдеріне 1990 жылдары кіре бастады. Қазақстанда бұл ілімнің таралуына шет елдің дін уағызшылары мен уаххабшылдық діни түсінігіндегі әдебиеттер, араб елдерінде оқып жатқан студенттер арасында осы ағым өкілдерінің идеологиялық үгіт-насихаты, осы ағымды қолдайтын ғаламторлық желілер мен халықаралық ислами ұйымдардың қаржылық көмектері көп рөл атқарды. Жат жерлік дін ұстаздары шет елдерде

діни білім алған жастарды дүниетанымдық және психологиялық өңдеуден өткізеді. Жастарға Абду Уаххаб іліміндегі әдебиеттер, аудио және видео жазбалар беріледі. Уаххаб ілімін ұстанушылардың дені араб елдерінде оқып келген жастар болып отыр. Абдууаххаб ілімін ұстанушылар еліміздің барлық аймақтарында кездеседі [117, 6 б.]. Дін мәселелері бойынша ғылыми зерттеу және талдау орталығының мәліметінше, салафизмнің тарауы білім алуға талаптанған жастарды шетелдік исламдық оқу орындарына тартумен және қазақ, орыс тілдерінде әдебиеттер шығарумен жүруде. Бұндай тәсіл Қазақстанның барлық облыстарында, әсіресе шалғай аудандарда көбірек іске асуда [118]. Салафизмді таратушы белсенді уағызшылар қатарында: ағайынды Наиль (Абу Салих) пен Ринат (Абу Мухаммад) Зайнуллины, Назратулла Абдулкадиров (Абу Марьям), Дильмурат Махаматов (Абу Мухаммад), Оқтам Заурбеков (Абу Абдуррахман) аталуда. Қазақстандық салафиттердің қылмыспен байланысы халықты алаңдатпай қоймады. Ақтөбедегі терактіге қатысты ҰҚК департамент басшысы Нұрлан Қадырбаевтың айтуынша, Салафизм бағытын ұстанатын адамдар өз қатарларына жаңа жақтастар тартуды тоқтатпай отыр. Қазіргі таңда олардың саны 1565 адамды құрайды. Олардың 90-ы потенциалды жихадшылар. Оларды үнемі бақылап отыру үшін көп қаражат, күш пен уақыт кетеді. Бір жылда радикалды салафизмнен 32 адам аластатылған. Нұрлан Қадырбаевтың айтуына қарағанда, қолға алынған шаралар көп жағдайда нәтиже бермейді. Бұның себебін ол тәжірибелі теологтар мен беделді имамдардың болмауынан көріп отыр. «Сондықтан жергілікті кадрларды даярлау үшін діни білім жүйесін жетілдіру, заманға сай жаңарту қажет. Қоғамға зорлық-зомбылық жасаған, мемлекет тәртібіне қарсы шыққан адамдарға біз күш қолдануға мәжбүрміз. Былтырдан бастап 14 радикалды топтың жоспарланған әрекетінің жолы кесілді. Барлығы құрықталды. 36 адам шетелде және ел ішінде зорлық-зомбылық акцияларын ұйымдастырмақшы болған. «5 маусым күні 20 адамнан тұратын қылмыстық топ Ақтөбеде террорлық әрекет жасады. Осылайша, ДАИШ (немесе ИГИЛ) бас идеологы біздің елде жихад жасауға бұйрық берген. Ақтөбе қаласында болған терактіні саралау мен ұсталған адамдардың жауаптарына қарағанда, террористер қару-жарақтарға қол жеткізіп, түзету мекемелері мен мемлекеттік әкімшілік органдардың ғимараттарын басып алғылары келген. Сондай нысандардың бірі ҰҚК департаменті болды», - дейді қауіпсіздік комитетінің облыстық басшысы [119]. Ақтөбедегі терактіге салафит жастардың жарлықты ДАИШ бас идеологынан алуы бұл топтың аса қауіпті екенін дәлелдейді. Жихадты бейбіт жатқан елде дүрбелең туғызу деп, ресми билікті кәпір деп басып алуға әрекеттенуі оларға деген бақылауды күшейтіп, заңмен тосқауыл қажеттігін айқын аңдатады. «Радикалдар проблемасы ол теологтар мен муфтияттың ғана мәселесі емес, ол ұлттық қауіпсіздікке төнген қауіп» [120, 6 с.]. А. Әділбаев «Мадхалиттер, суруриттер, тәкфириттер дегендер кімдер?» деген мақалада бұлар Салафизмнің тармақтары деп түсінік бере отырып ұстанымдарын талдайды. Айтуынша, Раби әл-Мадхалидің ұстанымдары «Мұсылман бауырлар» және Сәйд Құтыптың көзқарасына реакция ретінде пайда болған. Олардың негізгі ұстанымы қандай жағдайда да мемлекет басшысына бағыну

болғандықтан Таяу Шығыс елдеріндегі диктаторлық режимдегі билік басындағыларға ұнап, бірқатар елдерде радикалды топтарға қарсы күш ретінде қолдау тапқан. Автор олардың шейхтарын, орыс тілді және қазақстандық ұстаздарын атап көрсетеді: Ибн Таймия, ибн Қайим, Мұхаммед ибн Абдулуаххаб, Абдулазиз Ибн Баз, Мұхаммед ибн Салих аль-Усәймин, Салих аль-Фаузан, Насруддин әл-Әлбани, Абдулмухсин ибн Бадр әл-Аббад, Рабиъ ибн Хади аль-Мадхали (САК), Ясир Бурхами (Египет), Муқбиль әл-Уади (Йемен), Мұхаммед Аман ал-Жами, Фалих ал-Харби, Фарид ал-Малики, Тарахиб Даусари, Абдуллатиф Башамил, Абдулазиз әл-Асқар және т.б.; Орыстілді өкілдері: Әбу Мұхаммед Ринат Зейнулин, Абу Салих Нәил Зейнулин, Абу Мариям Назратулла (ұлты тәжік, Сауд Арабиясында), Абу Яхья Крымский және т.б.; Қазақстандық ұстаздары: Тоиржан Ибрагимов, Октам, Ділмұрат және т.б. А. Муминов, олардың негізгі мақсаттарының ресми діни басқармаға ену екенін атап көрсетеді [121].

Мұхаммед әс-Сурури 50-60 жылдары «мұсылман бауырлар» ұйымының белсенді мүшесі болған. Сәйд Құтыптың әділетсіз басшыға қарсы шығу керек деген идеяларын жалғастырумен қатар, сол кездегі ихуандарды дәстүрлі сунниттік бағытты ұстау жолында реформа жасауға шақырды. Суруриттердің Қазақстандық шейхтары: Раббани, Дарын Мұбаров, Дидар, Ахмад және т.б. Суруриттер де, мадхалиттер де Имам Әшғари мен Имам әл-Матуридиді адасқан философтар деп атайды. Бұл – олардың дінді кең түрде түсінуге қауқары жетпейтін келте түсініктерінің жемісі [121]. Матуриди ақидасын жоққа шығару - қазақ халқының бүкіл діни танымын тұтас жоққа шығарумен тең үлкен қасірет. «Салафиттік ағымға еріп кеткен жастардың обалы ең біріншіден Дарын бастаған топтың мойнында» атты мақалада 2018 жылдың қаңтар айының басында Қарағандыда заңсыз миссионерлікпен айналысқан псевдосалафиттік уағызшы Дарын Мұбаров әкімшілік жауапкершілікке тартылғандығы айтылады. Соттың шешіміне сәйкес, ол 70 АЕК көлемінде айыппұл мен 112 348 теңге көлемінде процессуалдық шығындарды төлеуге міндеттелді. Ал 10-қаңтар күні Алматы облысы Қарасай аудандық соты «Әлеуметтік желіде терроризмді насихаттағаны» үшін Ералтай Абайды 7 жылға соттады. Дарын Мұбаровтың салафиттік идеологияны насихаттаушы екенін ҚМДБ өкілдері мен белгілі дінтанушылар ашық мәлімдеген. Мәселен, ОҚО мешітінің наиб имамы Еркебұлан Қарақұлов салафиттік идеологияны таратып жүрген азаматтардың атын атап, түсін түстеген болатын. – Діни басқарманың ұстанымына қайшы келетін салафизм идеологиясын насихаттап жүрген кімдер? Оның ішінде, ең біріншіден Дарын Мұбаровтың есімін ерекше атап өткен жөн. Өйткені, ол бір емес бірнеше рет өрескел қателік жіберді. Сондай-ақ, Дарын Мұбаровтан бөлек, Октам Зауірбеков, Ділмұрат, Назратулла, ағайынды Зинуллиндерді атын атауға болады,- дейді ол. Ал, Дарын Мұбаров сынды салафиттік ағымды насихаттаушылардың уағзын тыңдаған Ералтай Абай сынды азаматтар ұзақ мерзімге сотталып кетіп жатыр. Ол «ВКонтакте» әлеуметтік желісінде «Әбу Жихад» деген атпен тіркеліп, терроризмді насихаттаған. Автор осы мәселені тілге тиек ете келе «Әрине, біз Ералтай Абайды судан таза, сүттен ақ дей

алмаймыз. Десек те, Ералтай сынды азаматтарды улаған Дарын Мұбаровқа неге жеңіл жаза берілді?» деп қынжылады [122]. Қазақстанда салафизмді насихаттаушылардың кері ықпалымен зардап шегушілер қатары бір бұл ғана емес. Д. Хасниязовтың түсіндіруінше, алғашқы салафиттер бұл облысқа 1994 жылы келген. 1994 - 2006 жылдары салафиттер Манғыстау, Атырау және Ақтөбе облыстарына шоғырлана бастаған. Салафилер өздеріне негізінен батыс аймақтарын таңдаған. С. Карамановтың (БҚО прокурор 2012 - 2016 жж.) айтуынша, бұған Батыс Қазақстанның Ресей Федерациясының Кавказ аймағына жақындығы, мұнай мен газ өндіруде еңбек миграциясының артуы түрткі болған. Салафиттер мен Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының, күштік құрылымдардың салафиттік идеялармен текетіресі бүгінгі күні ашық жүруде. 1999 жылдың соңына таман қазақстан билігі салафит топтардың ісін аңдып, олардың адамдарды заңсыз бақылауға алатынын, кей мүшелеріне физикалық күш көрсету қолданатынын анықтады [109, 192 р.].

2011 жылы қазіргі Қазақстан тарихында алғашқы терактілер орын алды. Кейінгі жылдары да бірқатар келеңсіз оқиғалар қоғамды дүр сілкіндірді. ҰҚК қызметкері В. Жұмақановтың пікірінше, бұл келеңсіз оқиғалардың әрбірінің салафиттерге қатысы болғаны анық [110]. 2016 жылы Ақтөбе қаласындағы жарылыстан кейін бірнеше күн өткенде Қазақстан Республикасының алғашқы президенті Н. Назарбаев арнайы мәлімдеме жасап, терактіге салафит ағымы өкілдерінің қатысы бар екенін ашық айтты. Сол жылы Алматы қаласындағы терактіден кейін лаңкестік салафит ағымының өкілі екені расталды, ал бұған дейін ресми билік террористерді белгісіз «радикалды ағымдарға» жатқызып келген болатын [111]. Қоғам тыныштығын бұзған осы дүрбелең оқиғалардан кейін Қазақстан аумағында Салафизмге заң жүзінде тыйым салу мәселесі көтерілді. Ақтөбе қаласындағы лаңкестік топты басқарған лидер ұрлық, түсті металдарды және мұнай заттарын сату секілді қылмыстар да жасаған. Дін атын жамыла отырып ол жеңіл жүрісті әйелдерге де барған. Лаңкестік топтың қаражатына қымбат көліктер де сатып алған. Қылмыскердің жеке мінезіндегі психологиялық ерекшеліктер ретінде өзін тым жоғары бағалауы, өзіне сенімділік, билікке ұмтылуы, өзінің меркантильді қажеттіліктерін қанағаттандыруға әрекеттенуі, референтті топтың есебімен өз жағдайын жасау, лидер ретінде беделін сақтап тұру жағдайлары анықталған. Салафиттердің пікірінше, бүгінгі күнге дейін қазақтардың, дәстүрлі мұсылмандық жолды ұстанып келген өзгелердің де діни түсінік, ұстанымдары дұрыс емес. Олар дінге жаңалық енгізген «бидғатшылар», Аллаға серік қосқан «ширк» жасаушылар. Өз пікірлерін араб елдеріндегі, әсіресе, Сауд Арабиясындағы «шейх» діни ғалымдардың айтқандарымен дәлелдеуді әдетке айналдырған. Яғни, қазіргі мұсылман жамағатының бұрынғы ата-баба діни жолымен жүрем дегені бекершілік. Ол адасуға алып барады дегенді алға тартады. Осы пікірдегі салафиттер өз арасында шартты түрде «мадхалиттер», «суруриттер» деп бөлінген. Солардың қатарында дәстүрлі ханафи ұстанымдағы діндарларға ашық қарсы шығып, қазіргі мемлекеттік құрылым мен заңдарына қарсы «жихадқа» шақырып жүргендері әрі сол жолда қанды оқиғаларды қолдайтындары

«тәкфиршілдер». Олар үшін атеист адам түгілі күнделікті бес намазын қаза етпейтін қарапайым мұсылмандардың өзі «адасушы» қатарынан табылуы мүмкін. Олар қазіргі қоғамды тұрақсыздандыруға, өздерінің «жабық» ортасын құруға ұмтылыс жасауда. Тәкфиршілдер үшін ұлттық құндылықтар мен ерекшеліктер, салт-сана, дәстүрдің еш мәні жоқ. Б. Мекежанов өз пайымында, салафиттер қатарындағы мадхалиттердің тәкфиршілдерге қарағанда билікке бағыну идеясын қолдап, мемлекеттік жүйені өзгертуді жақтамайтынын айтады. Олардың басты идеологиясы адамдарды тура дін жолынан «адасқан», «жаңалық қосушы» деп айыптауға бағытталған. Сондай-ақ, олар Қазақстан аумағында тараған сопылық жолына төзімсіздікпен қарайды. Осы тұрғыдан келгенде, біздің еліміз үшін «салафизмнің» қандай түрі болмасын қоғамға жат ұстаным екендігін дәлелдеп жатудың қажеті шамалы деп білеміз. Салафизм идеологиясын қолдаушылар өз қатарын көбейту жолында әртүрлі әдістерді, соның ішінде интернет жүйесін епті пайдаланып, жымысқы әрекеттерін жалғастыруын тоқтата қоймаған [112, 53 б].

Бүгін уаххабилік жолындағы қандастарымыздың қазақ мұсылмандық түсінігіне оның тарих бойы жинақталған, болмысқа айналған, түсінік танымына жасап жатқан ревизиясының зардабы кешегі коммунистік идеология жүргізген ұлтсыздандыру саясатынан жүз есе асып түсетін қасірет. Бұлар қазақты бүгін ғана мұсылмандықты қабылдаған ел сияқты көрсетіп, өздерін таза ислам атынан, кей жерлерде Алланың атынан сөйлеп, ұлтты тамырынан қопарып, сол арқылы қазақты өз тарихи санасынан бездіруге жұмыс жүргізіп жатыр. Демек, олар қазақтың сан ғасырлық тарихы мен діни тәжірибесін жоққа шығаруды мақсат етуде. Бұл нағыз революциялық тенденция. Яғни, мәдениет үшін еркін сұқбат емес, психологиялық қысымға негізделген рухани экспанциясын жүргізіп отыр. Д. Кенжетай өз пайымында, олардың қазақ мұсылмандық түсінігіндегі әулиелерге құрмет, молаларды қастерлеу, өлген кісіге ескерткіш орнату, зікір жасау, тұмар тағуды бидғатқа жатқызатындығын білдіреді. Бұл қоғамды қайшылықтар мен мәдениетіміздің тірегі болған танымдық тұғырлар үшін келеңсіз жайларға апарып соғуда. Музыка, театр, өнер, туған күн тойлауды харам, күнә деп есептейді. Бұлар уаххаби ағымындағылар үшін Аллаға серік қосу (ширк) және дінге жаңалық қосу (бидғат). Міне, осындай қазақ мұсылмандық түсінігінің негіздері жоққа шығарылып жатқанда бүгінгі қазақ жастарының ойына «шындығында біздің ата-бабаларымыз қай ислам дініне сенген?» деген психологиялық танымдық қобалжу туатындығы сөзсіз. Уаххабилік ағымның ерекшелігі сенім мәселесінде фанатизмге бой алдырады, өзінен басқа түсініктегі мұсылмандарға экстремистік өшпенділікпен қарайды. Мысалы, егер бір адам Құдайдың құлы ретінде Алла заңына (шариғатқа) емес, конституцияға бағынса, ол адам Бір Құдайға сену формуласын бұзғаны үшін «көп Құдайға табынушы» (арабша мүшрік, кәпірдің бір түрі) атанады [113, 22 б.]. «Салафизмнен сезіктенуге сегіз себеп» атты мақалада мына себептер аталған: уақыт тұрғысынан бүгінгілердің «сәләфпіз» деп күпінуі – бекер екендігі, өз сенімдерін өзгеге мәжбүрлеп тануға тырысуы, өз айтқандарымен келіспейтіндерді жау санауы, түрлі тыйымдар мен үкімдерді тура мағынасында түсініп, буквализмге

бой алдыруы, «Жихад», «Талак» сынды күрделі діни түсініктерге жеңіл қарау, діни талаптарды орындаймыз деген желеумен ұлттық құндылықтарды сыртқа тебуі, ұлттық өнерді, әсіресе, музыка мен театр өнерін, рухани саланың басқа да бағыттарын мойындамауы, отбасы құндылықтарының бұзылуына тигізетін ықпалы, мемлекет құрылымына тікелей қауіп төндіруі. Конституциядан бастап, Еңбек кодексі, Қылмыстық кодекстерді шарифатқа қайшы деп тану, зейнетақы, салық жүйесін харам санау – адасқан ағымдардың негізгі ұстанымы. Содан болар, кей әсіредіншілдер ресми мекемелерде жұмыс істеуден бас тартып, өз беттерінше сауда-саттықпен, басқа да қызмет көрсетумен айналысады. Салықты да тікелей мемлекетке төлемейді. Ресми тіркелген кәсіпкерлер атынан шаруасын жүргізіп, соларға ғимараттың, техникалық құралдардың арендасы ретіне қаржы ұсынады [114]. Адасқан ағымдар (салафшы, уаххабшы, такфирші, хизбуттахрирші) әлем жұртшылығын алаңдатып отыр. Исламдық теріс ағымдардың өкілдері дінде жоқ нәрсенің бәрі «бидғат» (жаңашылдық) деп тақылдайды. «Ширк» (Құдайға серік қосу) деп елді шатастырушылар өз алдына бір төбе. «Мадақ, құрмет бір Аллаға ғана лайықты» деп әулиелерді құрметтеуге, өткенге құран бағыштауға қарсы. Тіпті зират қиратушы радикалдар да көбейді. Оларға салсаң, дінге елшіл азамат болу, ұлт мүддесі жат, ол мүшрік (діннен безгендік). Би, музыка тыңдау, театрға бару, сурет салу, туған күнді тойлау күнә, харам. Өздерін түсінгісі келмегендер «жахилдер» (надандар). А. Омаров осылайша ислам атын жамылған теріс ағымдар таза суды әдейі лайлап, терең етіп көрсетуге тырысатындықтарын айтады. Бір сөзбен айтқанда, дәстүрлі өмір сүру формасы күпірлік, яғни діннен безу болады да шығады. Олай болса, шатақ діндердің сүйеніп жүргені екі нәрсе. Әуелгі доктрина өздерінен басқаларды дінсіз, мұсылман емес деп білу, яғни тәкфир мәселесі. Құранға сүйенген ұлы Абай «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп» десе, тәкфиршілдер өз қандасын да «кәпір» санап, жауға балайды [115]. 2009 жылы шілде айында ҚР Бас прокурорының тапсырысы негізінде Астана соты экстремистік деп тауып 207 ақпараттық мәні бар материалдарға тыйым салды. Бұлар негізінен «Хизбут тахрир» діни партиясының, «Мұсылман ағайындыларының Ассоциациясы», уахабистердің брошюралары, кітаптары мен листовкалары [100, 321-322 с.].

Салафиттердің қажылық пен ұмраға адам ертіп апару арқылы, сол жақта уағыз, насихатты мол жүргізіп, өздерінің қатарларына тарту әрекеті де бүгін белгілі жайт. Қазақстаннан кіші қажылыққа барған азаматтар идеологиялық қауіпке кезігуде. Осы бағытта республикада бірқатар алдын алу шаралары қарастырылу үстінде. Бұл туралы кезінде, «... қазіргі заң бойынша, Қазақстанда тіркелген діни ұйым ғана дінмен айналыса алады, Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы сондай ұйым. Ал, қажылық пен ұмра бұл тікелей діни рәсімдер, яғни, туризм емес. Сондықтан, заңға жүгінсек, қажылық пен ұмра тек діни ұйым айналыса алатын мәселе. Оның үстіне, қажылыққа баратын адамдардың идеологиялық және рухани қауіпсіздігі тағы бар. Өзіміз білетіндей, қажылық Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының тікелей араласуымен өтетін сапар. Діни басқарманың имамдарынан, медициналық қызметкерлер мен басқа да мамандардан құралған топ жыл сайын қажылыққа кеткен азаматтарымыздың

амандығын, олардың барғанда жасайтын құлшылығын қадағалап отырады» дейді Ғ.Шойкин [123]. Комитет төрағасы атап өткендей, қазіргі заңнама бойынша үлкен қажылыққа баратын қазақстандықтардың рухани қауіпсіздігі қадағаланып отыр деуге болады. Салафиттер қажылыққа шенеуніктер, мемлекеттік және мәдени сала қызметкерлері, кәсіпкерлер мен спортшылардан құралған топтарды ертеді. Сауд Арабияда Қазақстан азаматтары жүйелі идеологиялық, психологиялық «өңдеуден» өтеді. Алғашқы кезде дінге ықылас танытқан адамға түрлі діни әдебиет, Интернет мақалалары, түрлі уағыз жазылған аудио-бейне жазбалар ұсынылады. Мұнда ашық жихадқа шақыру, халифат құру секілді экстремистік идеялар болмайды. Бірақ, бұл кітаптар мен брошюралардың негізгі мақсаты – адам санасына Уаххабиліктің базалық идеяларын (көпқұдайшылық – ширк, тек қана бір Құдайға табыну – таухид, дінге жаңалық енгізу – бидағат т.б.) сіңіру, сол арқылы болашақта экстремистік идеяларды (жихад, мемлекеттік құрылымды қирату, халифат құру т.б.) жатсынбайтындай ету болып табылады. Көбіне бұл кітап пен брошюралар Уаххабилік идеология жақсы дамыған араб елдерінің теологтары еңбегінен аударма болып келеді [124].

Салафизм ағымы өкілдері өз қатарына қоғам өкілдерін қалай тартатынын теолог Қ. Жолдыбайұлы былай деп көрсеткен: «Сәләфилер жылт еткен әнші, ақын, спортшы, журналист, аналитик т.б. танымал адам көрсе, қалтасы қалың кәсіпкерді көздері шалса, оларды мақсатты түрде өз қатарларына қосуға тырысады. Оларды қаратса, оларға еліктеген қалың жастарды оңай қанжығаларына байлайтындықтарын жақсы түсінеді. Олармен жұмыс істеудің түрлі жолдарын меңгерген. Сәйгүлік мінгізіп, бүркіт сыйлайды. Сәләфи сеніміндегі әдемі қызбен үйлендіреді. Жұмыссыз жүргендерін айлыққа байлайды. Жұмысқа тұрғызады. Әлеуметтік желіде жарнамасын жасап, көңілдерін қош етеді. Сайт ашып береді. Құрығы ұзын, жоғарғы жақтағы билік өкілдері немесе қалтасы қалың кәсіпкерлері арқылы арзан бағамен баспана мәселесін шешіп тастайды. Тендер алып береді. Спортшыға спортшыны, әншіге әншіні, кәсіпкерге кәсіпкерді, журналистке журналисті салады. Тіпті есерсоқтарды да тиімді пайдаланып, ұнамағандарына айдап салып, қоқаң-лоқы жасатып отырады» [125].

Салафит бағытындағы азаматтар айтыс ақындарын да өздеріне қаратып алып жатқанын айтыс жанашыры Жүрсін Ерманның өзі де ашық мойындаған. Мерзімді баспасөз бетінде «Жүрсін Ерман айтыста теріс діни ағым ұстанатындардың көбейіп бара жатқанын айтты» атты мақалада қызыл сөздің шешендері халықтың мұң-мұқтажын жырлаудың орнына, қазір бір қазанда бастары піспей, тіпті бір сахнада отыра алмайтын күйге жеткені, оған себеп – діни көзқарасына байланысты дәстүрге қырын қарай бастаған ақындардың да қазір аз еместігі сөз етілген. Оны сол айтыстың басы-қасында жүргендер ашық айта бастады деп мәлімдеген КТК телеарнасы. Бұны белгілі айтыс жүргізушісі Жүрсін Ерман да мойындаған. Бір үйдің баласындай болған дүлділдер қазір бір сахнада отырып айтысудан қалып барады. Жүрсін Ерманның айтуынша, Қазақстан қоғамы қандай, ақындар да сондай. «Біздің де ақындардың арасында діни теріс бағытқа түсіп кеткен, дәстүрлі өзіміздің дінді ұстанбайтын ақындар

пайда болды, төртеу-бесеу. Бірақ, олардың қолына айтыс секілді аса құдіретті өнердің тізгінін ұстатып жіберіп, айтысты дінге қарай жолға салып жіберу өте қиянат болады» [126]. Мақалада сол айтыстың басы-қасында жүрген ақындардың тіпті сақалдылар бірігіп, өз айтыстарын ұйымдастыратын болғандығын айтқаны келтірілген. Ебедейсіз сақал қоятындардың қазақ қоғамында негізінен салафит бағытындағылар екені белгілі. Ендеше, салафит бағытындағылар төл өнер иелерін де өз қатарыларына тартып, айтыс ақындарының арасында жік салғаны ойлантарлық жағдай. Бұл жағдай мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың 2017 жылдың 19 сәуірінде Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының өкілдерімен кездесуіндегі әңгімеге де түрткі болды. Жас ұрпақтың діни сауатсыздығына айрықша назар аударған елбасы «Діни сауатсыздығының нәтижесінде жастарымыз сақал қойып, шалбарының балақтарын қысқартып тастайды. Қара көйлек киіп, беті-аузын тұмшалаған қыздарымыздың қатары көбейді. Бұл біздің дәстүрімізге де, халқымызға да жат. Бұған заңнамалық деңгейде тыйым салу мәселесін пысықтау керек. Қазақ қара киімді қаралы кезде ғана киеді», – деді. Мемлекет басшысы қазақ мәдениетінің тарихына, қазақ әйелдерінің дәстүрлі киіміне тоқталып, қара киім мен дін арасында ешқандай байланыс жоқ екенін айтты. «Егер жастарымыз жат уағыздарға ерсе, мемлекетіміздің болашағы не болмақ? Біз бұған жол бермейміз. Тәуелсіз Қазақстанның болашағы жарқын, ұлтымыз тату болып, еліміз зайырлы мемлекет ретінде одан әрі дамуға тиіс. Біз өзіміздің игі мақсатымызға қарсы шыққандарға көне алмаймыз. Бұл – мемлекеттік аппараттың ғана емес, барша Қазақстан халқының, оның болашағының мүддесі» [127]. М.Ж. Қожамжарова «Влияние новых религиозных движений на современную религиозную ситуацию в Казахстане» атты мақаласында салафилердің спорт саласындағы жүрген жастарды да өз қатарына тартуды назардан тыс қалдырмайтындығын атап өткен [128, 73 с.]. Дәстүрлі ханафи мәзһабын мойындамай, мешітте дау шығару негізінен Салафит бағыты өкілдеріне тән болып отыр. Имамдардың айтуынша, олар діни басқарма шығарған пәтуаларға пысқырмайды. Тәртіпке шақырса төбелеске дейін барады. Өздерін тырнақшаның ішінде «Таза исламды ұстанушылар» деп әспеттейді, өз көзқарастарын жақтап, мешіттерде имамдармен дауласуға дейін барады [129]. Бүгінгі күні Дін істері комитеті мен Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы осы мәселені көтеріп, оны бір ізге салу жөнінде ұсыныстар әзірленген. Яғни, үлкен қажылық сияқты кіші қажылық та Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының қадағалауымен жүзеге асуы тиістігі жиі көтерілуде.

Сондай ақ, ҚР Президенті жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия мәліметіне сүйенсек, соңғы 10 жылда кәмелетке толмаған 15-18 жас аралығындағы жастар арасында 30 мыңнан астам неке қию фактілері орын алған. Заңды күші жоқ бұндай некелер мешіттерде емес жеке пәтерлерде қиылған. Заңсыз неке бұзылып, ері әйелін талақ еткен жағдайда жас ана өз баласына заңға сәйкес өтемақы алу мүмкіндігінен айырылады. «Он бір рет тұрмыс құрған бойжеткен жат ағымға ергендерден талақ дегеннен басқа сөз естімепті» атты мақалада дінді дұрыс

түсінбей, оған саналы түрде емес, көзсіз берілген, шетін көзқарастағы ағымдар ықпалына ергендердің арасында өз құштарлығына, яғни нәпсісіне еріп, некелесуге де, ажырасуға да жеңіл қарау әдетке айнала бастағаны, соның салдарынан діндар бойжеткендердің аз мерзім ішінде 4-5, тіпті 11 рет тұрмыс құрғаны, әр некедегі күйеулері тарапынан негізсіз талақ естіп, балаларымен баспанасыз, қамқорлықсыз қалып қойған мысалдарының көбеюде екені және жат ағымдарға тән жат дағдылар белең ала бастағаны сөз етілген. Автордың айтуынша, мұның себебі, «діндармын» деп жүргендердің діннің ішкі мәнін түсінбеуінде, дәстүрлі діни-қағидаларға сай неке-талақ шарттарын сақтамауында. Мысалы, ислам атын жамылған теріс діни ағымдар жақтастары арасында бауырластық түсінігі қалыптасқан және бұл түсінік негізінде шын діндес бауыр екенін дәлелдеу үшін өз әйелін досына, ағымдас бауырына тарту етеді. Бірнеше рет тұрмыс құру, ажырасу кезінде ешқандай АХАЖ органдарына тіркелмей, көбіне жұбайының екінші, үшінші әйелі болып тұрмыс құрған қыздардың алдында бұрынғы жұбайларының ешқандай заңдық, құқықтық жауапкершілігі сақталмаған [133].

Салафизм жақтастарының, мемлекетті тағуттар басқарып отыр сондықтан, өзге елге көшіп кетуге шақыру, мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсетпеу бұлар қазіргі жат ағымдардың ел ішіне салып жатқан іріткілері болып табылады. Осы ұранның жетегінде қаншама жастар, Сирияға (ДАИШ) ағылды. Уаххабиттік идеяны қолдағандар намаз оқымағаны үшін ата-ана, туыстарын «кәпір», олардың пісірген тамағын «харам» деп, қағынан жиреніп, безуде. Мұның ақыры «Ислам мемлекеті» атауын жамылып, террористік ұйым деп танылған халифатшылар құрамына қосылу үшін Сирияға кетумен аяқталуда. Көбі сол жақта өлім құшуда. Бүгінде Сирияға кеткендерді елге қайтару бағытында мемлекет тарапынан халықаралық «Жусан» операциясы ұйымдастырылды. «Жусан» операциясы қауіпсіздік қызметі тарихындағы күрделі, ауқымды, гуманитарлық операция ретінде сипатталды. Себебі Сирияда түрлі мемлекеттердің мүдделері, түрлі геосаяси топтардың қақтығыстары орын алуда. Бұл операция арқылы мемлекет өз азаматтарына жауапты екендігін сездірді. 2019 жылдың 28-31 мамырында президент Қ. Тоқаевтың тапсырмасымен «Жусан» операциясының соңғы кезеңі аяқталды. Қайтарылғандардың басым көпшілігін балалар мен әйелдер құраған. Барлығы 516 адам, олардың 357-і балалар. Әйелдер негізінен күйеулерінің нұсқауымен ерген. Сириядан оралған азаматтармен Қазақстанға келген соң діннің деструктивті, радикалды конструкттарын жақсы меңгерген мамандар әлеуметтік орналастыру, қажетті ресурстармен қамтамасыз ету, дерадикализация бағытында жұмыстар жүргізілуде.

Сирияда ДАИШ лаңкестік ұйымының қатарында соғысқан, Сирияның солтүстігінде күрдтердің Халықтық өзін қорғау отрядына тұтқынға түскен, кейіннен «Жусан» операциясымен елге оралған, Ақтөбелік Д. Сәбитұлы YouTube желісіндегі «Adil Ukim» арнасына берген сұхбатында негізінен дін уағыздаушылардан Дарын Мұбаров пен тәкфіршіл, жихадшылардың дәрістерін тыңдағанын айтқан [134]. «Сирия сергелдені немесе шатасып шамға аттанғандар» атты зерттеу мақаласында Сирияда болып қайтқандармен

тілдескен журналист А. Кеңесбай да «Кімнің уағыздарын тыңдадыңыз?» деген сауалға олардың «Дарын Мұбаровты, шейх Халил мен Ринат Қазақстаниды» атағанын білдірген. Павлодар облысы дін істері басқармасының Конфессияаралық қарым-қатынастарды талдау және дамыту орталығы ақпараттық-түсіндіру жұмыстары бөлімінің басшысы З. Өмірбекқызы жат ағымға тартудың бірінші түрі, бетпе-бет арбау болса, екінші түрі – бұл ғаламтормен тарту екенін айтады. Маманның пайымынша, бұл әбден жетілдірілген аса қауіпті түрі. Себебі бала ғаламтормен бірге-бір қалады, жанында ересектер болмайды. Жас жеткіншектер ғаламтор арқылы танысып, өз араларында мәселелерді шешіп пікір алмасып жатады. Соңында жастар экстремизмнің шырмауына қалай түскенін өздері де байқамайды. МГУ университетінің студенті Варвара Караулова ғаламтор арқылы жас кісімен танысып деструктивті ағымның шырмауына түскен. Ғаламтор арқылы жазысу барысында араларында достық қарым-қатынас орнап, нәтижесінде өз дінін өзгертіп, ДАИШ жасақтарының қатарына қосылмақ болған. Мұның соңы әкесі дер кезінде дабыл қағуының арқасында қызын аман алып қалды. Әлгі қыз өзінің жазасын абақтыда өтеуде. Міне ғаламтормен танысудың қаншалықты қауіпті екендігінің айқын мысалы [135]. Жат ағым өкілдерінің отбасы, неке мәселесіне тым жауапсыз қарайтындығы салдарынан көп сұрақ оларды қандай белгілеріне қарап ажырату керектігі. Осы орайда жат ағым өкілдерін қалай ажыратуға болады деген сауалға теолог Е. Әміре мынандай белгілерін атап көрсеткен: Жат ағымдағылар көбіне Орта Азиядағы негізгі сенім мектебі – Әһли сүннет уәл-жамағатының ішіндегі Матуридиді жоққа шығарады. Егер мүфтияттың ұстанған ақидасы дұрыс емес деп, имамдарды терістейтін болса, сезіктенуге болады. Жаттанды сөздерінің ішінде «Пайғамбарымыз (с.а.у) бізге Құран мен сүннетті ғана қалдырды, мәзһабты ұстану дұрыс емес. Әбу-Ханифаның өзі «Менің сөзім хадистерге қайшы келсе, тастандар» дегендері бар. Одан кейін мәуліт күніне қатысты ұстанымдарын айтуға болады. Алла елшісінің (с.а.у) дүниеге келген күні – барша мұсылман үшін мереке. Ол – бидғат емес. Ұстанымының дұрыс емесін көрсететін көріністің бірі деп осыны айтуға болады. Жат ағымдағылардың бұдан бөлек көтеретін басқа да мәселелері бар. Айталық, намаз оқу әдісінен байқай аламыз. Намазда руқұғтың алдында, руқұғтан кейін қолын көтеру, аяқ арасын ашып, талтайып тұру, қолын көкірегіне қою деген белгілер бар. Жалпы бұлар басқа мәзһабтарда бар. Басқа мәзһаб өкілі жасап жатса, ешкім қарсы шықпайды. Бірақ бізде олай істеп жатқандар «менікі ғана дұрыс» деген көзқарасты ұстанады. Мысалы, қолды көтеру Шафиғи мәзһабында бар. Қазақтар ханафи мәзһабында болғандықтан, сәл ерекшеліктің болғаны басқа ағымда екен деп ойлауға итермелейді. Мына нәрсені түсіну керек: бұл әрекеттер дұрыс емес демейміз. Бірақ соны істеп жатқандардың көзқарасы қате [136]. Салафит бағытына ерген жастардың қазақ тіліне араб тіліндегі сөздерді жиі қыстыратыны ел ішінде наразылық тудыруда. Олар ана тіліндегі «бауыр» деген сөздің орнына «ахи», ал «әпке» деген сөздің орнына «ухти» сөздерін қолдануда. Сонымен қатар ретсіз сақал қойып, балақты қысқартып, анаша шегіп (ол туралы құранда нақты айтылмаған деген желеумен), ішімдік ішілетін орнындарға бармай, туыстарымен

араласпауы олардың діни санасының күрт өзгергенін байқатуда. «Мухкам және муташабих аяттарды зерттеген адам тіл білімі, фикһ негіздері секілді ілімдерден хабардар болуы керек» [137, 220 б.]. Е. Ағыбайұлы «Салафилік-уаһабилік ағым қоғамға аса қауіпті» атты сұқбатында мынандай ойларымен бөліскен: Ибн Таймия Құран Кәрімдегі «Мүтәшабиһ» астарлы аяттар мен астарлы мағынадағы хадистерді тікелей, сөзбе-сөз мағынасында түсінуге үндеген. Мысалы, ол «Түннің үшінші бөлігінде құлшылық еткен пендеге Алланың мейірімі түседі» деген мағынадағы хадисті «Алланың өзі түседі» деп, қате түсіндіреді. Сунниттік (Аһлі ас-сунна уал-жамағат) ақида бойынша Алла тағаланы «түсу», «бір орыннан екінші жерге қозғалу», «ұйықтау», «демалу» сияқты адами, антропологиялық, жаратылысқа тән сипаттармен сипаттауға тыйым салынған. Мұндай сипаттар Алла Тағала хақында кемшілік болып табылады. Бұл негіз Құран Кәрімнің: «Оған ұқсайтын нәрсе мүлде жоқ!» («Шура» сүресінің 11-аяты), «Алланы ештеңе ұқсатпандар» («Нахл» сүресінің 74-аяты), «Алла тағаланың еш теңдесі жоқ» («Ықылас» сүресі, 4-аяты) секілді аяттарынан алынған. Ол бұл тұрғыда мына тарихи деректі келтіреді. Әйгілі араб саяхатшысы Ибн Баттута (XIV ғ.) өзінің кітабында сол замандағы Мысыр патшасы ән-Насырдың Жоғарғы Сот шешімімен Ибн Таймияны экстремистік ойлары үшін Каирдегі Цитаделде орналасқан түрмеге қамағанын және оның сол қамауда жатып өлгенін жазған [138]. Өздерін салафиміз деп атаған топтар ұлттық құндылықтар және қасиетті деп саналатын кесене мазарларға зиярат ету және мәулітті атап өту, музыка тыңдау дұрыс емес деп санайды. Оңтүстік аймақтардағы келіннің атасы мен енесіне, жасы үлкендерге сәлем салу дәстүрін бидғат деп санайды. Ұлттық болмыс пен ұлттық құндылықтарды қабыл алмайтын топ мұсылман болу деп арабтың дәстүрді ұстануды және арабтың діл мен өмір салтын басшылыққа алады. Ұлттық мәдениеттен жирену маргиналдық ұстанымға алып келеді [117, 6 б.].

Қазақстанда сопылық атын жамылған топтың бір ерекшелігі олар өз жұмысын «Сенім. Білім. Өмір» республикалық қоғамдық бірлестігі арқылы жүргізді. Кезінде аталмыш ұйымның негізгі идеологиялық үгіт-насихат жұмыстары «Қазақстан» телерадиокорпорациясы мен оның облыстық филиалдары арқылы жүргізілді. Солар жүргізген бағдарламалардың продюсері «Жан» шығармашылық бірлестігінің жетекшісі Базарбек Атығай «жамағат» басшылығының алғашқы бестігіне кірді [146]. Исматуллашылар жеке жұмыс істейді, білгенінше-қалағанынша уағыз айтады, жеке «діни медресені» жүргізеді. Ешбірі ешкімге ешқандай есеп бермейді. 40 күндік «шілхана» ұйымдастырады [146]. Сопылардың мүрид тәрбиелеуде өзіндік тәсілдері ерекшелік байқатты. Зікіршілердің рухани ұстазы түбі Пакистандық Исматулла Мақсум 1997 жылы өзіне мүридтер әзірлей бастады. Рухани ұстаздарын олар пір немесе тақсыр деп атады. Оларға шілдеханадан өту шарт болды. Мүридтер қырық күндік оқудан өтті. Шілдеханадағы оқу тәртібі қаталдығымен ерекшеленді. Мүридтер оқшау жағдайда ұсталды. Пірдің рұқсатынсыз бөтен кісілермен сөйлесуге, шілдеханадан шығуға, күн сайынғы БАҚ, кітап, журнал оқуға тыйым салынады. Пір қатысқан алқа топпен бәрі зікір салды. Олар өздерінің зікірн «алқа зікір»

және «ара зікір» деп атады. Екі үш сағатқа созылатын зікір салу психотехникасы мен әдісі белгілі бір сөздерді айқайлап айтып, бастарын бұлғақтатып, селкілдеп отыруға және белгілі бір ырғақпен билеуге негізделеді. Бұл жалған исламдық ағымның бір ерекшелігі, олар үгіт насихатында халықтың қалыптасқан ауыз әдебиетін, жыр, аңыздары мен ұлт мақтаныштары Абай мен Шәкәрімнің еңбектерінің әр тұсын өз мақсаттарына жіті қолданды [147, 7 б.]. А. Қуанбай «Сопылар ісі: халық пен билік назарында» атты мақаласында зікіршілердің өздеріне жақын бірқатар адамдарды Иранға сапарлатып апарғандары, сол жолы көрген жайттар туралы мәліметтер келтірген [148]. Жалған діни ағымдардың өкілдері өз нанымдарына тартуда түрлі әдіс-тәсілдерді пайдаланады. Негізінен заң аясында тіркеліп, жария түрде жұмыс атқарған сияқты көрінгенімен, жымсықы түрде көптеген жұмыстарды қосымша атқарады. Оған қазіргі тіл үйрету курстары молайып, қайырымдылық қорларының көбейіп кетуі, сол арқылы өздеріне адам тауып жатқандығы куә. Бұған қоса, бұқаралық ақпарат құралдары, соның ішінде діни мазмұндағы газет журналдар жарыққа шығару да дәстүрлі емес діни ағымдар жиі пайдаланатын тәсіл. Топ мүшелерінің зікірі «алқа зікірі» және «ара зікір» деп екіге бөлінеді. Екі үш сағатқа созылатын зікір салу психотехникасы мен әдісі белгілі сөздерді (Ху, Хай) айқайлап айтып, бастарын бұлғақтатып, селкілдеп отыруға және белгілі бір ырғақпен билеуге негізделеді. Жасанды діни ұстаным көбіне үгіт-насихаттарында халық ауыз әдебиеті үлгілерінен және ұлтымыздың ардақты тұлғаларының шығармаларынан үзінді келтіріп өз мақсаттарына пайдаланады. «Сопылар» ұлттық идея, ұлттық дүниетаным, ұлт руханияты туралы көзқарастары арқылы өздерінің қатарына білімді жастарды тартады [117, 8 б.]. Н. Байтенова жалған діни ағымдардың таралу жолдары тақырыбында белгілі бір тұлғаның дәстүрлі ағымның таралуына қолдау көрсетуіне де назар аудартады. Ғалымның айтуынша, өздерін құқықтық, әлеуметтік жағынан қорғану мақсатында елге танымал, беделді адамдармен тығыз жұмыс атқаруға күш салады. Екіншіден, бөтен мемлекеттің мүддесін жақтап әрекет жасайды. Бұндай діни ұйымдар Қазақ еліне таралу үшін шет мемлекеттерде өздерін мойындатады не үкіметтік деңгейде қолдау табады [147, 7 б.].

Қазақстандағы Ислами дағуат құбылысының ішінде «Құраншылар» деп аталған топ та, негізінен Құранды ғана негізге алып, сүннетті жоққа шығаруымен ерекшеленді. Олар негізінен еліміздің батысында байқалды. Жалпы алғанда Құраншылардың Қазақстанда таралуы қарқынды емес. Дегенмен бар, оны жақтаушылар қарапайым халық өкілдері мен билік басындағылардың арасынан да табылады. Топтың басшылары жайлы нақты мәліметтер анықталмаған. «Кораниты без Корана. VIP-сектанты Қазақстана» атты мақаланың авторының мәліметінше, бұл діни ағымның жаңа даму қарқыны Аслан Мусиннің Астанаға ауысуымен байқалған. Ол алғашында парламент спикері, ал артынша президент әкімшілігінің жетекшісі қызметіне тағайындалған. Осы кезден бастап «Ізгі амал» қоғамдық бірлестігі бірқатар аймақтық биліктен, тіпті дағдарыс уақытында (құраншылар) бюджеттен және бизнес орталардан да көмек алып отырған [149]. Кейіннен бұл ағымның жетекшісі ретінде Аслан Мусиннің ұлы, Калифорния

университетін бітірген, ағылшын, араб тілдеріне жетік Асылбек Мусин көрінген [149]. Автордың айтуынша, Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы құраншылар ілімі ислам негіздеріне сай емес деген пәтуа шығарғанмен, қазақстандық оппозициялық прессаның хабарлауынша, барлық мемлекеттік БАҚ-тарға ол пәтуаны жарияламау үшін Президент әкімшілігінен тыйым келген. Бұған қоса, Асылбек Мусиннің өзі сотпен қудалайтындығын айтып қорқытып, ҚМДБ-дан ресми кешірім сұрап, ол пікірден бас тартуы керектігін талап еткен [149]. Құраншылардың үгіт жасау түрлері жайлы нақты мәліметтер жоқтың қасы. Олай дейтініміз, бұл топ өкілдері өздерінің ұстанымдарын ашық түрде жарияламайды. Көп ретте пікірлер ретінде ұсынады. Ол бір жағынан өздеріне де тиімді болса керек. Өйткені тек қана аятқа негізделген пікірлерді шындап келгенде, өздерінің де толық түсінуі күмәнді. Мүмкін сол себепті болса керек. Дегенмен Асылбек Мусиннің сұқбатынан төменде келтірілген пікірге қарасақ, олар «Ізгі амал» ұйымы аясында жоғарғы элита арасында бас қосуларды жиі ұйымдастырады. Осындай пікірталасқа негізделген бас қосулар арқылы өздеріне пікірлес адамдар жинайтыны анық. ««Ізгі Амал» бірлестігіне қатысушылар мен ұйымдастырушылар – менің достарым. Заңды түрде менің «Ізгі Амалға» қатысым жоқ, бірақ идеялық және рухани жағынан бір бағытты бөлісеміз. Қозғалыстың идеясы дәстүрден ой мүдделерін бөлу арқылы органикалық өсіп шықты, біз оны бұрыннан жасап қойғанбыз. Біз әр түрлі мәселелерді талқылау үшін жиі жиналамыз, Палестинадағы жағдайдан экзистенциализм философиясына дейін. Қызу бәсеке, қақпайласулар кезінде ойың өткірленеді, идеялар туындайды, жоспарлар пайда болады. Бұл өте пайдалысы және негізгісі – ой әрқашан әрекеттің алдында тұруы керек. Сол себепті «Ізгі Амал» бәрінен бұрын ой мүддесінің клубы, содан кейін барып қозғалыс. Жалпы, Отанын сүйетін қағидамен жүретін, саналы айтыстардың тәртібін қолдайтын, ең бастысы Жаратушының барын сезінетін әр адам өзін «Ізгі Амалдың» мүшесімін деп санауға болады» [150]. А. Мусиннің бұл сөзінен құраншылардың негізінен элиталық өкілдерге көбірек мойын бұратынын, түрлі тақырыптарды талқылау үшін олардың басын жиі қосатынын, сол арқылы өздеріне мүшелікке тартатынын байқаймыз. Бұл ағымның құрылтайшылары мен демеушілері қазақстандағы жоғарғы лауазымды саяси элитаның жақындары мен балалары. Атап айтқанда, Мұсайев, Тұрысбеков, Шабдарбаев, Айдар Каипов және т.б. [149] Кейде бұл топты «Ізгі амал» діни мәдени ұйымының негізінде көрсетеді. «Ізгі амал» діни мәдени ұйымының басылымы «Наш мир» газеті арқылы атқарып жатқандығын жария етеді. Шындығында «Наш мир» газеті «Ізгі амал» қозғалысының басылымы. Бұл басылым 2000 жылдан бастап 2010 жылға дейін шығып келген. Құраниттер Құранның тәпсірін жасауда көптеген исламның дәстүрлі қалыптасқан ережелері мен ұстанымдарына қайшы пікірлерді алға тартты. Ғайыпты, жындар әлемін, періштелерді және шайтан ұғымын жоққа шығарды. «Періштелер әлемінің мағынасы табиғаттың жел, жаңбыр және жанартау секілді құбылыстары. Жындар деген ормандар мен сахара шөлдің тұрғындары, олар тек түнде ғана тіршілік етеді» деді. «Шайтанның мән құмарлықтың талаптары мен адам нәпсісінің азғындығы» деді. Оны мұндай

ислам ғұламаларының дәстүрлі сара жолына қайшы жолды ұстануына итермелеген «Құранның Мұхаммед (с.а.с.) пайғамбарға сөзі мен мағынасы бірдей емес, тек мағынасы ғана уахи болған кітап деп сенуі еді. Ал, сүннетке қатысты пікірлеріне тоқталатын болсақ, ол сүннетті бізге жеткізген риуаятшыларға тіл тигізуден бастады. «Сүннет Пайғамбар (с.а.с.) өмірден өткеннен кейін біраз жылдарға дейін жазылған жоқ. Тек адамдардың көкейлерінде ғана болды. Сондықтан сүннеттің өзгеруі, бұзылуы, оған жалған сөздердің кіруі әбден мүмкін» деді. Егер тереңіне мән берсек, Пайғамбарымыздың хадисін мойындамаса, онда олар Алла елшісін де мойындамайтынына еш күмән болуы мүмкін емес. Демек, Пайғамбарымызға сенуге күмән келтірген болса, онда шариғаттың негізгі тірегі болған (Құранға қоса) хадис, тәпсір, қияс мәселелеріне қоса сахабаларға, ислам ғалымдарына, олардың пәтуаларына, яғни исламның қайнар көздеріне теріс қарап, оларды жоққа шығарады деген сөз. Қасиетті құран кәрімнің Алла тағала тарапынан Пайғамбарымызға уахи арқылы түсірілгенін мойындаса, онда қасиетті кітапты кеңінен түсіндіретін Алла елшісінің хадистерін теріске шығаруы ақылға сыймайды. Қазақ халқының діни танымының қалыптасуында хадистердің орны ерекше. Құраншылардың хадистерге сенімсіздікпен қарап, тек құранды басшылыққа аламыз деуі қалыптасқан қазақи діни танымға үлкен қауіп төндіруімен қатар ол ислам дінін де негізінен тпайдыратын қауіпті құбылыс. Себебі, исламның негізгі қайнар көздері құран мен сүннет болып табылады. Құранды түсінуде сүннеттің орны ерекше. Сүннетті жоққа шығару түптеп келгенде Құранды шала түсінуге жол ашатыны мәлім. Сондықтан құраншылардың діни ұстанымдары дәстүрлі діни танымға өте қауіпті деп топшылауға болады. «Құраниттердің ұстанымы – Батыс ориенталистерінің мақсатын көздейтін бағыт. Ол Ислам дінін әлсірету мақсатында қалыптасқан. Олардың ниеті ұжымдасқан мұсылман қауымына жік салу. Сол арқылы мұсылмандардың қасиетті кітабы Құранға күдік тудыру. Бұл істері нәтижелі болмағандықтан Құранның ажырамас бөлігі хадистерді жоққа шығаруға тырысуда. Мұның өзекті тұсы – айрандай ұйып отырған мұсылмандар арасына сызат түсіру, елдің бірлігін, өзіміздің дәстүрлі дінімізді жоққа шығару. Тарих сахнасында ғасырлар бойы өмір сүріп келетін мұсылмандардың наным-сеніміне адасушылық пікірді қалыптастырып, іріткі салу».

Бүгінгі Қазақстандағы таблиғшылар, Хизбуттахриршылар, Салафи-уахабилер, Сопы атын жамылғандар, Құран атын жамылғандардың барлығы өздерінің идеологиялық негіздерін Құран мен Суннадан деп түсіндіреді. Байқасаңыз, бұлардың барлығы Құрандағы ислами дағуат мәнін, діни танымның болмысын, пайғамбарлық дағуаттың ұстанымы мен идеясын шатастырып, өз мүдделері мен мақсаттарына сай қасақана бұрып, қолданған топтар екендігін аңғаруға болады. Бірақ өкінішке орай, қоғамдық сана, әсіресе жастар, осындай бұзық идеологиялық танымдағы ағымдардың жетегінде кетіп, өз тағдырына да, қоғамдық тұрақтылыққа да елеулі қауіп қатер әсерін тиізіп отыр.

2.3 Дін және мемлекет қатынасы тұрғысынан дағуат құбылысының қоғамдық санағы ықпалы

Дін және мемлекет қатынасы, қоғамдық санадағы, таным, түсінік, құндылықтық бағдарлар арқылы өзінің құбылыстық, құқықтық және танымдық қызметін көрсететін ұстанымға негізделеді. Соңғы жылдары қоғамдағы дінге қатысты тақырыптар мен бағыттар, себеп-салдар, әлеуметтік қызметі, дін мен мемлекет қатынасы, құқықтық негіздері туралы талдауларға қарап отырсаңыз, діннің формасына қатысты талдаулар дін құбылысының мазмұнына қатысты сараптамалық материалдардан әлдеқайда көп екен. Яғни біздің қоғамда, дін құбылысына қатысты жазылған материалдардың сексен пайыздан астамы діннің «мәніне» емес, формасы яғни көрінісіне арналыпты. Профессор Д.Т. Кенжетай, «Зайырлылық» деген кітабында «...дін және саясат, мемлекет арақатынасы, дін және терроризм, экстремизм, дін және зайырлылық, дін және дәстүр, дін және әйел, дін және хижап, дін және жихад, салафизм, хизбу тахрир және т.б. тақырыптарға сексен пайыз тер төгілген (бұл жерде электрондық ақпараттардағы, ғаламтордағы материалдар еңбеді)» деп сараптайды. Қалған он жеті, он сегіз пайызы ішінде, ислам, дін және мәдениет, ар, ахлак, діни негіздер, ислам тарихы мен қазақ мұсылмандық тарихы, ерекшеліктері, дәстүрлі мұсылмандық: ханафилік, матуридилік тақырыптарына орын берілген. Қалған екі-үш пайызында Қазақстандағы басқа діндер мен миссионерлік мәселелері айтылыпты. Бұл жерде, қоғамдағы дін құбылысына қатысты жасалған сараптамалар қоғамның өз қажеттілігіне емес, сыртқы күштердің реакциясына жауап ретінде жазылғандығы түсінікті жағдай. Бұл діннің саяси шаблондармен берілген танымдарына деген біздегі конференциялар мен есепсіз жиналыстардың жауаптары мен қорытындысы десе де болады. Сосын осы сексен пайыз діннің сыртқы формасына берілген жауаптардың тоқсан пайызға жуығы мемлекеттік институттардың тапсырысымен жасалған. Ал қоғамдық институттардың жасаған ішкі, сыртқы діни танымдық жауаптарына қарасақ, өте енжар. Қоғамдағы дін құбылысына қатысты белсенділік, мемлекеттік институттардан әлдеқайда белсенді әрі саны мен сапасы жағынан алда болу керек еді. Теория солай, себебі біз зайырлы мемлекетпіз. Бірақ нәтиже олай емес. Ең басты мәселе діннің қоғамдағы, мәдениетіміздегі, өркениетіміздегі, тарихи санамыздағы, ар, еркіндік, жауапкершілік, мораль сияқты тақырыптар мен материалдар, яғни діннің ішкі мәні мен маңызына қатысты қоғамды, жастарды бағыттаушы, құндылықтық бағдар беруші қырларына аз мән берілгендігінде жатыр. Содан соң осы сараптама көрсеткендей, қазақ мұсылман ба, жоқ па, осы сұрақтарға деген азаматтық зерттеушілік жауапкершілік әлсіз. Өте енжар. Діни тәжірибе, діни таным мен діни сана туралы тарихилық ұстанымының орны айқын емес. Мемлекеттік және қоғамдық институттар дін құбылысы төңірегінде мақсатты талдау, орталықтандырылған ғылыми институтты бірлесе отырып қалыптастыруы шарт.

Қазақстан үшін зайырлылық – елдің ертеңі. Исламның тынысы. Тыныштық пен тұрақтылық кепілі. Ең басты құндылық. Сосын зайырлылық пен азаматтықты да ақыл таразысына тарта отыру керек. Мына дүниені жұмаққа

айналдыру, Абайша айтқанда, дінді «мимари деңгейде» қабылдаған кез келген қазақ - ұлтын сүйеді деген сөз. Мемлекет құқықсыз болмаған. Бірақ сол құқықтың иесі бар. Мемлекеттің де құрушы мәдениеті, ұлты бар. Сол мәдениет - құқықтың да иесі. Ал құқыққа бағыну, мойынсұну, сыйлау, құрметтеу деген психология адамға, алдымен мемлекеттен бұрын сол құқық иесіне деген құрметтен басталады. Расында ислами дағуат құбылысы, мемлекеттік және қоғамдық институттарда қоғамдық санада үлкен трансформацияға себеп болды.

Тәуелсіздіктен кейін орын алған күрделі өзгерістер Қазақстанда мемлекет пен қоғамның барлық салаларына өз әсерін тигізді, мемлекет пен дін қатынастары да бұдан шет қалмады. Конфессионалдық көптүрлілік тез рең алып, Қазақстан үшін дәстүрлі діндермен қатар дәстүрлі емес діндер, жаңа діни қозғалыстар да күн тәртібіне шықты.

1992 жылы қабылданған «Діни наным - сенім еркіндігі және діни бірлестіктер» туралы заңы мемлекет тарапынан діни нанымға құрмет пен толеранттылыққа негізделді. Қазақстанның конституциясына барлық азаматтардың діни сенімдері мен ұлтына қарамастан тең құқылы екені жазылған. Елдегі барлық этникалық топтардың мәдениеті мен рухани мұрасы жалпы ұлттық мүдде ретінде қарастырылады. Барлық азаматтарға өз мүдделерін қорғауда және іске асыруда тең құқықтарға кепілдік беріледі. ҚР мен басқа елдер азаматтары кез келген дінді ұстануға немесе қандай да бір дінді ұстанбауға құқылы. Барлық діни бірлестіктер заң алдында тең. Ел заңдары Республика Конституциясында және адам құқықтары туралы халықаралық актілер мен келісімдерде бекітілген азаматтардың діни бостандығына кепілдік береді. Діни ұйымдардың саны бірнешеге артты, діни дәстүрлер жаңғыруда, жаңадан дін ғимараттары: мешіттер, шіркеулер, дұға үйлері, синагогалар салынуда. Халықтың діни деңгейі өсті [90, 54 б.].

Қазақстанда дәстүрлі емес діни ағымдардың қалыптасуын шартты түрде екі кезеңге бөліп қарастыруға болады. Бірінші кезең, ХХ ғ. 30-50-жылдарында басталды. Сол заманда Қазақстанға көптеген діни ұстанымдардың өкілдері қоныс аударылды, солардың ішінде Иегова куәгерлері, Жетінші күн адвентистері, елуліктер және т.б. діни ағымдар болатын. Сол уақыттан бастап Кеңестік Одақтың ыдырауына дейін мемлекеттің қатал атеистік саясатына қарамастан аталмыш бірлестіктер қудалауға және идеологиялық басымға қарамастан жойылып кетпеді.

Екінші кезең, 80-жылдардың аяғынан бастау алып, осы күнге дейін жалғасуда. Коммунистік идеологияның жойылуы, түрлі жолдармен толастаған рухани вакуумға әкелді. Осы уақытта көптеген жаңа діни ағымдардың белсенді жұмыстары байқалды, олардың көпшілігі ірі қалаларда (Алматы, Астана, Қарағанды және т.б.) шоғырланды. «Кришнаны тану қоғамы», Виссарион шіркеуі, «Трансценденталдық медитация», «Бірігу шіркеуі» сияқты ұйымдар өздері туралы белсенді түрде айтып жатты. 90-жылдардың басында Батыста белгілі болған, алайда Қазақстанда белгісіз протестанттық шіркеулердің саны күрт өсті. Белсенді насихаттау жұмыстары көптеген протестанттық (ең бастысы харизматикалық, пресвитериандық, методистік, евангелистік) шіркеулердің

жолын қуушылардың санын өсірді. Солардың ішінде ең танымал болған ұйымдар келесілер: «Грейс» («Благодать», «Рақым» және т.б.), «Новая жизнь», «Агапе», «Живая лоза» және т.б. дәстүрлі діндердің басшылары жаңа діни ағымдардың өкілдеріне прозелитизм деген кінәлар тақты [90, 55 б.].

Бұл ағымдар болмыстық жағынан ислам діні мен өркениеті негізінде тарихи тәжірибесі мен ұлттық құндылықтарын, мәдениет ғарышы деп таныған қазақтар үшін де өте қауіпті миссионерлік әрекеттердің әсері мен керіәсері ортасында қалдырды. Діни таным кез келген ұлттық болмыстың өзегі, мәні. Ал қазақ халқы үшін өзінің ұлттық құндылықтары мен тарихи санасына сызат түсірер танымдық идеологиялық алаң, өз мемлекеттік шекарасы болып шыға келді. Сондықтан сындарлы мемлекеттік саясат арқылы, 2011 жылы 1 қаңтарда Қазақстанда 46 конфессияны құрайтын 4551 діни бірлестіктер мен олардың филиалдары жұмыс істесе, 2012 жылы 25 қазандағы қайта тіркеуден кейін діни бірлестіктер саны 32%-ға немесе үштен біріне қысқарды. Діни бірлестіктер санының үштен бірінің қысқаруы өзінің заңдылығын негіздей алмаған бірлестіктердің есебінен жүзеге асты. Жарғыларында жалған ақпарат ұсынған теріс пиғылды діни құрылымдар мен бірқатар діни бірлестіктер қайта тіркеуге жіберілмейтіні ескертілді [91, 9-10 б.]. А. Айталының пайымынша, Қазақстандағы исламды айтқанда тек діннің өз ішімен байланыстырмай, әлеуметтік, мәдени ортамен астарласып жатқанын ескерген жөн. Дін бүгін қоғамда адамдардың іс-қимылын, әдебін, тәртібін, адамгершілік келбетін айқындайтын, реттейтін құбылысқа айналып барады. Дін сондай-ақ нарық жағдайында «тауарға» да айналды: өлім-жітім атқару, басқа да салт-жоралар атқару ақылы қызмет түріне айналды. Бірақ ислам дініне «оралу» тек Қазақстан емес, бүкіл постсоветтік кеңістікте өте күрделі. Сондықтан ғылыми әдебиетте 1980 жылдардың аяғы мен 1990 жылдар «қайта жаңару», 70 жылдық атеизм үстемдігінен кейін тарихи дәстүрлерді жаңарту кезеңі деп те аталады. Бірақ ХХІ ғасырдың басында «Қайта жаңарған ислам» революцияға дейінгі канондардан ерекше болатындығы белгілі бола бастады. «Исламдық жаһандану» ұғымы өмірге келді. Түркі рухани кеңістігінің бұрынғы кеңестік аймақтарына исламның арабтық версиясы, қағидалары, шариғат үкімдері ене түсті. Шығыс ислам рухани ұстаздары мен уағыздаушылары, шет елдерде білім алған жас имамдар, молдалар, бабалар дәстүрлерін қайта қарап, нағыз, шынайы дін үлгісін сырттан іздеді. Исламның арабтық моделін ғана неофиттер, жаңа бағытты уағыздаушылар діни ақиқат деп таныды. Сонымен, конфессияшілік қайшылық бүгін алға шықты [93, 20 б.]. Расында, тәуелсіздік жылдары Қазақстан қоғамында діни серпіліс кең көлемді жүрді. Кеңестер Одағы кезіндегі атеизмнен қалыптасқан рухани хаос жағдайында халықтың рухани аштықты бастан өткеруімен байланысты орын алды. Бұл уақытта дәстүрлі діни бірлестіктердің ұстанымдары нығайымен қатар халық үшін мүлдем жат жаңа діни ағымдар ағылып келе бастады. Бұл жат ағымдар жергілікті халықтың байырғы діни құрылымымен санаспады. Қазақстан Республикасы зайырлы, демократиялық, әлеуметтік орныққан ел ретінде Конституция негізінде ар-ождан бостандығы мен наным-сенім еркіндігін жариялап, діни бірлестіктердің заң алдындағы теңдігін, мемлекет пен діннің бөлінгендігін қамтамасыз етті. Діни

бірлестіктердің әлеуметтік қызметін реттеудің халықаралық тәжірибелеріне негізделген бірқатар нормативтік құқықтық негіздер қалыптастырды. Соңғы санақ бойынша (2009) Қазақстан халқының 70,2 пайызы исламды ұстанатынын білдірсе, 26,3 пайызы христиан діні өкілдері.

Міне байқап отырғанымыздай, елдегі негізгі діни қауым ислам тұрғысынан алғанда, сунниттік тармағы, соның ішінде Ханафи мәзһабын ұстанатын мұсылмандар бола тұра түрлі дәстүрлі емес культтер саны артып, жаңа діни ағымдардың миссионерлік қызметі жанданып, ерекше қарқын алды. Ислам діні фанатизм, ксенофобия, сеператизм, терроризмді қолдамаса да, бірқатар исламдық харизматикалық қауымдар экстремистік әрекеттерімен тез көзге түсті. Олар мұсылмандар арасына жік салатын идеялар тастап, пікір төзімсіздігін тудыруымен ерекшелене бастады. Бұл туралы, ғалым, дінтанушы, Н. Байтенованың ойынша, миссионерлік - діни ұйымдардың ілімдерін таратуға арналған діни және саяси қызмет. Миссионерлер баратын ел халқының дінін, тарихын, әдет-ғұрпын, ділі мен психологиясын зерттеп біліп барады. Көптеген миссионерлер жергі-лікті халық басым елді мекендерде тұрып, сол халықтың тілін, әдет-ғұрпын, мінез-құлықтарын өз қызметтерін табысты атқару үшін жетерліктей деңгейде зерттеп, үйренеді. Жұмыссыздар, өмірден өз орнын таппағандар, рухани ізденісте жүргендер, жеке басы және отбасындағы психологиялық қиындықтарға төзе алмағандар, Ислам дінін терең білмейтіндер, әсіресе жастар миссионерлердің үгіт-насихатына тез ілігеді» [155].

1992 жылы қабылданған «Діни наным - сенім еркіндігі және діни бірлестіктер» туралы заңы мемлекет тарапынан діни нанымға құрмет пен толеранттылыққа негізделді. Қазақстанда тәуелсіздік алғаннан бері елдегі діни қарым-қатынас саласында байсалды мемлекеттік саясат іске асырылуда. Қазақстанның конституциясына барлық азаматтардың діни сенімдері мен ұлтына қарамастан тең құқылы екені жазылған. Елдегі барлық этникалық топтардың мәдениеті мен рухани мұрасы жалпы ұлттық мүдде ретінде қарастырылады. Барлық азаматтарға өз мүдделерін қорғауда және іске асыруда тең құқықтарға кепілдік беріледі. ҚР мен басқа елдер азаматтары кез келген дінді ұстануға немесе қандай да бір дінді ұстанбауға құқылы. Барлық діни бірлестіктер заң алдында тең. Ел заңдары Республика Конституциясында және адам құқықтары туралы халықаралық актілер мен келісімдерде бекітілген азаматтардың діни бостандығына кепілдік береді. Тәуелсіздіктің он екі жылдығында Қазақстанда діни институттардың сапалы және сандық өсімі болды. Діни ұйымдардың саны бірнешеге артты, діни дәстүрлер жаңғыруда, жаңадан дін ғимараттары: мешіттер, шіркеулер, дұға үйлері, синагогалар салынуда. Халықтың діни деңгейі өсті [90, 54 б.].

Бүгінде Сирияға кеткендерді елге қайтару бағытында мемлекет тарапынан халықаралық «Жусан» операциясы ұйымдастырылды. «Жусан» операциясы қауіпсіздік қызметі тарихындағы күрделі, ауқымды, гуманитарлық операция ретінде сипатталды. Себебі Сирияда түрлі мемлекеттердің мүдделері, түрлі геосаяси топтардың қақтығыстары орын алуда. Бұл операция арқылы мемлекет өз азаматтарына жауапты екендігін сездірді. 2019 жылдың 28-31 мамырында

президент Қ. Тоқаевтың тапсырмасымен «Жусан» операциясының соңғы кезеңі аяқталды. Қайтарылғандардың басым көпшілігін балалар мен әйелдер құраған. Барлығы 516 адам, олардың 357-і балалар. Әйелдер негізінен күйеулерінің нұсқауымен ерген. Сириядан оралған азаматтармен Қазақстанға келген соң діннің деструктивті, радикалды конструктарын жақсы меңгерген мамандар әлеуметтік орналастыру, қажетті ресурстармен қамтамасыз ету, дерадикализация бағытында жұмыстар жүргізілуде. Сирияда ДАИШ лаңкестік ұйымының қатарында соғысқан, Сирияның солтүстігінде күрдтердің Халықтық өзін қорғау отрядына тұтқынға түскен, кейіннен «Жусан» операциясымен елге оралған, Ақтөбелік Д. Сәбитұлы YouTube желісіндегі «Adil Ukim» арнасына берген сұхбатында негізінен дін уағыздаушылардан Дарын Мұбаров пен тәкфіршіл, жихадшылардың дәрістерін тыңдағанын айтқан [134].

Таблиғшылардың дінді насихаттаудағы ерекшелігі, қоғамдық санаға әсері және олардың өзге дін өкілдеріне деген төзімсіздігі туралы ҚР ДІА «Дін мәселелері жөніндегі ғылыми-зерттеу және талдау орталығы» РММ исламды зерттеу бөлімінің аға ғылыми қызметкері М. Муслимов былай түсіндіруде: «Таблиғи жамағат» діни ұйымы көзқарастарындағы кемшіліктер мен оның әрекеттері ел аумағындағы мұсылман үмметінің бірлігі мен ынтымағына, Қазақстан қоғамның әлеуметтік тұрақтылығына зияндығын тигізеді. Ұйым ұстанымдары еліміздің тарихи және мәдени өмірінде қалыптасқан дәстүрлі болып табылатын ханафи бағытындағы исламның қағидаларына қайшы тұстары кездеседі. Мұндай факторлар Қазақстан Республикасының тұтастығы мен оның аумағының қауіпсіздігіне нұқсан келтіруі мүмкін [141].

Н. Байтенованың пікірінше, елімізде «Хизбут Тахрир», «Таблиғи жамағат» сияқты радикалды ұйымдардың өкілдері көбейді. Олар насихаттап жүрген Конституциямызға қарсы уағыздар қазір қазақстандықтарға таңсық болудан қалды. Егер де жоғарыда аталған радикалды ұйымдар дәл осы қарқынмен тарала берсе, ол Қазақстан халқының ортақ мемлекеттік мәдениетке бірігуіне, демократиялық реформалардың халық санасында орнығуына әжептәуір кедергі болады [142].

2016 жылы Қазақстандық зиялы қауым өкілдері уахабизм-салафизм ағымының барлық тармағын экстремистік деп тану туралы елбасыға ашық хат жолдады. Хат мазмұнында «Салафилік – радикалды ағымдардың бастауы, экстремистік идеялардың ошағы. Бүгінге дейін Қазақстан Республикасында сот шешімімен тыйым салынған 670 әдебиеттің 334-і салафилік ағым өкілдеріне тиесілі болуы – осының айқын дәлелі. Салафилікке тыйым салу Қазақстан Республикасының зайырлы тұрпатын сақтау мен дамытуға, көпконфессиялы елдегі тыныштық пен тұрақтылықты, еліміздің мұсылман азаматтары арасындағы ішкі бірлікті сақтауға және нығайтуға, Қазақстан халқының дәстүрлі құндылықтары мен төлтума мәдениетін сақтап, дамытуға, отбасылық құндылықтарды күшейтуге, Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының беделін арттыруға, Қазақстан халқының бірлігі және біртектілігі идеясын тұғырландыра түсуге жол ашады» делінген [139].

М. Исахан Уахабшылардың әсіре көзқарастары қазақ қоғамына үлкен қауіп төндіріп отырғанын, заңмен тыйым салмаған жағдайда болашақта салдары нашар болатынын былай деп болжауда: «Егер қазақ қоғамында уахабшылдық қозғалыс үстемдікке ие бола қалса (Құдайым оның бетін ары қылсын), халқымыздың мың жылдан бері ұстанып келе жатқан дәстүрлі сүнниттік бағыттағы Ханафия мазхабының канондық қағидалары күйреуге ұшырап, Ханафия-Матурудия сенім-наным негіздері күпірлікке баланады. Алаш қауымының сан ғасырлық мәдениеті мансұқталып, ұлтымыздың салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпы «ширкке» теңестіріледі. Тек илаһи абсолюттік үкімдер (нақл) басшылыққа алынып, заманауи құндылықтарды қорғауға бағытталған мемлекеттік нұсқа жүйесіне мойынсұну күпірлік саналады. Діни бостандықты паш етуші мемлекеттің зайырлық тұрпаты терістеліп, оның орнына жалаң теократиялық сипаттағы тирандық билік орнайды. Демократия, жариялық, адам құқығы т.б. құндылықтар аяқасты етіліп, Қазақияның боз бетеге, сұр соқпағы қанға бөктіріледі. Ең бастысы, ұлт және мемлекет ретінде ішкі мәнінен айырылған араби сипаттағы әйтеуір бір қауым болып күн кешуіміз ғажап емес. Ендеше, Алаш баласын алдағы уақытта зор қасіретке ұшыратар уахабшылдық ілім бізге соншалықты несімен құнды болып отыр? Неге пышақ кесті тыйым салмаймыз?» [140]. А. Айталының пікірінше, уахабизмді ұстанушы азаматтардың ұлтымызға тән ғасырлар бойы қалыптасқан ата-бабалар әруағын қастерлеп, тағзым етуіне қарсылығын халқымыз әсте қолдамайды. Ескерткіштер мен кесенелер атаулыны қиратып, сындырып, қазақ қоғамының мұсылмандығы мен имандығын арттырамыз деудің өзі шындап келгенде имандылық емес. Уахабистердің Қазақстанның саяси, заң шығару жүйесін шарифатқа негіздеп теократиялық немесе саяси билікті дін басыларына беріп, мемлекет орнату, Халифат құру секілді ұрандары халқымыздың ел билеу дәстүріне мүлдем қайшы [147, 9 б.].

Бүгінде республиканың барлық өңірлерде Діни проблемаларды зерттеу орталықтары, «Насихат» консультациялық-оңалту орталығы» (Көкшетау қ.), ҚМДБ жанындағы О. Есенұлы атындағы оқу-оңалту орталығы, «Нұрлы білім» ҚБ (Қарағанды қ.), «Аңсар» ақпараттық-талдау орталығы» (Ақтөбе қ.), «Шапағат» деструктивтік діни ағымдардан зардап шеккендер көмек көрсету (Атырау қ.) орталықтары жұмыс жасайды. Бұған қоса, дін саласындағы мемлекеттік органдар қызметінің ақпараттық түсіндіру топтары әр өңірде діни экстремизмнің алдын алу бағытында түсіндіру жұмыстарымен шұғылданады. Ақпараттық түсіндіру жұмыстары төрт маңызды идеологиялық құндылықтар мен қағидаларға негізделген: а) зайырлы қоғам және жоғарғы руханилық; ә) бірлік және келісім; б) отансүйгіштік және ұлттық дәстүр; в) радикализм және экстремизммен күрес. Ақпараттық түсіндіру жұмыстарында қамтылатын мақсатты аудитория мына категорияларды қамтиды: жастар, студенттер, жоғарғы сынып оқушылары, ерікті маргиналды жастар; тұрғындар арасындағы әлеуметтік мұқтаж топтар; мемлекеттік органдар қызметкерлері, бюджеттік мекеме қызметкерлері, еңбек ұжымдары, діни бірлестік өкілдері, этномәдени және қоғамдық бірлестіктер өкілдері.

Жалпы алғанда, жалған мұсылмандық діни ағымдардың дінді теріс түсіну салдарынан мынадай фактілер анықталды: құран мен хадиске үстірт түсінік беру, келіннің сәлем салуына, бата беруге, ұлттық музыкалық аспапта ойнауға қарсылық, сақалды ретсіз қою, балақты қысқарту, халифат құрамыз деп билікке қарсы келу, билікті кәпір деп күстәналар, құран жеткілікті деп хадистерге күмән ұялату, жихад деп ұрандап шетелдік лаңкестік ұйымдарға барып қосылу, мәуліт мерекесіне қарсылық, жаңа жылға, 8 Наурыз әйелдер мерекесіне қарсылық, намаз оқымағандарды кәпір деу, муфтият қарамағындағы имамдарды менсінбеушілік, зайырлы білімге қарсы келу, әйел кісілердің бірыңғай қара түсті киінуі, дінді уағыздаймын деп отбасына қарамай кету, көп әйел алу немесе некеге жауапсыз қарау, талақты ойыншыққа айналдыру, әминді дауыстап айту, мешітте талас шығару т.б.[147, 11 б.]

Хизбут Тахриршілер көбіне жекелеген адамдарды мемлекеттік билікке қарсы қою, саяси көзқарастар, халифат жайлы үндеу, паракшалар таратумен ерекшеленсе, Салафи жамағаты қоғамдағы танымал адамдарды қатарына тартумен айналысты. Осы мақсатта спорттағы, өнердегі, айтыстағы, басқа да қоғам қайраткерлерін өз қатарларын тартумен, қажет болса жекелеген адамдардың материалдық мәселелерін шешіп берумен, туристік компаниялар ашып қажылыққа апарумен, телеарна, баспа ісімен шұғылданды. Салафи жамағатына тән әдіс ретінде олар жергілікті халықтың ұлттық сенімін қате деп тауып, оларды күшпен дұрыстауға әрекеттенуімен көзге түсті. Зікіршілер болса, әдіс-тәсіл ретінде Абай, Шәкәрім, Яссауи секілді ұлт зиялыларын бетперде етті. «Әбжат» клубы, телеарнаға жұмысқа алу, арнайы телебағдарламалар ашу секілді әрекеттермен айналысты. Таблиғ жамағаты ел ішін аралап, бірнеше күн бойы дінді дағуаттау тәсілдерімен ерекшеленді. Араб жамағаттары мешіт салдыруға көңіл бөлсе, түрік жамағаттар пансионат, оқу орындары, құран курсымен айналысты. Теріс ағымдардың қоғамдық санаға тигізген кері әсерлері әсіресе олардың ұлттық болмысқа, дәстүрге, неке және отбасы құндылықтарына, бейбітшілік пен тұрақтылыққа, мемлекеттік құрылымға қатер төндіріп, азаматтардың діни түсінігін бұрмалап, дінді үстірт түсінуге жол ашып отырғанынан анық көрініс тапты. Олардың өздерін ғана дұрыс жолда санауы, өзгелерді адасушы деп білуі, ұлттық менталитетпен санаспауы, билікке қарсы келуі т.б. ел ішінде дінге деген түрлі көзқарас қалыптастырды. Кей жағдайларда ол теріс ағымдардың заңмен тыйым салынуына да алып келді.

Сонымен, мемлекеттің 1992 жылғы «Діни наным сенім бостандығы және діни бірлестіктер» заңы солқылдақтық танытқандықтан, сол жылдары әр елден әр түрлі діни ағымдар Қазақстанға жаппай ағыла бастады. Діни ұйымдардың саны бірнешеге артты, діни дәстүрлер жаңғырды, жаңадан дін ғимараттары: мешіттер, шіркеулер, дұға үйлері, синагогалар салынды. Дегенмен мемлекеттің діни бірлестіктер жұмысын реттеуде тәжірибесі болмағандықтан, әрі теолог, дінтанушы мамандар болмағандықтан олар тамыр жайып, халықтық санасын сансыратты. Христиандық жаңа ағымдар өз алдына елімізге исламдық ағымдар да ағылып келіп жатты. Осы уақыттарда Ата заң негізінде діни наным-сенім

еркіндігін алған ел өзінің ата-баба дініне шұғыл бетбұрыс жасап, исламды үйренуге қарқынды ден қойды. Қазақстандық мұсылман жамағатының бірлігін сақтауда әрі олардың діни сауатын арттыруда ең үлкен жауапкершілік Қазақстан мұсылмандары діни басқармасына түсті. ҚМДБ құрамындағы мешіттердегі үгіт жұмыстары арқылы белгілі бір деңгейде халықтың сенімін дұрыстауға зор еңбек сіңірді. Бүгінгі күні ҚМДБ-мен қатар Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті, Имамдардың біліктілігін арттыру институты, Қарилар даярлау орталығы, медреселер, Қажылар қауымдастығы, «Асыл арна» телеарнасы, «Хикмет», «Али» студиялары және жекеменшік баспалар, сайттар Қазақстанда ислам дінін насихаттауда айтарлықтай рөлге ие.

Қазақстандағы ислам дағуаттың тарихи санаға сай, болмыстық жауапкершілікті арқалап, ұлттық құндылықтар мен діни негіздерді тұтастандырып, санадағы жаңғыру жүгін көтеріп келе жатқан Қазақстан мұсылмандары басқармасы (ҚМДБ) - республикамыздағы мұсылман жамағатын біріктіретін ірі ұйым. Тарих бойынша оның негізі ХІХ ғасырдың соңғы тұсы мен ХХ ғасырдың басында қалана бастады. 1943 жылы Ташкент қаласында Орта Азия мен Қазақстан мұсылмандарының І құрылтайы ұйымдастырылып, құрылтайға Қазақстан делегациясын Абдул-ғаффар Шамсутдинов (1884 – 1953) бастап барған. Құрылтайда Орта Азия мен Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы құрылып, төрағасы әрі бас мүфти болып Ишан Бабахан Абдулмаджидхан (1856 – 1957) сайланды. Қазақстанда қазият құрылып, Шамсутдинов қазии болып тағайындалды. 1952 – 1972 жж. Сәдуақас Ғылмани (1890 – 1972), 1972 – 1979 жж. Жахия қажы Бейсенбайұлы (1932 – 1997) қазии қызметін атқарып келді. 1990 жылға дейін Орта Азия және Қазақстан мұсылмандарының діни басқармасы Қазақстанның діни-рухани өміріне ықпал ету жағдайында болмады. Себебі оның Ташкент қаласында орналасуы әрі советтік саясаттың оған ерік бермеуінде. 1990 жылғы 12 қаңтардағы құрылтайда Қазақстан мұсылмандарының дербес діни басқармасы құрылды. Басқарманың тұңғыш төрағасы, бас мүфтиі болып Рәтбек Нысанбаев сайланды. Бас мүфти басшылық ететін атқарушы орган бүгінде мүфтият деген атпен де танымал. 2000 жылы өткен ІІІ құрылтайда ҚМДБ төрағасы әрі бас мүфти ретінде профессор Әбсаттар Дербісәлі сайланды. 2013 жылы Қазақстан мұсылмандарының VІІ құрылтайында Ержан қажы Малғажыұлы Маямеров Бас мүфтилік қызметке сайланды. 2017 жылы (VІІІ құрылтайда) Серікбай қажы Сатыбалдыұлы Ораз Бас мүфти болып сайланды. 2020 жылы Қазақстан мұсылмандарының ІХ құрылтайында Наурызбай қажы Тағанұлы Өтпенев Бас мүфти болып сайланды. Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы елдегі ірі мұсылмандық діни бірлестік болып табылады.

2013 жылдың 25 желтоқсанында құрылған Ғұламалар кеңесі Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы жанындағы діни-ғылыми мәселелерді шешумен айналысатын консультативтік-кеңесші орган ретінде құрылды. Қазақстан мұсылмандары діни басқарма мамандарынан «Жергілікті ақпараттық-насихат топтары» (ЖАНТ) пен «Республикалық ақпараттық-насихат топтары» да (РАНТ) дағуаттың тарихи сана сай болуы мақсатында жұмыс жасап келеді.

Исламды ел ішінде насихаттауда бірқатар жарыстар мен бәйгелер де ұйымдастырылды. ҚМДБ халыққа Мұхаммед пайғамбар (с.а.с.) өнегесін дәріптеу тұрғысында жыл сайын Мәуліт кештерін атап өтіп келеді. «Иман» журналы 2017 жылы “Қайырымдылыққа қалай қарайсың?” тақырыбында ғибраттық-танымдық шағын әңгімелерге шығармашылық бәйге жариялады. 2014 жылы діни дағуатты медиа саласында жандандыру бағытында Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы «Хикмет» телерадиостудиясын ашты. «2002 жылы республика деңгейіндегі жұмыс жасап жатқан имамдардың біліктілігін арттыру институты құрылды. Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының бастамасымен, Ислам даму банкінің қаржылық қолдауымен ашылды. Мақсат - елдегі дін саласында қызмет атқарып жүрген имамдардың білімін жетілдіру. Барлық пәндер қазақ және араб тілінде оқытылады. Оқытылатын пәндер: 1. Фикһ 2. Хадис 3. Құран Кәрім және оның ілімдері 4. Тафсир 5. Қазақстан тарихы 6. Ислам тарихы 7. Араб тілі 8. Қазақ тілі 9. Ислам фәлсафасы 10. Араб тілінің синтаксисі 11. Тәжуид (Құран оқу ережелері).

Тәуелсіздік алмас бұрын ақ, Қазақстанда, 1991 жылы Н.Ә. Назарбаевтың жарлығымен, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Түркістан Мемлекеттік университетінде, дінтану-теология мамандығы ашылды. Жалпы еліміз тарихында, кеше де, бүгін де, діни білім беру үдерісі Киелі Түркістаннан бастау алады. Қазақстан республикасында мұсылман діни кадрларын даярлауда Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университетінің алар орны ерекше. 2003 жылы президент Н. Назарбаевтың Египетке сапары барысында екі ел президентінің ортақ келісімімен біріккен оқу орнын ашу келісіміне қол жеткізілді. Бүгінгі күні университет оқу орны ретінде жоғарғы білімді имамдар, исламтанушылар, дінтанушылар, араб тілі мен әдебиеті маманы, аудармашылар даярлауда ислам саласында жеке-дара орынға ие.

2011 жылы Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университетінің жанынан Әбу Ханифа ғылыми-зерттеу орталығы ашылды. Орталық Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті қызметінің негізгі бағыттары бойынша кешенді зерттеулердің орындалуын қамтамасыз етуші, сондай-ақ оқу орнының ғылыми-зерттеу, баспа жұмыстарын үйлестіретін және ұйымдастыратын құрамды бір бөлігі болып табылады. Орталық негізінен ханафилік мектептің тәлім-тәрбиесін насихаттайтын кітаптар, оқулықтар мен оқу-әдістемелік әдебиеттер шығарумен айналысады.

Президент Н.Ә. Назарбаевтың қолдауымен Әлемдік және дәстүрлі дін өкілдерінің III съезді қарсаңында «Ислам мәдениеті мен білімін қолдау» қоры 2009 жылы құрылып, 17 маусымында Астана қаласының Әділет департаментінде ресми тіркелді. Қордың мақсаты мен міндеттері қатарында мына жағдайлар аталды: а) Қазақстандағы исламдық білім беруді дамыту, осы мақсатта отандық әрі шетелдік студенттерге шәкіртақы бөлу; ә) исламдық оқу орындарындағы, медреселердегі жетекшілер мен оқытушыларға, мұсылман балалар пансионатындағы тәрбиешілер мен исламтанушыларға қолдау көрсету; б) республиканың шалғайында орналасқан мешіттерге материалды көмек көрсету; в) мұсылман қоғамдық ұйымдардың әлеуметтік және білім бағдарламаларын

қаржыландыруға көмек; г) әйгілі мұсылман ғалымдар мен ойшылдардың еңбектерін дәріптеу және басу; д) исламдық бұқаралық ақпарат құралдарын қолдау; е) дәстүрлі исламды насихаттауға арналған республикалық әрі халықаралық деңгейдегі тәжірибелік шараларды ұйымдастыру; ж) медреселер мен мешіттер маңында кітап қорларын ашу; з) Ислам ынтымақтастық ұйымына мүше елдермен тығыз қарым- қатынас орнату.

Қазақстан мұсылмандық медиа ресурстары қатарында «Асыл арна» теле арнасын атауға болады. «Телеарнаның мақсаты – бейбітшілік пен төзімділікті, мейірімділікті насихаттайтын асыл дініміздің құндылықтарын сөз етіп, ұлттық болмыс, салт-санамызбен қатар өрілген дәстүрлі дініміздің қағидаттарын көрермендерге жеткізу. Ұлттық және адамзатқа ортақ адамгершілік құндылықтарды, мұсылмандық ұстындарға сүйенген моральдық негіздерді насихаттау».

Қазақстанда дінді насихаттауды мақсат ететін бірқатар газет, журналдар жарық көрді. Атап айтқанда, 1991 жылы «Ислам нұры» Шығыс Қазақстан облыстық газеті; 1992 жылы ҚМДБ «Иман» діни танымдық тәуелсіз газеті; 1992 жылы Астана мешітінің «Нұр» газеті; 2001 жылы ҚМДБ мен Қазақстан Қажылар қауымдастығының «Ислам» газеті; 1996 жылы «Ислам әлемі» діни мәдени көрішілік журналы; 1998 жылы «Шапағат нұр» журналы; 1999 жылы «Әулет Баракат» отбасы, әйел мәселесіне арналған қазақ орыс тілдеріндегі журнал; 2002 жылы ҚМДБ «Иман» діни танымдық журналы; 2002 жылы Павлодар қалалық «Руханият» рухани имандылық тәрбие газеті; 2002 жылы Шымкент қаласынан «Ислам нұры» діни танымдық газеті; 2006 жылы ҚМДБ «Ислам және өркениет» газеті; 2004 жылы Тараз қаласынан «Хақ жолы» діни танымдық басылымы; 2010 жылы «Қазақстандағы ислам» журналы. Бұлардан басқа да «Мұсылман», «Семья», «Наш мир», «Новые грани» басылымдары жарық көрді. 2019 жылы Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы меншік иесі ҚМДБ болып табылатын төл басылым діни-танымдық «Мұнара» газетін шығаруды қолға алды. Меншік иесі – «Мүфтият баспасы» ЖШС.

«Қазақстандағы діни-ғылыми ақпараттық деңгей» атты мақаласында А. Әбдірәсілқызы діни мазмұндағы баспа басылымдарын үш топқа бөліп кең түрде қарастырған: 1. Ғылыми (негізінен мемлекеттік бағдарламалар аясында жарық көрген) басылымдар; 2. Діни басқарма жариялаған басылымдар; 3. Жеке баспалар тарапынан жарық көрген еңбектер. Автордың мәліметінше, «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында 2004-2009 жылдар арасында барлығы 408 еңбек жарық көрген. Солардың ішінде толығымен немесе ішінара діни мазмұндағы туындыларды қамтыған, діни еңбектерге тікелей немесе жанама талдаулар жасаған еңбектердің жалпы саны – 16. «Мәдени мұра» бағдарламасы аясындағы діни мазмұндағы еңбектер негізінен «Қазақ халқының философиялық мұрасы», «Әлемдік философиялық мұра», «Қазақ әдебиетінің тарихы», «Бабалар сөзі», «Әдеби жәдігерліктер» сериялары бойынша жарық көрген. Айталық, «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында жарық көрген еңбектердің арасында бірыңғай діни мазмұндағы еңбектерді қамтыған бірден-бір жинақ профессор, Д.Т. Кенжетайдың редакциялығымен шығарылған, «Ислам философиясы» (4-том)

кітабы болып табылады. Кітапта Халлаж Мансұрдың «Халлаж диуаны», «Китаб-ут тауасин», Әбу Мансұр әл-Матуридидің «Китаб-ут таухид», Әл-Фарабидің «Китаб-ул милла» («Дін кітабы»), Жалалуддин Дауанидің «Ахлақи жалалийа» («Этика кітабы»), Қожа Ахмет Яссауидің «Диуани хикмет», «Фақрнама», «Көңілдің айнасы», Хусамеддин Сығнақидің «Рисала манақибу Қожа Ахмет Яссауи», Хазинидің «Игі адамдардың бақшасындағы теңіздің жауһарлары», Сопы Аллаярдың «Сабатул ажизин», Ыбырай Алтынсариннің «Мұсылманшылық тұтқасы», Абай Құнанбаевтың «38-қарасөз», Шәкәрім Құдайбердиевтің «Үш анық», Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің «Бұл қазақ қай уақытта үш жүз атанған?», «Ғылым туралы», «Өлең және қарасөз ғибраты» секілді шығармалары (негізінен үзінділер) топтастырылған. Бұл еңбектердің көпшілігі діни мазмұндағы әдеби туындылар іспетті. «Орта ғасырдағы түркі ойшылдары» (5-том) кітабында Орталық Азия өлкесінен шыққан ортағасырлық түркі ойшыл қаламгерлердің негізгі шығармаларының мәтіндері антологиялық принциппен іріктеліп берілген. Солардың ішінде Насреддин Рабғузидің пайғамбарлар тарихын баян ететін «Қисасул-Әнбия» еңбегі, Хұсам Кәтибтің ақырет азабы туралы жырлайтын «Жұмжұма сұлтан» дастаны толығымен діни мазмұнда жазылған. Ахмет Йүгінекидің «Ақиқат сыйы» еңбегі моральдық мәселелерге негізделгенімен, шығармада діни сарын қатар келіп отырады. Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дастанында басты кейіпкердің бірі діндар-сопы болғандықтан, сюжеттің жартысына жуығы діни құндылықтарға негізделген. Бұл шығармалардың барлығының кітапта тек үзінділері берілген. «Әл-Фараби мен Ибн Сина философиясы» (4-том) кітабында Әл-Фараби мен Ибн Синаның философиялық трактаттары қамтылған. Аталған еңбектегі дін тақырыбына қатысты бірден-бір шығарма – Әбу Насыр әл-Фарабидің «Философияның дінге қатынасы» атты трактаты. Шығарма философиялық бағытта жазылғанымен, ұлы ойшыл әл-Фарабидің дін туралы жүйелі көзқарастарын толық танытады. «Ортағасырлық діни философия» (5-том) кітабының II бөлімінде ортағасырлық мұсылман ойшылдары – Әл-Кинди, Әл-Ғазали, Ибн Туфейл, Фарид ад-дин Аттар, Ибн Рушд, Ибн Араби, Ибн Халдунның жекелеген еңбектерінен үзінділер аударылып берілген. Аталған еңбектердің ішінде әл-Ғазалидің «Іс-әрекеттер таразысы» еңбегінен аударылған «Тура таразы», «Дін ғылымдарының қайта өрлеуі» еңбегінен аударылған «Адасудан арылтушы» атты тараулар, Ибн Арабидің «Данышпандық мөрі» еңбегінің үзіндісі таза діни көзқарастарды танытатын шығармалар болып табылады. Сонымен қатар осы кітапта мәтіні берілген Фарид ад-дин Аттардың «Бұлбұлнамасы» діни-сопылық мазмұндағы мысалдар мен тұспал әңгімелерден құралған. «Бабалар сөзі» жүз томдығының 11-16 томдары болып табылатын «Қазақтың діни дастандары» жинағында «Мұхаммед пайғамбар», «Қисса Мансұр әл-Халаж», «Қисса уақиға Кербала», «Қисса хазіреті Айшаның тұхматы», «Қисса ан хазірет Расулдың миғражға қонақ болғаны», «Қисса Барсиса» секілді көптеген діни дастандар қамтылған. Бұл дастандарда ислам тарихындағы маңызды тұлғалар, айтулы оқиғалар көркем тілмен жырланады әрі жырлаушы мен тыңдаушы халықтың діни көзқарастары, дүниетанымы бейнеленеді. Қазақ халқының көркем танымындағы ислам дінінің

орны мен мән-маңызы ғасырлар бойы осы діни дастандар арқылы көрініс тауып келген. Діни дастандар әдеби тілдегі дін кітаптары болып табылады. «Әдеби жәдігерліктер» сериясымен жарияланған жинақтың 5-томында түркі сопылық тариқатының негізін салушы Қожа Ахмет Яссауидің сопылық жолдың әдебімен, рухани сатыларымен таныстыратын «Диуани хикмет» атты туындысы берілген [151].

Қазақстанда ислам дінін халыққа жеткізуде жекеменшік баспалар да үлес қосуда. «Меломан», «Алматыкітап», «Гүлянда», «Атамұра», «Мұсылман» баспа үйі», «Шапағат-Нұр» баспасы, «Алтын қалам», «Көкжиек», «Әл-Баракат», «Түркістан», «Насихат М», «Самға» және т.б. баспалар.

Қазақстанда ислам дініне шақыруда әлеуметтік желілер кең қолданысқа ие. Қазақстанда ислам насихатын жүргізіп отырған сайттардың басым көпшілігі негізінен Қазақстан мұсылмандары діни басқармасына тән. ҚМДБ-ның ресми сайты: www.muftyat.kz. Ол 2009 жылы құрылған. Сайт материалдарын қазақша, орысша, латын әріппен және төте жазумен оқуға мүмкіндік жасалған [153].

Алғашында www.e-islam.kz, кейіннен www.kazislam.kz болып өзгерген сайтқа да арнайы тоқтала кеткен орынды. Ол ҚР Қоғамдық даму және ақпарат министрлігі, Дін істері комитетінің ресми сайты. Меншік иесі: «Қазақстан дінтанушылар конгресі» Қоғамдық бірлестігі [154].

Қысқаша тұжырымдайтын болсақ, қазақтың мәдениеті, дүниетанымы, мемлекеттілігі бәрі исламмен анықталып, түсіндіріледі. Олай болса, ислам біз үшін ең басты құндылық. Ал құндылыққа ең алдымен жауапкершілікпен, махаббатпен қарау керек. Бізде керісінше құндылыққа үреймен, күдікпен қараймыз. Осы хәлдің психологиялық себептерін, танымдық негіздерін ақылға сала отырып сараптауымыз шарт. Тарихи болмысымыздағы исламға өз орнын бере отырып, өзіміз де сол панадан алатын орнымызды таба білгеніміз абзал.

Ол үшін жат ағымдарды тануды, олардан қашуды, өзіміздің ата-бабаларымыз ғасырлар бойы қанымызға сіңірген, тәжірибеде ақталған, «дәстүрлі мұсылмандық негіздерімізді» табуға, сонымен табысуға деген ниет, әрекеттерімізді біріктіріп, ғылыми негізге салуымыз қажет.

Олай болмаса, қазіргі қоғамдағы діни таным төңірегіндегі ақыл мен білімге емес керісінше, жамағатшылдық-идеологиялық пікірталастар мен мағынасыз тартыстар - қазақтың ішкі қуатын, әрекетшіл қабілетін сарқып, оның әлемге ашылуына, бүгінгі заман талабына сай болуына кедергі жасай беретін болады. Яғни адам мен Алла, қоғам біржақты нақылдың көлеңкесімен ғана қарастырыла берсе, келешекте де үлкен рухани ауытқушылықтардан ада бола алмаймыз. Сондықтан Алла мен адам, әлемді тұтастандырып, адамға ең ұлы мәртебе беріп, дәстүрлі діни танымдық аян, ақыл, сезім, ішкі таным ерекшеліктерін ескеріп, әрқайсысына өз орны мен ақиқатын нақтылап көрсеткен, болмысымызды қалыптастырған рухани төл тұғырларымызды жаңаша тұжырымдап, тіршілік көзі ретінде қоғамымызға қайта ұсынуымыз шарт.

Бүгін зерттеу аспектісі ретінде түркі мұсылман ойшылдарының ғасырлар бойы қолданған танымдық, методологиялық дәстүрлерін айқындап, құқық, экономика, саясат, философия, психология, социология, тарих, дін және

жаратылыстану ғылымдарын да жаңғыртуда тарихи қорымызды иеленіп, бүгінгі заман талабына сай сүзіп, қайта түсініп, түсіндіруді, өмірге қолдануымыз қажет. Сонда ғана ислам мына егемен елімізге, қала берді әлемге нұр болып көрінеді.

Болмаса, ислам террорист, соғысшыл, ұрдажық, «қауға сақалды», «қысқа балақты» тип қалыптастыратын дін ретінде танылудан, құбыжық күйге түсуден ада болмайды. Бұл құбылыс жалғаса беретін болса, дін құбылысының мәдениет, адам, ұлт және өркениет қабаттарындағы алатын орны туралы ақиқатты аша алмай кетеміз.

Қазақстанның өткен ғасырлардағы саяси отаршылдығы, кеңестік, атеистік идеологиялық қысымы кезеңінде дін құбылысының болмыстық мәніне көңіл бөлінбеді. Қазақ мұсылмандығының негізгі арнасы Ханафи, Матуриди мен Иасауи үштігі, яғни исламдағы фикх, калам мен тәрбие тұғырлары да көмулі жатты. Құқықтық, доктриналық және моральдық құндылықтарымыздың бастаулары мен діни тәжірибесі жоқ саналып, ұлттық болмыстан ажыратылдық. Дін құбылысы ғылымпаздық шаблонумен зерттелді. Бірақ бұл зерттеулер діннің жоғарыдағы айтқан болмыстық мәніне қатысы болмады.

Құран – ислам дінінің және онымен байланысты ойлау жүйеміздің негізі, қайнар бұлағы. Бірақ адам шектеулі болмыс. Оның ұғыну, тану қабілеті де, танымға жету құралдары (көру, есту сияқты) да шектеулі. Адамның қоршаған ортасына байланысты бірнеше әсер етуші факторлардың ықпалында қалуы табиғи жағдай. Құран - құдайлық таным объектісі. Дегенмен, тарихта, діни тәжірибеде уақыт өте келе пайғамбар анықтаған үкімдердің яғни Құрандағы кейбір ұғымдардың мағына жағынан кеңейіп немесе өзгеріске ұшырауына куә болып отырмыз. Бұған ислам ғылым тарихындағы тафсирдің саны, тафсир мектептерінің көптігі дәлел бола алады. Құран адамды өзін, өмірді, әлемді мұқият зерттеуге, өмірдің, болмыстың мәнін ойлауға шақырады. Ал, ойсыз, әуейілерді нәпсіқұмар, білімге емес жалған хабарға берілген надандар ретінде танытып, оларды «керең», «мылқау», «соқыр» қатарына қояды. Бүгінгі Матуриди мұрасының танылуы мен ғылыми түсіндірілуінің өзектілігі де осы жерде туындап отыр. Олай болса, діни танымды ғылыми тұрғыдан тұтастықта зерделеу шарт. Діни таным - діни сананың эпистемиологиялық қоры. Діни сана ол мәдениетіміздің мазмұны, өзегі. Қазақ мәдениетінің мазмұны болған діни санамыз да Матуриди ақидасы арқылы қалыптасқан.

Сыртқы жат идеологиялық діни танымдардың әсерінен еркіндік, тағдыр сияқты мәселелер де адамның ықпалынан тыс құдайлық детерминизмге негізделіп түсіндіріліп жатыр. Бұл адамды еркі мен жігерінен ажыратып, еліктегіш мұсылмандыққа, ойсыздыққа итермелеп жатқан діни доктриналық фактор. Қазақтың төл мұсылмандық танымы осындай доктриналардың ықпалында қалып отыр. Нәтижеде қазақтың дәстүрлі отбасылық құндылықтары діни сенім тұрғысынан жікке бөлініп, жанұя ішінде үлкен әлеуметтік, танымдық проблема көрініс бере бастады. Бұл жай ғана отбасы мәселесі емес. Отбасы – ұлт болмысының, қоғам тұтастығының, мемлекеттің тұрақтылығының негізгі тірегі. Ал отбасының жікке бөлінуі қоғамның бірлігіне, мәдениеттің тұтастығына қауіп. Егер біз қоғамдағы бүгінгі келеңсіз үдерістердің ертеңгі салдарынан сақтану

үшін бұл іске бүгін өз бағытымыз бен ұлттық позициямызды нақтылап қоймасақ кеш қаламыз. Ол үшін ең алдымен діни сенім бостандығымен қоса дәстүрлі дінді жандандыру және дамытудың барлық тетіктері мен негіздерін қайта қарау қажет. Сонда ғана ислам діні – қазақ болмысы мен мәдениетінің негізгі күретамыры және сақтаушысына айналады. Бұдан кеш қалсақ, бүгінгі жахандық қыспақтың құралы болып, ислам қоғамды ыдыратушы қара күштің орталығы болады.

Ал ұлт болмысының сақталуында жаттану емес өзінің құндылықтық, рухани тұғырларымен қауышу шарт. Исламофобиялық тетіктер арқылы исламға, өз анамызға жиіркенішпен қарайтын болсақ, онда болашағымыздың баяндылығын қамтамасыз ету мүмкін емес. Сондықтан, дініміз бен мемлекеттілігіміз - бірінсіз бірі болмайтын басты құндылықтарымыз. Себебі мемлекеттілігіміздің негізі - қазақ мәдениеті. Оны дамытудың жолы болмысқа қатысты арнайы саясат, қамқорлық қажет. Бұл жерде мемлекет және дін арақатынасын тарихи онтологиялық ұстаным арқылы өзіндік ерекшеліктермен нақтылап алған дұрыс. Ол үшін біз республикалық, демократиялық негіздегі мемлекет болғандықтан ұстанып отырған зайырлылық принципіне нақты түсіндірме жасап, мәдениет, дүниетаным мен тарихи жадымыздың талаптарын ескеруіміз жөн. Бұл - қазақ мемлекеттілігін, оның күшін нығайтудың алғышарты.

Бұл құбылыстарды талдап түсіндіруіміздегі мақсат біреу. Кеше кеңестік қызыл режимнен діни санамыз өлімші болса да аман қалды. Себебі діни таным мен діни тәжірибеге тыйым салынды. Кейбір мәдени қабаттарымыздағы құндылықтар да діни мән ретінде қысымға ұшырады. Тәуелсіздіктен кейін ғана діни сана жаңғырып, оның қоршаған мәдени қабаттарына тіршілік ене бастады.

Кешегі кеңестік ұлтсыздандыру салдарымен күресеміз деп жүргенде, уахабизм қазақ мұсылмандығын ширкпен, діни санасын шаманизммен, діни танымы мен тәжірибесін жоққа шығару белең алып барады. Діни санамыздың айнасы болған жырлар мен қисса, дастандар, термелер, әдеби мұралар редакцияланып жатыр. Сол себепті қазақтың мәдениетінің мазмұны, мәні болып табылатын діни сана тұншығып отыр.

Діни сана табиғатынан тек өзіне тән «діни танымды» ғана қабылдайды. Басқа таным оған жат, бөтен. Демек қазақ «екі діни таным» арасында қысылып отыр. Сондықтан қазаққа діни санасын, яғни ұлттық, мәдени қабаттарын сақтап қалу үшін, өзінің төл діни танымын жаңғыртып, оның білім беру жүйесінен орын алу тетіктерін қарастырғанымыз абзал. Себебі діни сана өзгерсе мәдени қабаттар да өзгеріске ұшырайды. Оны өзгертететін де, сақтап қалатындар да қазақтың өзі. Қазақ болмысының ең белсенді қабаты жастарымызға дұрыс діни білім беруді қамтамасыз ету мемлекеттің міндеті болмақ.

Бүгін бұқаралық ақпарат құралдарында «қай ислам» деген сұрақ өзекті болып тұр. Дін құбылысы туралы «таза ислам», «дәстүрлі ислам» және «байсалды ислам» ұғымдары арқылы берілген «қалыпты таңбалар» мен «қорытындылар» түрлі деңгейде, әр түрлі дәрежеде өте жиі айтылатын болды. Оған қоса «экстремистік, террористік» әрекеттерді анықтау және оны сараптайтын орталықтар да мемлекеттік деңгейде жұмыстарын бастап кетті. Жаппай ішкі саясат бөлімдерінің де негізгі айналысатын басты шаруасы дін

болып қалыптасып үлгерді. Дегенмен, мемлекеттік және қоғамдық институттардың зайырлылықты басшылыққа алудағы методологиялық ұстанымдары мен анықтамалары нақты болмай тұр.

Діни ахуал тек Қазақстанда ғана емес, жаһандық саясатта да өзектілігін сақтап отыр. Сондықтан әлемдік проблема болып табылатын «діндер аралық тепе теңдіктер мен үйлесімділіктерге де» дәстүрлі тұрғыда дін өкілдерін Астанаға жинап, ел болып үн қосудамыз. Бұл ортақ проблемаларға бірге жауап іздеу деген ниет.

Ислам өркениетіндегі тафсир, хадис, фикх және қалам сияқты ілімдер де негізінен адамның ой-өрісі мен іс-әрекеттердің жемісі және адамға тән танымдардан құралған, қалыптасқан. Ал бұл танымдардың дұрыстығы мен бұрыстығы мәселесі төңірегінде пікірталас жүргізуге болады. Өйткені, бұл танымдар адамға тән болғандықтан өзгермейтін танымдар емес. Әрбір ағымның өкілдері өздерінің мұраты мен Алланың мақсатын бір деп біледі. Сондықтан осы түсініктер мен иланған үкімдері – олар үшін тура жол, шарифат. Міне, діни танымды басқа танымдардан ерекшелеп тұрған ең маңызды сипат. Дей тұрғанмен қазір мұсылман әлемінде жаңа тафсир жаңа тұжырым шыға қойған жоқ. Шықса да Батысқа қарай еліктіріп исламды христиан әлемі арқылы түсіндіргісі келіп тұрады. Сондықтан пікірталас ислам негізінде емес, Батыс пен Шығыс арасындағы тайталасқа барып тіреле береді.

Бір мәселе төңірегінде әр түрлі сенімдердің болуы адамның табиғатынан екенін, одан құтылудың мүмкін еместігін білуіміз керек және екінші жағынан бір ғана ақиқаттың бар екеніне сеніміміз болуы керек. Негізінде ақиқат біреу, Алла бір. Бұл жағдайда плюрализмді қабылдасақ, Алланың білуі мен білінуі мәселесі қайшылық туғызуы ықтимал. Әрбір топтың ақиқат өлшемі өздерінің қабылдаған сенімі шеңберінің ішінде. Басқа түсіндірмелер мен үкімдер олар үшін қате немесе дұрыс жол емес. Бұл – діни танымның негізгі табиғаты. Міне осы ақиқатты мұсылмандар бүгінгі күні қабылдағысы келмейді. Зорлық, үстемдік еткісі келеді де тұрады. Өйткені олар балалық дәуірді басынан өткеріп жатқандықтарын да сезінбейді. Бұл жерде Құранның ұстанымын да мойындағысы келмейді. Себебі менікі ғана дұрыс деген таным басым тұрады. Бұл ақылдың емес, нақылдың немесе діни танымның сипаты. Ал ислам әлемінде қазір ғылыми емес, діни таным, ақыл емес, құрғақ қағидалар басымдыққа ие.

Діни танымда үкім-нормаға яғни, өздері қабылдаған аянның түсіндірмесіне мойынсұну міндет. Негізінде, адамдағы, қоғамдағы діни тіршілікті (тансцендентальды) Құдіретті болмыстан келген аянның өмірдегі қолданысынан көре аламыз. Ал, аянды күнделікті өмірде қолдану – дін шеңберіндегі түсіндірмелер мен адамның танымына қатысты. Бұл тұрғыдан алғанда, діни тіршілікте айырмашылықтар, яғни, плюрализм басым. Бірақ, адам кемел болмыс емес, сондықтан «абсолюттік таным» иесі бола алмайды. Адамның ең дұрыс танымға жету жолы – ғылым. Ал ғылым да бір қалыпты емес, әрдайым өзгеріп, дамып отыруының өзі адамның абсолюттік таным иесі бола алмайтынын көрсетеді. Дегенмен, адамның уақыт өткен сайын мұрат еткен танымға жететіні рас. Ал, абсолюттік таным, адам үшін әрдайым идеал болып қала береді.

Алланың өзін, аянын түсіну, ұғынуда да адамның психологиялық-гносеологиялық ахуалы да солай.

Бір мәселе төңірегінде танымның түрлі болуының себебі – танымның өзгергіштігіне қоса, адамдар арасында танымға жетудегі ең басты қабілеті болып табылатын ойлау мен сана қабілетінің деңгейі және мәдениеттің әртүрлілігі мен көп қабаттылығы. Осындай көптүрлілікті (плюрализмді) бір тектілікке негіздеу немесе әр түрлі көзқарас пен түсініктердің беруін ғана қоғамда үстем қылу тек деспотизммен күшпен, зорлықпен ғана жүзеге асады. Бұл шешім – адамның ойлау мен сенім еркіндігіне жасалған қиянат деген сөз. Бұл адам үшін нағыз зұлымдық. Алланың өзі Құранда «..қаласам, барша адамзатты мұсылман қылар едім» деген аятын ұмыта береміз [5, 49-13 б.]. Алланың орнына өзімізді қойғымыз келеді. Алланың атынан ойланбастан оп-оңай үкім айта беретінді шығардық. Абай заманында «Бас басына би болу» құбылысы енді Алланың орнына үкім беруді де ар санамайтын хәлге жетті. Алланы иемдену, ақиқатты меңгеру дегеннің өзі ахлақсыздық емес пе еді. Абай атамыз айтпақшы «Алла деген сөз жеңіл» болып тұр. Осы жерде «Алланың аянының өзі әр түрлі ұғынылса, әр түрлі түсінілсе, онда сенім бірлігін қалай қамтамасыз етуге болады?» деген орынды сұрақ туындауы мүмкін. Бұндай сенім бірлігі, кез-келген діндегі өзгермейтін негізгі тұғырлар мен ұғымдарға сену арқылы жүзеге асады. Бұл тұғырлар – иманның негіздері болып табылады. Осы иман негіздерін қабылдағандар сол діннің өкілі болып қала береді, қабылдамағандар да бұл діннен тыс қалады.

Алланың бірлігіне, Пайғамбарларына, кітаптарына, ақырет күніне, періштелеріне сену, осыларды қабылдау ислам дінінде бірлікті қамтамасыз етеді. Құранда, Ниса сүресінің 136-аятында сенім бірлігінің негізі көрсетілген. Онда (Ей, иман етушілер, Аллаға, оның пайғамбарына, түсірген Кітапқа және одан бұрын да түсірген кітапқа иман келтіріңіз! Егер кімде-кім қабылдамай күпірлік етсе, онда ол шын мәнінде адасуда» деген мағынада анық нақтыланған [5, 4-44 б.]. Исламда мазхабтар мен тариқаттар Алланың аянының түсіндірмесінде ең ықпалды әрі ғұлама, кемел-ұстаздың уағызы мен тәліміне мұқтаж адамдар тобының табиғи сұранысынан пайда болды. Дінде, тарихи процестер негізінде пайда болған осындай діни топтар қоғамның талабына туған құбылыстар. Қоғамдық сана мен өмір шындығынан қашып құтыла алмайсыз. Бұларды жоқ санау діннің ерекшелігіне және адамның табиғатына сыймайтын іс. Сайып келгенде, танымға негізделген кез келген іс-әрекеттер плюрализм сипатында болатындығы анық. Сондықтан, бұл ұстанымның адам баласының қашып құтыла алмайтын тағдыры екендігін сезінген абзал. Осы ұстаным – діндарлар арасындағы төзімділіктің толеранттылық негізі. Діндер аралық төзімділік пен өзара құрмет те осы ұстанымға тікелей қатысты.

ҚОРЫТЫНДЫ

Дағуат - исламды адамзат тарихының жаңа сатысына көтерген құбылыс болды. Бұл құбылыстың ерекшелігі - Мекке топырағында бұр жарып, аз ғана уақыт ішінде әлемдік сипатқа ие болуында жатыр. Исламда дағуат орталығы - хазірет Мұхаммед (с.а.с.) болды. Негізгі құбылыс – уахи, яғни Алла мен адам байланысының көрінісі.

Ғылыми жұмыстың бірінші тарауында ғылыми таным тұрғысынан «дағуат» ұғымының тарихи трансформациясы мен ұғымдық-теориялық негіздері қарастырылды. Олар Құран, Сунна ретінде арнайы бөлемдер арқылы сарапталды. Құранда келген дінге шақыру ұғымдарының мағыналық сабақтастығы тұрғысынан «тәблиғ», «иршад», «уағыз», «насихат», «зікір», «тағылым», «тәрбие», «таусия», «хидаят», «жихад», «әмр бил мағруф, нахи анил мункар» және т.б. ұғымдар жалпы ислами дағуат құбылысының компоненттері ретінде айшықталды. Аталған ұғымдар мағына жағынан өзгешелеу болғанмен, көздеген мақсаты мен практикадағы көрінісі тұрғысынан ұқсас мәнге ие. Осы себепті дағуат сөзі тәблиғтан бастап өзге сөздермен жиі бір-бірінің орнында қолданылған. Сонымен қатар, тарихи контексте дағуат ісінің әмбебаптық ерекшеліктері ретінде «Нахыл» сүресінің 125 аяты бұған негізгі өлшем болатыны нақты аталды: (Әй, Мұхаммед) Сен раббыңның жолына хикмет және көркем насихатпен шақыр және олармен ең жақсы түрде пікірталас». Яғни, даналықты басшылыққа алу, сыпайылық, мәмілегершілік дағуатты жүргізудің негізіне жатады. Тыңдаушының көңілін табу әрі қызығушылық тудыру, адамдардың түсінік деңгейімен санасу, ескерту әрі қорқытумен қатар сүйіншілеу (табшир) Құран кәрімде қолданылған әдістер ретінде ұсынылды. Мұхаммед пайғамбар дінге шақыруда сүйіншілеуші әрі жеңілдетуші метод ұсынып, хикметке жүгінген, адам құқына ерекше құрмет көрсеткен.

Ғылыми жұмыста, исламдағы дін дағуатын жүргізу парадигмасы және сапалық деңгейін анықтау мақсатында, дағуат ісінде білімділік, біліктілік, төзімділік, ықыластылық секілді жеке тұлғалық қасиеттермен қоса, діни, құдайлық бағыттаушы қуаттың да әсері туралы пайымдадық. Осылайша, дағуат жүргізудің ортақ әдіснамалық ұстанымдары мен мақсаттарына талдау жасалынды.

Жалпы ислам дінінің анықтамасы «дінде мәжбүрлеу жоқ» ұстанымы арқылы өзін танытады. Ислам дінінің мәнінде барлық адамдардың, мәдениеттердің, халықтар мен өркениеттердің өзара физикалық, аксиологиялық, психологиялық, рационалдық, дүниетанымдық жағынан, өздері өмір сүрген әлеуметтік, мәдени, жағрапиялық жағдайлармен, басқа да этникалық, тектік жағынан ерекшеленетінін ескеру о бастан қамтылғандығын атап өттік. Ислам таухид діні, бірақ ол көптүрлілікке, яғни плюрализмге негізделген. Себебі ислам барша адамзатқа арналған, бағытталған илахи дін.

Исламның уахи мәтінінде, адам үшін көзделген мақсат та, таңдалған тәсіл де, оның бақыт мен тыныштығын идея ретінде көрсетеді. Сондықтан діннің аты да ислам. Абай айтпақшы, Құран - түгел сөздің кені. Оның, «Сөз түзелді,

тыңдаушы сен де түзел ұстынымы, осы исламнан алынған. Тыңдаушы мен Жаратушы арасындағы өлшемдер пайғамбарлық институты арқылы қаланған. Сондықтан ислами дағуатта, тыңдаушыға Жаратушы разылығын көздеу және қазіргі дамыған технология мүмкіндіктерін де тиімді пайдалана білу айшықталды. Ислами дағуаттың түпкілікті мақсаты - рухани кемелдік, ахлақтық өлшемдер.

Зерттеу жұмысында Қазақстан Республикасындағы діни ахуалдағы діни дағуаттың тарихи үдерісі, болмыстық қабаттары, ағымдар мен мектептердің діни идеологиялық ұстанымдары мен мүдделерінің қоғамдық санаға ықпалы кеңінен талданды. Қазақстан Республикасындағы ислам бағытындағы белсенді қоғамдық ұйымдар қызметінің тұрақтылыққа әсері тұжырымдалды.

Тәуелсіздіктен кейінгі жылдары Қазақстандық мұсылман жамағатының бірлігін сақтау, рухани иммунитетті күшейтіп, халықтың діни сауатын арттыруда ең үлкен жауапкершілік Қазақстан мұсылмандары діни басқармасына түскенін, ҚМДБ құрамындағы мешіттердегі үгіт жұмыстары арқылы белгілі бір деңгейде халықтың сенімін дұрыстауға зор еңбек сіңіргені тұжырымдалды.

Сондай-ақ, дағуат құбылысының білім берудегі трансформацияға ықпалы, мемлекет пен дін қатынасындағы экзистенциялық шарты, зайырлылық ұстанымындағы ерекшелігі, исламның зайырлы дін екендігіне баса назар аударылды.

Қазақстандағы дағуат құбылысының, мемлекеттік және қоғамдық институттардың бірлесе атқаратын, өте өзекті аксиологиялық мәселе екендігін мойындатты. Бүгінгі күні университет оқу бағдарламаларында дінтану, исламтану және теология мамандықтарының енгізілуі де осы дағуат құбылысының ықпалы ретінде тұжырымдалды. ҚМДБ-мен қатар Нұр-Мұбарак Египет ислам университеті, Имамдардың біліктілігін арттыру институты, Қариалар даярлау орталығы, 9 медресе, Қажылар қауымдастығы, «Асыл арна» телеарнасы, «Хикмет», «Али» студиялары және жекеменшік баспалар, сайттар Қазақстанда ислам дінін насихаттауда айтарлықтай үлес қосуда.

Соңғы бөлімде Қазақстандағы дағуат құбылысының тарихи үдерісі мен орталықтары, өкілдері, мемлекет пен дін қатынасы тұрғысынан, құқықтық негіздер мен шешімдердің бүгінгі қоғамдық санаға ықпалы кеңінен талданды. Дәстүрлі емес, Салафит, Хизбут Тахрир, Дағуатшы, Құраншылар, Зікіршілер секілді дәстүрден тыс діни ағымдардың қоғамдағы іс-әрекеттері сарапталып, ғылыми ұсыныстарға негіз болды. Теріс ағымдардың қоғамдық санаға тигізген кері әсерлері әсіресе олардың ұлттық болмысқа, дәстүрге, неке және отбасы құндылықтарына, бейбітшілік пен тұрақтылыққа, мемлекеттік құрылымға қатер төндіріп, азаматтардың діни түсінігін бұрмалап, дінді үстірт түсінуге жол ашып отырғанынан анық көрініс тапты. Олардың өздерін ғана дұрыс жолда санауы, өзгелерді адасушы деп білуі, ұлттық менталитетпен санаспауы, билікке қарсы келуі т.б. ел ішінде дінге деген түрлі көзқарас қалыптастырды. Кей жағдайларда ол теріс ағымдардың заңмен тыйым салынуына да алып келді. Ғылыми жұмыста Ислам дағуатының негіздері мен әдістері және оның қоғамдық санаға ықпалын Қазақстандық модель негізінде біршама ашып көрсетуге тырыстық. Дегенмен

тақырып күрделі болғандықтан, бұл мәселенің әрбірі қыры алдағы уақытта да кең қарастыруды қажет ететіні сөзсіз. Сондай-ақ, зерттеу нәтижелері болашақта осы тақырыпта жүргізілуі мүмкін зерттеулерге бастама әрі негіз болады деген үміттеміз.

Теориялық қағидалар мен тәжірибелік жұмыс нәтижесінде төмендегідей ұсыныстар жасалынды:

-Қазақстан үшін дәстүрлі ислам мектептерін қалыптастыру идеясын дамытып, осы бағытты дамытуға күш салу қажет. Дін мамандарын Қазақстанның өз ішінде даярлау уақыт талабы болғандықтан, бірден бір оқу орны Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университетін, медреселерді және мешіттер жанындағы сауат ашу курстарының жұмысын жандандырған дұрыс. Қазақстанда үздіксіз діни білім беру жүйесін құру керек. Бұл тұрғыда маман даярлап шығуда жүйесі толық қалыптасқан Әл-Әзхар университетін негізге алуға болады;

-Қоғамда дағуат жүйесін қалыптастыру: мешіттерде, мемлекеттік мекемелерде уағызшылар ортақ бір жүйемен жұмыс жасауы тиіс. Мемлекет жүйесінде (білім беру мекемелерінде, емхана, әскери орындарда және т.б.) ол ақпараттандыру ретінде көрініс береді әрі онда дінді ашық уағыздауға рұқсат етілмейді. Діни уағыз арнайы рұқсат етілген (діни ғимараттарда, діни ғұрып атқарылғанда және т.б.) орындарда ғана жүргізіледі;

-Арнайы сала мамандарын даярлау күн тәртібінде тұр. Сұранысқа қарай мамандар жетілдіріп, арнайы орындарға жіберу қажет. Іріктелген мамандардың өз саласында белсенділігін арттыру. Шетелге діни білім алуға шығу талаптарын әлі де жетілдіру қажет. Шетелге діни білім алуға кеткен жастар сол елдің дәстүрін, мәдениетін, тілдік, жамағаттық ерекшелігін дәріптемей, классикалық білімін ел қызметіне ұсына білуі тиіс;

-Егер аудиторияда аудио немесе видео таспа жүргізілсе, дағуатшылар уағызды жалпы аудиторияға арнап жүргізуі тиіс. Қазақстан көпұлтты, көп конфессиялы ел ретінде ұлттар мен діндердің ортақ тіл табысуын, рухани келісімін, диалогын, татулығын қолдап отырғандықтан, дағуатшылар әрдайым осы ерекшеліктерге көңіл бөліп, мемлекеттің жүргізіп отырған бейбіт саясатымен санасуы тиіс;

-Дағуатшылар кәсіби біліктілігін көтеруде тек діни біліммен ғана шектелмеуі тиіс. Олар жаңа қоғамда өмір сүргендіктен, зайырлы білім негіздерін де меңгергені жөн. Уағызшы имамдардың білім-білігін, шеберлігін ұштауға бағытталған шараларды жүйелі түрде жолға қою қажет; Жұртты исламға шақыру мәселесінде қазіргі дамыған технология мүмкіндіктерін де тиімді пайдалана білген жөн;

-Ислами оқу орындарында имам-хатиб мамандарын дайындау, дағуатқа қатысты пәндерді оқытудың сапалық деңгейін күшейту қажет.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 ص 419-، 1990. «درالصبر» بیروت .- لسان العرب. ابن منظور الأنصاري
- 2 Onkal A. Rasulullahin Islama Davet metodu. – Konya: «Esra yay.», 1994. – 472 s.
- 3 ص 602-، 1995. «مكتبة العبيكان» الرياض .- الدعوة الإسلامية: دعوة عالمية. محمد الراوي
- 4 ص 453-، 1995. «المواسل الرسالة» البيرو - المدخل إلى علم الدعوة. محمد أبو الفتح البيانوني
- 5 Құран Кәрім (қазақша түсіндірмелі аударма). Аударғандар: Анарбаев А., Әкімханов А. – Алматы, 2015. – 607 б.
- 6 Ibn Kesir, Ebul Fida Ismail. Tefsirul Kuranil azim. Darul Fikr, 1400/1979, III, 239.
- 7 Muslim ibn Haccac. El-Jamiul sahih. – Istanbul, T. I-VIII, №1329-1333
- 8 ص 144-، 1996. «مكتبة العبيكان» الرياض .- دعوة الى الاسلام. محمد حسين
- 9 Dogustan gunumuze buyuk islam tarihi. redactor H. Dursun Yildiz, – Istanbul, 1992. C. VI. 34-35.
- 10 Necef Ekber. Karahanlilar. – Istanbul, 2005. -58 s.
- 11 Ismayil Hakki Goksoy. Filipinler. DIA, – Istanbul, 1995. C. XIII, 85.
- 12 Ali Kose. Finlandiya. DIA. – Istanbul, 1996. C. XIII, 113.
- 13 Davut Dursun. Gabon. DIA. – Istanbul, 1996. C. XIII, 274.
- 14 Buhari Muhammed Ismail. El-Jamiul sahih. – Istanbul, 1315. T. I-VIII.
- 15 ص 174، 988. «المواسل الرسالة» البيرو - مجمل العرب الاساسة. أحمد الكوثر
- 16 Fikret Karaman ve bsk. Dini kavramlar sozlugu. D.I.B.Y., – Ankara, 639 s.
- 17 Mehmet Sanver. Kuranda teblig ve egitim psikolojisi.– Istanbul: «Pinar yay.», 2004, 22 s.
- 18 Ebu Huseyin Ahmet b. Faris Zekeriya er Razi. Mucemul mekayissel lugat. – Beyrut: «Darul ilmiye», I, 189.
- 19 Mesud Cobran. Mucemul arabiiyil esasi. – Beyrut: «Darul mesrik», 1990, I, 452 s.
- 20 Muhammed Surur b. Naif Zeynelabidin. Allaha davette peygamberlerin metodu (Ter.: Abdullah Abdurrahman),– Istanbul: «Guraba yay.», 1994.
- 21 Ebu Mansur Muhammed b. Ahmet el-Ezheri. Mucemul tehziybi el Lugat, – Beyrut: «Darul Marife», ty., II, 1411.
- 22 Ilhan Apak. Dini sozluk. – Istanbul: «Ihlas yay.», 2001, s. 337.
- 23 Izutsu T. Kuranda dini ve ahlaki kavramlar, (Trc.: Selahattin Ayaz)– Istanbul: «Pinar yay.», 1997, 258 s.
- 24 Zemahseri. El-Kessaf. IV. – Beyrut, 1990.
- 25 Ahmet Celik. Kuran semantigi uzerine.– Erzurum: «Ekev yay.», 2002, 175 s.
- 26 Ismail Karagoz. Kuranda zikir kavrami ve Allahi zikir. D.I.B.Y., – Ankara, 2002, 184 s.
- 27 Ahmet b. Huseyin Beyhaki. es Sunenul kubra, – Haydarabat, VII, 165.
- 28 Gazali, Ebu Hamid Muhammed ibn Muhammed, Ihya-u ulumuddin (trc.: Ahmet Serdaroglu),– Istanbul, «Bedir yay.» II, 312.
- 29 Фахруддин Әбу Абдиллаһ Мұхаммед ибн Омар Рази, әт Тафсирул кабир, (Мафатихул ғайб), 1997, 5. 374.

- 30 Hayati Hokelekli, Inzar, Islam ansiklopedisi, – Istanbul: «TDV Yayinlari», 2000, С. 22.
- 31 Нәсай, Әбу Абдуррахман ибн Ахмед ибн Али ибн Шуайб, Сунану Нәсаи, – Каир, 1930, 17, (4/113).
- 32 Тирмизи, Мухаммед ибн Иса, әл Жамиус Сахих, Ихияу Дурасил Араби, – Бейрут: «Илим», 3 (5/29).
- 33 Әбу Дәуит Сүлейман ибн Асас әс Сижистани, ас Сунан, – Мысыр, 1950.
- 34 Дарими, Сунануд Дарими, нашр. Мухаммед Ахмед Дахман, I-II, мерзімсіз., Дару Ихияус Суннати Набауия, 1/136.
- 35 Ибн Мажа, Мұхаммед ибн Язид, Сунуну ибн Мажа, – Кайр, 1952. Фитән, 20. (2/1326)
- 36 Ахмед ибн Ханбал, әл Муснад, – Мысыр, 1313, Т. 4. 303 б.
- 37 Sahih-İ Buhari (Tek Cilt-İthal Kağıt) Muhtasarı Tecrid-İ Sarih-İmam Zeynuddin Ahmet İbn Abdullatif Ez. Zebidi, - Ankara: «Diyanet İşleri Başkanlığı yayinlari», 1980. Т. I. 165 s.
- 38 Абдурауф Мунади, Файзул қадир Шархул Жамиус Сағир, – Бейрут, 1972. Т. 2. 215 б.
- 39 Kazanci Ahmet Lutfi, Peygamber efendimizin hitabeti, – Istanbul, 1980.
- 40 Nasafi. Abdulla ibn Mahmud, Madarikul Tanzil ve Hakaikut Tauil, Daru Eda, – Istanbul, 1414\1993, I, 133.
- 41 Özel, Ahmed. Islam Hukukunda Ülke Kavramı. DARUL İSLAM-DARUL HARP. İklim yayinlari, 4 baski – Istanbul, - 97 s. 1988.
- 42 Bilgin Beyza, Egitim Bilimi ve Din Egitimi, – Ankara: «A.U. İlahiyat Fakultesi yay.»», 1988.
- 43 Baydavi Ebu Said Abdullah ibn Omer ibn Muhammed, Envarut Tenzil ve Esrarut Tevil, – Istanbul: «Dersaadet», tsz., I, 574.
- 44 Basgil Ali Fuad, Din ve Laiklik, 6. Baski. – Istanbul: «Yagmur yay.»», 1991.
- 45 Ebu Zehra Muhammed, Islamda beseri munasebetler, Terc: Huseyin Algul Osman Sekerci, – Istanbul: «Samil yay.»», tsz.
- 46 Hamidullah Islama giris, – Istanbul, «Beyan Yayinlari». 2003.
- 47 Sahin M. Sureyya, Osmanli devletinin hristiyanlarla munasebetleri (Makale), Asrimizda hristiyan musluman munasebetleri, İlmî Nesriyat. Sayi: 16, İst. 1993.
- 48 Eryarsoy, M. Besir İslam devlet yapisi, 2 Baski. – Istanbul, «İsaret yay.»», 1988.
- 49 İsmayil Hakki Bursevi. Ruhul beyan, Erkam yayinlari. IX, 2008.
- 50 Saka Sevki, Kuran Kerimde davet metodu. – Istanbul: «Seha nesriyat», 1991.
- 51 Әбу Хайян Мухаммад Әл-Әндәлуси. Әл-бахр әл-мухит фи әт-тәфсир. – Бейрут: «Дәр әл-фикр», 2010. Т. 1.
- 52 Alexis Carrel, İnsan denen meçhul, (trc.: Omer Durmaz), – Istanbul: «Hayat yay.»», 2003.
- 53 Harun Yahya, Kuranda teblig ve tartisma, – Istanbul: «Okur yay.»», 1998.
- 54 Hatipoglu N. Davetin ilkeleri. – Ankara, 1991.
- 55 Gadban Münir Muhammed, Resulullah'ın Hayatı Ve Metodu II (Trc.: Adil Teymur), – İstanbul: «Risale Yay.»», 1997.
- 56 Mustafa Islamoglu, Uc Muhammed, – Istanbul: «Denge yay.»», ty.

- 57 Said Havva. Said Havva kulliyati, – Istanbul: «Yenda yayinlari». 1990. C. I.
- 58 Çetin Abdurrahman, Hitabet ve İrşad, – Bursa: «Aksa yay.»), 1998.
- 59 Elmalili, Hak dini Kuran dili, – Istanbul: «Azim dagitim». 1980. C. II.
- 60 Acluni İsmail b. Muhammed, Keşfu'l- Hafâ ve Muzîlu'l- İlbâs Ammâ İstehera mine'l- Ahâdîsî alâ elsineti'n- Nâs, (tash. Muhammed Abdulazîz Hâlidî), Dâru'l- Kutubu'l-İlmiyye, – Beyrut, 1997.
- 61 Canan, Islam davetçisinin el kitabı, – Istanbul: «Nesil yayinlari». 1996.
- 62 Alaylioglu Rusen – Oguzkan, A. Ferhan, Ansiklopedik Egitim sozlugu, – Istanbul, 1976.
- 63 Kocacinar Muhip, Genel ogretim metodu, – Istanbul, 1969.
- 64 Ozbek Abdullah, Bir egitimci olarak Hz. Muhammed, – Konya, 1991.
- 65 Дінді дұрыс насихаттау жолында дін адамы сергек болуы керек // [Электрондық қор]. <https://abai.kz/post/49421> (қаралған уақыты: 14.10.2018)
- 66 Yilmaz H. Kuran isiginda Islama davet // Cumhuriyet universitesi İlahiyat fakultesi dergisi. №1. – Sivas, 1996.
- 67 Zeydan Abdulkerim, Islam davetinin esaslari (metod ve vasitalari). Cira yayinlari. 2000.
- 68 Buti, Said Ramazan, Islama davet metodu, Terc.: Said Simsek, Madve yay. Tsz.
- 69 Cerrahoglu Ismail, Tefsir usulu,– Ankara: «Turkiye Diyanet vakfi yay.», 8 baski, 1991.
- 70 Бағашар Қ. Хикмет және хәкім // [Электрондық қор]. <http://mazhab.kz/kk/maqalalar/qulshylyq/hikmet-jane-hakim-2201/> (Қаралған уақыт: 28.10.2018)
- 71 Kapar, M. Ali, Hz. Muhammedin musriklerle munasebeti, Ilim yay., Istanbul.
- 72 Kandehlevi M.Yusuf. Hayatus sahabe,– Istanbul: «Divan yay.», 1991. I.
- 73 Alusi, Sahabeddin Seyyid Muhammed, Ruhul Meani fi tefsiril azim ve sebil Mesani, Beyrut, tsz, III.
- 74 Kahtani Muhammed bin Said, Islama gore dost ve dusman, terc: Harun Unal,– Istanbul: «Yasin yay.», 1991.
- 75 Ibn Hacer el Askalani Ahmed ibn Muhammed, el Isabe fi Temyizis Sahabe, – Misir, 1328, C. I.
- 76 Ibn Hisam, Abdulmelik ibn Hisam, es Siretun Nebeviyye. – Beyrut, 1971, I.
- 77 Hatib el Bagdadi Hafiz Ebu Bekr Ahmed ibn Ali, Takyidul Ilm, – Dimask, 1949.
- 78 Sorenson Herbert, Egitim psikolojisi (ter. Gultekin Yazgan), – Istanbul, 1975.
- 79 Karatas M. Hz. Peygamberin beden dili. Istanbul Universitesi İlahiyat fakultesi dergisi. №6, 2003.
- 80 Karch R. Randolph Edward C, Estabrooke, 250 Ogretim teknigi (ter. Ibrahim Paro – Ibrahim Yurt), – Istanbul, 1963.
- 81 Pressey Sidney-Robinson Francis, Psikoloji ve Yeni Egitim (ter. Hasan Tan), – Istanbul, 1975, II.
- 82 Ибрагим Д.Ө. Адамзаттың асыл тәжі Мұхаммед пайғамбардың өмірі. – Алматы, 2017.
- 83 Watt, Hz. Muhammed Mekke, Cev.: M. Rami Ayas, Azmi Yuksel, A.U.I.F.Y. No: 175, – Ankara, 1986.

- 84 Aytepe M. Islami davette davetci problem ve bunu asmanin kosullari // EKEV akademi dergisi. № 71. 2017.
- 85 Kalhati, Muhammed bin Said el-Ezdi, el Kesf vel Beyan, thk. Kasif, – Umman, 1980, С. 1-2.
- 86 Kadi Abdulcebbar, Tabakatul Mutezile, thk. F. Seyyid, Darul kutub, – Tunus, 1997.
- 87 Numan Kadi, Iftitatahud Dave, el-Alami, – Beyrut, 2005.
- 88 Ibrahim bin Musa bin Muhammed Ebu Ishak es Satibi, el Muvafakat, ter. Mehmet Erdogan, 4. Baski. – Istanbul: «Iz yay.»), 2010. С. 2.
- 89 Kadi Abdulcebbar, Serhu usuli hamse, thk. Abdulkерim Osman, 3 baski, Mektebetu Vehbe, – Kahire, 1996.
- 90 Қайыржанов Қ.Б. Тәуелсіз Қазақстан және дін мәселесі // М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің хабаршысы. – 2012.
- 91 Анаркулов У., Иманбекова Г.М. Діннің саясатқа ықпалын тигізу мәселелері // «Қазақстан жолы 2050» жастардың жарқын болашағы тақырыбына арналған жаратылыстану, техникалық, әлеуметтік гуманитарлық және экономика ғылымдары бойынша студенттердің ХVІ ғылыми практикалық конференциясының материалдары. М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті. 2014.
- 92 Қазақстан Республикасының дін саласындағы мемлекеттік саясатының 2017 - 2020 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 20 маусымдағы № 500 Жарлығы [Электрондық қор]. // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1700000500> (Қаралған уақыты: 24.04. 2018).
- 93 Амангелді А.А. Дін саласын реттейтін саясаттың аймақтық ерекшеліктері // Мемлекет және дін. 4 (27) 2013. – Астана.
- 94 Как не стать жертвой деструктивных религиозных течений // [Электрондық қор]. <https://yk-news.kz/news/> (қаралған уақыты: 14.10. 2018.)
- 95 Агафонова О.В. Международное религиозное объединение «Таблиги джамагат» // Религиозные экстремистские и террористические организации, запрещенные в Российской Федерации. Справочник. Составитель А.Л. Кузьминых. Под редакцией А.А. Желтова. Вологда, 2017. Издательство Вологодский институт права и экономики Федеральной службы исполнения наказаний (Вологда).
- 96 Тәжібаев С. «Таблиғи жамағат» — экстремистік ұйым // [Электрондық қор]. <http://mazhab.kz/kk/maqalalar/sheshendik-sozder/tabligi-jamagat-ekstremistik-uyum-3180/> (Қаралған уақыты: 24.10.2018)
- 97 Муслимов М. Таблиғи жамағат // [Электрондық қор]. <http://kazislam.kz/eislam-613/?lang=ru> (Қаралған уақыты: 24.10.2018)
- 98 Егоров Е.Н. Движение «Таблиги джамагат»: идеология и методы деятельности // Политическая экспертиза: Политэкс. Санкт Петербургский государственный университет (Санкт Петербург) 2015. Т. 11. №1.

- 99 Арынов М, Мурзахалилов К. Влияние движения «Таблиги джамаат» на развитие религиозной ситуации в Киргизии // Россия и мусульманский мир. №9. Институт научной информации по обществу
- 100 Теңізбава Ө.Ө., Нұрланова Г.Н. Қазіргі діни секталардың саясаты // Жансүгіров тағылымы: Республикалық ғылыми практикалық конференция материалдары. Талдықорған, 2009.
- 101 Токсаналиева Р.М. Радикальный ислам информационно психологическая война за разум // Вестник КРСУ. 2014. Том 14. №11.
- 102 Көптілеуов М. ««Хизб ут-тахрир» Орталық Азия мен Қазақстанда» // [Электрондық қор]. <http://kazgazeta.kz/?p=62319> (қаралған уақыты: 26.11.2018)
- 103 «Хизбут-Тахрир» ұйымы жайлы пәтуа // [Электрондық қор]. <http://minbar.kz/article/show/id/4600.html> (Қаралған уақыты: 26.11.2018)
- 104 Аманжолов М. “Хизбут – тахрир” ислам атымен исламға қарсы” // [Электрондық қор]. https://baq.kz/kk/news/aimaktik_bak_muragat/regmedia-6202 (қаралған уақыты: 26.11.2018.)
- 105 Белл М.Л. К вопросу о понятийном уровне исламских исследований. Салафизм. Актуальные проблемы гуманитарных и естественных наук. Москва. №2. 2014.
- 106 Добаев И.П. Исламский радикализм: генезис, эволюция, практика. – Ростов на Дону, 2003. - 323 с.
- 107 The New Cambridge History of Islam. Volume 6. Muslims and Modernity. Culture and Society since 1800. – Edit by Robert W. Hefner. – Cambridge University Press. – 2011.
- 108 Хасан М. Источник террора: идеология ваххабизма салафизма. – М.: «ЦСПИ», 2005. – 157 с.
- 109 Omelicheva M. Counterterrorism Policies in Central Asia. — Routledge, 2010. — 192 p. — (Central Asian Studies).
- 110 Иващенко Н. Все теракты в Казахстане связаны с салафизмом // 365info.kz. 2016.
- 111 Иконников А. Салафизм как угроза ценностям независимого Казахстана. // 365info.kz. 2016.
- 112 Мекежанов Б. Қазақстандағы ислам: мәселелер және шешу жолдары. // Мемлекет және дін. 4 (27) 2013. – Астана.
- 113 Кенжетай Д. Қазақстан - жаңа сипаттағы зайырлы ел. // ҚазҰУ Хабаршысы. Дінтану сериясы. №2 (2). 2015.
- 114 Салафизмнен сезіктенуге сегіз себеп // [Электрондық қор]. <https://www.qamshy.kz/article/salafyzmnen-seziktenwge-segiz-sebep.html> (қаралған уақыты: 17.12.2018)
- 115 Омаров А. Дін және ұлттық мүдде. // Мемлекет және дін. 4 (27) 2013. Астана. Мекежанов Б. Қазақстандағы ислам: мәселелер және шешім жолдары // [Электрондық қор]. <https://egemen.kz/article/kazakstandagy-islam-maseleler-zhane-sheshu-zholdary> (Қаралған уақыты: 26.03.2019)

- 116 Жат ағымдардың үгіт-насихат механизмдері // [Электрондық қор]. <http://q-one.kz/2018/06/01/zhan-agym/> (қаралған уақыты: 23.12.2018)
- 117 Бейсенов Б.К., Игисенова А.Р. Дәстүрден тыс ағымдар: діни ұстанымдық ерекшеліктер // ҚазҰУ хабаршысы. Философия сериясы. Мәдениеттану сериясы. Саясаттану сериясы. №4 (45). 2013.
- 118 Агентство по делам религии РК: Кто такие салафиты и как с ними бороться? // Zakon.kz (23 сентября 2013).
- 119 Мұқашев Қ. Ақтөбе облысында 1600-ге жуық салафит тұрады // [Электрондық қор]. <http://www.kerek-info.kz/basty-tayruptar/2250-atbe-oblysynda-1600-ge-zhuu-salafit-trady.html> (қаралған уақыты: 17.12.2018)
- 120 Канай А.К. Исламский радикализм фактор общественной угрозы и нестабильности. – Костанай. 2013. – 128.
- 121 Әділбаев А. Мадхалиттер, суруриттер, тәкфириттер дегендер кімдер өзі? // [Электрондық қор]. <https://azan.kz/kz/maqalat/read/madhalitter-sururitter-tekfiritter-degender-kimder-ozii-8662> (қаралған уақыты: 17.12.2018)
- 122 Салафиттік ағымға еріп кеткен жастардың обалы ең біріншіден Дарын бастаған топтың мойнында // [Электрондық қор]. <https://sn.kz/kk/sn-bugingi-soz/28835-za-ger-salafittik-a-ym-a-erip-ketken-zhastardy-obaly-e-birinshiden-daryn-basta-an-topty-mojnynda> (қаралған уақыты: 18.12.2018)
- 123 Қажылық қатаң қадағалануы тиіс // [Электрондық қор]. <https://elana.kz/қажылық-қатаң-қадағалануы-тиіс> (қаралған уақыты: 17.12.2018)
- 124 Уаххабизмнен келер қауіп қандай? // [Электрондық қор]. <https://vahhabizmu-net.livejournal.com/17256.html> (Қаралған уақыты: 28.03.2019)
- 125 Жолдыбайұлы Қ. Сәләфиттер өз қатарына қосу үшін сәйгүлік мінгізіп, бүркіт те сыйлайды // [Электрондық қор]. <https://qazaquni.kz/2016/08/22/56826.html> (Қаралған уақыты: 01.09.2018.)
- 126 Жүрсін Ерман айтыста теріс діни ағым ұстанатындардың көбейіп бара жатқанын айтты // [Электрондық қор]. <https://sn.kz/kk/sn-bugingi-soz/28204-zh-rsin-erman-ajtysta-teris-dini-a-ym-stanatyndardy-k-bejip-bara-zhat-anyn-ajty> (қаралған уақыты: 22.12.2018).
- 127 Елбасы сақал қойып, шалбарының балағын қысқартатындарды сынға алды // [Электрондық қор]. https://baq.kz/kk/news/prezident/elbasi_sakal_koiip_shalbardin_balagin_kiskart_atindardi_singa_aldi_20170419_203600 (қаралған уақыт: 22.12.2018).
- 128 Кожамжарова М.Ж. Влияние новых религиозных движений на современную религиозную ситуацию в Казахстане // Вестник КазНУ. Серия философии. Серия культурология. Серия политология. №2 (47). 2014.
- 129 Мешітте төбелес шығарғыш теріс ағым ұстанушыларға тосқауыл болмай тұр // [Электрондық қор]. <http://jasqazaq.kz/2017/07/04/meshitte-t-beles-shy-arysh-teris-a-ym-stanushylar-a-tos-auyl-bolmaj-t-r/> (қаралған уақыты: 22.12.2018).

- 130 Сәләфтарға әйел тек тән құмарлығын қандыру үшін қажет // [Электрондық қор]. <https://sn.kz/kk/sn-bugingi-soz/37570-eks-salafit-s-l-ftar-a-jel-tek-t-n-marly-un-andyru-shin-azhet> (қаралған уақыты: 17.12.2018)
- 131 Күйеуі теріс ағымның жетегінде кеткен әйел жанайқайын жеткізді // [Электрондық қор]. <https://www.zharar.com/kz/news/9120-agym.html> (қаралған уақыты: 22.12.2018).
- 132 Садуахасұлы Ж. Талақ дауы. Неке заңмен тіркелуі тиіс // [Электрондық қор]. <https://abai.kz/public/post/48074> (қаралған уақыты: 22.12.2018)
- 133 Он бір рет тұрмыс құрған бойжеткен жат ағымға ергендерден талақ дегеннен басқа сөз естімепті // [Электрондық қор]. <http://zh-shugylysy.kz/din/261-on-bir-ret-t-rmys-r-an-bojzhetken-zhat-a-ym-a-ergenderden-tala-degennen-bas-a-s-z-estimepti.html> (қаралған уақыты: 22.12.2018).
- 134 Сириядан оралған қазақ: «Дарын Мұбаров, Ринат сияқтыларды тыңдай бердім» // [Электрондық қор]. <https://qazaquni.kz/2019/11/05/106555.html> (қаралған уақыты: 29.12.2019)
- 135 Оспанова А. Жат ағым идеологиясына қарсы иммунитет отбасында қалыптасады // [Электрондық қор]. <http://kazislam.kz/zajda-omirbekkyzy-zhat-a-ym-ideologiyasyna-karsy-immunitet-otbasyn-da-kalyptasady/?lang=ru> (қаралған уақыты: 22.12.2018)
- 136 Аққайыр Ж. Жат ағымға жақындама, жарығым // [Электрондық қор]. <https://aikyn.kz/2018/09/29/68931.html> (қаралған уақыты: 23.12.2018).
- 137 Құрманбаев Қ. Құран ілімдеріне кіріспе. Нұр-Мұбарак баспасы, Алматы, 2013. – 392 б.
- 138 Сейтматова А. Салафилік-уахабилік ағым қоғамға аса қауіпті // [Электрондық қор]. <http://kazislam.kz/салафилік-уахабилік-ағым-қоғамға-аса/?lang=ru> (22.12.2018)
- 139 Қазақстан интеллигенция өкілдерінің уахабизм-салафизм ағымының барлық тармағын экстремистік деп тану туралы елбасыға ашық хаты // [Электрондық қор]. <https://www.qamshy.kz/article/qazaqstan-yntellygensyua-okilderininh-waxabyzm-salafyzm-aghimininh-barliq-tarmaghin-ekstremystik-dep-tanw-twrali-elbasigha-ashiq-xati.html> (Қаралған уақыты: 01.09.2018).
- 140 Исахан М. Сәләфизм қашан пайда болды, Қазақстанға қалай келді? // [Электрондық қор]. <http://www.qamshy.kz/article/salafyzm-qashan-payda-boldi-qazaqstangha-qalay-keldi.html>. (Қаралған уақыты: 03.05.2018).
- 141 Муслимов М. Таблиғи жамағат // [Электрондық қор]. <http://kazislam.kz/eislam-613/?lang=ru> (қаралған уақыты: 17.12.2018)
- 142 Байтенова Н. Діни экстремизм және оның алдын алу жолдары // [Электрондық қор]. <http://kazislam.kz/islam/item/863-eIslam>. (Қаралған уақыты: 03.05.2018.)
- 143 Байтенова Н. (құрастырушы), Затов Қ., Рысбекова Ш., Бейсенов Б., Борбасова Қ., Құрманалиева А., Мейрбаев Б. Қазақстандағы діндер. Алматы, 2008. Б. 51.

- 144 Төрежанов Қ. «Хизб-ут-Тахрирдің» 700 үндеу парағы қолға түсті // [Электрондық қор]. <http://knb.gov.kz/kk/news/hizb-ut-tahrirdin-700-undeu-paragu-kolga-tusti-0> (Қаралған уақыты: 25.03.2019)
- 145 Амантай Р. Хизб-ут Тахрир ұйымы идеологиясының қаупі // [Электрондық қор]. <https://yvision.kz/post/663293> (Қаралған уақыты: 25.03.2019)
- 146 Зікіршілер дегеніміз кімдер? // [Электрондық қор]. <https://alibeka.wordpress.com/2011/02/17/> (Қаралған уақыты: 25.03.2019)
- 147 Байтенова Н., Исаков Б.А. Қазақстандағы ислам атын жамылған ұйымдардың іс әрекеті // Хабаршы. Дінтану сериясы. №4 (16). 2018. 7 б.
- 148 Қуанбай А. «Сопылар ісі» халық пен билік назарында // [Электрондық қор]. <https://abai.kz/post/9483> (Қаралған уақыты: 23.03.2019).
- 149 Валиханов В. Кораниты без Корана. VIP-сектанты Қазақстана // [Электрондық қор]. <https://azh.kz/ru/news/view/3487> (Қаралған уақыты: 23.03.2019)
- 150 Асылбек Мусин: Өзім, Наным және Сайлау туралы // [Электрондық қор]. <http://nm2000.kz/publ/19-1-0-766/> (Қаралған уақыты: 23.03.2019.)
- 151 Әбдірәсілқызы А. Қазақстандағы діни-ғылыми ақпараттық деңгей // [Электрондық қор]. <https://kazislam.kz/eislam-147/?lang=ru> (қаралған уақыты: 24.10.2019)
- 152 Байтенова Н. Қазақстандағы қазіргі діни жағдай // [Электрондық қор]. <https://abai.kz/post/5906> (қаралған уақыты: 24.10.2019)
- 153 Қазақстан Мұсылмандары Діни басқармасының ресми сайты <https://www.muftyat.kz/> (қаралған уақыты: 25.10.2019)
- 154 Azan.kz – Исламский информационно-образовательный ... // <https://azan.kz/> (қаралған уақыты: 25.10.2019)